# ОРЫСША-ҚАЗАҚША ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ СӨЗДІК

**(БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ)**

## 12

# РУССКО-КАЗАХСКИЙ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ-СПРАВОЧНИК

**(ОБРАЗОВАНИЕ)**

Алматы
2010

УДК 37.0(0.38)
ББҚ 74.04я2
О-74

**Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының тапсырысымен дайындалған**

**Редакция алқасы:**
**Ахетов М.Қ.** – Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының бастығы, филология ғылымдарының кандидаты (төраға)
**Қапалбеков Б.С.** – Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты (жауапты редактор)
**Қалымбет Б.О. –** Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының бөлім бастығы (үйлестіруші)
**Үдербаев А.Ж.** – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты (кеңесші)
**Құсбекова Б.Ғ**. – Мемлекеттік тілді дамыту институтының ғылыми қызметкері (құрастырушы-аудармашы)

**Пікір жазғандар:**
**Сүлейменова Ж.Н. –** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
**Құлманов С.Қ.** – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

О-74 **Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (білім беру саласы) / Русско-казахский терминологический словарь-справочник (образование).** / Құраст.: Б. Құсбекова. –Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2010. – 304 бет.

ISBN 978-601-7206-23-9

Сөздікте білім беру саласына қатысты терминдер мен атаулардың, сөз тіркестерінің орысша-қазақша түсіндірмесі берілген.

Сөздік білім беру саласының қызметкерлеріне, оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, аудармашыларға және осы сала терминологиясына қызығушылық танытқан көпшілік қауымға арналған.

Настоящий словарь содержит русско-казахское толкование терминов и названий, словосочетаний, относящихся к сфере образования.

Словарь предназначен для сотрудников отрасли образования, студентов и преподавателей учебных заведений, переводчиков и всех проявляющих интерес к терминологии данной отрасли.

УДК 37.0(0.38)
ББҚ 74.04я2

ISBN 978-601-7206-23-9

© Алматы қаласының Тілдерді дамыту басқармасы, 2010
© Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өз дәрежесінде қызмет етуі үшін қоғамның барлық саласында кеңінен қолданылуы тиіс екендігі белгілі. Қазіргі рыноктық, ақпараттық бәсекелестік заманында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін қолдану мен дамытуға байланысты, егемен мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтағы саяси-экономикалық орнын нығайта түсу мақсатында ғылыми қазақ тілін қалыптастырудың бірден-бір тетігі терминология саласын дамыту болып отыр. Өйткені ғылым тілі, кәсіби тіл терминдік сөздердің қалыптасуымен тығыз байланысты.

Терминология мәселелерін шешуге өз үлесін қосу мақсатында Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының қолдауымен ғылым салалары бойынша «Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік» атты топтама шығару қолға алынған болатын. Осы топтаманың кезекті 12-ші томы білім беру саласына арналып отыр.

Қазақ тілінің қоғам өміріндегі мәні күн сайын артып, мемлекеттік және коммерциялық қызметтегі пайдаланылу аясы бірте-бірте кеңейіп келе жатқан қазіргі сәтте білім беру саласына қатысты тағы бір арнайы басылымның жарыққа шығуы — қуантарлықтай жағдай. Бүгінгі талаптарға сай келетін ұлттық білім жүйесін құру Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік мәселелерінің қатарына еніп отыр. Білімнің дамуы ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің артуы мен мемлекеттіліктің нығаюының алғышарты болып саналатыны белгілі.

Отандық білім жүйесінің әлемдік жүйеге интеграциялануы, Қазақстанның ЖОО-дағы халықаралық байланыстардың кеңеюі, соңғы уақытта оқытудың кредиттік жүйесінің енгізілуі, жоғары білімнің үш деңгейлік жүйеге көшуі (бакалавриат, магистратура, докторантура) — бұлардың бәрі бүгінгі қоғамдағы өзгерістер. Өзгерістер жаңа ұғымдар, жаңа мағыналар, жаңа сөздер тудырады да, осыдан келіп сөздік жасау қажеттілігі туындайды.

Білім беру саласына қатысты бұл орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздікте білім беру, педагогика салаларына байланысты базалық терминдер мен атаулардың, сөз тіркестерінің, ұғымдардың орыс және қазақ тілдеріндегі түсіндірмесі берілген.

Сөздікке Қазақстан Республикасының Конституциясынан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен алынған терминдік ұғымдар енгізілді. Сондай-ақ Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдер негізге алынып, педагогика,

психология салаларына қатысты сөздіктерден білім беру саласына байланысты ұғымдар жиналды. Алынған терминдер мен атаулардың, сөз тіркестерінің орысша-қазақша түсіндірмесі әліпби тәртібімен орналастырылды. Халықаралық білім саласына арнап жазылған әдебиеттердің басым бөлігі ағылшын тілінде жарық көріп жатқандықтан, сөздікке американдық және британдық білім жүйесінде қолданылатын терминдер де енгізілді.

Сөздікте білім сапасын бағалау жүйесінде халықаралық деңгейде кең қолдау тапқан базалық академиялық терминдердің мағынасы ашылды.

Сөздіктің негізгі мақсаты:

біріншіден, ғылыми қазақ тілін қалыптастыруға өзіндік үлес қосып, білім беру саласына қатысты терминдерді тұрақтандырып, терминологиялық жүйесін қалыптастыруға септігін тигізу;

екіншіден, аталмыш сала қызметкерлеріне, аудармашыларға осы салаға қатысты терминдердің орысша-қазақша түсініктемесін меңгерту және ресми қызмет бабында, көпшілік қауымға күнделікті жұмыс барысында пайдалануына жағдай жасау;

үшіншіден, осы салада қызмет ететін аудармашылар мен іс жүргізушілердің жұмысын жеңілдету үшін қосымша құрал ретінде ұсыну.

Сөздік республика көлеміндегі сөздіктер шығарудың қазіргі заманғы стандарттық үлгілеріне, ұтымды үрдістеріне сай құрастырылған. Сөздіктің мемлекеттік тілді оқып-үйрену практикасына тигізер пайдасы мол.

Бұл басылым жоғары, арнаулы орта оқу орындарының және мектептердің басшылары мен топ-менеджерлеріне, сапаны қамтамасыз ету қызметі мен халықаралық ынтымақтастық бөлімдерінің қызметкерлеріне, Білім және ғылым министрлігінің, облыстық және қалалық әкімдіктердің білім басқармаларының қызметкерлеріне, сондай-ақ шетелдік және қазақстандық жоғары оқу орындарының бакалаврларына, магистранттарына, PhD докторанттарына және қалың оқырман қауымға арналған.

# А

**АБИТУРИЕНТ** — в большинстве стран – оканчивающий среднее учебное заведение.

**АВАНГАРДИЗМ** (в образовании) — стремление следовать новаторским, авангардным, модным направлениям и течениям в образовании и управлении образованием.

**АВТАРКИЯ** — состояние или ощущение достаточности.

**АВТОБИОГРАФИЯ** — краткая биография, обычно изложенная на одной странице, предназначенная для представления потенциальному работодателю, отражающая предыдущий опыт обучения, работы, другие деловые качества и т.п.

**АВТОДИДАКТИКА** — теория и практика конструирования собственных технологий обучения.

**АВТОКОММУНИКАЦИЯ** — естественное условие психологической активности.

**АВТОМАТИЗИРОВАННАЯ ОБУЧАЮЩАЯ СИСТЕМА** — комплекс технического, учебно-методического, лингвистического, программного и

**ТАЛАПКЕР** — көптеген мемлекеттерде – орта білім беретін оқу орнын бітірушілер.

**АВАНГАРДИЗМ** (білім беруде) — новаторлық, авангардтық, заманға сай бағыттарға және білім берудегі және білім беруді басқарудағы ағымдарға ұмтылыс.

**АВТАРКИЯ** — жеткіліктілікте болу немесе сезіну.

**ӨМІРБАЯН** — алдыңғы оқыту жұмыс тәжірибесін, басқа да іскерлік қабілеттерін бейнелейтін және т.б. ықтимал жұмыс берушіге ұсынуға арналған, бір бетте баяндалған қысқаша өмірбаян.

**АВТОДИДАКТИКА** — оқытудың жеке технологиясын құрастырудың теориясы мен практикасы.

**АВТОКОММУНИКАЦИЯ** — психологиялық белсенділіктің табиғи шарттары.

**АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ** — оқытуды жекелендіруге арналған ЭЕМ базасында техникалық, оқу-әдістемелік, лингвистикалық,

организационного обеспечений на базе ЭВМ, предназначенный для индивидуализации обучения.

бағдарламалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету кешені.

**АВТОМАТИЗМ** (в психологии) — умственный, речевой или двигательный акт, происходящий без непосредственного участия сознания.

**АВТОМАТИЗМ** (психологияда) — сананың тікелей қатысуынсыз болатын ақыл-ой, сөйлеу немесе қозғалыс актісі.

**АВТОНОМИЯ** (в педагогике) — автономия рассматривается как индивидуальная позиция человека, его независимость в выборе мотивов, целей, стиля поведения и т.п.

**АВТОНОМИЯ** (педагогикада) — автономия адамның жеке айқындамасы, оның уәждерді, мақсаттарды, мінез-құлық стилін және т.б. таңдаудағы тәуелсіздігі ретінде қарастырылады.

**АВТОНОМНАЯ РЕЧЬ** — один из ранних этапов развития речи ребёнка.

**АВТОНОМДЫ СӨЗ** — бала тілі дамуының ерте сатыларының бірі.

**АВТОРЕФЕРАТ** — краткое изложение автором содержания своего научного произведения, работы.

**АВТОРЕФЕРАТ** — автордың өз ғылыми шығармасының, жұмысының қысқаша мазмұны.

**АВТОРИТАРНАЯ ЛИЧНОСТЬ** — определенный тип личности, которой присущи консервативность, агрессивность, жажда власти, ненависть к интеллигенции, стереотипность мышления, конформизм.

**АВТОРИТАРЛЫҚ ТҰЛҒА** — кертартпалық, агрессиялық, билікке құштарлық, зиялыларға өшпенділік, ойлаудың стереотиптілігі, конформизм тән тұлғаның белгілі бір түрі.

**АВТОРСКАЯ ШКОЛА** — экспериментальное учебно-воспитательное заведение, дея-

**АВТОРЛЫҚ МЕКТЕП** — қызметі бір педагог немесе авторлық ұжым әзірлеген педаго-

тельность которого основана на педагогической концепции, разработанной одним педагогом или авторским коллективом.

**АВТОРСКИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ** — составная часть программно-методического обеспечения образовательного процесса в школе. В отличие от типовых и модифицированных учебных и воспитательных программ А.о.п. разрабатываются образовательными учреждениями самостоятельно. Для авторских программ характерны оригинальные концепция и содержание.

**АГНОЗИК** — человек, неспособный узнавать предметы по их элементарным сенсорным свойствам при полном сохранении зрения, слуха, осязания (сенсорных функций) и сознания.

**АГНОЗИЯ** — логопедический термин, означающий расстройство функции гнозиса или предметного восприятия. Различают зрительные, тактильные, слуховые.

**АДАПТАЦИЯ** — коррекция хода обучения.

гикалық тұжырымдамаға негізделген экспериментальды оқу-тәрбие беру мекемесі.

**АВТОРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ** — мектептегі білім беру процесінің бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуінің құрамдас бөлігі. Типтік және түрлендірілген оқу және тәрбие беру бағдарламаларымен салыстырғанда авторлық білім беру бағдарламаларын білім беру мекемелері дербес жасайды. Авторлық бағдарламаларға төлтума тұжырымдамалар мен мазмұн тән.

**АГНОЗИК** — көру, есту, сезу (сенсорлық функциялардың) және сана сияқты қасиеттердің толығымен сақталғанына қарамастан, заттарды олардың қарапайым сенсорлық қасиеттері бойынша тану қабілеті жоқ адам.

**АГНОЗИЯ** — гнозис немесе затты қабылдау функцияларының бұзылуын білдіретін логопедтік термин. Көру, сезіну, есту түрлері болады.

**БЕЙІМДЕЛУ** — оқыту барысын түзету.

**АДАПТАЦИЯ ПЕДАГОГА** (в образовательном учреждении) — процесс и результат приспособления педагогического работника к профессиональной деятельности, педагогическому коллективу.

**АДАПТАЦИЯ, ШКОЛЬНАЯ** — процесс приспособления ребенка к условиям школьной жизни, к ее нормам и требованиям.

**АДАПТИВНАЯ МОДЕЛЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТЕСТИРОВАНИЯ** — модель педагогического тестирования, основанная на использовании адаптивного теста.

**АДАПТИВНОСТЬ** — способность к гибкой переориентации содержания, форм и методов обучения.

**АДАПТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ** — технологии, используемые в адаптивных обучающих системах.

**АДАПТИРОВАННЫЙ ТЕКСТ** — облегчённый текст литературно-художественных и других произведений, приспособленный для малоподготовленных читателей или детей. Применяется чаще при изучении иностранного языка.

**ПЕДАГОГТЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ** (білім беретін мекемеде) — педагогикалық жұмыскердің кәсіби қызметке, педагогикалық ұжымға бейімделу процесі мен нәтижесі.

**МЕКТЕПТІК БЕЙІМДЕЛУ** — баланың мектеп өмірі жағдайына, оның нормалары мен талаптарына бейімделу процесі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДІҢ БЕЙІМДЕУ ҮЛГІСІ** — бейімдеу тестін қолдануға негізделген педагогикалық тестілеу үлгісі.

**БЕЙІМДЕЛГІШТІК** — оқыту мазмұнының, нысанының және әдістерінің икемді қайта бағдарлау қабілеттілігі.

**БЕЙІМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ** — бейімдеу оқыту жүйелерінде қолданылатын технологиялар.

**БЕЙІМДЕНДІРІЛГЕН МӘТІН** — дайындығы төмен оқырмандарға немесе балаларға бейімдендірілген әдеби-көркем және басқа да шығармалардың жеңілдетілген мәтіні. Көбіне шет тілін оқытуда қолданылады.

**АДМИНИСТРАТИВНО-УПРАВЛЕНЧЕСКИЙ ПЕРСОНАЛ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ** — группа работников школы, основной профессиональной функцией которых является управленческая деятельность. К ним относятся: директор, его заместители, помощники, секретарь, заведующий интернатом при образовательном учреждении, руководители филиалов, бухгалтеры, коменданты и др.

**БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ ӘКІМШІЛІК-БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ** — негізгі кәсіби функциясы басқару қызметі болып табылатын мектеп жұмыскерлерінің тобы. Оларға директор, оның орынбасарлары, көмекшілері, хатшы, білім беру мекемелеріндегі интернат меңгерушісі, филиалдардың басшылары, бухгалтерлер, коменданттар және т.б. жатады.

**АДЪЮНКТУРА** — форма подготовки научно-педагогических кадров высшей квалификации в военных учебных заведениях.

**АДЪЮНКТУРА** — әскери оқу орындарында біліктілігі жоғары ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау нысаны.

**АКАДЕМИЗМ** — чисто теоретическое направление, традиционализм в науке и образовании. Оторванность науки, искусства, образования от жизни, общественной практики.

**АКАДЕМИЗМ** — ғылым мен білім берудегі таза теориялық бағыт, дәстүрлілік. Ғылымның, өнердің, білімнің өмірмен, қоғамдық практикамен байланыссыздығы.

**АКАДЕМИЧЕСКАЯ СТЕПЕНЬ** — признак достижения лицом определенного уровня высшего образования, предусмотренного законодательством, соответствующим образовательным стандартам и образовательной программой и

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ДӘРЕЖЕ** — адамның белгіленген үлгідегі жоғары білім туралы құжат беруді куәландыратын және білім беру стандарттарына және білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін, заңнамада көзделген жоғары білімнің

удостоверяемого выдачей документа о высшем образовании установленного образца.

**АКАДЕМИЧЕСКИЙ ОТПУСК** — отпуск, предоставляемый студентам образовательных учреждений высшего и среднего профессинального образования по медицинским показаниям и в других исключительных случаях (стихийные бедствия, семейные обстоятельства и др.)

**АКАДЕМИЯ** — учебное заведение, которое реализует профессиональные учебные программы высшего и послевузовского образования по одной-двум группам специальностей, осуществляет научно-исследовательскую и педагогическую деятельность, повышение квалификации и переподготовку кадров.

**АККРЕДИТАЦИЯ** — официальное признание уполномоченным государственным органом правомочий негосударственной научной организации проводить работу в научной и научно-технической области за счет бюджетных средств в установленном законодательством порядке.

белгілі бір деңгейіне жету белгісі.

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС** — медициналық көрсетілімдер және басқа да ерекше жағдайлар (табиғи апат, отбасылық жағдайлар және т.б.) бойынша жоғары және орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттерге беретін демалысы.

**АКАДЕМИЯ** — мамандықтардың бір-екі тобы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын оқу орны.

**АККРЕДИТТЕУ** — уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік емес ғылыми ұйымның бюджет қаражаты есебінен заңнамалық тәртіпте ғылыми және ғылыми-техникалық салада жұмыстар жүргізу құқықтылығын ресми түрде тануы.

**АККРЕДИТАЦИЯ ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ** — признание (подтверждение на очередной срок) государством статуса организаций, реализующих образовательные программы высшего профессионального и послевузовского профессионального образования, по типу (высшее учебное заведение) и виду (институт, академия, университет) с установлением перечня образовательных программ, по которым они имеют право выдавать выпускникам документы об образовании государственного образца.

**АККУЛЬТУРАЦИЯ** — процесс освоения ребенком новой для него культуры; соотношения родной и присваиваемой культуры.

**АКСИОМА** — бесспорная истина, не требующая доказательств. В педагогике наиболее известны А. апперцепции и А. двойственности.

**АКТИВИЗАЦИЯ** (педагогическая) — мобилизация интеллекта, воли, нравственных сил учащегося.

**АКТИВИЗАЦИЯ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ** — сово-

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН АККРЕДИТТЕУ** — кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың мәртебесін білім бағдарламаларының тізбесін белгілей отырып, олардың мәртебесін типі (жоғары оқу орны) мен түріне қарай (институт, академия, университет) мемлекеттің тануы (кезекті мерзімге растауы). Бұл ұйымдар бітірушілерге аталған бағдарламалар бойынша білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар беруге құқылы.

**МӘДЕНИЕТ ЖАНАСЫМЫ** — баланың өзі үшін жаңа мәдениетті меңгеру процесі; тума және меңгерген мәдениеттің арақатынасы.

**АКСИОМА** — дәлелдеуді қажет етпейтін даусыз ақиқат. Педагогикада апперцепция аксиомасы мен екіұдайлылық аксиомасы аса танымал.

**АКТИВИЗАЦИЯ** (педагогикалық) — оқушы интеллектісін, еркіндігін, адамгершілік күштерін жұмылдыру.

**ОҚУ ҚЫЗМЕТІН АКТИВИЗАЦИЯЛАУ** — оқу қызметін

купность мер, предпринимаемых с целью интенсификации и повышения эффективности учебной деятельности.

**АЛГОРИТМ** — способ решения вычислительных и других задач, точно предписывающий, как и в какой последовательности получить результат.

**АЛГОРИТМИЗАЦИЯ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА** — разработка и реализация алгоритмов для учащихся и алгоритмов для обучающих лиц.

**АЛГОРИТМИЗИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ** — обучение, при котором усвоение знаний идет путем последовательного выполнения одной за другой логически взаимосвязанных операций.

**АЛЬТЕРНАТИВНОСТЬ** — способность допускать одну из двух или нескольких возможностей.

**АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ** — вузы (школы), действующие параллельно или дополнительно государственным учебным заведениям и дающие альтернативное государственному образование.

қарқындату және тиімділігін арттыру мақсатында қолданылатын шаралар жиынтығы.

**АЛГОРИТМ** — қалай және қандай реттілікпен нәтиже алу үшін дәл көрсететін есептеу және басқа да тапсырмаларды шешу тәсілі.

**ОҚУ ПРОЦЕСІН АЛГОРИТМДЕУ** — оқушыларға арналған алгоритмдерді және білім беретін адамдарға арналған алгоритмдерді әзірлеу және жүзеге асыру.

**АЛГОРИТМДЕНДІРІЛГЕН ОҚЫТУ** — білімді меңгеру бір-бірімен логикалық түрде байланысты операциялардың бірінен соң бірі орындалу реттілігімен жүретін оқыту.

**БАЛАМАЛЫЛЫҚ** — екі немесе бірнеше мүмкіндіктердің біреуін пайдалану қабілеттілігі.

**БАЛАМАЛЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ** — мемлекеттік оқу орындарымен параллель немесе қосымша қызмет атқартын және мемлекеттік баламалы білім беретін жоғары оқу орындары (мектептер).

**АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ ФОРМЫ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ** – сирот и детей, оставшихся без опеки родителей, представляют собой размещение детей в родственные семьи или при отсутствии такой возможности в принимающие семьи (патронат или приемная семья, усыновление) с учетом потребностей ребенка с целью снизить риск помещения ребенка в интернатное учреждение.

**БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ БАЛАМАЛЫ НЫСАНДАРЫ** – жетім және ата-аналарының қорғаншылығынсыз қалған балаларды тәрбиелеудің түрі, баланың қажеттіліктерін ескере отырып, баланы интернаттық мекемеге тапсыру қаупін азайту мақсатында балаларды туысқандарының отбасына немесе ондай мүмкіндіктер болмаған жағдайда балаларды қабылдайтын отбасыларына (патронат немесе асырап алған отбасы, асырау) орналастыру.

**АМБИДЕКСТРИЯ** — способность одинаково успешно пользоваться как правой, так и левой рукой.

**АМБИДЕКСТРИЯ** — оң қолды да, сол қолды да бірдей сәтті пайдалану қабілеттілігі.

**АНАЛОГИЧНЫЕ КУРСЫ** — пометка в каталоге организации образования, свидетельствующая о том, что предмет с таким же названием, но отличающимся содержанием, читается в рамках другой программы подготовки (например, на другом факультете).

**ҰҚСАС КУРСТАР** — білім беру ұйымының тізімдемесінде атауы бір, бірақ мазмұны ерекшеленетін пәннің даярлаудың басқа бағдарламасы аясында (мысалы, басқа факультетте) оқылатынын белгілеу.

**АНКЕТА** — опросный лист для получения ответов на заранее составленную систему вопросов. Используется для получения каких-либо сведений о

**САУАЛНАМА** — алдын ала құрастырылған сұрақтар жүйесіне жауап алуға арналған сұрақ қағазы. Оны кім толтырғандығы туралы, сондай-ақ үлкен

том, кто ее заполняет, а также при изучении мнений больших социальных групп.

**АНКЕТИРОВАНИЕ** — метод массового сбора материала с помощью специально разработанных опросных листов (анкет).

**АННОТАЦИЯ** — краткая формулировка основного содержания источника в двух-трех предложениях. Умение делать А. необходимо формировать уже в школе.

**АПЕЛЛЯЦИЯ** — аргументированное письменное заявление абитуриента либо о нарушении процедуры вступительных испытаний, приведшем к снижению оценки, либо об ошибочности, по его мнению, выставленной оценки на вступительных испытаниях. В ходе рассмотрения апелляции проверяется только правильность выставления оценки за ответ абитуриента.

**АРХИТЕКТУРА ВЫЧИСЛИТЕЛЬНЫХ СИСТЕМ** — дисциплина, тесно связанная с микроэлектроникой и занимающиеся различными аспекта-

әлеуметтік топтардың пікірлерін зерттеу кезінде қандай да бір мәліметтер алу үшін қолданылады.

**САУАЛНАМА ЖҮРГІЗУ** — арнайы әзірленген сұрақ қағаздарының (сауалнамалардың) көмегімен жаппай материал жинау әдісі.

**АННОТАЦИЯ** — дереккөздің негізгі мазмұнының екі-үш сөйлеммен қысқаша түрде баяндалуы. Аннотацияны жасауды мектептен бастап қалыптастыру керек.

**АПЕЛЛЯЦИЯ** — бағаның төмендеуіне әкеліп соқтырған тапсыру сынағы рәсімінің бұзылуы туралы не оның ойынша, тапсыру сынағында қойылған бағаның қателігі туралы талапкердің дәлелі келтірілген жазбаша өтініші. Апелляцияны қарастыру барысында талапкердің жауабы үшін бағаның қойылу дұрыстығы ғана тексеріледі.

**ЕСЕПТЕУІШ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ АРХИТЕКТУРАСЫ** — микроэлектроникамен тығыз байланысты және компьютерлерді ақпараттық қамтамасыз етудің

ми аппаратного обеспечения компьютеров, проектированием новых компьютерных платформ и процессоров.

**АСПИРАНТ** — лицо, имеющее высшее профессиональное образование и обучающееся в аспирантуре и подготавливающее диссертацию на соискание ученой степени кандидата наук.

**АСПИРАНТУРА, ДОКТОРАНТУРА** — форма подготовки научных и научно-педагогических кадров высшей квалификации в учебных заведениях и научных учреждениях.

**АССИСТЕНТ** — преподаватель или сотрудник, обучающий учащихся каким-либо умениям и навыкам.

**АССИСТЕНТУРА (АССИСТЕНТАТУРА), СТАЖИРОВКА** — ступень послевузовского профессионального образования и форма подготовки научно-педагогических кадров высшей квалификации в высших учебных заведениях искусств.

**АССОЦИИРОВАННАЯ ИЛИ УСЛОВНАЯ СТЕПЕНЬ** — специфическая американская промежуточная степень, при-

түрлі аспектілерімен, компьютерлік жаңа платформалар мен процессорларды жобалаумен айналысатын пән.

**АСПИРАНТ** — жоғары кәсіби білімі бар және аспирантурада оқитын және ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация дайындап жүрген адам.

**АСПИРАНТУРА, ДОКТОРАНТУРА** — оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау нысаны.

**АССИСТЕНТ** — білім алушыларға қандай да бір білім мен дағдыларды үйрететін оқытушы немесе қызметкер.

**АССИСТЕНТУРА (АССИСТЕНТАТУРА), ТАҒЫЛЫМДАМА** — жоғары оқу орындарынан кейінгі кәсіби білім беру және жоғары өнер оқу орындарындағы жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрлардың дайындық нысаны.

**АССОЦИАЦИЯЛАНҒАН НЕМЕСЕ ШАРТТЫ ДӘРЕЖЕ** — американдық білім беру жүйесіне тән екіжылдық кол-

суждаемая после окончания двухгодичного колледжа.

**АТЛАС** — альбом, содержащий изображение различных объектов (карты, чертежи, рисунки и пр.), служащий для учебных и практических целей.

**АТТЕСТАТ** — документ об окончании среднего учебного заведения, присвоении учёного звания.

**АТТЕСТАТ О ПОЛНОМ СРЕДНЕМ ОБЩЕМ ОБРАЗОВАНИИ** — документ о получении полного среднего общего образования.

**АТТЕСТАЦИЯ** — основная форма государственно-общественного контроля за качеством образования в образовательных учреждениях.

**АТТЕСТАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО УЧРЕЖДЕНИЯ** — основная форма государственно-общественного контроля за образовательной деятельностью.

**АТТЕСТАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ РАБОТНИКОВ** — процедура, проводимая с целью определения соответствия уровня квалификации педагогического работника квалификационным требованиям.

леджді бітіргеннен кейін берілетін аралық дәреже.

**АТЛАС** — түрлі объектілердің (карталар, сызбалар, суреттер және т.б.) суреттері бар оқу және практикалық мақсатта қолданылатын альбом.

**АТТЕСТАТ** — орта білім беретін оқу орнын бітіру туралы, ғылыми атақ беру туралы құжат.

**ТОЛЫҚ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ ТУРАЛЫ АТТЕСТАТ** — толық жалпы орта білім алу туралы құжат.

**АТТЕСТАТТАУ** — білім беру мекемелеріндегі білім сапасын мемлекеттік-қоғамдық бақылаудың негізгі нысаны.

**БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІН АТТЕСТАТТАУ** — білім беру қызметін мемлекеттік-қоғамдық бақылаудың негізгі нысаны.

**ПЕДАГОГ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАТТАУ** — педагог жұмыскердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

**АУДИТ** — процесс проверки учреждения образования или программы, который сфокусирован на том, чтобы определить, выполняются ли цели и задачи, поставленные ими (по отношению к учебным планам, персоналу, инфраструктуре и т.д.)

**АУДИТ** — білім беру мекемесін немесе бағдарламаны, олардың алдына қойылған мақсаты мен міндеттерінің (оқу жоспарларына, қызметкерлер құрамына, инфрақұрылымға және т.б. қатысты) орындалып жатқандығын, орындалмай жатқандығын анықтауға бағытталған тексеру процесі.

**АУДИТ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ** — системный процесс оценки текущего состояния информационной системы, действий и событий, происходящих в ней, устанавливающий уровень их соответствия определенным критериям, техническим регламентам, стандартам, нормативно-технической документации и (или) требованиям заказчика.

**АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР АУДИТІ** — ақпараттық жүйенің ағымдағы жай-күйін, онда болып жатқан іс-әрекеттер мен оқиғаларды бағалаудың жүйелі процесі, олардың белгілі бір өлшемдерге, техникалық регламенттерге, стандарттарға, нормативтік-техникалық құжаттамаға және (немесе) тапсырысшының талаптарына сәйкестік деңгейін белгілейді.

**АУДИТ КАЧЕСТВА** – это процесс, при котором внешний орган удостоверяет, что (I) процедуры по обеспечению качества учебных программ или (II) процедуры по обеспечению качества работы всей системы в целом являются адекватными и осуществляются соответствующим образом. Аудит качества рассматривает не само ка-

**САПА АУДИТІ** — бұл (I) оқу бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдердің немесе (II) бүкіл жүйенің жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдердің толықтай алғанда барабар болып табылатынын және тиісті түрде жүзеге асыратынын сыртқы орган растайтын процесс. Сапа аудиті сапаның өзін емес,

чество, а то, каким образом система достигает хорошего качества. Аудит качества проводят лица (т.е. аудиторы), которые напрямую не связаны с областью, подвергаемой аудиту. Результаты аудита оформляются в виде аудиторского отчета.

**АУДИТОРСКИЙ ОТЧЕТ, ОТЧЕТ ОБ ОЦЕНКЕ, ОТЧЕТ О ПРОВЕРКЕ** — данный документ, подготовленный командой экспертов после посещения вуза и оценки качества предоставляемых им услуг, обычно сфокусирован на институциональном качестве, академических стандартах, образовательной инфраструктуре и работе персонала. Отчет описывает, как вуз организует и проводит мероприятия по обеспечению качества и влияние данных мероприятий на качество программ. Проверяемый вуз может познакомиться с аудиторским отчетом сначала в черновом варианте, чтобы высказать свои замечания и комментарии, а затем уже в официальном готовом виде. В отчет включаются выводы и предложения аудиторов, описание

жүйенің жақсы сапаға қалайша қол жеткізетінін қарастырады. Сапа аудитін аудит өтетін саламен тікелей байланысы жоқ адамдар (яғни аудиторлар) жүргізеді. Аудит нәтижелері аудиторлық есеп түрінде ресімделеді.

**АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕП, БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП, ТЕКСЕРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП** — сарапшылар тобы жоғары оқу орнына барып, оның көрсететін қызметтерінің сапасын бағалағаннан кейін дайындалатын бұл құжат, әдетте, институционалдық сапаны, академиялық стандарттарды, білім беру инфрақұрылымын және қызметкерлер құрамының жұмысын тексеруге бағытталады. Есепте жоғары оқу орнының сапаны қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қалай ұйымдастырып өткізетіні және осы іс-шаралардың бағдарламалар сапасына әсері сипатталады. Тексерілетін жоғары оқу орны өз ескертпелері мен түсініктемелерін айту үшін аудиторлық есептің, алдымен, алғашқы жазылған нұсқасымен, содан кейін ресми дайын түрімен таныса алады. Есепке аудиторлар-

методики производимого аудита. В различных приложениях содержатся вопросы, которые задавали эксперты в ходе проверки. В европе этот документ называют «отчетом об оценке» или «отчетом о проверке».

дың қорытындылары мен ұсыныстары, жүргізілетін аудит әдістемесінің сипаттамасы енгізіледі. Түрлі қосымшаларда сарапшылардың тексеріс барысында қойған сұрақтары жазылады. Еуропада бұл құжат «бағалау туралы есеп» немесе «тексеріс туралы есеп» деп аталады.

# Б

**БАЗА ДАННЫХ** — доступное многим пользователям собрание разных сведений.

**ДЕРЕКҚОР** — көптеген пайдаланушыларға қол жетімді түрлі мәліметтер жиынтығы.

**БАЗА ЗНАНИЙ** — совокупность систематизированных основополагающих сведений, относящихся к определённой области знания, хранящихся в памяти ЭВМ.

**БІЛІМ БАЗАСЫ** — ЭЕМ жадында сақталатын, білімнің белгілі бір саласына қатысты жүйеленген негізге алынатын мәліметтердің жиынтығы.

**БАЗА УЧЕБНЫХ МАТЕРИАЛОВ** — совокупность учебно-методических материалов (учебников, учебных пособий, методических указаний и пр.), предназначенных для дистанционного обучения.

**ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БАЗАСЫ** — қашықтан оқытуға арналған оқу-әдістемелік материалдардың (оқулықтардың, оқу құралдарының, әдістемелік нұсқаулықтардың және т.б.) жиынтығы.

**БАКАЛАВР** — академическая степень (квалификация), которая присваевается лицу, освоевшему образовательную про-

**БАКАЛАВР** — мерзімі төрт жылдан кем емес жоғары білім бағдарламасын игеріп, қорытынды аттестаттаудан ойдағы-

грамму высшего образования со сроком обучения не менее четырех лет и успешно прошедшему итоговую аттестацию.

дай өткен адамға берілетін академиялық дәреже (біліктілік).

**БАКАЛАВР, МАГИСТР** — академические степени, присуждаемые лицам, освоившим соответствующие образовательные программы высшего профессионального образования.

**БАКАЛАВР, МАГИСТР** — жоғары кәсіптік білімнің тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже.

**БАКАЛАВРИАТ** — одна из ступеней подготовки специалиста в системе многоуровневого высшего профессионального образования.

**БАКАЛАВРИАТ** — көп деңгейлі жоғары кәсіби білім беру жүйесінде маман дайындау сатыларының бірі.

**БАЛЛЫ, ОЦЕНОЧНЫЕ** — отметки, условное выражение оценки знаний, умений и навыков учащихся. Могут иметь цифровую и словесную форму. В зарубежных странах применяются системы: пятибалльная (Венгрия, Германия, Польша и др.), одиннадцатибалльная (Италия), десятибалльная (Голландия) и др.

**БАҒАЛАУ БАЛДАРЫ** — оқушылардың білімін,ептілігін, машығын бағалаудың шартты көрінісі, белгісі. Сандық және сөздік түрі болады. Шет елдерде бес балдық (Венгрия, Германия, Польша және т.б.), он бір балдық (Италия), он балдық (Голландия) және т.б. жүйелер қолданылады.

**БАРЬЕР ОБЩЕНИЯ** — психологические трудности, возникающие в процессе общения, служащие причиной конфликтов или препятствующие взаимопониманию и взаимодействию.

**ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕДЕРГІСІ** — қарым-қатынас кезінде пайда болатын, тартыстардың себептері болып табылатын немесе өзара түсіністікке және өзара әрекеттестікке кедергі жасайтын психологиялық қиындықтар.

**БЕЗНАДЗОРНЫЕ ДЕТИ** – дети, имеющие жилье, но по разным причинам не имеющие достаточной заботы и попечения со стороны родителей. Безнадзорный – несовершеннолетний, контроль за поведением которого отсутствует вследствие неисполнения или ненадлежащего исполнения обязанностей по его воспитанию, обучению и (или) содержанию со стороны родителей или законных их представителей, а также педагогов, воспитателей и других работников учебного, воспитательного и иного учреждения, обязанного осуществлять надзор за несовершеннолетними, либо вследствие самовольного ухода его из дома или организаций, осуществляющих функции по защите прав ребенка.

**ҚАРАУСЫЗ БАЛАЛАР** – баспанасы бар, бірақ әртүрлі себептерге байланысты ата-аналары тарапынан тиісті дәрежеде күтімі жоқ балалар. Қараусыз балалар ата-аналары не олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ жасөспірімдерге қадағалау жүргізуге міндетті педагогтардың, оқыту, тәрбиелеу және басқа мекемелер жұмыскерлерінің тарапынан тәрбиелеу, оқыту және асырау міндеттерін орындамау не тиісті дәрежеде орындамау салдарынан үйінен немесе бала құқықтарын қорғау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдардан өз бетімен кетіп қалу салдарынан тәрбиесі бақыланбайтын жасөспірім.

**БЕНЧМАРК** — стандартная отметка, точка отсчета или критерий, с помощью которого можно измерить или оценить качество чего-либо или результат какого-либо действия. Сам термин «бенчмарк» означает меру наилучшего исполнения какого-либо действия, эталон.

**БЕНЧМАРК** — қандай да нәрсенің сапасын немесе қандай да бір әрекеттің нәтижесін өлшеуге немесе бағалауға болатын стандартты белгі, есептеу нүктесі немесе өлшем. «Бенчмарк» терминінің өзі қандай да бір әрекеттің ең жақсы орындалу шамасын, эталонды

Существование данной стандартной отметки, эталона является необходимым условием для проведения бенчмаркинга.

**БЕНЧМАРКИНГ** — стандартизированный метод сбора и распространения важнейших оперативных данных, который позволяет произвести относительное сравнение деятельности различных программ, обычно – с целью установления образца, диагностики проблем и определения сильных сторон. С помощью бенчмаркинга производится внешняя оценка организации образования (или программы). В зависимости от того, что сравнивается или кого рода информация собирается, существуют различные типы бенчмаркинга: стратегический бенчмаркинг (фокусирующийся на том, что делается, на стратегии, используемой конкурентами); операционный бенчмаркинг (фокусирующийся на том, как производится продукция, насколько хорошо ведут свою деятельность другие организации и как они этого достигают); статистический бенчмаркинг (основанный на

білдіреді. Осы стандартты бағаның, эталонның қолданылуы бенчмаркинг өткізуге арналған қажетті шарт болып табылады.

**БЕНЧМАРКИНГ** — үлгіні анықтау, проблемаларды диагностикалау және мықты жақтарын айқындау мақсатында түрлі бағдарламалардың қызметін салыстыруға мүмкіндік беретін маңызды жедел деректерді жинаудың және таратудың стандартталған әдісі. Бенчмаркинг арқылы білім беру ұйымына (немесе бағдарламаға) сырттай бағалау жүргізіледі. Не салыстырылатынына немесе ақпараттың қандай түрінің жиналатынына байланысты бенчмаркинг бірнеше түрге бөлінеді: стратегиялық бенчмаркинг (бәсекелестер стратегиясында не болып жатқанын бақылауға бағытталады); операциялық бенчмаркинг (өнімнің қалай өндірілетініне және басқа ұйымдардың өз қызметін қаншалықты жақсы жүргізетініне және оған қалай қол жеткізуге болатынына бағытталады); статистикалық бенчмаркинг (қызметтің осы деректері мен индикаторларын

сборе данных, сравнивающий эти данные и индикаторы деятельности). Кроме того, бенчмаркинг может быть либо вертикальным, нацеленным на количественное измерение (затрат, рабочей нагрузки, продуктивности какой-либо программы), либо горизонтальным, расматривающим затраты на результат в одном процессе. США были первой страной, в которой в начале 1990 годов бенчмаркинг стал применяться в сфере высшего образования. NACUBO (Национальная ассоциация бизнес-образования в колледжах и университетах) начала в 1991-1992 гг. Проект бенчмаркинга, отражающий статистический и финансовый подходы к процессу бенчмаркинга.

**БЕНЧМАРКИНГ ПО ОПРЕДЕЛЕННЫМ ПАРАМЕТРАМ** — сравнивает учебные заведения по определенным параметрам (практическая деятельность или услуги, количество отчисленных или выбывших студентов, доступность коммуникаций и т.д.). Сравнивает уровень, достигнутый в

салыстыратын деректерді жинауға негізделеді). Сонымен қатар бенчмаркинг сандық өлшемге (шығындар, жұмыс жүктемесі, қандай да бір бағдарламаның өнімділігі) бағытталған тік немесе бір процестегі нәтижеге шығатын шығындарды қарастыратын көлденең болуы мүмкін. АҚШ бенчмаркингті алғаш рет 1990 жылдардың басында жоғары білім беру саласында қолдана бастаған ел. NACUBO (Колледждер мен университеттерде бизнес білім берудің ұлттық қауымдастығы) 1991-1992-жылдардың басында бенчмаркинг процесіне статистикалық және қаржылық тәсілдерді қамтыған бенчмаркинг жобасын бастады.

**БЕЛГІЛІ БІР ПАРАМЕТРЛЕР БОЙЫНША БЕНЧМАРКИНГ** — оқу орындарын белгілі бір параметрлер бойынша (практикалық қызмет немесе қызмет көрсетулер, оқудан шығарылған және кеткен студенттер саны, коммуникацияға қол жетімділігі және т.б.) салыстырады. Ол бір оқу орнында

одном заведении, с аналогичным процессом в других.

**БЕНЧМАРКИНГ, ОСНОВАННЫЙ НА ПРОЦЕССАХ** — выходит за пределы простого сравнения количественных показателей (статистический бенчмаркинг) и рассматривает процессы, ведущие к определенным результатам. Анализирует деятельность, состоящую из задач, шагов, которые выходят за границы традиционных функций университета. Сравнивает не только данные, но и процессы, посредством которых достигаются результаты.

**БЕСПРИЗОРНЫЕ ДЕТИ** — безнадзорные дети, не имеющие места проживания.

**БИБЛИОГРАФИЯ ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ** — раздел библиографии, в задачи которого входят учёт и информация о произведениях печати для детей и юношества.

**БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИЕ** — направление в профессиональном образовании, осуществляющее подготовку специалистов по рыночной экономике.

қол жеткізілген, басқалардағы осыған ұқсас процестер деңгейін салыстырады.

**ПРОЦЕСТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БЕНЧМАРКИНГ** — сандық көрсеткіштерді (статистикалық бенчмаркинг) қарапайым салыстыру шегінен шығып, белгілі бір нәтижелерге апаратын процестерді қарастырады. Ол университеттің дәстүрлі функциялары шегінен асып түсетін міндеттер мен қадамдардан тұратын қызметті сараптайды. Ол деректерді ғана емес, нәтижеге қол жеткізетін процестерді де салыстырады.

**ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР** — тұратын жерлері жоқ қараусыз балалар.

**БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯСЫ** — қызметіне балаларға және жастарға арналған басылым шығармалары туралы есепке алу және ақпарат кіретін библиография бөлімі.

**БИЗНЕС БІЛІМ БЕРУ** — рыноктық экономика бойынша мамандардың дайындығын жүзеге асыратын кәсіби білім берудегі бағыт.

**БИЗНЕС-ШКОЛЫ** — учебные заведения в сфере бизнес-образования, осуществляющие подготовку профессионалов в сфере рыночной экономики.

**БИЗНЕС-МЕКТЕПТЕР** — рыноктық экономика саласында мамандардың дайындығын жүзеге асыратын бизнес білім беру саласындағы білім беру мекемелері.

**БИЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОБУЧЕНИЕ** — система обучения и воспитания глухих и слабослышащих детей.

**БИЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ОҚЫТУ** — саңырау және есту қабілеті нашар балаларды оқыту және тәрбиелеу жүйесі.

**БИНАРНЫЙ УРОК** — особый тип урока, на котором изучается взаимосвязанный материал двух или нескольких предметов (курсов, дисциплин и т.д.).

**БИНАРЛЫ САБАҚ** — екі немесе бірнеше пәннің (курстардың, пәндердің және т.б.) бір-бірімен байланысты материалдары оқытылатын сабақтың ерекше түрі.

**БИОГРАФИЧЕСКИЙ СПРАВОЧНИК (СЛОВАРЬ)** — справочник, содержащий сведения о жизни и деятельности каких-либо лиц.

**ӨМІРБЯНДЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ (СӨЗДІК)** — қандай да бір адамдардың өмірі мен қызметі туралы мәліметтерден тұратын анықтамалық.

**БИХЕВИОРИСТСКАЯ ТЕОРИЯ ОБУЧЕНИЯ** — теория обучения, в которой не рассматриваются внутренние процессы человеческого мышления. Изучается поведение, которое трактуется как сумма реакций на какие-либо ситуации.

**ОҚЫТУДЫҢ БИХЕВИОРИСТІК ТЕОРИЯСЫ** — адамның ойлау қабілетінің ішкі процестерін қарастырмайтын оқыту теориясы. Қандай да бір жағдаятқа бағытталған реакция қосындысы ретінде түсіндірілетін мінез-құлықтар зерттеледі.

**БОЛОНСКАЯ ДЕКЛАРАЦИЯ** — декларация о международном сотрудничестве в области высшего образования,

**БОЛОН ДЕКЛАРАЦИЯСЫ** — 1999 жылғы 19 маусымда Болонья қаласында (Италия) еуропа елдерінің білім минис-

подписана министрами образования европейских стран 19 июня 1999 г. в Болонье (Италия). Целями Болонской декларации являются создание в Европе единого пространства высшего образования, расширение мобильности граждан и возможностей их трудоустройства на европейском рынке труда, повышение международной конкурентоспособности и привлекательности европейского высшего образования.

**БОЛОНСКИЙ ПРОЦЕСС** — болонский процесс представляет собой продолжающийся диалог между системами высшего образования разных стран, нацеленных на создание единого «Европейского пространства высшего образования» (ЕПВО). Весь процесс начался (и был назван в честь города), когда министры образования 29 европейских стран встретились в Болонье в 1999 году и подписали декларацию. Страны, от лица которых министры подписали Болонскую декларацию, были: Австрия, Бельгия, Болгария, Чешская

трлері қол қойған жоғары білім беру жүйесіндегі халықаралық ынтымақтастық туралы декларация. Болон декларациясының негізгі мақсаты — Еуропада бірыңғай жоғары білім кеңістігін құру, азаматтардың ұтқырлығын арттыру және еуропаның еңбек рыногында олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін және еуропалық жоғары білімнің халықаралық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

**БОЛОН ПРОЦЕСІ** — болон процесі біртұтас «Еуропалық жоғары білім кеңістігін» (ЕЖБК) құруды көздеген әртүрлі елдердің жоғары білім беру жүйелері арасында өзара жалғасып отыратын сұхбатты білдіреді. Барлық процесс еуропаның 29 елінің білім министрлері 1999 жылы Болонья қаласында кездесіп, декларацияға қол қойған кезден басталды (және қаланың атымен аталды). Мына елдердің министрлері Болон декларациясына қол қойды: Австрия, Бельгия, Болгария, Чех Республикасы, Дания, Эстония, Франция,

Республика, Дания, Эстония, Франция, Финляндия, Германия, Греция, Венгрия, Ирландия, Исландия, Италия, Латвия, Литва, Люксембург, Мальта, Нидерланды, Норвегия, Польша, Португалия, Румыния, Словакия, Словения, Испания, Швеция, Швейцария и Соединенное Королевство. Министры, представляющие страны, которые подписали декларацию, встречаются каждые два года (официальное название «Министерские конференции»). Эти заседания анализируют прогресс для достижения основной цели – образования ЕПВО, являются возможностью для подписания Болонской декларации новыми странами и их присоединения к Болонскому процессу. С 1999 года Болонскую хартию подписал 601 университет Европы и Центральной Азии. В 2008 году 18 казахстанских высших учебных заведений подписали Великую хартию университетов, которая является основой Болонской декларации. В Болонской декларации указаны 6 основных задач, ре-

Финляндия, Германия, Грекия, Венгрия, Ирландия, Исландия, Италия, Латвия, Литва, Люксембург, Мальта, Нидерланды, Норвегия, Польша, Португалия, Румыния, Словакия, Словения, Испания, Швеция, Швейцария және Біріккен Корольдік. Декларацияға қол қойған елдердің министрлері әр екі жыл сайын кездесіп отырады (ресми атауы «Министрлер конференциялары»). Бұл мәжілістердің негізгі мақсаты – ЕЖБК біліміне қол жеткізуге арналған прогресті саралайды, жаңа елдердің Болон декларациясына қол қою және олардың Болон процесіне қосылу мүмкіндіктері болып табылады. 1999 жылдан бастап Еуропа мен Орталық Азияның 601 университеті Болон хартиясына қол қойды. 2008 жылы 18 қазақстандық жоғары оқу орны Болон декларациясының негізі болып табылатын Университеттердің ұлы хартиясына қол қойды. Болон декларациясында ЕЖБК-ны құруға мүмкіндік беретін 6 негізгі міндет көрсетілген. Бұл жоғары білім беру саласындағы жалпыға түсінікті, салыстыруға ке-

шение которых будет способствовать созданию ЕПВО. Это введение общепонятных, сравнимых квалификаций в области высшего образования, переход на двухступенчатую систему высшего образования, введение оценки трудоемкости (курсов, программ, нагрузки) в терминах зачетных единиц (кредитов) и отражение учебной программы в Приложении к диплому, образец которого разработан Европейской Комиссией, Советом Европы и ЮНЕСКО-СЕПЕС, повышение мобильности студентов, преподавателей, научных работников и административно-управленческого персонала, обеспечение необходимого качества высшего образования (система обеспечения качества), взаимное признание квалификаций и соответствующих документов в области высшего образования, обеспечение автономности вузов.

летін біліктілікті енгізу, жоғары білім берудің екі сатылы жүйесіне өту, сынақ бірліктері (кредиттері) терминдеріндегі еңбек сыйымдылығын (курстар, бағдарламалар, жүктемелер) бағалауды енгізу және Еуропалық комиссия, Еуропалық кеңес және ЮНЕСКО-СЕПЕС әзірлеген үлгідегі дипломның қосымшасындағы оқу бағдарламасын көрсету, студенттердің, оқытушылардың, ғылыми жұмыскерлер мен әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамының ұтқырлығын көтеру, жоғары білім берудің қажетті сапасын (сапаны қамтамасыз ету жүйесі) қамтамасыз ету, жоғары білім беру саласында біліктілікті және оған сәйкес құжаттарды өзара тану, жоғары оқу орындарының автономдығын қамтамасыз ету.

# В

**ВАЛИДНОСТЬ** — соответствие теста целям диагностики.

**ВАЛИДТЫЛЫҚ** — тестінің диагностика мақсатына сәйкес келуі.

**ВЕБ-ПОРТАЛ «ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА»** — информационная система, предоставляющая единую точку доступа ко всем электронным услугам и электронным информационным ресурсам «электронного правительства».

**ВЕКСЛЕРА ТЕСТ** — один из наиболее распространённых психологических тестов для исследования интеллекта с помощью серии экспериментальных методик – субтестов.

**ВЕРБАЛИЗАЦИЯ** — отражение опыта в речи, является речевым показателем личности.

**ВЕРБАЛЬНЫЙ** — термин, обозначающий способ передачи информации в устной, словесной форме. В педагогике используются понятия «вербальная форма обучения» и «вербализм в обучении».

**ВЕЧЕРНЕЕ ОБУЧЕНИЕ** — форма организации учебного процесса для лиц, сочетающих учёбу с профессиональной деятельностью, составная часть системы непрерывного образования.

**ВЗАИМНОЕ ОБУЧЕНИЕ** — форма организации учебной

**«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ» ВЕБ-ПОРТАЛЫ** — «электрондық үкіметтің» барлық электрондық қызмет көрсетулері мен электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізудің бірыңғай нүктесін білдіретін ақпараттық жүйе.

**ВЕКСЛЕР ТЕСТІ** — қосалқы әдістемелерінің экспериментальды серияларының көмегімен интеллектіні зерттеуде қолданылатын ең кең тараған психологиялық тестілердің бірі.

**ВЕРБАЛИЗАЦИЯ** — тәжірибенің сөйлеудегі көрінісі, жеке тұлғаның сөйлеу көрсеткіші болып табылады.

**ВЕРБАЛЬДЫ** — ақпаратты ауызша сөзбен жеткізу тәсілін білдіретін термин. Педагогикада «оқытудың вербальды түрі» және «оқытудағы вербализм» ұғымдары қолданылады.

**КЕШКІ ОҚЫТУ** — оқуды кәсіби қызметпен ұштастыратын адамдарға арналған оқу процесін ұйымдастыру түрі, үздіксіз білім берудің құрамдас бөлігі.

**ӨЗАРА ОҚЫТУ** — оқу бағдарламасын неғұрлым сәтті

деятельности, в соответствии с которой ученики, наиболее успешно овладевшие учебной программой, занимаются со своими одноклассниками под руководством педагога. Взаимное обучение применялось ещё в древности - в странах Древнего Востока и в античных государствах, затем в средневековых школах Европы и Азии. Я.А. Коменский писал о Взаимное обучение в «Великой дидактике».

**ВЗАИМНОЕ ПРИЗНАНИЕ** — соглашение двух или более институциональных органов о валидности их дипломов и программ или аналогичное соглашение двух или более аккредитационных агентств о признании методологии и процедур, используемых данными агентствами.

**ВЗНОСЫ НА ПОСОБИЕ МНОГОДЕТНЫМ СЕМЬЯМ** – отдельные отчисления предпринимателей в рамках существующей системы социального обеспечения для выплаты пособий многодетным семьям.

**ВИДЕОТРЕНИНГ В БИЗНЕС-ОБРАЗОВАНИИ** — ме-

меңгерген оқушылар педагогтың басшылығымен өз сыныптастарымен бірге оқитын оқу қызметін ұйымдастыру нысаны. Өзара оқыту ежелде Көне шығыс елдерінде және антикалық мемлекеттерде, содан кейін Европа мен Азияның ортағасырлық мектептерінде қолданылды. Өзара оқыту туралы Я.А. Коменский «Ұлы дидактикасында» жазған.

**ӨЗАРА ТАНУ** — екі немесе одан көп институционалдық органдардың олардың дипломдары мен бағдарламаларының сәйкестігі туралы келісім немесе осыған ұқсас екі немесе одан көп аккредиттеу агенттіктерінің осы агенттіктерде қолданылатын әдіснамалар мен рәсімдерді тану туралы келісімі.

**КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫ ЖАРНАСЫ** – қолданыстағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі шеңберінде көп балалы отбасыларға жәрдемақы төлеуге арналған кәсіпкерлердің жеке аударымдары.

**БИЗНЕС БІЛІМ БЕРУДЕГІ БЕЙНЕТРЕНИНГ** — практи-

тод практического обучения, элемент деловых игр. Видеотренинг позволяет имитировать ситуацию деловой встречи, во время которой учащиеся учебной группы поочерёдно выступают в роли руководителя и подчинённого, деловых партнёров, продавца и покупателя. Их действия снимаются на видеоплёнку, а затем просматриваются и обсуждаются. Видеотренинг помогает выявить степень овладения учащимся методикой переговоров, умения вести себя в обществе и пр. В результате каждый участник занятий учится правильно выстраивать и корректировать своё поведение.

**ВИДЫ ОБРАЗОВАНИЯ** — структурные единицы системы образования: дошкольная, общеобразовательная, профессиональная системы образования, система дополнительного образования, специальные (коррекционные) для обучающихся с отклонениями в развитии, учреждения для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей.

калық білім беру әдісі, іскерлік ойындардың элементі. Бейнетренинг оқу тобының қатысушылары кезекпен басшы, бағыныншты, іскери серіктестік, сатушы және сатып алушы рөлінде болғанда іскерлік кездесудің жағдайын келтіруге мүмкіндік береді. Олардың іс-әрекеттері бейнеүлдірге жазылады, содан кейін көреді және талқылайды. Бейнетренинг қатысушылардың келіссөз жүргізу әдістемесін, қоғамда өзін-өзі ұстауын және т.б. меңгеру деңгейін көрсетуге көмектеседі. Нәтижесінде сабақтың әр қатысушысы өз іс-әрекеттерін дұрыс қалыптастыруға және түзетуге үйренеді.

**БІЛІМ БЕРУ ТҮРЛЕРІ** — білім беру жүйесінің құрылымдық бірліктері: мектепке дейінгі, жалпы білім, білім берудің кәсіби жүйесі, қосымша білім беру жүйесі, дамуында ауытқулары бар оқушыларға арналған арнайы (коррекциялық), жетім балаларға және ата-аналарының қамқорынсыз қалған балаларға арналған мекемелер.

**ВКЛАД** — тип финансирования, при котором организации образования получает вклад, дар или пожертвование в виде средств, которые затем вкладываются во что-либо для получения постоянного дохода.

**ВЛАДЕЛЕЦ ИНФОРМАЦИОННЫХ РЕСУРСОВ** — физическое или юридическое лицо, государственный орган или организация, обладающие правом собственности и (или) иными правами на информационные ресурсы.

**ВЛАДЕЛЕЦ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ** — физическое или юридическое лицо, государственный орган или организация, обладающие правом собственности и (или) иными правами на информационные системы.

**ВЛАДЕЛЕЦ ЭЛЕКТРОННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ РЕСУРСОВ, ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ** — субъект, реализующий права владения, пользования и распоряжения указанными объектами в пределах и порядке, определенных их собственником.

**САЛЫМ** — қаржыландыру түрі, онда білім беру ұйымы салым, сый немесе қаражат түрінде қайырымдылық алады және оны кейін қандай да бір тұрақты кіріс алу үшін салымға салады.

**АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ИЕЛЕНУШІ** — ақпараттық ресурстарға меншік құқығын және (немесе) өзге де құқықтарды иеленетін жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган немесе ұйым.

**АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ИЕЛЕНУШІ** — ақпараттық жүйелерге меншік құқығын және (немесе) өзге де құқықтарды иеленетін жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган немесе ұйым.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫ, АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ИЕЛЕНУШІ** — аталған объектілерді олардың меншік иесі айқындаған шекте және тәртіппен иелену, пайдалану және иемдену ету құқығын іске асыратын субъект.

**ВНЕКЛАССНАЯ РАБОТА** — 1) составная часть учебно-воспитательного процесса в школе, одна из форм организации свободного времени учащихся; 2) часть деятельности педагогов, связанная с организацией и налаживанием внеурочной деятельности школьников.

**СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС** — 1) мектептегі оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі, оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың бір түрі; 2) мектеп оқушыларының сабақтан тыс қызметтерін жақсарту және ұйымдастырумен байланысты педагогтар қызметінің бір бөлігі.

**ВНЕКЛАССНОЕ ЧТЕНИЕ** — педагогически организованный процесс подготовки учащихся к самостоятельному чтению в соответствии с их индивидуальными интересами и потребностями.

**СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ** — оқушыларды олардың жеке мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес өз бетімен оқуға дайындаудың педагогикалық ұйымдасқан процесі.

**ВНЕУРОЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — часть деятельности учащихся в школе. Это самообслуживающий труд школьников, их участие в кружках и спортивных секциях, в конкурсах, олимпиадах, диспутах, в школьных и классных вечерах, в играх, занятия в библиотеке. Эта деятельность, организуемая и направляемая педагогами, является весомым средством воспитания школьников.

**САБАҚТАН ТЫС ҚЫЗМЕТ** — оқушылардың мектептегі қызметінің бір бөлігі. Бұл мектеп оқушыларының өзі істейтін еңбегі, олардың үйірмелерге және спорт секцияларына, конкурстарға, олимпиадаларға, пікірсайыстарға, мектептегі және сыныптағы кештерге, ойындарға қатысуы, кітапханадағы жұмыстары. Педагогтар ұйымдастырған және бағыттаған бұл қызмет мектеп оқушыларын тәрбиелеудің салмақты құралы болып табылады.

**ВНЕШНИЙ КОНКУРЕНТНЫЙ БЕНЧМАРКИНГ** — бенчмаркинг (сравнение) деятельности в ключевых областях с помощью специфических единиц измерений на основе информации, предоставляемой учебными заведениями, которые считаются конкурирующими между собой.

**СЫРТҚЫ БӘСЕКЕЛЕС БЕНЧМАРКИНГ** — өзара бәсекелес деп саналатын оқу орындары ұсынатын ақпараттың негізіндегі өлшемнің өзіндік бірліктері көмегімен алынған негізгі салалардағы кызметтің бенчмаркингі (салыстыру).

**ВНЕШНЯЯ ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ** — информация, которая поступает от обучающей программы к преподавателю. С ее помощью он корректирует учебную деятельность обучаемого, а также может скорректировать сценарий обучения.

**СЫРТҚЫ КЕРІ БАЙЛАНЫС** — оқыту бағдарламасынан оқытушыға келіп отыратын ақпарат. Оның көмегімен оқушының оқу қызметін түзетеді, сондай-ақ оқытудың сценарийін түзейді.

**ВНЕШНЯЯ ОЦЕНКА** — процесс, в ходе которого специализированное агентство собирает данные, информацию и сведения о вузе (или его отдельном структурном подразделении), его деятельности для того чтобы прийти к заключению о его качестве.

**СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ** — мамандандырылған агенттік жоғары оқу орны (немесе оның жеке құрылымдық бөлімшесі) және оның сапасы туралы қорытынды жасайтын, оның қызметі туралы деректер, ақпараттар мен мәліметтер жинайтын процесс.

**ВНУТРЕННЯЯ ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ** — информация, которая поступает от обучающей системы к обучаемому в ответ на его действия при выполнении заданий. Она предназначе-

**ІШКІ КЕРІ БАЙЛАНЫС** — оқыту жүйесінен оқушының тапсырма орындау кезіндегі оның әрекеттеріне жауап ретінде келетін ақпарат. Ол оқушының өз оқу қызметін өздігінен

на для самокоррекции обучаемым своей учебной деятельности и дает возможность обучаемому сделать осознанный вывод об успешности или ошибочности учебной деятельности.

**ВНУТРИИНСТИТУТСКИЕ СПОРТИВНЫЕ ПРОГРАММЫ** — спортивные программы по физическому развитию сотрудников и учащихся образовательного учреждения в американской системе образования, участники которых имеют определенные льготы.

**ВНУТРИШКОЛЬНЫЙ КОНТРОЛЬ** — одна из общих функций систем внутришкольного управления.

**ВОЕННО-УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ** — учреждения военно-профессиональной подготовки кадров для вооружённых сил.

**ВОСКРЕСНЫЕ ШКОЛЫ** — учебные заведения для взрослых и для работающих подростков. Подразделяются на: конфессиональные — для религиозно-нравственного воспитания (у христиан — воскресные, у мусульман — пятничные, у иудеев — субботние) и общеобразовательные.

тексеруге арналады және оқушыға оқу қызметінің жетістіктері мен қателіктері туралы дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**ИНСТИТУТІШІЛІК СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР** — қатысушыларына белгілі бір жеңілдіктер берілетін американдық білім беру жүйесіндегі білім беру мекемелерінің қызметкерлері мен білім алушылары дене тәрбиесін дамытуға арналған спорттық бағдарламалар.

**МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ** — мектепішілік басқару жүйесінің жалпы функцияларының бірі.

**ӘСКЕРИ-ОҚУ МЕКЕМЕСІ** — қарулы күштерге арналған кадрларды әскери-кәсіптік дайындау мекемесі.

**ЖЕКСЕНБІЛІК МЕКТЕПТЕР** — ересектерге және жұмыс істейтін жасөспірімдерге арналған оқыту мекемесі. Діни-адамгершілік тәрбие беру үшін (христиандарда – жексенбілік, мұсылмандарда – жұмалық, иудалықтарда – сенбілік) конфессионалдық және жалпы білім беру мәліметтері болып бөлінеді.

**ВОСПИТАТЕЛЬНАЯ СРЕДА** — совокупность природных и социально-бытовых условий, в которых протекает жизнедеятельность ребенка и становление его как личности.

**ВОССТАНОВИТЕЛЬНАЯ ЮВЕНАЛЬНАЯ ЮСТИЦИЯ** — система, которая позволяет учитывать особенности детского и подросткового возраста, выдвигая на первый план необходимость осознания нарушителем негативных последствий совершенного им преступления и реального заглаживания причиненного им вреда. При этом, сама работа с подростком фокусируется на интенсификации процесса формирования ответственного поведения. Восстановительные программы с несовершеннолетними нарушителями учитывают знания о психологических механизмах детского развития, и на этой основе выстраивается сотрудничество взрослых с ребенком. Важнейшей фигурой в программах восстановительного правосудия для несовершеннолетних становится не только ведущий

**ТӘРБИЕЛІК ОРТА** — табиғи және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жиынтығы. Онда баланың тіршілік әрекеті және оның тұлға ретінде қалыптасуы көрініс табады.

**ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛЕТІН ЮВЕНАЛДЫ ӘДІЛЕТ** — жасаған қылмыс зардаптарын және келтірген зияндарын құқық бұзушының түсіну қажеттігін бірінші орынға қоятын балалық және жасөспірімдік жасын ескеруге жол беретін жүйе. Сонымен қатар, жасөспіріммен жұмыстың өзі оның тәртібін реттейтін жауапты процестің қарқынын арттыру көзделеді. Кәмелетке толмаған құқықбұзушыларды қалпына келтіру бағдарламаларында бала дамуының психологиялық механизмдері туралы білімдер ескеріліп, осы негізде үлкендердің балалармен қарым-қатынасы құрылады. Кәмелетке толмағандарды сот төрелігінің қалпына келтіру бағдарламаларында бағдарлама жүргізушісі (бейтарап делдал, медиатор) ғана емес, сонымен қатар құқықбұзушымен тікелей жұмыс істейтін әлеуметтік

программ (нейтральный посредник, медиатор), но и социальный работник, непосредственно работающий с правонарушителем. Значительная роль отводится семье (или другим значимым взрослым). Здесь следует сказать о коллективно распределенной ответственности – часть ее принимает на себя семья, ближайшее окружение, социальные службы. Но принципиальным положением в системе восстановительной ювенальной юстиции является активное участие нарушителя в заглаживании нанесенного им вреда, а взрослые оказывают ему помощь и поддержку. Восстановительное правосудие «входит» в ювенальную юстицию с уже существующей социально-реабилитационной инфраструктурой, не отменяя ее, но привнося новые принципы и цели, в первую очередь – исцеление жертвы и обязательство правонарушителя по заглаживанию вреда.

**ВРЕМЕННЫЙ ТВОРЧЕСКИЙ КОЛЛЕКТИВ В ШКОЛЕ** — разновидность времен-

жұмыскер де басты тұлға болып табылады. Сондай-ақ отбасы (не ықпалы бар үлкендер) да маңызды рөл атқарады. Бұл жерде ұжымдық жауапкершілікті бөлу туралы айта кету керек – оның бір бөлігін отбасы, қасындағы жақындары, әлеуметтік қызмет өзіне алады. Бірақ қалпына келтіруді дамыту ювеналды әділет жүйесінің түпкі қағидасы ретінде құқықбұзушы келтірген зиянды өзі дұрыстау болып табылады, ал үлкендер оған көмек пен қолдау ғана көрсетеді. Қалпына келтіретін сот төрелігі қызмет істеп тұрған әлеуметтік-қалпына келтіру инфрақұрылымының күшін жоймай, қайта жаңа қағидаттары мен мақсаттар, ең алдымен қылмыс жасағандарды айықтыру және келтірген шығынды жою жөнінде құқықбұзушының міндеттерін ұсына отырып, ювеналды әділетке кіреді.

**МЕКТЕПТЕГІ УАҚЫТША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҰЖЫМ** — мектептің білім

ного профессионального объединения педагогов, создаваемого для оперативного решения конкретных задач и проблем школы, образовательного процесса. Временный творческий коллектив позволяют активизировать деятельность учителей, привлечь их к совместной работе, мобилизовать творческий потенциал людей, помочь самореализации личности педагога.

**ВСЕМИРНАЯ МУЛЬТИМЕДИЙНАЯ СРЕДА** — информационное пространство. Всемирная мультимедийная среда позволяет средствами Глобальной информационной среды осуществлять поиск и представление информации (звук, аудио и видеоинформацию, элементы технологии виртуальной реальности и т.д.) по выделенным словам и рисункам, а также обеспечивает лёгкий доступ до нужного ресурса Всемирной сети.

**ВСПОМОГАТЕЛЬНАЯ ШКАЛА ОЦЕНОК ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ ПЕРЕЗАЧЕТА КРЕДИТОВ** —

беру процесінің нақты тапсырмалары мен проблемаларын жедел түрде шешу үшін құрылған педагогтардың уақытша кәсіби бірлестігінің бір түрі. Мектептегі уақытша шығармашылық ұйым мұғалімдердің қызметін белсендендіруге, оларды бірлескен жұмысқа тартуға, адамдардың шығармашылық әлеуетін жұмылдыруға, педагог тұлғасын өзін-өзі қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ОРТА** — ақпараттық кеңістік. Дүниежүзілік мультимедиалық орта ерекшеленген сөздер мен суреттер бойынша Ғаламдық ақпараттық орта құралымен ақпаратты (дыбыс, аудио және бейнеақпаратты, виртуалды шындық технология элементтерін және т.б.) іздеуді және ұсынуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ Дүниежүзілік желінің қажет ресурсына дейін оңай қосылуды қамтамасыз етеді.

**КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУДІҢ ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ БАҒАЛАРЫНЫҢ ҚОСАЛҚЫ ШКАЛАСЫ** —

шкала, разработанная для пересчета уровня знаний учащегося, оцененных в одном, прежде всего, зарубежном институте к систему, принятую и другом учебном заведении.

**ВСТУПИТЕЛЬНЫЕ ИСПЫТАНИЯ** — конкурсные испытания знаний, умений или навыков виде собеседования, тестирования, письменных или устных экзаменов для оценки подготовки кандидатов на обучение по программам любого уровня. Полученные результаты обычно служат основанием для приема в организацию образования.

**ВСТУПИТЕЛЬНЫЙ ВЗНОС** — установленный денежный сбор, взимаемый с кандидата на обучение и идущий на оплату процедур рассмотрение заявления о зачислении. Не возвращается, если кандидат, не принят, и не учитывается при полной оплате обучения, если кандидат принят. Буквально — плата за зачисление.

**ВЫБОР ДИСЦИПЛИН ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ** — процесс определения главных (основных) дисциплин для изучения в рам-

бір білім беру мекемесінде, ең алдымен, шетелдік институтта бағаланған білім алушы білімінің деңгейін, басқа оқу орнына қабылданған жүйеге қайта есептеу үшін шкала.

**ҚАБЫЛДАУ СЫНАҒЫ** — үміткерлерді кез келген деңгейдегі бағдарлама бойынша оқытуға қабылдау үшін оның білімін, ептілігі мен машықтарын әңгімелесу, тестілеу, жазбаша немесе ауызша емтихан алу арқылы конкурстық сынақтан өткізу. Алынған нәтижелер, әдетте, білім беру ұйымына оқуға қабылдауға негіз болады.

**КІРУ ЖАРНАСЫ** — оқуы және оқуға қабылдау туралы өтінішін қарау рәсімі үшін үміткерден алынатын белгіленген ақша алымы. Үміткер қабылданбаса, қайтарылмайды және үміткер қабылданған жағдайда, оқу ақысын толық төлеу кезінде есепке алынбайды. Тура мағынасында — оқуға қабылдауға арналған төлем.

**ОҚЫП-ҮЙРЕНУ ҮШІН ПӘНДЕРДІ ТАҢДАУ** — қандай да бір даярлау бағдарламасы шеңберінде оқып-үйрену

ках той или иной программы подготовки.

**ВЫБОР ТЕОРИИ** — познавательный процесс, направленный на развитие нового знания.

**ВЫПУСКНИК** — студент, набравший необходимое количество кредитов для получения степени бакалавра, магистра.

**ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — образование после полной средней школы по программам, длительность которых превышает 4 года, в том числе, после получения степени бакалавра.

**ВЫСШЕЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — высший уровень профессионального образования, уровень квалификации по специальности, полученный в высших учебных заведениях на базе полного среднего образования, формально подтверждённый дипломом об окончании вуза. Характеризуется системой знаний, практических умений и навыков, личностных качеств, которые обеспечивают возможность решать профессиональные задачи на уровне достижений научно-технического и социального прогресса.

үшін басты (негізгі) пәндерді анықтау процесі.

**ТЕОРИЯНЫ ТАҢДАУ** — жаңа білімді дамытуға бағытталған танымдық процесс.

**БІТІРУШІ** — бакалавр, магистр дәрежесін алу үшін қажетті кредиттер санын жинаған студент.

**ЖОҒАРЫ БІЛІМ** — толық орта мектепті бітіргеннен кейінгі, ұзақтығы 4 жылдан асатын бағдарламалар бойынша, оның ішінде бакалавр дәрежесін алғаннан кейінгі білім беру.

**ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ** — кәсіптік білімнің жоғары деңгейі, жоғары оқу орнын бітіру туралы дипломмен ресми түрде расталған толық орта білім базасында жоғары оқу орнында алынған мамандық бойынша біліктілік деңгейі. Ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогреске жету деңгейінде кәсіби міндеттерді орындау мүмкіндігімен қамтамасыз ететін білім жүйесімен, практикалықептілікпен және машықтарымен жеке қасиеттермен сипатталады.

**ВЫСШИЕ УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ** — образовательные учреждения, осуществляющие подготовку специалистов с высшим профессиональным образованием для народного хозяйства, науки, культуры. Вузы проводят научные исследования фундаментального и прикладного характера, осуществляют последипломное образование, повышение квалификации, реализуют в соответствии с лицензией образовательные программы высшего профессионального образования.

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ** — халық шаруашылығы, ғылым, мәдениет үшін жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даййындауды жүзеге асыратын білім беру мекемесі. Жоғары оқу орындары іргелі және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулер жүргізеді, дипломнан кейінгі білім беруді, біліктілікті арттыруды жүзеге асырады, лицензияға сәйкес жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

# Г

**ГЕРОГОГИКА** — наука о воспитании пожилых и престарелых людей.

**ГЕТЕРОГЕННЫЙ ТЕСТ** — тест для измерения уровня подготовленности по нескольким дисциплинам.

**ГИМНАЗИЯ** — среднее общеобразовательное учебное заведение, реализующее основные и дополнительные общеобразовательные программы, предусматривающие углублен-

**ГЕРОГОГИКА** — егде және қарт адамдарды тәрбиелеу туралы ғылым.

**ГЕТЕРОГЕНДІК ТЕСТ** — бірнеше пән бойынша дайындық деңгейін өлшеуге арналған тест.

**ГИМНАЗИЯ** — негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оқушыларды олардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес тереңдетіп, салаға бөліп, сара-

ное, профильное, дифференцированное обучение учащихся в соответствии с их склонностями и способностями.

**ГИПЕРМЕДИА** — гипертекст, в состав которого входит информация разных типов (текст, графика, анимация, звук, видео и т.д.).

**ГИПЕРМЕДИЙНАЯ ОБУЧАЮЩАЯ СИСТЕМА** — обучающая система, основывающаяся на использовании гипертекста для представления теоретического материала. Применение гипертекста позволяет объединять различные способы представления информации (текст, изображения, звук, видео и т.д.), легко связывать различные материалы между собой. Однако, обучаемый, переходя по ссылкам от одного документа к другому, может легко «потеряться» и забыть, откуда он пришел и с чего начинал обучение. Это явление называется эффектом «потери в гиперпространстве». Чтобы избежать этого эффекта, применяются способы возврата обучаемого к исходному пункту обучения.

лап оқытуды көздейтін, жалпы орта білім беретін оқу орны.

**ГИПЕРМЕДИА** — құрамына түрлі типтегі ақпараттар (мәтін, графика, анимация, дыбыс, бейне және т.б.) кіретін гипермәтін.

**ГИПЕРМЕДИАЛЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ** — теориялық материалдарды танытуға арналған гипермәтіндерді қолдануға негізделген оқыту жүйесі. Гипермәтінді қолдану ақпаратты жеткізудің түрлі тәсілдерін (мәтін, суреттер, дыбыс, бейне және т.б.) біріктіруге, түрлі материалдарды өзара оңай байланыстыруға мүмкіндік береді. Алайда оқушы сілтеме бойынша бір құжаттан екіншісіне ауыса отырып, қайдан келгендігін және неден бастағандығын ұмытып қалуы мүмкін. Бұл құбылыс «гиперкеңістікте жоғалу» әсері деп аталады. Бұл әсерді болдыру үшін оқушыны оқытудың бастапқы пунктіне қайтару тәсілдері қолданылады.

**ГИПЕРТЕКСТ** — комбинация текста со способностью компьютера осуществлять ветвление или динамическое воспроизведение нелинейного текста, который не может быть обычным образом распечатан на бумаге.

**ГИПНОПЕДИЯ** — обучение во время естественного сна.

**ГИПОТЕЗА** — научно обоснованное предположение о закономерной связи явлений, один из методов познания, форма развития науки.

**ГЛАВНЫЙ НАУЧНЫЙ СОТРУДНИК** — буквально – контролер-исследователь.

**ГЛОБАЛЬНЫЙ КОМПОНЕНТ В ОБРАЗОВАНИИ** — образовательные стандарты, как учебно-тематического, так и технологическо-методического типа.

**ГОМОГЕННЫЙ ТЕСТ** — тест для измерения уровня подготовленности по одной дисциплине или одному разделу дисциплины.

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ АТТЕСТАЦИЯ НАУЧНЫХ И НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ** — это система оценочных действий по присуж-

**ГИПЕРМӘТІН** — қарапайым тәсілмен қағазға басып шығарылмайтын компьютердің көмегімен тарамдалатын немесе сызықтық емес мәтінді динамикалық түрде іске асыратын мәтіндер комбинациясы.

**ГИПНОПЕДИЯ** — табиғи ұйқы кезінде оқыту.

**ГИПОТЕЗА** — құбылыстардың заңды байланысы туралы ғылыми түрде негізделген жорамал, таным әдістерінің бірі, ғылымның даму нысаны.

**БАС ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕР** — тура мағынасында – бақылаушы-зерттеуші.

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ КЕҢ АУҚЫМДЫ ҚҰРАМДАС** — оқу-тақырыптық және сол сияқты техникалық-әдістемелік түрдегі білім беру стандарттары.

**ГОМОГЕН ТЕСТ** — бір пән немесе пәннің бір тарауы бойынша дайындық деңгейін өлшеуге арналған тест.

**ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ** — академиялық магистр, ғылым канди-

дению академических степеней магистра, кандидат наук, доктора философии (PhD), доктора по профилю и присвоению ученых знаний доцента и профессора, обеспечивающая единство требований к их соискателям.

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ АТТЕСТАЦИЯ ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ** — процедура, проводимая с целью контроля соответствия предоставляемых ими образовательных услуг требованиям государственного общеобязательного стандарта соответствующего уровня образования.

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ ИМЕННАЯ СТИПЕНДИЯ** — стипендия, учреждаемая Президентом Республики Казахстан и (или) Правительством Республики Казахстан.

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ПОЛИТИКА** — система социально-экономических, политических, организационных и правовых мер, осуществляемых государством и направленных на поддержку молодежи.

даты, философия докторы (PhD), мамандық докторы ғылыми дәрежелерін, доцент және профессор ғылыми атақтарын беру жөніндегі, бұларды алу үшін ізденушілерге тұтас талапты қамтамасыз ететін бағалау жұмыстарының жүйесі.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ** — тиісті білім беру деңгейінде олар көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатымен жүргізілетін рәсім.

**МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯ** — Қазақстан Республикасының Президенті және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын стипендия.

**МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫ** — мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі.

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА** — составная часть социально-экономической политики, выражающая отношение государства к научной и научно-технической деятельности, определяющая основные цели, направления, принципы, формы и методы деятельности различных организаций в области науки и техники, реализации научно-технических достижений, создания новых технологий, в том числе в целях обеспечения национальной безопасности.

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА** — система оценочных действий и выводов, организуемая уполномоченным государственным органом для получения независимой аналитической оценки объекта экспертизы с целью определения уровня обоснованности принимаемых решений по важнейшим вопросам научно-технического прогресса.

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА В ОБЛАСТИ КУЛЬТУРЫ** — комплекс мер,

**МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ САЯСАТ** — әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі, ол мемлекеттің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметке қатынасын білдіреді, әртүрлі ұйымдардың ғылым мен техника саласында ғылыми-техникалық жетістіктерді іске асыру, жаңа технологиялар жасау саласындағы, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы қызметінің негізгі мақсаттарын, бағыттарын, қағидаттарын, нысандары мен әдістерін белгілейді.

**МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ САРАПТАМА** — ғылыми-техникалық прогрестің аса маңызды мәселелері бойынша қабылданатын шешімдердің негізділік деңгейін айқындау мақсатымен сараптама объектісіне тәуелсіз талдамалық баға алу үшін уәкілетті мемлекеттік орган ұйымдастыратын бағалау жұмыстары мен қорытындылар жүйесі.

**МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ** — мәдени және рухани

принимаемых государственными органами, направленных на создание, возрождение, сохранение, развитие, распространение и использование культурных и духовных ценностей.

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ ОБРАЗОВАНИЯ** — организация, создаваемая Правительством или Национальным Банком Республики Казахстан либо местным исполнительным органом в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ** — учреждение образования, создаваемое в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

**ГОСУДАРСТВЕННЫЕ МИНИМАЛЬНЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ СТАНДАРТЫ** — основные показатели обеспечения качества жизни детей, включающие в себя установленный государством минимальный объем социальных услуг, норм и нормативов.

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЗАКАЗ** — устанавливаемый соответ-

құндылықтарды жасауға, қайта түлетуге, сақтауға, дамытуға, таратуға және пайдалануға арналған, мемлекеттік органдар қабылдайтын шаралар кешені.

**МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ КӘСІПОРНЫ** — Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Ұлттық банкі не жергілікті атқарушы орган құратын ұйым.

**МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ** — Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылатын білім беру мекемесі.

**МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢ ТӨМЕНГІ ӘЛЕУМЕТТІК СТАНДАРТТАР** — мемлекет белгілеген әлеуметтік қызмет көрсетулерді, нормалар мен нормативтерді қамтитын, балалар өмірінің сапасын қамтамасыз ететін негізгі көрсеткіштер.

**МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ** — мемлекеттік бюджет есебінен

ствующими государственными органами план подготовки квалифицированных рабочих и специалистов, реализуемый путем финансирования за счет государственного бюджета, покупки образовательных услуг организаций начального профессионального, среднего профессионального, высшего профессионального и послевузовского профессионального образования, предоставления на конкурсной основе государственных образовательных грантов и кредитов.

қаржыландыру, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орындарынан кейін кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру қызметін сатып алу, конкурстық негізде мемлекеттік білім беру гранттары мен кредиттерін беру арқылы іске асырылатын, тиісті мемлекеттік органдар белгілейтін білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау жоспары.

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ СТАНДАРТ** — совокупности установленных государством норм по отношению к качеству образования и образовательной деятельности каждого из типов и видов действующих в государстве учебных заведений общего и (или) профессионального образования.

**МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ** — мемлекетте қызмет жасап отырған жалпы және (немесе) кәсіптік білім беру мекемелерінің типтері мен түрлерінің білім беру сапасы мен білім беру қызметіне қатысты мемлекет бекіткен нормалардың жиынтығы.

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ РЕГИСТР ЭЛЕКТРОННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ РЕСУРСОВ И ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ** — систематизированный перечень,

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР МЕН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕЛІМІ** — электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпарат-

включающий свод описаний электронных информационных ресурсов и информационных систем.

тық жүйелер сипаттамаларының жиынтығын қамтитын жүйеленген тізбе.

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ РЕЕСТР ОБЪЕКТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО ДОСТОЯНИЯ** — перечень национального культурного достояния, имеющий особое значение для истории и культуры страны.

**ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ИГІЛІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІ** — ел тарихы мен мәдениеті үшін айрықша мәні бар ұлттық-мәдени игіліктің тізбесі.

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИЛИ УНИВЕРСИТЕТ ШТАТА В ЗАВИСИМОСТИ ОТ КОНТЕКСТА** — обычно – высшее учебное заведение, деятельность которого финансируется за счет государственного бюджета и контролируется государством. В странах с федеративным устройством (США, Германия) такое образовательное учреждение финансируется за счет налогов, собираемых данным штатом, и, соответственно, контролируется правительством штата.

**МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТ НЕМЕСЕ МӘНМӘТІНІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ШТАТ УНИВЕРСИТЕТІ** — мемлекет бюджеті есебінен қаржыландырылатын және мемлекет бақылауындағы жоғары оқу орны. Федеративтік құрылымдағы елдерде (АҚШ, Германия) мұндай білім беру ұйымдары штат жинайтын салықтар есебінен қаржыландырылады сондықтан штат үкіметінің бақылауында болады.

**ГРАММАТИКА** — первоначально — искусство чтения и письма; строй языка, т.е. система языковых форм, способов

**ГРАММАТИКА** — бастапқыда — оқу және жазу өнері; тілдің құрылысы, яғни тіл формаларының, сөзжасам тәсілдерінің,

словообразования, синтаксических конструкций.

**ГРАМОТНОСТЬ** — определённая степень владения человеком навыками чтения и письма в соответствии с грамматическими нормами родного языка. Один из базовых показателей социально-культурного развития населения.

**ГРАНТЫ** — деньги и иное имущество, передаваемые безвозмездно и безвозвратно на проведение конкретных научных исследований на условиях, предусмотренных договором между грантодателями и грантополучателями.

**ГРАФ ЛОГИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ** — граф, отображающий логические связи между учебными элементами. Строится по матрице логических связей.

**ГУМАНИТАРИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ** — система форм и методов организации учебно-воспитательного процесса, которая позволяет сделать обучение составной частью формирования личности.

синтаксистік құрылымдардың жүйесі.

**САУАТТЫЛЫҚ** — ана тілінің грамматикалық нормаларына сәйкес адамның оқу және жазу дағдыларын меңгерудің белгілі бір дәрежесі. Халықтың әлеуметтік-мәдени дамуының базалық көрсеткіштерінің бірі.

**ГРАНТТАР** — грант берушілер мен грант алушылар арасындағы шартта көзделген талаптармен нақты ғылыми зерттеулер жүргізуге арнап, өтеусіз және қайтарымсыз берілетін ақша және өзге мүлік.

**ЛОГИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР ГРАФЫ** — оқыту бөлшектері арасындағы логикалық байланыстарды бейнелейтін граф. Логикалық байланыстар матрицасы бойынша жасалады.

**БІЛІМ БЕРУДІ ГУМАНИТАРЛАНДЫРУ** — оқытуды тұлғаны қалыптастырудың құрама бөлігі етуге мүмкіндік беретін оқу-тәрбие процестерін ұйымдастыру нысандары мен әдістерінің жүйесі.

**ГУМАНИТАРНАЯ КУЛЬТУРА ПЕДАГОГА** — это совокупность личностных и профессиональных качеств, а также ценностей, ориентаций и умений.

**ПЕДАГОГТІҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ** — жеке және кәсіби қасиеттердің, сондай-ақ бейімділік пен құндылықтардың, ептіліктің жиынтығы.

# Д

**ДАКТИЛОЛОГИЯ** — дактильная речь, ручная азбука, применяемая глухими людьми для общения.

**ДАКТИЛОЛОГИЯ** — қарым-қатынас үшін саңырау адамдар қолданатын дактильді сөз, қол әліппесі.

**ДАЛЬТОН-ПЛАН** — система индивидуализированного обучения.

**ДАЛЬТОН-ЖОСПАР** — жекеленген оқыту жүйесі.

**ДЕВИАНТНОЕ ПОВЕДЕНИЕ** — систематическое совершение детьми и подростками правонарушений, влекущих применение мер административного наказания, злостное уклонение от учебы, работы, систематический уход из семьи и детских учебно-воспитательных организаций, а также совершение ими общественно опасных деяний, содержащих признаки преступления, освобожденные от уголовной ответственности.

**ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ** — балалар мен жасөспірімдердің әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соқтыратын құқықбұзушылықтарды үнемі жасауы, оқудан, жұмыстан қасақана жалтаруы, отбасынан немесе балалар оқу-тәрбиелеу ұйымдарынан үнемі кетіп қалуы, сондай-ақ олардың қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын қылмыс белгілері бар, қоғамға қауіпті әрекеттер жасауы.

**ДЕДУКЦИЯ** — переход от общего знания о предметах данного класса к единичному (част-

**ДЕДУКЦИЯ** — белгілі класс заттары жалпы білімнен осы кластың жеке заттары туралы

ному) знанию об отдельном предмете этого класса. один из методов познания.

**ДЕЙСТВИЕ** — произвольный акт, направленный на достижение осознаваемой цели. структурная единица деятельности.

**ДЕКАН ИЛИ РУКОВОДИТЕЛЬ** — руководитель крупного образовательного подразделения учреждения образования. Во многих странах директор или высшее должностное лицо в специализированных образовательных учреждениях, колледжах или университетах.

**ДЕКЛАРАЦИЯ О ПРАВАХ РЕБЕНКА** включает фундаментальные принципы обеспечения защиты и благосостояния детей. Первая Декларация о правах ребенка была принята в 1923 г. Советом неправительственной организации «Международный союз спасения детей». Эта Декларация, получившая название Женевской, была одобрена в 1924 г. V Ассамблеей Лиги Наций. В 1948 г. Генеральная Ассамблея ООН одобрила текст Декларации с некоторыми изменения-

дара (жеке) білімге ауысуы, таным әдістерінің бірі.

**ІС-ӘРЕКЕТ** — ойдағы мақсатқа жетуге бағытталған ықтиярлы акт, қызметтің құрылымдық бірлігі.

**ДЕКАН НЕМЕСЕ БАСШЫ** — білім беру мекемесінің ірі білім беру бөлімшесінің басшысы. Көптеген елдерде мамандандырылған білім беру мекемелерінде, колледждерде немесе университеттерде директор немесе жоғары лауазымды тұлға.

**БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯҒА** балаларды қорғаудың және олардың әл-ауқатын қамтамасыз етудің іргелі қағидаттары енеді. «Балаларды қорғаудың халықаралық одағы» үкіметтік емес ұйымының кеңесі бала құқықтары туралы бірінші декларацияны 1923 жылы қабылдады. Женева декларациясы деп аталған бұл декларация 1924 жылы Ұлттар лигасы ассамблеясынан қолдау тапты. 1948 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы Декларация мәтініне кейбір өзгерістер

ми, а в 1959 г. приняла новую Декларацию, которая послужила основой для подготовки Конвенции о правах ребенка. В 1978 г. правительство Польши представило Комиссии ООН по правам человека первоначальный проект, подготовленный на основе этой Декларации. Тогда выражалась надежда, что его можно будет принять в 1979 г., который был объявлен Международным годом ребенка. Комиссия пришла к выводу, что текст требует углубленного рассмотрения, и создала специальную рабочую группу, которая проводила по одному заседанию в год в течение 1980-х гг. Рабочая группа достигла консенсуса в отношении окончательного варианта незадолго перед сессией Генеральной Ассамблеи ООН 1989 г., принявшей Конвенцию 20 ноября, в тридцатую годовщину Декларации 1959 г.

**ДЕОНТОЛОГИЯ, ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ** — раздел педагогики, который изучает особенности профессионального поведения педагога и педагоги-

енгізе отырып мақұлдады, ал 1959 жылы Бала құқықтары туралы Конвенцияның дайындалуына негіз болған жаңа Декларация қабылдады. 1978 жылы Польша үкіметі БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Комиссиясына осы Декларация негізінде дайындалған алғашқы жобаны ұсынды. Оны халықаралық балалар жылы болып жарияланған 1979 жылы қабылдаса деген үміт болды. Комиссия мәтінді тереңірек қарастыру керек деген тұжырымға келіп, 1980-жылдары жыл сайын бір мәжілістен өткізіп отыратын арнайы жұмыс тобын құрды. Жұмыс тобы түпкілікті нұсқаға қатысты бәтуаға 1989 жылы 20 қарашада ғана келіп, Конвенция БҰҰ Бас ассамблеясының сессиясының алдында 1959 жылы қабылданған Декларацияның отыз жылдығы қарсаңында қабылданды.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДЕОНТОЛОГИЯ** — педагогтың кәсіби мінез-құлқының ерекшеліктерін және педагогикалық әдепті, педагогикалық құзырет

ческую этику, вопросы педагогической компетенции.

**ДЕПОЗИТАРИЙ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ, ПРОГРАММНЫХ ПРОДУКТОВ, ПРОГРАММНЫХ КОДОВ И НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ** — специальное хранилище, предназначенное для обеспечения накопления, описания, хранения и систематизации экземпляров программных продуктов, программных кодов вместе с сопровождающей их нормативно- технической документацией.

**ДЕПОНИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ, ПРОГРАММНЫХ ПРОДУКТОВ, ПРОГРАММНЫХ КОДОВ И НОРМАТИВНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ** — передача экземпляров программных продуктов, программных кодов и нормативно-технической документации на хранение в депозитарий.

**ДЕСКРИПТОРЫ УРОВНЕЙ** — декларированный перечень описаний общих характеристик обучения, ожидаемых и требу-

мәселелерін зерттейтін педагогика бөлімі.

**АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ӨНІМДЕРДІҢ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ КОДТАР МЕН НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫҢ ДЕПОЗИТАРИІ** — бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың даналарын оларға ілеспе нормативтік-техникалық құжаттамалармен бірге жинақтауды, сипаттауды, сақтауды және жүйелеуді қамтамасыз етуге арналған арнаулы сақтау орны.

**АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ӨНІМДЕРДІ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ КОДТАР МЕН НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАНЫ ДЕПОНИРЛЕУ** — бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтардың даналарын және нормативтік-техникалық құжаттаманы депозитарийге сақтауға беру.

**ДЕҢГЕЙ ДЕСКРИПТОРЛАРЫ** — білім алушыларда әр деңгейде күтілетін және талап етілетін оқытудың жалпы сипат-

емых от обучающихся на каждом уровне. Такие дескрипторы позволяют определить тип требований или ожиданий для учащихся на каждом из установленных уровней. Эти дескрипторы ориентируют учащегося и преподавателя в вопросах сложности программы, относительно требований и свободы учащегося в освоении материалов. Могут быть применены к предметным дисциплинам и способам обучения. Дескрипторы уровней полезны для разработки учебных программ, назначения кредитов, оценки и признания предыдущего опыта обучения (в том числе – неформального обучения), а также в системе повышения квалификации ППС.

**ДЕСКРИПТОРЫ, УРОВНЕВЫЕ** — описание познаний, которые необходимы для достижения определенного уровня в процессе обучения. Содержат: характеристику и приводят содержание знаний, которые предполагается получить

тамаларының декларацияланған тізбесі. Мұндай дескрипторлар білім алушыларға әрбір белгіленген деңгейде қойылатын талаптар немесе күтілетін нәтижелер түрін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл дескрипторлар білім алушы мен оқытушыға білім алушының материалды игеруіне қойылатын талаптар мен еркіндігіне қатысты бағдарламаның күрделілігі мәселелерінде бағыт береді. Олар пәндік сабақтар мен оқу тәсілдеріне қатысты қолданылуы мүмкін. Деңгей дескрипторлары оқу бағдарламаларын әзірлеу, кредиттер тағайындау, алдыңғы оқу тәжірибесін бағалау және тану үшін (оның ішінде — ресми емес оқыту түрінің де), сондай-ақ профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру жүйесінде пайдалы.

**ДЕҢГЕЙЛІК ДЕСКРИПТОРЛАР** — оқу процесінде белгілі бір деңгейге жету үшін қажетті танымның сипаттамасы. Олар белгілі бір деңгейде алынатын білімді сипаттайды және мазмұнын береді. Олар оқу процесінің нәтижелерін бақылауға

на каком-то определенном уровне. Предназначены для того, чтобы помочь отследить результаты процесса обучения и выработать критерии оценки.

және баға өлшемін әзірлеуге арналады.

**ДЕТИ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ** — дети с физическими и (или) психическими недостатками, имеющие ограничение жизнедеятельности, обусловленное врожденными, наследственными, приобретенными заболеваниями или последствиями травм, подтвержденными в установленном порядке.

**МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАР** — дене бітімі және (немесе) психикалық кемшіліктері бар, тума, тұқым қуалаумен, жүре пайда болған ауру не белгіленген тәртіппен расталған зақымдану салдарынан тұрмыс-тіршілігі шектеулі балалар.

**ДЕТИ С ОСОБЫМИ НУЖДАМИ (ДЕТИ СО СПЕЦИАЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ В ОБУЧЕНИИ)** — дети, имеющие нарушение здоровья со стойким расстройством функций организма, обусловленное заболеваниями, последствиями травм или дефектами, приводящее к ограничению жизнедеятельности и вызывающее необходимость их социальной защиты. В статье 23 Конвенции утверждается право на особый уход, образование и подготовку детей с осо-

**ЕРЕКШЕ МҰҚТАЖДЫҚТАРЫ БАР БАЛАЛАР (ОҚЫТУҒА АРНАЙЫ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАР)** — тіршілік әрекетін шектеуге және әлеуметтік қорғауды талап етуге әкелетін аурудың, жарақаттың және кемістіктің салдарынан организмнің қалыпты жұмыс істеу қабілетінің нашарлауынан денсаулығы қатты бұзылған балалар. Конвенцияның 23-бабында дамуында ерекше мұқтаждықтарды қажет ететін балалар ерекше күтімге, білім алуға және дайындыққа

быми потребностями в развитии. В статье отмечается также, что эти дети не должны быть изолированными от общества из-за отрицательных социальных установок. Усилия по борьбе с детской инвалидностью должны концентрироваться на профилактике заболеваний (улучшение качества услуг здравоохранения и образования), развитии ребенка и реабилитации.

**ДЕТИ С ПРОБЛЕМАМИ В ОБУЧЕНИИ** – дети, которые испытывают трудности в процессе усвоения знаний и имеют поведенческие проблемы. Ребенок с проблемами в обучении также определяется как ребенок со специальными потребностями в обучении. Нередко в качестве синонима используют термин «необучаемость», что недопустимо. Использование такого термина ущемляет права ребенка. Как показывает международная практика, все дети за редким исключением обучаемы, и успех в развитии ребенка зависит от заботы, внимания близких людей и профессионализма

құқылы деп бекітілген. Бапта, сондай-ақ бұл балалар жағымсыз әлеуметтік жағдайларға байланысты қоғамнан аласталып қалмауы тиіс деп аталып көрсетілген. Балалар мүгедектігіне байланысты күресті күшейтуде аурудың алдын алуға (денсаулық сақтау және білім беру қызметінің сапасын жақсартуға), баланы дамыту оңалтуға келтіруді жұмылдыру қажет.

**ОҚУДА ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ БАР БАЛАЛАР** – білім алу процесінде қиыншылық сезінетін және мінез-құлқында проблемалар бар балалар. Оқуда қиыншылықтары бар бала, сондай-ақ білім беруде арнайы мұқтаждықтары бар бала ретінде де анықталады. Осындай жағдайларды айтқан кезде, кейде «оқуға көнбейтін балалар» деген синоним жиі қолданылады, ал бұл дұрыс емес. Мұндай терминді қолдану баланың құқығын шектеу болып табылады. Халықаралық практика көрсетіп отырғандай, барлық балалар, ерекше жағдайларда болмаса, оқуға икемді және бала дамуындағы жетіс-

специалистов, работающих с такими детьми.

**ДЕТИ, ЛИШЕННЫЕ СЕМЬИ** — дети, которые временно или постоянно лишены своего семейного окружения в связи со смертью родителей, отказа родителей от них, или переселения, или же потому что в своих собственных наилучших интересах они не могут оставаться в семьях. Такие дети имеют право на «особую защиту и помощь».

**ДЕТИ, НАХОДЯЩИЕСЯ В ТРУДНОЙ ЖИЗНЕННОЙ СИТУАЦИИ** — дети, жизнедеятельность которых нарушена в результате сложившихся обстоятельств и которые не могут преодолеть данные обстоятельства самостоятельно или с помощью семьи.

**ДЕТИ, ПРОЖИВАЮЩИЕ В МАЛОИМУЩИХ СЕМЬЯХ** — дети, живущие в семьях, доходы которой ниже прожиточного минимума.

тіктер оның жақын адамдарының қамқорлығына, назарына және сондай балалармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіпқойлығына байланысты.

**ОТБАСЫНАН АЙРЫЛҒАН БАЛАЛАР** — ата-аналарының қайтыс болуына, ата-аналардың олардан бас тартуларына, не қоныс аударуларына, не өздерінің ең игі мүдделері бойынша отбасыларында қала алмағандықтан, өз отбасыларынан уақытша не тұрақты түрде айрылған балалар. Мұндай балалар «ерекше қамқорлық пен көмекке» құқылы.

**ӨМІРДЕ ҚИЫН АХУАЛҒА ТАП БОЛҒАН БАЛАЛАР** — қалыптасқан жағдайлардың салдарынан тіршілік етуі бұзылған және бұл жағдайларды өз бетімен немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар.

**ТАБЫСЫ АЗ ОТБАСЫЛАРЫНДА ӨМІР СҮРЕТІН БАЛАЛАР** — табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасындағы балалар.

**ДЕТИ-ЖЕРТВЫ ВООРУЖЕННЫХ И МЕЖНАЦИОНАЛЬНЫХ КОНФЛИКТОВ, ЭКОЛОГИЧЕСКИХ И ТЕХНОГЕННЫХ КАТАСТРОФ, СТИХИЙНЫХ БЕДСТВИЙ (ДЕТИ, НАХОДЯЩИЕСЯ В ЭКСТРЕМАЛЬНОЙ СИТУАЦИИ)** — дети, нуждающиеся в заботе и помощи; - им должна быть предоставлена возможность учиться, включая религиозное и нравственное воспитание, согласно пожеланиям их родителей или, в случае отсутствия родителей, тех лиц, которые несут ответственность за попечение над ними; - должны приниматься все необходимые меры для содействия воссоединению временно разъединенных семей; - дети, не достигшие пятнадцатилетнего возраста, не подлежат вербовке в вооруженные силы или группы и им не разрешается принимать участие в военных действиях; - особая защита, предусматриваемая в отношении детей, не достигших пятнадцатилетнего возраста, продолжает применяться к ним, если они принимают непосредственное участие в военных действиях, и попадают в плен.

**ҚАРУЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНОГЕНДІ АПАТТАР ЖӘНЕ ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН БАЛАЛАР (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАҒЫ БАЛАЛАР)** — қамқорлық пен көмек қажет ететін балалар; - олар ата-аналарының, не ата-аналары болмаған жағдайда қамқорлығына жауапты адамдардың қалауына сәйкес білім алуына, соның ішінде діни және адамгершілік тәрбие алуға мүмкіндіктері болуы керек; - уақытша айырылысқан отбасылардың қайта табысуына барлық шаралар жасалуы тиіс; - он бес жасқа толмаған балалар қарулы күштер не топтарға азғырылмауы керек, оларға әскери әрекеттерге қатысуға тыйым салынады; - он бес жасқа толмаған балалар әскери әрекеттерге тікелей қатысып, тұтқынға түссе, оларға қатысты қарастырылатын ерекше қамқорлық жалғаса береді.

**ДЕТИ-ЖЕРТВЫ НАСИЛИЯ** — дети, подвергшиеся и(или) подвергающиеся насилию (физическому, сексуальному, психологическому насилию, оскорблениям или злоупотреблениям, отсутствию заботы или небрежному, грубому обращению или эксплуатации) в семье, в учреждениях образования и опеки.

**ДЕТИ-СИРОТЫ** — дети, у которых умерли оба или единственный родитель.

**ДЕТСТВО** — правовое состояние лиц, не достигших совершеннолетия.

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ОБЛАСТИ КУЛЬТУРЫ** — деятельность государственных органов, юридических лиц и граждан по созданию, возрождению, сохранению, развитию, распространению и использованию культурных ценностей, а также приобщению к ним граждан.

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ВНЕ УЧЕБНОГО ПЛАНА** — освоение новых знаний, умений и навыков, которая не предусмотрена учебным планом подготовки по выбранной программе обучения.

**ЗОРЛЫҚ ҚҰРБАНЫ БОЛҒАН БАЛАЛАР** — отбасыларында, білім беру және қорғаншылыққа алу мекемелерінде зорлыққа (тән, жыныстық, психикалық зорлық, қорлау не теріс мақсатта пайдалану, қамқорлықтың болмауы не немқұрайды қарау, өрескел түрде қанау) күштеп мәжбүрленген балалар.

**ЖЕТІМ БАЛАЛАР** — екі немесе жалғызбасты ата-анасы қайтыс болған балалар.

**БАЛАЛЫҚ ШАҚ** — кәмелетке толмаған адамдардың құқықтық жай-күйі.

**МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ** — мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың және азаматтардың мәдени құндылықтарды жасау, қайта түлету, сақтау, дамыту, тарату және пайдалану, сондай-ақ оларға азаматтарды тарту жөніндегі қызметі.

**ОҚУ ЖОСПАРЫНАН ТЫС КЫЗМЕТ** — оқытудың таңдап алынған бағдарламасы бойынша дайындықтың оқу жоспарымен көзделмеген жаңа білімді, дағдылар мен машықтарды меңгерту.

**ДИАГНОСТИКА, ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ** — изучение состояния педагогического процесса.

**ДИДАКТИКА** — теория образования и обучения, отрасль педагогики. Вскрывает закономерности усвоения знаний, умений и навыков и формирования убеждений, определяет объём и структуру содержания образования, совершенствует методы и организационные формы обучения, воспитывающее воздействие учебного процесса на учащихся.

**ДИДАКТИЧЕСКИЙ МАТЕРИАЛ** — особый вид пособий для учебных занятий, использование которых способствует активизации познавательной деятельности обучаемых, экономии учебного времени.

**ДИКТАНТ** — тип упражнений, используемых, как правило, для обучения учащихся письменной форме литературного языка. Диктант состоит в чтении вслух слов, словосочетаний, предложений или текста.

**ДИКЦИЯ** — произношение, манера выговаривать слова.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА** — педагогикалық процестің жай-күйін зерттеу.

**ДИДАКТИКА** — білім беру және оқыту теориясы, педагогика саласы. Білімді, қабілет, дағдыны меңгеру заңдылықтарын және сенімнің қалыптасуын айқындайды, білім мазмұнының көлемін және құрылымын анықтайды, оқушылардың оқыту процесіне әсерін тәрбиелейтін оқытудың әдістері мен ұйымдастыру нысандарын жетілдіреді.

**ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛ** — қолданылуы оқушылардың танымдық қызметінің жандануына, оқыту уақытын үнемдеуге мүмкіндік тудыратын оқу жұмыстарына арналған құралдың ерекше түрі.

**ДИКТАНТ** — әдетте оқушыларды әдеби тілдің жазбаша түріне оқытуға арналып қолданылатын жаттығулар типі. Диктант сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді немесе мәтіндерді дауыстап оқудан тұрады.

**ДИКЦИЯ** — айтылу, сөздерді айту мәнері. Дұрыс дикция ак-

Правильная дикция имеет особое значение для актёра, певца, диктора, лектора, учителя.

**ДИПЛОМ** — официальный документ установленного образца об окончании высшего или среднего специального учебного заведения и присвоении соответствующей квалификации по специальности, предоставляющий право на занятие определённых служебных должностей, а также о присвоении учёной степени или учёного звания. Официальный документ, удостоверяющий факт награждения лица или учреждения (например, Д. лауреата конкурса) или присвоения к.-л. прав.

**ДИПЛОМ ЕВРОИНЖЕНЕРА** — единый унифицированный документ о получении инженерного образования, выдаваемый после успешного завершения соответствующей образовательной программы, утвержденной Советом Европы и единой для всех образовательных учреждений, которые ее реализуют. Признание профессиональной пригодности владельца данного диплома

тер, әнші, диктор, лектор, мұғалім үшін ерекше маңызды.

**ДИПЛОМ** — жоғары немесе орта арнайы оқу орнын бітіру туралы және белгілі бір қызметтік лауазымды иеленуге құқық беретін мамандық бойынша тиісті біліктілік тағайындау туралы, сондай-ақ ғылыми дәреже немесе ғылыми атақ беру туралы бекітілген үлгідегі ресми құжат. Адамды немесе мекемені марапаттау (мысалы, конкурс лауреаты дипломы) немесе біреуге құқық беру фактісін куәландыратын ресми құжат.

**ЕУРОИНЖЕНЕР ДИПЛОМЫ** — Еуропалық кеңес бекіткен тиісті білім беру бағдарламасын табысты аяқтағаннан кейін инженерлік білім алғаны туралы берілетін және оларды іске асыратын барлық білім беру мекемелері үшін бірыңғай болып табылатын біріздендірілген құжат. Осы диплом иесінің кәсіби жарамдылығын тану білім беру мекемесінде кем дегенде төрт жыл

обусловлено не менее чем четырехлетним сроком обучения в образовательном учреждении и трехлетней профессиональной практикой на соответствующем производстве.

уақыт оқығанына және тиісті өндірістегі үш жылдық кәсіптік практикасына негізделеді.

**ДИПЛОМНАЯ РАБОТА** — конечная выпускная работа научно-исследовательского или экспериментального характера, выполненная студентом под руководством опытного преподавателя и демонстрирующая достигнутые студентом успехи в учебе.

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС** — студенттің тәжірибелі оқытушының басшылық етуімен орындаған және оқуда қол жеткізген жетістіктерін көрсететін ғылыми-зерттеу немесе эксперименталды сипаттағы соңғы бітіру жұмысы.

**ДИСКРИМИНАЦИЯ В ОТНОШЕНИИ ДЕТЕЙ** — отсутствие равных прав для детей. Дискриминация существует во всех обществах и может воздействовать на все стороны жизни ребенка. Дискриминация проявляется каждый раз, когда ребенок лишается своих прав, отчуждается или отстраняется от участия в жизни местного сообщества в связи с тем или иным его личным качеством. Неравное отношение принимает самые разнообразные формы. Ребенок может быть объектом дискриминации, потому что он инвалид,

**БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ КЕМСІТУШІЛІК** — балалардың тең құқықтарының болмауы. Кемсітушілік барлық қоғамда бар және бала өміріне жан-жақты ықпал етуі мүмкін. Кемсітушілік бала құқығынан айрылған кезде көрініс табады, жеке басының сипатына байланысты жергілікті қоғамдастық өмірінен алыстатылады немесе шеттетіледі. Теңсіз қарым-қатынас түрлі сипатта болады. Мүгедек, жетім, қараусыз қалған, АИТВ жұққан, не ЖҚТБ-пен ауырған, не денсаулығының басқа ақаулары болса, туған кезде тіркелмесе, ауыл-

сирота, беспризорный, инфицирован ВИЧ или болен СПИДом, либо имеет другие проблемы здоровья, не был зарегистрирован при рождении, живет в сельской местности или имел дело с системой правосудия для несовершеннолетних.

дық жерде тұрса, не жасөспірімдерге арналған сот төрелігі жүйесімен ісі болған бала кемсітушілік нысаны болуы мүмкін.

**ДИСКУССИЯ** — спор, обсуждение к.-л. вопроса в беседе, на собрании, в печати и т.п. Способ организации совместной деятельности, помогающий выработать общее решение проблемы.

**ПІКІРСАЙЫС** — әңгіме барысында, жиналыста, баспасөзде және т.б. қандай да бір мәселені талқылау, даулау. Мәселенің ортақ шешімін табуға көмектесетін біріккен қызметті ұйымдастыру түрі.

**ДИСЛЕКСИЯ** — частичное расстройство процесса овладения чтением (его технической и смысловой стороной).

**ДИСЛЕКСИЯ** — оқуды меңгеру процесінің жартылай бұзылуы (техникалық және мағыналық жақтарынан).

**ДИССЕРТАЦИОННЫЙ СОВЕТ** — совет по рассмотрению научных работ, представляемых на соискание кандидата наук или доктора философии (PhD) или доктора по профилю, создаваемый при крупных научных центрах, научных организациях и высших учебных заведениях республики.

**ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС** — республиканың ірі ғылыми орталықтарының, ғылыми ұйымдарының және жоғары оқу орындарының жанынан құрылатын, ғылым кандидаты немесе философия докторы (PhD) немесе мамандық докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған ғылыми жұмыстарды қарайтын кеңес.

**ДИССЕРТАЦИОННЫЙ СОВЕТ ПО ЗАЩИТЕ ДОКТОРСКИХ ИЛИ КАНДИДАТ-**

**ДОКТОРЛЫҚ НЕМЕСЕ КАНДИДАТТЫҚ ДИССЕРТАЦИЯЛАРДЫ ҚОРҒАУ**

**СКИХ ДИССЕРТАЦИЙ** — присуждает учёную степень кандидата наук и представляет в Комитет по контролю в сферах образования и науки материалы для присуждения учёной степени доктора или кандидата наук.

**ДИССЕРТАЦИЯ** — научно-исследовательская работа, содержащая совокупность результатов научных исследований для публичной защиты.

**ДИСТАНЦИОННАЯ ОБУЧАЮЩАЯ СИСТЕМА** — обучающая система, которая поддерживает удаленную работу через сеть. Таким образом, преподаватель и обучаемый разделены в пространстве и во времени: обучаемый занимается на своем компьютере, а преподаватель контролирует его деятельность на своем. Учебный материал, тесты, задачи и результаты обучения обычно хранятся на сервере сети.

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ** — одна из форм обучения, целенаправленное и методически организованное руководство учебно-познавательной деятельностью и развити-

**ЖӨНІНДЕГІ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС** — ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін береді және Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне ғылым кандидаты немесе докторы ғылыми дәрежесін беруге арналған материалдар ұсынады.

**ДИССЕРТАЦИЯ** — көпшілік алдында қорғауға арналған ғылыми зерттеулер нәтижелерінің жиынтығы берілген ғылыми-зерттеу жұмысы.

**ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ** — желі арқылы қашықтан жұмыс істеуді қолдайтын оқыту жүйесі. Яғни оқытушы мен оқушы кеңістікпен және уақытпен бөлінген: оқушы өз компьютерінде жұмыс істейді, ал оқытушы өз компьютері арқылы оның жұмысын бақылап отырады. Оқу материалдары, тестілер, тапсырмалар және білім беру нәтижесі әдетте желі серверінде сақталады.

**ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ** — оқыту нысандарының бірі, электрондық және телекоммуникациялық құралдар арқылы білім беру ұйымдарынан шалғай орналасқан адамдардың

ем лиц, находящихся в отдалении от организаций образования, посредством электронных и телекоммуникационных средств.

**ДИСТАНЦИОННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ** — обучение, осуществляемое с применением информационных и телекоммуникационных средств при опосредствованном (на расстоянии) или не полностью опосредствованном взаимодействии обучающегося и педагогического работника.

**ДИСЦИПЛИНА ПО ВЫБОРУ** — учебный предмет, рассматривающий конкретные, достаточно узкие проблемы науки, технологии и культуры, знание которых не является обязательным для всех студентов, обучающихся по данной программе, но которую учащийся может выбрать для изучения в соответствии с его личными учебными интересами.

**ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ** — форма организации учебной деятельности, учитывающая склонности, интересы, способности учащихся.

оқу-танымдық қызметі мен дамуына нысаналы және әдістемелі түрде ұйымдастырылған басшылық.

**ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ** — білім алушы мен педагогикалық жұмыскердің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

**ТАҢДАУ ПӘНІ** — ғылымның, технологияның және мәдениеттің нақты барынша тар проблемаларын қарастыратын оқу пәні, оларды білу осы бағдарлама бойынша оқитын студенттердің бәріне бірдей міндетті болып табылмайды, бірақ білім алушы өзінің жеке қызығушылығына сәйкес оқып-үйренуге таңдап алуы мүмкін.

**ОҚЫТУДЫ САРАЛАУ** — оқушылардың бейімділігін, қызығушылықтарын, қабілеттерін ескертетін оқыту қызметінің ұйымдастыру нысаны.

**ДОКАЗАТЕЛЬСТВО В ОБУЧЕНИИ** — логическое действие, в процессе которого обосновывается истинность суждения. Доказательство может выступать в процессе обучения как одно из средств развития логического мышления, общий способ организации усвоения знаний. Доказательство иногда рассматривается как единственно возможная форма адекватной передачи определённого содержания, обеспечивающая последовательность и непротиворечивость.

**ОҚЫТУДАҒЫ ДӘЛЕЛ** — процесі кезінде пікірдің ақиқаттығы негізделетін логикалық іс-әрекеттер. Оқыту процесінде дәлел логикалық ойдың даму құралының бірі, білімді меңгеруді ұйымдастырудың ортақ тәсілі болып табылады. Дәлел кейде дәйектілік пен қайшылықсыздықты қамтамасыз ететін белгілі бір мазмұнды дәл жеткізудің жалғыз мүмкін нысаны ретінде қарастырылады.

**ДОКЛАД УЧАЩИХСЯ** — вид самостоятельной работы. В процессе подготовки доклад у учащихся формируются навыки исследовательской деятельности.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАЯНДАМАСЫ** — өзіндік жұмыс түрі. Баяндама дайындау процесінде оқушыларда зерттеу қызметінің дағдысы қалыптасады.

**ДОКТОР НАУК** — ученая степень, присуждаемая государственным органом аттестации Республики Казахстан на основании ходатайства диссертационного совета, принятого после публичной защиты диссертации соискателем, имеющим ученую степень кандидата наук. Ученая степень доктора наук присуждается за разра-

**ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ** — ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар ізденуші көпшілік алдында диссертация қорғаганнан кейін, диссертациялық кеңестің жасаған ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы беретін ғылыми дәреже. Ғылым докторы ғылыми дәрежесі жаратылыстану,

ботку фундаментальных и решение крупных и первостепенных теоретических и прикладных проблем в области естественных, гуманитарных и технических наук, а также за научное обоснование технических, экономических и технологических решений, внедрение которых внесет значительный вклад в ускорение научно-технического прогресса общества.

**ДОКТОР ФИЛОСОФИИ (PHD), ДОКТОР ПО ПРОФИЛЮ** — высшие академические степени, присуждаемые лицам, освоившим профессиональные учебные программы докторантуры по соответствующим специальностям.

**ДОКТОРАНТУРА** — форма подготовки научных и педагогических кадров высшей квалификации в высших учебных заведениях и научных организациях.

**ДОКТОРАНТУРА И ДОКТОРСКАЯ СТЕПЕНЬ** — квалификация, присваиваемая по завершению третьего цикла обучения и признаваемая на международном уровне как квалификация научной, академи-

гуманитарлық және техникалық ғылымдар саласында іргелі проблемаларды әзірлегені, ірі және аса маңызды теориялық және қолданбалы проблемаларды шешкені үшін, сондай-ақ енгізілуі қоғамның ғылыми-техникалық прогресін жеделдетуге елеулі үлес қосатын техникалық, экономикалық және технологиялық шешімдерді ғылыми негіздегені үшін беріледі.

**ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PHD), МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ДОКТОР** — тиісті мамандықтар бойынша докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін жоғары академиялық дәрежелер.

**ДОКТОРАНТУРА** — жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдарда біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау нысаны.

**ДОКТОРАНТУРА ЖӘНЕ ДОКТОРЛЫҚ ДӘРЕЖЕ** — оқудың үшінші циклін аяқтаған соң берілетін және ғылыми, академиялық жұмыс немесе басқа жоғары деңгейдегі кәсіби қызмет біліктілігі ретінде халықара-

ческой работ, или иной профессиональной деятельности высокого уровня. Она предусматривает существенный объем оригинальных научных исследований, обычно представляемых в виде диссертации.

лық деңгейде танытатын біліктілік. Ол әдетте диссертация түрінде ұсынылатын түпнұсқа ғылыми зерттеулердің елеулі көлемін қамтиды.

**ДОКУМЕНТ ОБ ОБРАЗОВАНИИ** — это документ (аттестат, диплом, свидетельство, сертификат и др.), удостоверяющий уровень полученного лицом образования и (или) присвоенной ему классификации или академической степени по окончании конкретного учебного заведения общего и (или) профессионального образования.

**БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТ** — адамның алған білімінің деңгейін және (немесе) нақты орта және (немесе) кәсіптік білім беру мекемесін бітіру бойынша оған классификация немесе академиялық дәреже беру туралы құжат (аттестат, диплом, куәлік, сертификат және т.б.).

**ДОКУМЕНТИРОВАННАЯ ИНФОРМАЦИЯ** — информация, зафиксированная на материальном носителе, имеющая реквизиты, позволяющие ее идентифицировать.

**ҚҰЖАТТАЛҒАН АҚПАРАТ** — материалдық тасымалдаушыда тіркелген, өзін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін реквизиттері бар ақпарат.

**ДОЛЖНОСТЬ** — штатная единица или рабочее место как основной организационный элемент структуры. В должностной характеристике (инструкции) указывают частные задачи, которые решаются на соответствующем рабочем месте, необходимые для их выполне-

**ЛАУАЗЫМ** — штаттық бірлік немесе құрылымның ұйымдық негізі ретіндегі жұмыс орны. Лауазымдық мінездемеде (нұсқаулықта) тиісті жұмыс орнында шешілетін жеке міндеттер, олардың орындалуына қажетті өкілеттігі мен құзыреттілігі (білімі), сондай-ақ қыз-

ния полномочия и компетентность (знания), а также место в служебной иерархии.

меттік сатыдағы орны көрсетіледі.

**ДОМАШНЕЕ ЗАДАНИЕ** — форма самостоятельной работы учащихся с целью повторения, закрепления и углубления знаний, полученных на уроке, а также для подготовки к восприятию нового учебного материала, а иногда и для самостоятельного решения посильной познавательной задачи. Д.з. - обязательный компонент учебной работы. средство подготовки к самообразованию.

**ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ** — оқушылардың сабақта алған білімді қайталау, бекіту және тереңдету мақсатында, сондай-ақ жаңа оқу материалын меңгеруге дайындық үшін, кейде күш жетерліктей танымдық тапсырмаларды өз бетімен шешу үшін жасалатын өзіндік жұмысының бір түрі. Үй тапсырмасы оқыту жұмысының міндетті құрамдасы, өздігінен білім алуға дайындық құралы.

**ДОМЕННОЕ ИМЯ** — символьное (буквенно-цифровое) обозначение, сформированное в соответствии с правилами адресации сети Интернет, предназначенное для поименованного обращения к объекту сети и соответствующее определенному сетевому адресу.

**ЕГЕЛІК АТАУ** — интернет желісіндегі адресаттың ережелеріне сәйкес қалыптастырылған, желінің объектісіне атаулы жолданымға арналған және белгілі бір желілік мекенжайға сәйкес нышандық (әріптік-сандық) белгі.

**ДОПОЛНИТЕЛЬНАЯ СПЕЦИАЛИЗАЦИЯ** — группа предметов, которую обучающийся выбирает для изучения с целью получения дополнительных или смежных с основ-

**ҚОСЫМША МАМАНДАНДЫРУ** — қосымша немесе негізгі мамандығына жақын білім алу мақсатында білім алушы оқып үйрену үшін таңдайтын пәндер тобы. Мұндай

ной специализацией знаний. Перечень этих предметов должен быть официально признан организацией образования.

**ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — обучение по программам, рассчитанным на обладателей дипломов о профессиональной подготовке с целью получения дополнительных знаний, умений и навыков.

**ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ДЕТЕЙ** (внешкольная работа) — составная часть системы образования и воспитания детей, подростков, учащейся молодёжи, ориентированная на свободный выбор и освоение учащимися дополнительных образовательных программ.

**ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ЗАТРАТЫ НА ОБУЧЕНИЕ** — различного рода затраты, дополнительные к оплате обучения (например, вступительный сбор — сбор за пользование библиотекой, расходы на книги и учебные пособия, взнос за пользование студенческим рекреационным комплексом и т.п.).

**ДОЦЕНТ** — специалист, включенный в профессорско-преподавательский состав и

пәндер тізбесін білім беру ұйымы ресми түрде тануы тиіс.

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ** — қосымша білім алу, ептілігі мен машықтарын жетілдіру мақсатында кәсіби даярлығы туралы диплом иелеріне есептелген бағдарламалар бойынша оқыту.

**БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ** (мектептен тыс жұмыс) — оқушылардың еркін таңдауына және қосымша танымдық бағдарламаларды меңгеруіне бағытталған балаларды, жасөспірімдерді, оқушы жастарды оқыту және тәрбиелеу жүйесінің құрама бөлігі.

**ОҚЫТУДЫҢ ҚОСЫМША ШЫҒЫНДАРЫ** — оқыту ақысына төленетін қосымша әртүрлі шығындар (мысалы, кіру алымы — кітапхананы пайдаланғаны үшін алым, кітаптар мен оқу құралдарына арналған шығындар, студенттік рекреациялық кешенді пайдаланғаны үшін жарна және т.б.).

**ДОЦЕНТ** — профессорлық-оқытушылық құрамға енгізілген және мемлекеттік немесе білім

имеющий право на ведение ограниченной преподавательской деятельности, пределы которой устанавливаются либо организацией образования. Например, специалист, занимающий указанную должность, в большинстве случаев не может руководить обучением кадров высшей квалификации (аспирантов и докторантов).

беру ұйымы белгілеген шекте оқытушылық қызметін жүргізу құқығы бар маман. Мысалы, аталған қызметті атқаратын маман көп жағдайда жоғары білікті кадрларды (аспиранттар мен докторанттарды) оқытуға басшылық ете алмайды.

**ДОЦЕНТ, ПРОФЕССОР** — академические звания, присваиваемые соответствующим высшим учебным заведением, ученые звания, присваиваемые государственным органом аттестации Республики Казахстан по ходатайству высшего учебного заведения или научно-исследовательской организации.

**ДОЦЕНТ, ПРОФЕССОР** — тиісті жоғары оқу орны беретін академиялық атақтар, жоғары оқу орнының немесе ғылымизерттеу ұйымының өтініші бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы беретін ғылыми атақтар.

**ДОЦИМОНОЛОГИЯ** — исследования, касающиеся проверки и оценки знаний учащихся.

**ДОЦИМОНОЛОГИЯ** — оқушылардың білімін тексеру және бағалауға қатысты зерттеу.

**ДОШКОЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА** — отрасль педагогики, изучающая закономерности развития, воспитания и форм обучения детей в возрасте, предшествующем поступлению в школу. Дошкольная педагогика опирается на методологию и категориальный аппарат общей педагогики.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГИКА** — мектепке бару алдындағы жастағы балаларды оқыту түрлерін, даму заңдылықтарын және тәрбиелеуді зерттейтін педагогика саласы. Мектепке дейінгі педагогика жалпы педагогиканың әдістемесіне және категориялық аппаратқа сүйенеді.

**ДОШКОЛЬНЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ УЧРЕЖДЕНИЯ** — тип образовательных учреждений, реализующих образовательную программу дошкольного воспитания.

**ДОШКОЛЬНЫЕ УЧРЕЖДЕНИЯ** — образовательные учреждения, предназначенные для общественного воспитания детей до 6-7-летнего возраста.

**ДУХОВНАЯ КУЛЬТУРА** — интегративная характеристика, включающая в себя культуру интеллекта (разума), культуру отношений (чувств и эмоций), культуру мышления и экологическую культуру.

**ДУХОВНЫЕ (РЕЛИГИОЗНЫЕ) ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ** — учебные заведения, реализующие профессиональные образовательные программы подготовки священнослужителей.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ** — мектепке дейінгі тәрбие беру білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің түрі.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕР** — 6-7 жасқа дейінгі балаларды қоғамда тәрбиелеуге арналған білім беру мекемелері.

**РУХАНИ МӘДЕНИЕТ** — интеллект (ақыл) мәдениетінен, қарым-қатынас (сезімдер мен эмоциялар) мәдениетінен, ойлау мәдениетінен және экологиялық мәдениеттен тұратын интегративті сипаттама.

**РУХАНИ (ДІНИ) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ** — дін қызметшілерін даярлаудың кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары.

# Е

**ЕВРОПЕЙСКАЯ АССОЦИАЦИЯ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ** — европейская сеть по обеспе-

**ЕУРОПАЛЫҚ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ** — ENQA жоғары білім беру сапа-

нию качества высшего образования ENQA была основана в 2000 г. для развития общеевропейского сотрудничества в области обеспечения качества образования (система обеспечения качества). В ноябре 2004 г. Генеральная Ассамблея преобразовала Европейскую сеть в Европейскую ассоциацию по обеспечению качества высшего образования – ENQA. В своих отчетах ENQA разработала стандарты и рекомендации по обеспечению качества высшего образования. Министры образования стран Европы приняли эти разработки на конференции в Бергене (2005 г.) и следят за прогрессом в реализации данных стандартов и рекомендаций. ENQA является членом Наблюдательной группы по Болонскому процессу (BҒUG) с правом совещательного голоса.

**ЕВРОПЕЙСКАЯ АССОЦИАЦИЯ УНИВЕРСИТЕТОВ** — EUA представляет интересы европейских университетов и Конференций ректоров и является одним из ключевых

сын қамтамасыз етудің еуропалық желісі білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы (сапаны қамтамасыз ету жүйесі) жалпыеуропалық ынтымақтастықты дамыту үшін 2000 жылы құрылған болатын. 2004 жылдың қараша айында Бас ассамблея Еуропалық желіні Жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етудің еуропалық қауымдастығы – ENQA етіп қайта құрды. Өз есептерінде ENQA жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөнінде стандарттар мен нұсқаулықтар әзірледі. Еуропа елдерінің білім министрлері Бергенде өткен конференцияда (2005 ж.) осы әзірленімдерді қабылдады және осы стандарттар мен ұсынымдарды іске асырудағы оң өзгерістерді бақылап отырады. ENQA кеңес кезінде дауыс беру құқығы бар, Болон процесі бойынша бақылаушы топтың (BFUG) мүшесі болып табылады.

**ЕУРОПАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ** — EUA еуропалық университеттердің және Ректорлар конференциясының мүддесін білдіреді және Еуропадағы білім

элементов образовательного сообщества в Европе. Ассоциация образована в марте 2001 г. в результате объединения Ассоциации европейских университетов (CRE) и Конференций ректоров Европейского Союза. Задачей EUA является разработка единой системы образования и научных исследований в Европе путем предоставления поддержки и рекомендаций своим членам, как автономным организациям, для повышения качества преподавания, обучения и научных исследований. С 2001 г. Ассоциация является консультативным членом Наблюдательной группы по Болонскому процессу (BFUG) и ее Комитета, который руководит работой между ее заседаниями.

**ЕВРОПЕЙСКАЯ АССОЦИАЦИЯ УЧРЕЖДЕНИЙ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ** — EURASHE образована в Греции в 1990 г. и является неправительственной международной организацией. Членами ассоциации являются национальные и

беру қоғамдастығының маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Қауымдастық 2001 жылдың наурыз айында Еуропалық университеттер қауымдастығының (CRE) және Еуропалық одақтың Ректорлар конференциясының бірігуі нәтижесінде құрылды. EUA-ның міндеті, өз мүшелеріне жеке ұйымдар ретінде білім беру, оқыту және ғылыми зерттеулер жүргізу сапасын арттыру үшін қолдау көрсету және ұсыныстар жасау арқылы Еуропадағы білім беру мен ғылыми зерттеулер жүргізудің біртұтас жүйесін әзірлеу болып табылады. Қауымдастық 2001 жылдан бастап, Болон процесі бойынша Бақылау тобының (BҒUG) және оның отырыстары арасындағы жұмысқа жетекшілік ететін Комитеттің консультативтік мүшесі болып табылады.

**ЕУРОПАЛЫҚ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ** — EURASHE 1990 жылы Грекияда құрылған және үкіметтік емес халықаралық ұйым болып табылады. Қауымдастықтың мүшелігіне

профессиональные ассоциации колледжей, политехнических институтов и отдельные организации. Как правило, в состав EURASHE входят вузы, представляющие высшее профессиональное образование.

**ЕВРОПЕЙСКАЯ ПЕРЕВОДНАЯ И НАКОПИТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА КРЕДИТОВ** — созданная для удобства обучающихся система, базирующаяся на оценке трудоемкости учебной работы студента, необходимой для достижения целей обучения по данной программе. Эти цели должны быть описаны в терминах установленных итогов обучения и компетенций.

**ЕДИНАЯ ТРАНСПОРТНАЯ СРЕДА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ** — межведомственная информационно-коммуникационная сеть, предназначенная для обеспечения взаимодействия электронных информационных ресурсов и информационных систем «электронного правительства».

**ЕДИНОЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ТЕСТИРОВАНИЕ** — одна из форм итоговой госу-

колледждердің, политехникалық институттардың ұлттық және кәсіби қауымдастықтар мен жекелеген ұйымдар кіреді. Әдетте, EURASHE құрамына жоғары кәсіптік білім беретін жоғары оқу орындары кіреді.

**КРЕДИТТЕРДІ АУДАРУ ЖӘНЕ ЖИНАҚТАУДЫҢ ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ** — белгілі бағдарлама бойынша студенттің оқу мақсаттарына қол жеткізуге қажетті оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын бағалауға негізделген, білім алушыларға ыңғайлы болу үшін құрылған жүйе. Бұл мақсаттар оқу нәтижелері мен құзыреттілік белгілеген терминдерде сипатталуы тиіс.

**МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БІРТҰТАС КӨЛІК ОРТАСЫ** — «электрондық үкіметтің» электрондық ақпараттық ресурстарының және ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған ведомствоаралық ақпараттық-коммуникациялық жүйе.

**ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ** — кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру

дарственной аттестации обучающихся старшей ступени в средних общеобразовательных учебных заведениях, совмещенная со вступительными экзаменами в средние профессиональные и высшие профессиональные организации образования.

**ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ** — естественные науки, система знаний о природе, важный компонент содержания образования. Традиционно включает в себя математику, физику, химию, биологию, науки о Земле (географию и др.), науки о человеке как (анатомию и физиологию человека и др.).

ұйымдарына қабылдау емтихандарымен біріктірілген жалпы орта білім беретін оқу орындарында жоғары сатыда білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау нысандарының бірі.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ** — жаратылыстану ғылымдары, табиғат туралы білім жүйесі, білім беру мазмұнының маңызды құрамдас бөлігі. Әдетте математика, физика, химия, биология, Жер туралы ғылым (география және т.б.), адам туралы ғылымдар (анатомия және адам физиологиясы және т.б.) енеді.

# Ж

**ЖАЛОБА (ПРОТЕСТ)** – реагирование участников процесса на действия органов дознания, предварительного следствия, прокурора или суда.

**ЖАЛОВАНИЕ** — выплаты ежедневной фиксированной суммы (суточных), обычно как часть программы подготовки или программы дотаций на исследования.

**ШАҒЫМ (НАРАЗЫЛЫҚ)** – процеске қатысушылардың анықтау, алдын ала тергеу, прокурор немесе соттың іс-әрекетіне көңіл аударту әрекеті.

**ЖАЛАҚЫ** — әдетте, зерттеу жүргізуге дайындық бағдарламасының немесе зерттеуге жұмсалатын үстемақы бағдарламасының бір бөлігі ретінде берілетін әр күнге белгіленген сомаларды төлеу.

**ЖЕНЕВСКИЕ КОНВЕНЦИИ 1949 ГОДА И ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ПРОТОКОЛЫ К НИМ 1977 ГОДА** – международные конвенции о защите жертв войны. Женевские конвенции подписаны 12 августа 1949 года и включают: 1) об улучшении участи раненых и больных в действующих армиях; 2) об улучшении участи раненых, больных и лиц, потерпевших кораблекрушение, из состава вооруженных сил на море; 3) об обращении с военнопленными; 4) о защите гражданского населения во время войны. В 1977 году к Женевской конвенций были приняты два дополнительных протокола: Протокол I, касающийся защиты жертв международных вооруженных конфликтов, и Протокол II, касающийся защиты жертв вооруженных конфликтов немеждународного характера.

**1949 ЖЫЛҒЫ ЖЕНЕВА КОНВЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ 1977 ЖЫЛҒЫ ҚОСЫМША ХАТТАМАЛАРЫ** – соғыс құрбандарын қорғау туралы халықаралық конвенциялар. Женева конвенцияларына 1949 жылы 12 тамызда қол қойылды және мыналардан тұрады: 1) қолданыстағы әскерлердегі жаралылар мен аурулардың жағдайын жақсарту туралы; 2) жаралылар, аурулар және теңіздегі қарулы күштер құрамындағы кеме апатына ұшыраған адамдардың жағдайын жақсарту туралы; 3) әскери тұтқындармен қарым-қатынас жайлы; 4) соғыс кезіндегі азаматтық тұрғындарды қорғау туралы. 1977 жылы Женева конвенцияларына екі қосымша хаттама қабылданды: I Хаттама халықаралық қарулы қақтығыстар құрбандарын қорғауға және II Хаттама халықаралық сипаттағы емес қарулы қақтығыстар құрбандарын қорғауға қатысты.

**ЖЕРТВА ТРУДОВОГО УВЕЧЬЯ** – лицо, пострадавшее в результате несчастного случая на производстве.

**ЕҢБЕКТЕ МЕРТІГУДІҢ ҚҰРБАНЫ** – өндірістегі жазатайым оқиға нәтижесінде зардап шеккен адам.

**ЖИЛИЩЕ, СЛУЖЕБНОЕ** – жилище с особым правовым режимом, предназначенное для заселения гражданами на период выполнения ими обязанностей, связанных с характером их трудовых отношений.

**ҚЫЗМЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ** – азаматтардың еңбек қатынастарының сипатына байланысты өз міндеттерін орындауы кезеңінде оларды қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимдегі тұрғын үй.

# З

**ЗАДАНИЕ** — средство интеллектуального развития, образования и обучения, способствующее активизации учения, повышению качества знаний учащихся, а также повышению качества педагогического труда.

**ТАПСЫРМА** — оқудың белсенділігіне, оқушылардың білім сапасын арттыруға, сондай-ақ педагогикалық еңбектің сапасын көтеруге себепші болатын білім беру және оқытуды интеллектуалды дамыту құралы.

**ЗАДАНИЕ В ТЕСТОВОЙ ФОРМЕ** — задание, предназначенное для включения в тест, и у которого еще не определены характеристики.

**ТЕСТ ТҮРІНДЕГІ ТАПСЫРМА** — тестіге енгізуге арналған және әлі сипаттамасы анықталмағандарға арналған тапсырма.

**ЗАДАНИЕ С ВЫБОРОМ** — задание, в котором обучаемый из предложенных вариантов ответов должен выбрать: один правильный ответ, несколько правильных ответов, наиболее правильный ответ.

**ТАҢДАУЫ БАР ТАПСЫРМА** — оқушы ұсынылған жауаптар нұсқаларынан бір дұрыс жауапты, бірнеше дұрыс жауапты, өте дұрыс жауапты таңдау керек болатын тапсырма.

**ЗАДАНИЕ, УЧЕБНОЕ** — вид поручения учителя учащимся, в котором содержится требование выполнить какие-либо

**ОҚУ ТАПСЫРМАСЫ** — Қандай да бір оқу (теориялық немесе практикалық) әрекеттерін орындау тәртібі берілген

учебные (теоретические или практические) действия.

**ЗАДАЧА, ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ** — учебное задание, предполагающее поиск новых знаний, способов (умений) и стимуляцию активного использования в обучении связей, отношений, доказательств. Задача познавательная не решаются по готовым образцам, а прогнозируют новые решения, в которых необходима догадка, прикидка и т.д. Особенно велика роль задача познавательная в проблемном обучении.

**ЗАКОН ОБ ОБРАЗОВАНИИ**
– определяет государственную политику в области образования;
– регламентирует организацию и функционирование системы образования;
– направлен на обеспечение конституционного права граждан на образование.

**ЗАКОННЫЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ** — лица, представляющие интересы пациентов: родители, усыновители и опекуны.

**ЗАКОННЫЕ ПРЕДСТАВИТЕЛИ РЕБЕНКА** — родители

мұғалімнің оқушыға тапсырмасы.

**ТАНЫМДЫҚ ТАПСЫРМА** — жаңа білімді іздеуді, оқытуда байланыс, қарым-қатынас, дәлелді белсенді қолданудың тәсілдері мен ынталандырылуын көздейтін оқу тапсырмасы. Танымдық тапсырма дайын үлгілер бойынша шешілмейді, тек болжам мен шамалауды және т.б. қажет ететін жаңа шешімдерді болжайды. Танымдық тапсырманың, әсіресе, проблемалық оқытуда рөлі зор.

**БІЛІМ ТУРАЛЫ ЗАҢ** —
- білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты анықтайды;
– білім беру жүйесін ұйымдастыруды және іске қосуды регламенттейді;
– азаматтардың білімге деген конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталады.

**ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕР** — пациенттердің мүдделерін білдіретін адамдар: ата-аналар, асырап алушылар және қамқоршылар.

**БАЛАНЫҢ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІ** — бала құқығы

усыновители (удочерители), опекуны, попечители, патронатные воспитатели и другие заменяющие их лица (органы опеки и попечительства, государственные учреждения опеки, интернатные учреждения), осуществляющие в соответствии с Конвенцией о правах ребенка заботу, образование, воспитание, защиту прав и интересов ребенка.

**ЗАКОНОМЕРНОСТИ ВОСПИТАНИЯ (ОБУЧЕНИЯ)** — устойчиво повторяющиеся связи между составными частями, компонентами процесса обучения (воспитания).

**ЗАКРЕПЛЕНИЕ ЗНАНИЙ, УМЕНИЙ И НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ** — деятельность учителя и учащихся, направленная на прочное усвоение учебного материала. Закрепление условно подразделяется на: воспроизводящее (вторичное осмысление пройденного), тренировочное, творческое (не только воспроизведение и совершенствование усвоенного, но и раскрытие новых сторон изучаемого). Закрепление осуществляется через систему уп-

жөніндегі конвенцияға сәйкес бала қамқорлығын, білім алуын, тәрбиесін, құқықтары мен мүдделерін іске асыратын ата-аналар, асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар, патронаттық тәрбиелеушілер және олардың орнындағы (қорғаншылық және қамқоршылық органдары, қорғаушылық мемлекеттік мекемелер, интернаттық мекемелер) адамдар.

**ТӘРБИЕ БЕРУ (ОҚЫТУ) ЗАҢДЫЛЫҒЫ** — оқыту (тәрбие беру) процесінің құрамдас бөліктері арасындағы үнемі қайталанып отыратын байланыстар.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН, МАШЫҒЫ МЕН ЕПТІЛІГІН БЕКІТУ** — мұғалім мен оқушының оқу материалын мықты меңгеруге бағытталған іс-әрекеті. Бекіту шартты түрде жаңғыртушы (өткендерді екінші рет ұқтыру), жаттығушылық, шығармашылық (тек жаңғырту мен меңгерілген білімді жетілдіру ғана емес, сонымен қатар оқылғандардың жаңа жақтарын ашу). Бекіту жаттығулар, тапсырмалар, мазмұндамалар, диктанттар,

ражнений, задач, сочинения, диктанты, беседы, лекции, доклады учащихся и другие виды работ.

**ЗАОЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — образование, получаемое самостоятельно путем изучения дисциплин, в том числе на основе материалов, высылаемых обучающемуся организацией образования по почте.

**ЗАОЧНОЕ ОБУЧЕНИЕ** — форма организации учебного процесса для лиц, сочетающих получение образования с профессиональной трудовой деятельностью, часть системы непрерывного образования.

**ЗАОЧНЫЕ КУРСЫ** — дисциплины, изучение которых предусмотрено в рамках обучения по программам заочного образования.

**ЗАЧЁТ** — форма проверки знаний и навыков студентов вузов и учащихся средних профессиональных учебных заведений, полученных на семинарских и практических занятиях, производственной практике, а также их обязательных самостоятельных работ (чертежей, расчётов и др.).

әңгімелер, дәрістер, оқушылардың баяндамалары мен жұмыстардың басқа түрлерінің жүйесі арқылы іске асады.

**СЫРТТАЙ БІЛІМ БЕРУ** — пәндерді өз бетінше оқып үйрену арқылы, соның ішінде білім алушыға поштамен білім беру ұйымы жіберетін материалдар негізінде алынатын білім.

**СЫРТТАЙ ОҚУ** — білім алуды кәсіби еңбек қызметімен үйлестіретін адамдарға арналған оқыту процесін ұйымдастыру түрі, үздіксіз білім жүйесінің бір бөлігі.

**СЫРТТАЙ КУРСТАР** — сырттай білім беру бағдарламасы аясында оқыту көзделген пәндер.

**СЫНАҚ** — жоғары оқу орнының студенттері мен орта кәсіптік білім беру мекемелері оқушыларының семинар және практикалық сабақтарда, өндірістік тәжірибеде алған білімдері мен дағдыларын, сондай-ақ олардың міндетті өзіндік жұмыстарын (сызбаларын, есептерін және т.б.) тексеру түрі.

**ЗАЧИСЛЕНИЕ НА ОБУЧЕНИЕ ПО СХЕМЕ «ЗАЧТЕНО» ИЛИ «НЕ ЗАЧТЕНО»** — зачисление на изучение предмета, знание обучающимся которого оценивается по системе «зачтено» или «не зачтено».

**ЗАЧИСЛЕНИЕ В ЧИСЛО ОБУЧАЮЩИХСЯ** — процедура сдачи вступительных испытаний и (или) записи новых обучающихся в официальный список организации образования.

**ЗАЧИСЛЕНИЕ НА ОБУЧЕНИЕ** — зачисление на обучение с целью набора условных (кредитных) часов для получения профессиональной квалификации или степени.

**ЗАЧИСЛЕНИЕ ОДНОВРЕМЕННО В ДВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯ ИЛИ НА ДВЕ ПРОГРАММЫ** — во многих странах дни зачислений необходимо только представит определенный набор документов и зарегистрироваться в качестве обучающегося, что позволяет быть принятым на обучение одновременно на два образовательных учреждения или на две программы обучения.

**«СЫНАҚТАН ӨТТІ» НЕМЕСЕ «СЫНАҚТАН ӨТПЕДІ» ДЕГЕН СҰЛБА БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ** — білім алушының білімі «сынақтан өтті» немесе «сынақтан өтпеді» деген жүйе бойынша бағаланатын пәнге оқуға түсу.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҚАТАРЫНА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ** — қабылдау сынақтарын тапсыру және (немесе) жаңа білім алушыларды білім беру ұйымының ресми тізіміне енгізу рәсімі.

**ОҚУҒА АЛУ** — кәсіби біліктілік немесе дәреже алуы үшін шартты (кредиттік) сағаттарды жинау мақсатында оқуға қабылдау.

**БІР МЕЗГІЛДЕ ЕКІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА НЕМЕСЕ ЕКІ БАҒДАРЛАМАҒА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАНУ** — көптеген елдерде оқуға қабылдау үшін белгілі бір құжаттар жиынтығын тапсырып, білім алушы ретінде тіркелу ғана қажет. Бұл бір мезгілде екі білім беру мекемесіне немесе екі оқу бағдарламасына қабылдануға мүмкіндік береді.

**ЗАЩИТА ДЕТСТВА** — меры, принимаемые социальными работниками и учреждениями с целью защиты детей от вреда, причиняемого преднамеренно или по неосторожности.

**ЗАЩИТА ИНФОРМАЦИОННЫХ РЕСУРСОВ, ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ** — комплекс правовых, экономических и организационно-технических мероприятий, направленных на предотвращение неправомерного доступа к информационным ресурсам, информационным системам, включая незаконные действия по получению, копированию, распространению, искажению, уничтожению или блокированию информации.

**ЗАЩИТА ПРАВ ДЕТЕЙ** — подразумевает предотвращение и реагирование на насилие, эксплуатацию и жестокое обращение с детьми, включая коммерческую и сексуальную эксплуатацию, торговлю детьми, детский труд, традиционные обряды, наносящие вред здоровью. Защита прав ребенка прежде всего касается детей, лишенных родительского попе-

**БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ ҚОРҒАУ** — әлеуметтік жұмыскерлер мен мекемелердің балаларды қасақана не абайсызда зиян келтіруден қорғау мақсатындағы шаралары.

**АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫ, АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОРҒАУ** — ақпаратты алу, көшірмесін түсіру, тарату, бұрмалау, жою немесе оған тосқауыл қою жөніндегі заңсыз іс-әрекетті қоса алғанда, ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйелерге заңсыз қол жеткізуді болғызбауға бағытталған құқықтық, экономикалық және ұйымдық-техникалық іс-шаралар кешені.

**БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ** — балаларды зорлықпен қанауды, соның ішінде оларды саудалау және жыныстық қанауды, балалар саудасын, бала еңбегін, денсаулыққа зиян келтіретін ғұрыптардың алдын алу мен ықпал етуді білдіреді. Бала құқықтарын қорғау ең алдымен ата-ана қамқорлығынан айрылған балаларға, сондай-ақ қарулы қақтығыс-

чения, а также детей, живущих в условиях вооруженного конфликта.

**ЗАЯВЛЕНИЕ О ПРИЕМЕ** — предоставление в организацию образования пакета документов, требуемых для рассмотрения вопроса о зачислении.

**ЗДОРОВЬЕ** — состояние полного физического, духовного (психического) и социального благополучия, а не только отсутствие болезней и физических дефектов.

қа ұшыраған балаларға қатысты.

**ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ** — оқуға қабылдау мәселесін қарау үшін талап етілетін құжаттар топтамасын білім беру ұйымына беру.

**ДЕНСАУЛЫҚ** — аурулар мен дене кемістіктерінің болмауы ғана емес, тұтастай тәни, рухани (психикалық) және әлеуметтік әл-ауқаттылық жағдайы.

# И

**ИДЕНТИФИКАЦИОННЫЙ НОМЕР ПРЕДМЕТА** — буквенно-цифровое обозначение предмета. Предмет с одним и тем же названием (например, математика), изучаемый в рамках разных специальностей, имеет разный буквенный код, и в зачет обучающемуся пойдет только тот предмет, который имеет код, соответствующий программе (специальности), по которой он учится.

**ИЗДАТЕЛЬСКИЙ КАТАЛОГ** — каталог, содержащий перечень изданий, выпущенных из-

**ПӘННІҢ БІРДЕЙЛЕНДІРУ НӨМІРІ** — пәннің әріптік-сандық белгісі. Әртүрлі мамандықтар аясында оқып-үйренетін бірдей және сондай атауы бар пәннің (мысалы, математика) әртүрлі әріптік коды болады, білім алушының сынағына ол оқып жүрген тиісті бағдарлама (мамандық) бойынша коды бар пән ғана жіберіледі.

**БАСПА ТІЗІМДЕМЕСІ** — белгілі бір уақыт аралығында баспа бірлестіктері немесе бас-

дательством или издательским объединением за определенный период.

**ИЗДАТЕЛЬСТВА, ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ** — выпускают учебники, учебные пособия, педагогическую, образовательную, художественную и справочную литературу, периодические издания и др.

**ИЗЛОЖЕНИЕ** — пересказ, вид самостоятельной учебной работы, создание текста на основе данного. Одно из средств усвоения, развития памяти, мышления, грамотности и речи школьников, а для учителя — контроля.

**ИЗУЧЕНИЕ ОСУЩЕСТВИМОСТИ** — изучение, анализ, исследование возможности осуществления образовательного проекта перед тем, как подать заявку на его финансирование.

**ИМЕННАЯ СТИПЕНДИЯ** — учреждаемая физическими или юридическими лицами стипендия для поощрения наиболее способных обучающихся, успешно осваивающих соответствующие образовательные программы, занимающихся научно-исследовательской работой, при-

па шығарған басылымдар тізімі берілген тізімдеме.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАР** — оқулықтар, оқу құралдарын, педагогикалық, танымдық, көркем және анықтамалық әдебиет, мерзімді басылымдар және т.б. шығарады.

**МАЗМҰНДАМА** — қайта айту, өзіндік оқу жұмысының бір түрі, мәліметтер негізінде мәтін құрау. Мектеп оқушыларының қабылдау, даму, ес, ойлау, сауаттылық және сөйлеу, ал мұғалім үшін бақылау құралының бірі болып табылады.

**ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫНДЫҒЫН ЗЕРДЕЛЕУ** — білім беру жобасын оны қаржыландыруға арналған өтінімді берер алдында жүзеге асыру мүмкіндігін зерделеу, талдау, зерттеу.

**АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯ** — тиісті білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданатын, оқу орнының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене қатысатын неғұрлым қабілетті білім алушыларды көтермелеу үшін

нимающих активное участие в общественной, культурной и спортивной жизни учебного заведения.

жеке немесе заңды тұлғалар тағайындайтын стипендия.

**ИМПРОВИЗАЦИЯ, ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ** — деятельность учителя, воспитателя, осуществляемая в ходе педагогического общения, без предварительного осмысления, обдумывания.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИМПРОВИЗАЦИЯ** — мұғалімнің, тәрбиешінің алдын ала болжаусыз, ойлаусыз педагогикалық қарым-қатынас барысында жүзеге асыратын қызметі.

**ИМУЩЕСТВО** — в заявках на получение финансирования образовательных проектов под данным термином подразумевается все, чем владеет организация образования, например, здания, автомашины, компьютеры, библиотеки и т.п, что будет использоваться при выполнении проекта.

**МҮЛІК** — «мүлік» термині білім беру жобаларын қаржыландыруға өтінім беру кезінде білім беру ұйымы өз иелігіндегі мүліктерді, мысалы: ғимарат, автомашина, компьютерлер, кітапхана және т.б., жобаны орындауға пайдаланылатын нәрселерді қамтиды.

**ИНВАРИАНТНАЯ ЧАСТЬ БАЗИСНОГО УЧЕБНОГО (ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО) ПЛАНА** — часть базисного учебного (образовательного) плана, определяющая структуру содержания образования, обязательного для реализации во всех общеобразовательных учреждениях.

**БАЗИСТІК ОҚУ (БІЛІМ БЕРУ) ЖОСПАРЫНЫҢ ИНВАРИАНТТЫ БӨЛІГІ** — барлық орта білім беру мекемелерінде жүзеге асыруға міндетті білім мазмұнының құрылымын анықтайтын базистік оқу (білім беру) жоспарының бір бөлігі.

**ИНВАРИАНТНОСТЬ** — совокупность компонентов, харак-

**ИНВАРИАНТТЫЛЫҚ** — зерттелетін объектінің ішкі қасиетін

теризующих внутренние свойства исследуемого объекта.

**ИНДИВИДУАЛИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ** — организация учебного процесса с учётом индивидуальных особенностей учащихся. Осуществляется в условиях коллективной учебной работы в рамках общих задач и содержания обучения. Позволяет создать оптимальные условия для реализации потенциальных возможностей каждого ученика.

**ИНДИВИДУАЛЬНАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — деятельность, направленная на оказание образовательных услуг в индивидуальной форме.

**ИНДИВИДУАЛЬНАЯ ПРОГРАММА РЕАБИЛИТАЦИИ РЕБЕНКА С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ** — перечень медицинских, психологических, педагогических и социальных мероприятий, направленных на восстановление способности ребенка к бытовой, общественной, профессиональной деятельности в соответствии со структурой его потребностей, кругом

сипаттайтын құрамдастар жиынтығы.

**ОҚЫТУДЫҢ ДАРАЛАНУЫ** — оқыту процесін оқушылардың жеке қасиеттерін ескере отырып ұйымдастыру. Жалпы тапсырмалар мен оқыту мазмұны көлемінде ұжымдық оқу жұмысы жағдайында жүзеге асырылады. Әр оқушының әлеуетті мүмкіндіктерін жүзеге асыруға арналған тиімді жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

**ЖЕКЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** — жеке нысанда білім беру қызметін көрсетуге бағытталған қызмет.

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАНЫ ОҢАЛТУДЫҢ ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАСЫ** — баланың соматикалық жай-күйі деңгейінің болжамын, психикалық-дене төзімділігін, отбасының әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік инфрақұрылым мүмкіндіктерін ескере отырып, оның қажеттіліктерінің құрылымына ден қоятын мәселелерінің шеңберіне, құштарлықтарының деңгейіне сәйкес ба-

интересов, уровнем притязаний с учетом прогнозирования уровня его соматического состояния, психофизической выносливости, социального статуса семьи и возможностей социальной инфраструктуры.

**ИНДИВИДУАЛЬНАЯ ТРУДОВАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — вид предпринимательской деятельности в сфере образовательных услуг.

**ИНДИКАТОРЫ** — операционные переменные, относящиеся к специфическим, измеряемым эмпирическим путем характеристикам вузов или программ, позволяющие сделать заключение о соответствии их стандартам. Индикаторы определяют тенденции в той или иной деятельности и сигнализируют о тех областях, которые нуждаются в доработке и (или) позволяют сопоставить цели и мероприятия, ведущие к их достижению. Типы индикаторов могут подразделяться на: 1) индикаторы, экономические (связанные с бюджетом); 2) индикаторы продуктивности (продуктивность или соотношение между ресурс-

ланың тұрмыстық, қоғамдық, кәсіби қызметке қабілетін қалпына келтіруге бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік іс-шаралар тізбесі.

**ЖЕКЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІ** — білім беру қызметі аясындағы кәсіпкерлік қызмет түрі.

**ИНДИКАТОРЛАР** — бұл жоғары оқу орнының немесе бағдарламалардың стандарттарға сәйкестігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін, эмпирикалық жолмен өлшенетін ерекшелік сипаттамаларына жататын операциялық ауыспалы мәндер. Индикаторлар белгілі бір әрекеттің үрдісін анықтайды және түзеуді қажет ететін салалар туралы хабар береді және (немесе) жетістікке жеткізетін мақсаттар мен іс-шараларды салыстырып көруге мүмкіндік береді. Индикаторларды үшке бөлуге болады: 1) экономикалық индикаторлар (бюджетпен байланысты); 2) өнімділік индикаторлары (өнімділік немесе шығыс алдындағы

ными вложениями и результатами на выходе); 3) индикаторы эффективности (степень достижения целей и задач).

**ИНЖЕНЕРНАЯ ПЕДАГОГИКА** — преподавание инженерных дисциплин.

**ИНЖЕНЕРНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — система подготовки преподавателей технических и специальных дисциплин, мастеров производственного обучения для профессиональных учебных заведений, учебных подразделений на предприятиях. Квалификация «инженер-педагог» профилируется по основным отраслям производства и бытового обслуживания; предполагает инженерную, технологическую, психолого-педагогическую подготовку и получение разряда по рабочей профессии.

**ИНКЛЮЗИВНОЕ (ИНТЕГРИРОВАННОЕ, ВКЛЮЧЕННОЕ) ОБРАЗОВАНИЕ** — процесс обучения детей с особыми потребностями в общеобразовательных школах. Инклюзивное образование – процесс интеграции, подразумевающий доступность образования

ресурстық салымдар мен нәтижелердің арасалмағы); 3) тиімділік индикаторлары (мақсаттар мен міндеттерге жету дәрежесі).

**ИНЖЕНЕРЛІК ПЕДАГОГИКА** — инженерлік пәндерді оқыту.

**ИНЖЕНЕРЛІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ** — техникалық және арнайы пәндерді оқытушыларды, кәсіптік оқу орындарына, өндіріс орындарындағы оқу бөлімшелеріне арналған өндірістік оқыту шеберлерін дайындау жүйесі. «Инженер-педагог» біліктілігі өндірістің негізгі салалары мен тұрмыстық қызмет көрсету бойынша мамандыққа сәйкестендіріледі; инженерлік, технологиялық, психология-педагогикалық дайындық және жұмыс мамандығы бойынша дәреже алуды білдіреді.

**ИНКЛЮЗИВТІ (ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ, БІРІКТІРІЛГЕН) БІЛІМ БЕРУ** — ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру мектептерінде оқыту процесі. Инклюзивті білім беру – барлығының білім алуға тиімділігі және барлық балалардың түрлі қажеттілікте-

для всех и создание образовательного пространства, соответствующего различным потребностям всех детей.

**ИННОВАЦИИ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ** — такие нововведения, которые разрабатываются и проводятся не органами государственной власти, а работниками и организаторами системы образования и науки.

**ИННОВАЦИОННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — деятельность, направленная на внедрение новых идей, научных знаний, технологий и видов продукции в различные области производства и сферы управления обществом, результаты которой используются для экономического роста и конкурентоспособности.

**ИННОВАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ КОНСОРЦИУМ** — добровольное равноправное объединение на основе договора о совместной деятельности, в котором высшие учебные заведения, научные организации и другие юридические лица, занятые в сфере производства, объединя-

ріне сәйкес білім алу кеңістігін жасауды көздейтін интеграциялық процесс.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР** — мемлекеттік билік органдары емес, білім беру және ғылым жүйесіндегі жұмыскерлер мен ұйымдастырушылар жасайтын және іске асыратын жаңалықтар.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** — нәтижесі экономикалық өсу мен бәсекелестік қабілеттілігі үшін пайдаланылатын жаңа идеяларды, ғылыми білімді, технологияларды және өнім түрлерін өндірістің түрлі салаларына және қоғамды басқару салаларына енгізуге бағытталған қызмет.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ - БІЛІМ БЕРУ КОНСОРЦИУМЫ** — жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар мен өндіріс саласында жұмыс істейтін басқа да заңды тұлғалар іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновациялар негізінде жоғары білікті мамандар даярлау үшін интеллек-

ют интеллектуальные, финансовые и иные ресурсы для подготовки высококвалифицированных специалистов на базе фундаментальных, прикладных научных исследований и технологических инноваций.

туалдық, қаржылық және өзге де ресурстарды біріктіретін, бірлескен қызмет туралы шарт негізіндегі ерікті тең құқықты бірлестік.

**ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ** — набор методов, средств и мероприятий, обеспечивающих инновационную деятельность.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР** — инновациялық қызметті қамтамасыз ететін әдістер, құралдар мен іс-шаралардың жиынтығы.

**ИННОВАЦИОННЫЙ ПРОЦЕСС** — комплексная деятельность по созданию (рождению, разработке), освоению, использованию и распространению новшеств.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСС** — жаңалықтар жасау (тудыру, әзірлеу), меңгеру, пайдалану және тарату бойынша кешенді қызмет.

**ИННОВАЦИОННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ** — научно-образовательный комплекс, способный реализовывать полный цикл инновационной деятельности, проведение фундаментальных и поисковых исследований, прикладных исследований и опытно-конструкторских разработок и внедрение в производство результатов научных исследований.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ** — инновациялық қызметтің толық циклін, іргелі және іздестіру зерттеулерін, қолданбалы зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді жасауды және өндіріске ғылыми зерттеулер нәтижелерін енгізуді іске асыруға қабілетті ғылыми-білім беру кешені.

**ИННОВАЦИЯ** — новое явление в процессе обновления конкретного вида деятельности.

**ИННОВАЦИЯ** — қызметтің нақты түрін жаңарту процесі кезіндегі жаңа құбылыс.

**ИНСТИТУТ** — учебное заведение, которое реализует профессиональные учебные программы высшего образования по одной-двум группам специальностей, осуществляет научную и педагогическую деятельность, повышение квалификации и переподготовку кадров.

**ИНСТИТУЦИОНАЛИЗАЦИЯ** включает все ситуации, возникающие в процессе воспитания ребенка в условиях учреждения, где осуществляются групповые, а не семейные формы ухода. За ребенком присматривает большое число взрослых, работающих по расписанию и выполняющих определенные обязанности, включая регулярный ночной уход. Термин «институционализация» используется для обозначения интернатного устройства большого числа детей. В последние годы принято считать, что последствия от институционализации проявляются при воспитании в группах более 12-ти детей.

**ИНСТИТУЦИОНАЛЬНАЯ АККРЕДИТАЦИЯ** — оценка деятельности организации образования по качественному

**ИНСТИТУТ** — мамандықтардың бір-екі топтары бойынша жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын, ғылыми және педагогикалық қызметті, кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асыратын оқу орны.

**ИНСТИТУЦИОНАЛИЗАЦИЯ** балаға отбасылық түрде емес, топпен күтім жасалатын мекемелерде болып, тәрбиелеу процесінде пайда болатын барлық жағдайларды қамтиды. Баланы кесте бойынша жұмыс істейтін және ұдайы түнгі күтім енетін белгілі міндеттерді атқаратын үлкендер күтеді. «Институционализация» термині балалар санының көпшілігін интернаттарға орналастыру дегенді білдіру үшін қолданылады. Соңғы жылдары институционализацияның салдары 12 баладан артық топтарды тәрбиелеу кезінде байқалып жүр.

**ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АККРЕДИТТЕУ** — білім беру ұйымының білім беру бағдарламаларын мәлімделген

представлению образовательных программ в соответствии с заявленным статусом.

**ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЙ АУДИТ (ИНСТИТУЦИОНАЛЬНАЯ ПРОВЕРКА)** — процесс, основанный на проверке фактов, осуществляемый путем коллегиальной проверки, в ходе которой рассматриваются процедуры и механизмы достижения и обеспечения качества в данной организации.

**ИНСТРУКТАЖ** — вид объяснения и предъявления задания преподавателем. Методика инструктажа зависит от типа и формы обучения. По содержанию обычно подразделяется на вводный, текущий, заключительный.

**ИНТЕГРИРОВАННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ** — образовательные учебные программы, разработанные с учетом непрерывности и преемственности уровней и содержания образования.

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ (АДАПТИВНАЯ) ОБУЧАЮЩАЯ СИСТЕМА** — обучаю-

мәртебесіне сәйкес сапалы ұсынуы жөніндегі қызметін бағалау.

**ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ АУДИТ (ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ТЕКСЕРІС)** — ұйымның сапаға қол жеткізуі және оны қамтамасыз етудегі рәсімдері мен тетіктерін қарау үшін алқалық тексеріс жолымен алынатын фактілерді тексеруге негізделген процесс.

**НҰСҚАМА** — оқытушының түсіндіру және тапсырма беру түрі. Нұсқама әдістемесі оқытудың типі мен түріне байланысты болады. Әдетте мазмұны бойынша кіріспе, ағымдағы, қорытынды болып бөлінеді.

**ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ** — білім беру деңгейі мен мазмұнының үздіксіздігін және сабақтастығын ескере отырып әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары.

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ (БЕЙІМДЕУ) ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ** — жасанды интеллект элемент-

щая система с элементами искусственного интеллекта. Такая обучающая система позволяет не просто тренировать обучаемого и контролировать его знания, но и по результатам деятельности обучаемого может определить, какие знания недостаточны или ошибочны и вернуть обучаемого на соответствующий раздел теории или практики, либо дать дополнительные разъяснения.

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ РЕШЕНИЙ** — технология анализа ответа обучаемого, позволяющая выявить, какие знания недостаточны или ошибочны и принять меры по устранению данных недостатков.

**ИНТЕРАКТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ** — обучение, построенное на взаимодействии учащегося с учебным окружением, учебной средой, которая служит областью осваиваемого опыта.

**ИНТЕРАКТИВНЫЕ УСЛУГИ** — деятельность по предоставлению электронных информационных ресурсов пользователям по их запросам или по соглашению сторон,

тері бар оқыту жүйесі. Мұндай оқыту жүйесі оқушыны жаттықтырып және оның білімін қадағалап қана қоймай, сонымен қатар оқушының қызметі нәтижесі бойынша қандай білім жеткіліксіз немесе қате екендігін анықтай алады және оқушыны теорияның немесе практиканың тиісті бөліміне қайтара алады немесе қосымша түсініктемелер бере алады.

**ШЕШІМДІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ САРАПТАУ** — қандай білімдер жеткіліксіз немесе қате екендігін анықтауға және аталған кемшіліктерді жою шараларын қолдануға мүмкіндік беретін оқушы жауабын сараптау технологиясы.

**ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ** — меңгерілген тәжірибе саласы болып қызметін атқаратын, оқушылардың оқу ортасындағы өзара әрекеттестігіне құрылған оқыту.

**ИНТЕРАКТИВТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ** — электрондық ақпараттық ресурстарды пайдаланушыларға олардың сұрауы бойынша немесе тараптардың келісімі бойынша

требующая взаимный обмен информацией.

**ИНТЕРНАТНОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ** — организация, которая осуществляет уход за детьми-сиротами и детьми, лишенными родительской опеки, детьми с ограниченными возможностями, в исключительных случаях – за детьми из малообеспеченных семей и многодетных семей, детьми из населенных пунктов, где нет соответствующих школ. Система воспитания в интернатном учреждении предусматривает групповую форму ухода за ребенком.

**ИНТЕРНАТНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ** — организации системы среднего образования, обеспечивающие государственные гарантии прав на образование определенных категорий граждан с предоставлением места проживания.

**ИНТЕРНАТУРА** — одногодичная образовательно-профессиональная программа для выпускников медицинских вузов, ведущая к выдаче сертификата, определяющего специализацию его владельца.

беру жөніндегі, өзара ақпарат алмасуды талап ететін қызмет.

**ИНТЕРНАТТЫҚ МЕКЕМЕ** — жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар, кей жағдайда тұрмысы нашар және көп балалы отбасыларының балалары, тиісті мектептері жоқ елді мекендердің балаларына күтім жасауды іске асыратын ұйым. Интернат мекемелерінде балаға тәрбие беру жүйесінің топпен бірге күтім көрсету түрлері көзделеді.

**ИНТЕРНАТТЫҚ ҰЙЫМДАР** — белгілі бір санаттағы азаматтарға жатын орын бере отырып, білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесінің ұйымдары.

**ИНТЕРНАТУРА** — бітірушіге оның мамандығын анықтайтын сертификат беру көзделген медициналық жоғары оқу орнының бітірушілеріне арналған бір жылдық кәсіптік білім беру бағдарламасы.

**ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ** — процесс сближения высших школ разных стран, выражающийся в обеспечении возможности обучающимся одной страны обучаться короткий период времени в другой стране без потери учебного года, в широком изучении иностранных языков, в приеме на работу преподавателей других стран, во включении в программы дисциплин и в квалификационные характеристики требований, учитывающих возможность работы выпускников в других странах, в предоставлении возможности обучаться в организации образования одной страны гражданам других стран, в проработанности всех перечисленных процедур.

**БІЛІМДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАУ** — түрлі елдердің жоғары мектептерін жақындастыру процесі, онда бір елдің білім алушыларының оқу жылын жоғалтпастан қысқа мерзім ішінде басқа елде оқу мүмкіндігін қамтамасыз ету, шет тілдерін кеңінен оқып үйрену, басқа елдердің оқытушыларын жұмысқа қабылдау, пәндер бағдарламасы мен біліктілік талаптарына бітірушілердің басқа елдерде жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін талаптар енгізу, елдің білім беру ұйымдарында өзге ел азаматтарының оқуына мүмкіндік беру, жоғарыда аталған барлық рәсімдердің пысықталуы қарастырылады.

**ИНФОРМАТИЗАЦИЯ** — организационный, социально-экономический и научно- технический процесс, направленный на формирование и развитие электронных информационных ресурсов, информационных систем на основе использования информационных технологий.

**АҚПАРАТТАНДЫРУ** — ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қалыптастыру мен дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс.

**ИНФОРМАЦИОННАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ** — дисциплина, занимающаяся всеми аспектами информационной безопасности. Тесно связана с такой теоретической областью, как криптография — научно-практической дисциплиной, которая занимается вопросами шифрования и безопасной доставки информации.

**ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА** — совокупность информационных технологий, информационных сетей и средств их программно-технического обеспечения, предназначенных для реализации информационных процессов.

**ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «АДРЕСНЫЙ РЕГИСТР»** — аппаратно-программный комплекс, предназначенный для создания, накопления, обработки сведений об адресах и их составных частей и унификации адресного поля Республики Казахстан.

**ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННАЯ СЕТЬ** — совокупность технических и аппаратно-программных

**АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК** — ақпараттық қауіпсіздіктің барлық аспектілерімен айналысатын пән. Шифрлеу мен ақпаратты қауіпсіз жеткізу мәселелерімен айналысатын криптография сияқты ғылыми-техникалық пәннің теориялық саласымен тығыз байланысты.

**АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ** — ақпараттық процестерді іске асыруға арналған ақпараттық технологиялардың, ақпараттық желілердің және оларды бағдарламалық-техникалық жағынан қамтамасыз ету құралдарының жиынтығы.

**«МЕКЕНЖАЙ ТІРКЕЛІМІ» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ** — мекенжайлар және олардың құрамдас бөліктері туралы мәліметтерді құрастыруға, жинақтауға және өңдеуге және Қазақстан Республикасының мекенжай алаңын біріздендіруге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен.

**АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖЕЛІ** — ақпараттық жүйелер немесе оларды құрастырушылар ара-

средств обеспечения взаимодействия между информационными системами или между их составляющими, а также передачи электронных информационных ресурсов.

**ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДА ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ** — совокупность учебных материалов, средств их разработки, хранения, передачи и доступа к ним, используемая в дистанционных технологиях обучения.

**ИНФОРМАЦИОННЫЕ РАБОТЫ** — деятельность по созданию электронных информационных ресурсов и информационных систем.

**ИНФОРМАЦИОННЫЕ РЕСУРСЫ** — электронная систематизированная информация (информационные базы данных), содержащаяся в информационных системах, объединенная соответствующим программным обеспечением и представляющая интерес для пользователей информации.

**ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ** — совокупность методов, производственных

сындағы өзара іс-әрекетті, сондай-ақ электрондық ақпараттық ресурстарды беруді қамтамасыз ететін техникалық және аппараттық-техникалық құралдардың жиынтығы.

**ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ ОРТАСЫ** — қашықтан оқыту технологиясында қолданылатын оқыту материалдарының, оларды жасау, сақтау, жіберу және ену құралдарының жиынтығы.

**АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫСТАР** — электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді құру жөніндегі қызмет.

**АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР** — бағдарламалық қамтамасыз етумен біріктірілген және ақпаратты пайдаланушылардың мүддесін білдіретін ақпараттық жүйелердің құрылымдағы тиісті электрондық жүйелендірілген ақпарат (ақпараттық дерекқорлар).

**АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР** — ақпаратты жинауды, құрастыруды, сақтауды,

процессов и программно- технических средств, объединенных в технологический комплекс, обеспечивающий сбор, создание, хранение, накопление, обработку, поиск, вывод, копирование, передачу и распространение информации.

**ИНФОРМАЦИОННЫЕ УСЛУГИ** — деятельность по предоставлению информационных ресурсов, информационных систем пользователям по их запросам или по соглашению сторон.

**ИНФОРМАЦИЯ** — объективно существующая реальность, третья форма существования материи (третья ее сторона) (материя-вещество, энергия, информация), мера структурированности (неоднородности) материи.

**ИНФРАСТРУКТУРА ОТКРЫТЫХ КЛЮЧЕЙ** — комплекс информационных систем, организационных и технических мероприятий, направленный на управление регистрационными свидетельствами в соответствии с законодательством Республики Казахстан об электронном документе и электронной цифровой подписи.

жинақтауды, өңдеуді, іздеуді, шығаруды, көшірмесін түсіруді, беру мен таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенге біріктірілген әдістердің, өндірістік процестер мен бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы.

**АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР** — пайдаланушыларға олардың сұратулары бойынша немесе тараптардың келісімі бойынша ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді жеткізу қызметі.

**АҚПАРАТ** — объективті түрдегі қазіргі нақтылық, материяның тіршілік етуінің үшінші түрі (оның үшінші жағы) (материя-заттек, энергия, ақпарат), материя құрылымдығының әртектестігінің шамасы.

**АШЫҚ КІЛТТЕР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ** — Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық сандық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес тіркеу куәліктерін басқаруға бағытталған ақпараттық жүйелер, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені.

**ИСКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ДЕТИ** — термин, применяющийся специалистом для обозначения детей с нарушениями в психофизиологическом развитии. Одарённые дети.

**ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ** — область науки, изучающая историческое развитие образовательной практики и педагогического знания в их единстве, а также во взаимосвязи с современными проблемами образования и педагогических наук. Интегрируя данные педагогики, социологии, истории философии и культуры, истории психологии и др., история педагогики рассматривает историко-педагогический процесс как неотъемлемую часть историко-культурного процесса.

**ИСХОДНЫЙ ДОКУМЕНТ** — оригинал документа об образовании или академической справки.

**ИСЧИСЛЯЕМЫЕ КОНЕЧНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ОБУЧЕНИЯ** — результаты, которые можно встретить в количественном выражении, например, количество трудоустроенных выпускников, коли-

**ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР** — психофизиологиялық дамуында кемшіліктері бар балаларды атау үшін мамандардың қолданылатын термині. Дарынды балалар.

**ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ** — білім беру практикасы мен педагогикалық білімнің тарихи дамуын, сондай-ақ білім беру мен педагогикалық ғылымдардың қазіргі заманғы мәселелерімен өзара байланыста зерттейтін ғылым саласы. Педагогика, әлеуметтану, философия, мәдениет тарихының және психология тарихының және т.б. деректерін ықпалдастыра отырып, педагогика тарихы тарихи-педагогикалық процесті тарихи-мәдени процестің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

**ШЫҒЫС ҚҰЖАТ** — білім туралы құжаттың немесе академиялық анықтаманың түпнұсқасы.

**ОҚЫТУДЫҢ ЕСЕПКЕ АЛЫНАТЫН СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ** — сандық мәнде кездестіруге болатын нәтижелер, мысалы жұмысқа тұрған бітірушілер саны, жоғары оқу орнын бітірген білім алу-

чество обучающихся, окончивших вуз.

**ИТОГОВАЯ АТТЕСТАЦИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ** — процедура, проводимая с целью определения степени освоения ими объема учебных дисциплин, предусмотренных государственным общеобязательным стандартом соответствующего уровня образования.

**ИТОГОВАЯ ГОСУДАРСТВЕННАЯ АТТЕСТАЦИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ** — процедура, проводимая с целью определения степени усвоения ими государственного общеобязательного стандарта соответствующего уровня образования.

**ИТОГОВЫЙ ПИСЬМЕННЫЙ ЭКЗАМЕН** — комплексный экзамен по специальности, проводимый в виде письменной работы и охватывающий все аспекты будущей профессиональной деятельности.

шылардың саны.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ** — тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ** — олардың тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатымен жүргізілетін рәсім.

**ҚОРЫТЫНДЫ ЖАЗБАША ЕМТИХАН** — жазбаша жұмыс түрінде жүргізілетін және болашақтағы кәсіптік қызметтің барлық аспектілерін қамтитын мамандық бойынша кешенді емтихан.

# К

**КАБИНЕТ, УЧЕБНЫЙ** — помещение в школе для проведения учебных и внеклассных

**ОҚЫТУ КАБИНЕТІ** — белгілі бір оқыту пәні бойынша (немесе бірнеше аралас) оқу

занятий по определённому учебному предмету (или нескольким смежным). Согласно учебным планам и программам, кабинет оснащается необходимыми учебными пособиями, мебелью и оборудованием.

**КАНДИДАТ НАУК** — ученая степень, присуждаемая диссертационным советом на основании публичной защиты диссертации соискателем, имеющим квалификацию специалиста с высшим специальным образованием или академическую степень магистра, и утверждаемая государственным органом аттестации Республики Казахстан. Ученая степень кандидата наук присуждается за решение задач, имеющих существенное значение для соответствующей отрасли науки, обеспечивающих решение важных прикладных задач науки.

**КАТАЛОГ** — ежегодно издаваемый организацией образования документ, содержащий информацию, важную для абитуриентов и обучающихся: историю учебного заведения; его структуру; список всех административных работников и

және сыныптан тыс сабақтарды өткізуге арналған мектептегі орын. Оқу жоспарларына және бағдарламаларына сәйкес кабинет қажетті оқу құралдарымен, жиһазбен және жабдықпен жабдықталады.

**ҒЫЛЫМ КАНДИДАТЫ** — жоғары арнаулы білімді маман біліктілігіне немесе магистр академиялық дәрежесіне ие ізденушінің көпшілік алдында қорғаған диссертациясы негізінде диссертациялық кеңес беретін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы бекітетін ғылыми дәреже. Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі тиісті ғылым саласы үшін елеулі мәні бар, ғылымның маңызды қолданбалы міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін міндеттерді шешкені үшін беріледі.

**ТІЗІМДЕМЕ** — білім алушылар мен талапкерлер үшін мынадай маңызды ақпаратты қамтитын білім беру ұйымы жыл сайын шығаратын құжат: оқу орнының тарихы; оның құрылымы; барлық әкімшілік қызметкерлер мен оқытушылар-

преподавателей, в том числе совместителей; описание различных программ подготовки; перечень организаций, которые аккредитовали данный институт и отдельные программы; требования к поступающим на различные программы подготовки; условия перевода; академические правила; систему оценок; условия присуждения ученых степеней и квалификаций; правила поведения обучающихся; возможности для внеучебной деятельности обучающихся; условия проживания; стоимость обучения; возможные скидки, льготы и т.п.

дың, соның ішінде қызметті қоса атқаратындардың тізімі; түрлі дайындау бағдарламаларының сипаттамасы; осы институтты және жеке бағдарламаларды аккредиттеген ұйымдардың тізбесі; әртүрлі дайындық бағдарламаларына оқуға түсушілерге қойылатын талаптар; ауысу шарттары; академиялық ережелер; бағалар жүйесі; ғылыми дәрежелер мен біліктіліктерді беру шарттары; білім алушылардың мінез-құлық ережесі; білім алушылардың оқудан тыс қызметінің мүмкіндіктері; тұру шарттары; оқу құны; мүмкін болатын жеңілдіктер, шегерімдер және т.б.

**КАФЕДРА** — академическая структура в составе вуза (или факультета), ответственная за планирование, проведение обучения и исследовательских работ по одному или нескольким связанным между собой дисциплинам.

**КАФЕДРА** — бір немесе бірнеше өзара байланысты пәндер арасында оқу және зерттеу жұмыстарын жүргізуге, жоспарлауға жауапты жоғары оқу орнының (немесе факультеттің) құрамындағы академиялық құрылым.

**КАЧЕСТВО ТЕСТА** — совокупность надежности и валидности результатов тестирования. Тест называется качественным, если он научно обос-

**ТЕСТ САПАСЫ** — тестілеу қорытындыларының сенімділігі мен сәйкестілігінің жиынтығы. Тест ғылыми негізделген және талап етілген нәтижені беруге

нован и способен дать требуемые результаты.

**КАЧЕСТВО, АКАДЕМИЧЕСКОЕ** — качество в высшем образовании – это динамичная, многомерная, многоуровневая концепция, охватывающая контекстуальное содержание модели образования, цели, задачи высших учебных заведений, а также специфические стандарты каждой отдельной системы, вуза, программы или дисциплины. Качество таким образом, может принимать различные значения в зависимости от: (I) понимания различных интересов всех составляющих процесса обучения и высшим образовании (требования к качеству, предъявляемые студентом, университетом, рынком труда, обществом, правительством); (II) его аспектов: наличных ресурсов, процессов, конечных результатов, цели, миссии и т.д.; (III) характеристик академических кругов, заслуживающих оценки. и (IV) исторического периода в развитии высшего образования.

**КВАЛИТАТИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — совокупность зна-

қабілетті болса, онда ол сапалы болып саналады.

**АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА** — жоғары білім берудегі сапа — бұл жоғары оқу орындарының білім беру модельдерінің, мақсаттары мен міндеттерінің контекстуалды мазмұнын, сондайақ әрбір жекелеген жүйенің, жоғары оқу орнының, бағдарламаның немесе пәннің өзіндік стандарттарын қамтитын үдемелі, көпөлшемді көпдеңгейлі тұжырымдама. Осылайша, сапа: (I) жоғары білім берудегі оқыту процесінің барлық құрама бөліктерінің түрлі мүдделерін түсінуге (студенттің, университеттің, еңбек рыногының, қоғамның, үкіметтің сапаға қоятын талаптары); (II) оның аспектілеріне: қолда бар ресурстарға, процестерге, түпкілікті нәтижелерге, мақсаттарға, миссияларға және т.б.; (III) бағалауға лайық академиялық орталардың сипаттамаларына және (IV) жоғары білім беруді дамытудағы тарихи кезеңге байланысты әртүрлі мәнге ие болады.

**КВАЛИТАТИВТІК БІЛІМ** — сапаны жобалау, бағалау, қамта-

ний и умений у специалистов по проектированию, оценке, обеспечению, контролю и управлению качеством. Результатом квалитативного образования должна стать сформированная у студента квалитативная культура, как специфическая форма деятельности и отношения человека к выполняемой работе.

**КВАЛИФИКАЦИОННЫЕ КАТЕГОРИИ** — уровни достигнутой квалификации управленческого персонала.

**КВАЛИФИКАЦИОННЫЕ РАМКИ** — всесторонние требования, определяющие учебную нагрузку, уровень, качество, конечные результаты и профиль обучения. Они должны быть составлены так, чтобы благодаря использованию специфических дескрипторов полностью раскрыть как широту (компетенции, связанные с конечным результатом обучения), так и глубину квалификации (уровень).

**КВАЛИФИКАЦИОННЫЙ ИЛИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ДОКУМЕНТ** — любой документ свидетельствующий о при-

масыз ету, бақылау және басқару бойынша мамандардың білімі мен ептілігінің жиынтығы. Квалитативтік білімнің нәтижесі қызметтің арнайы нысаны және адамның атқарылған жұмысқа қарым-қатынасы сияқты студентте қалыптасқан квалитативті мәдениет болуы қажет.

**БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫ** — басқарушы қызметкерлер құрамының қол жеткізген біліктілік деңгейлері.

**БІЛІКТІЛІК ШЕҢБЕРІ** — оқу жүктемесін, оқыту деңгейін сапасын, түпкілікті нәтижелері мен мамандыққа сәйкестігін анықтайтын жан-жақты талаптар. Олар арнайы дескрипторлар қолдану арқылы біліктіліктің (деңгейдің) ауқымын да (оқудың түпкілікті нәтижелерімен байланысты құзыреттер), тереңдігін де толық ашатындай болып құрастырылуы тиіс.

**БІЛІКТІЛІК НЕМЕСЕ БІЛІМ БЕРУ ҚҰЖАТЫ** — оқуын табысты аяқтаған бітірушіге берілетін біліктілікті

своении квалификации, который выдается выпускнику, успешно окончившему обучение.

**КВАЛИФИКАЦИОННЫЙ РАЗРЯД** — уровень достигнутой квалификации рабочего.

**КВАЛИФИКАЦИЯ** — отражаемые в документе об образовании вид и степень профессиональной подготовленности выпускника к выполнению профессиональной деятельности или продолжению образования.

**КВАЛИФИЦИРОВАННОЕ ПРИЗНАНИЕ** — принцип оценки иностранных квалификации, предусматривающий только признание, а не поиск полного соответствия (эквивалентности), на основе процедур, которые должны быть ясными, согласованными, последовательными и надежными.

**КВОТА ПРИЕМА** — предельное количество выделяемых образовательных грантов и кредитов для приема в организации образования, дающие среднее профессиональное и высшее профессиональное образование, граждан из числа инвалидов I, II групп, инвалидов с

куәландыратын кез келген құжат.

**БІЛІКТІЛІК РАЗРЯДЫ** — жұмысшының қол жеткізген біліктілік деңгейі.

**БІЛІКТІЛІК** — бітірушінің білімі туралы құжатында көрсетілген кәсіптік қызметті орындауға немесе білімін жалғастыруға деген кәсіби даярлығының түрі мен дәрежесі.

**БІЛІКТІ ДЕП ТАНЫЛҒАН** — анық, келісілген, дәйекті және сенімді рәсімдер негізінде толық сәйкестігін (баламалылығын) іздеу емес, тек тануды ғана көздейтін біліктіліктерді бағалаудың шетелдік қағидаты.

**ҚАБЫЛДАУ КВОТАСЫ** — I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар мен Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды, сондай-ақ жетім балалар мен ата-

детства, детей- инвалидов, аульной (сельской) молодежи и лиц казахской национальности, не являющихся гражданами Республики Казахстан, а также детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей.

**КИБЕРНЕТИКА** — наука об управлении сложными динамическими системами, способными воспринимать, хранить и перерабатывать информацию и использовать её для управления. Процессы и системы, изучаемые кибернетикой, имеют ряд черт, присущих также деятельности и поведению человека. В частности, обучение и воспитание могут рассматриваться как регулирование развития личности учащихся.

**КЛАССИФИКАЦИЯ НАУК** — раскрытие взаимной связи наук на основании определённых принципов (объективных, субъективных, и т.д.). Классификация наук имеет важное значение для организации научной, учебно-педагогической, библиотечной деятельности.

**КЛАССИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТЕСТИРОВАНИЯ** — имеется за-

анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына қабылдау үшін бөлінетін білім беру гранттары мен кредиттерінің шекті саны.

**КИБЕРНЕТИКА** — ақпаратты қабылдауға, сақтауға және өңдеуге және оны басқару үшін пайдалануға қабілетті күрделі динамикалық жүйелерді басқару туралы ғылым. Кибернетика зерттейтін процестер мен жүйелер адамның қызметі мен іс-әрекетіне тән кейбір сипаттарға ие. Дәлірек айтсақ, оқыту мен тәрбие беру оқушылардың тұлғасын дамытуды реттеу ретінде қарастырылуы мүмкін.

**ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ** — белгілі бір қағидаттар негізінде (объективті, субъективті және т.б.) ғылымдардың өзара байланысын анықтау. Ғылымдардың жіктелуі ғылыми, оқу-педагогикалық, библиотекалық қызметті ұйымдастыру үшін аса маңызды.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДІҢ КЛАССИКАЛЫҚ ҮЛГІСІ** — білімнің белгілі бір

даний по определенной области знаний, по нескольким областям знаний или части области знаний (разделу, теме и т.п.).

саласы бойынша, білімнің бірнеше салалары бойынша немесе білім саласының бөлімдері (тармақтары, тақырыптары және т.б.) бойынша тапсырмалары болады.

**КЛАССИЧЕСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА** — единая комплексная школа, ориентированная на общее среднее образование без какой-либо специализации.

**КЛАССИКАЛЫҚ ОРТА МЕКТЕП** — қандай да бір мамандыққа үйретусіз жалпы орта білім беруге бағытталған бірыңғай кешенді мектеп.

**КЛАССИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — тип общего среднего образования, ориентированный на изучение древних языков и математики в качестве главных предметов.

**КЛАССИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ** — негізгі пән ретінде көне тілдер мен математиканы оқытуға бағытталған жалпы орта білім беру түрі.

**КЛАССНО-УРОЧНАЯ СИСТЕМА ОБУЧЕНИЯ** — организация учебного процесса, при которой учащиеся группируются в отдельные классы в соответствии с возрастом и уровнем знаний. Основной формой обучения является урок. Содержание обучения в каждом классе определяется учебными планами и образовательными программами. Уроки проводятся по твёрдому расписанию, составленному на основе учебного плана.

**ОҚЫТУДЫҢ СЫНЫПТЫҚ-ОҚУ ЖҮЙЕСІ** — оқу процесін жас мөлшеріне және білім деңгейіне сәйкес оқушыларды жеке сыныпқа топтан ұйымдастыру. Оқытудың негізгі нысаны сабақ болып табылады. Әр сыныптағы оқыту мазмұны оқу жоспарларымен және танымдық бағдарламалармен анықталады. Сабақтар оқу жоспарының негізінде құрастырылған тұрақты сабақ кестесі бойынша өткізіледі. Сыныптық бөлмелер, оқу кабинеттері, шеберха-

Местом проведения уроков служат классные комнаты, учебные кабинеты, мастерские, учебно-опытные участки.

налар, оқу-тәжірибелік телімдер сабақты өткізу орны болып табылады.

**КЛАССНЫЙ МЕНЕДЖМЕНТ** — процесс управления учебно-познавательным процессом, поведением, дисциплинированностью, процессом социализации, осуществляемый учителем в классе с опорой на педагогическую помощь и поддержку.

**СЫНЫПТЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ** — педагогикалық көмек пен қолдауға сүйене отырып, сыныпта мұғалім жүзеге асыратын оқу-танымдық процесті, іс-әрекетті, тәртіпті, әлеуметтену процесін басқару процесі.

**КЛАССНЫЙ РУКОВОДИТЕЛЬ** — педагог, занимающийся организацией, координацией и проведением внеурочной воспитательной работы. В начальных классах обязанности классный руководитель выполняет учитель, ведущий этот класс. На средних и старших ступенях обучения. классный руководитель назначается администрацией школы из учителей, работающих в данном классе. Должность классный руководитель введена также в средних профессиональных учебных заведениях. В малокомплектных школах, школах-интернатах, профессио-

**СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ** — сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырумен, үйлестірумен және жүргізумен айналысатын педагог. Бастауыш сыныптарда сынып жетекшісі міндетін сол сыныпқа сабақ беруші атқарады. Оқытудың орта және жоғары сатыларында сынып жетекшісін сол сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдерден мектеп әкімшілігі тағайындайды. Сынып жетекшісі лауазымы сондай-ақ орта кәсіптік оқу орындарына да енгізілген. Шағын жасақталған мектептерде, мектеп-интернаттарда, кәсіптік-техникалық училищелерде сынып

нально-технических училищах функции классный руководитель осуществляет воспитатель.

**КЛАССНЫЙ ЧАС** — собрание учеников класса для обсуждения классных дел.

**КЛАССЫ, ПРОФИЛЬНЫЕ** — форма внешней дифференциации по интересам учеников, предполагающая углубленное изучение ряда взаимосвязанных предметов.

**КЛИНИЧЕСКАЯ БАЗА** — клиника высшего учебного заведения или организации здравоохранения, функционирующая на базе местных организаций здравоохранения, имеющая высокий уровень материально-технической базы, осуществляющая на основе современных методов организационно-методической, учебной, лечебно-диагностической и научно-исследовательской работы подготовку и переподготовку врачей, научных кадров и оказывающая все виды медицинской помощи.

**КЛИНИЧЕСКАЯ ОРДИНАТУРА** — форма получения послевузовского углубленного медицинского образования.

жетекшісі қызметін тәрбиешілер атқарады.

**СЫНЫП САҒАТЫ** — сынып оқушыларының сынып істерін талқылауға арналған жиналысы.

**ПРОФИЛЬДІК СЫНЫПТАР** — бірқатар өзара байланысты пәндерді оқуды көздеген оқушылардың мүдделері бойынша сыртқы саралау нысаны.

**КЛИНИКАЛЫҚ БАЗА** — жоғары оқу орнының немесе денсаулық сақтау ұйымының жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарының базасында жұмыс істейтін, материалдық-техникалық базасының жоғары деңгейі болатын, ұйымдық-әдістемелік, оқу, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмысының қазіргі заманғы әдістері негізінде дәрігерлерді, ғылыми кадрларды даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асыратын және медициналық көмектің барлық түрлерін көрсететін клиникасы.

**КЛИНИКАЛЫҚ ОРДИНАТУРА** — жоғары оқу орнынан кейін тереңдетілген медициналық білім алу нысаны.

**КОГНИТИВНАЯ ПСИХОЛОГИЯ** — одно из ведущих направлений современной зарубежной психологии, изучающее структуру и протекание познавательных процессов человека.

**КОДЕКС (СВОД ПРАВИЛ) ПРАКТИКИ** — документ, который не содержит обязательных предписаний, но содержит минимальные требования к менеджменту академического качества и стандартов в высшем образовании.

**КОЛЛЕГИ** — обычно представители других академических вузов, читающие аналогичную дисциплину.

**КОЛЛЕДЖ** — учебное заведение, реализующее общеобразовательные учебные программы общего среднего образования и профессиональные учебные программы технического и профессионального, послесреднего образования.

**КОЛЛЕГИОАЛЬНАЯ ОЦЕНКА (ВНЕШНЯЯ ОЦЕНКА)** — процедура оценки качества и эффективности академических программ вуза, его преподавательского состава и (или)

**КОГНИТИВТІК ПСИХОЛОГИЯ** — адамның танымдық процестерінің құрылымы мен жүруін зерттейтін қазіргі шетелдік психологиядағы жетекші бағыттардың бірі.

**ПРАКТИКА КОДЕКСІ (ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ)** — міндетті нұсқамаларды қамтымайтын, бірақ жоғары білім беруде академиялық сапа менеджменті мен стандарттарға қойылатын ең төменгі талаптарды қамтитын құжат.

**ӘРІПТЕСТЕР** — әдетте, ұқсас пәндерді оқытатын басқа академиялық жоғары оқу орындарының өкілдері.

**КОЛЛЕДЖ** — жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

**АЛҚАЛЫҚ БАҒАЛАУ (СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ)** — сыртқы сарапшылар (әріптестер) орындайтын жоғары оқу орнының академиялық бағдарламаларының, оның оқытушылық

его структуры, выполняемая внешними зкспертами (коллегами). На практике существуют различные типы внешних зкспертов. Виешняя оценка обычно исходит из материалов самооценки, предоставляемых проверяемым вузом, *она* сама по себе может послужить основой для индикаторов и(или) методом суждения для оценки деятельности вуза.

**КОЛЛОКВИУМ** — одна из форм учебных занятий, беседа преподавателя с учащимися (обычно в вузах) для выяснения знаний. Научное собрание, на котором обсуждаются доклады.

**КОМИТЕТ ООН ПО ПРАВАМ РЕБЁНКА** — международная организация, учреждённая в 1989 Конвенцией о правах ребёнка. Осуществляет контроль за деятельностью в области защиты прав детей, рассматривает предложения и замечания от специализированных учреждений и комитетов ООН и от государств, которые ратифицировали Конвенцию о правах ребёнка, анализирует доклады государств о принятии

құрамының және (немесе) оның құрылымының сапасы мен тиімділігін бағалау рәсімі. Іс жүзінде сыртқы сарапшылардың басқа да түрлері болады. Сыртқы бағалау, әдетте, тексерілетін жоғары оқу орнының өзі беретін өзін-өзі бағалау материалдарынан алынады және жоғары оқу орны қызметін бағалау индикаторлары және (немесе) пікір айту әдісі үшін негіз бола алады.

**КОЛЛОКВИУМ** — оқу сабақтарының бір түрі, білімді талқылау үшін оқытушының оқушылармен әңгімесі (әдетте жоғары оқу орындарында). Баяндамалар талқыланатын ғылыми жиналыс.

**БҰҰ-Ң БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ** — Бала құқықтары туралы конвенциямен 1989 жылы құрылған халықаралық ұйым. Бала құқықтарын қорғау саласындағы қызметті бақылауды жүзеге асырады, арнайы мекемелердің және БҰҰ комитеттерінің және Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификаттаған мемлекеттердің ұсыныстары мен ескертпелерін қарастырады. Конвенцияға сәйкес міндеттерді

мер по выполнению обязательств в соответствии с Конвенцией (первый доклад представляется в течение 2 лет после вступления Конвенции в силу, последующие — через каждые 5 лет). Комитет состоит из 10 экспертов, избираемых на 4 года из числа граждан государств-участников.

**КОМИТЕТ ПО ПРАВАМ РЕБЕНКА** — комитет по правам ребенка был создан в 1991 году в соответствии со статьей 43 Конвенции о правах ребенка, и состоит из восемнадцати экспертов, обладающих высокими нравственными качествами и признанной компетентностью в области, охватываемой Конвенцией. Члены Комитета выступают в личном качестве, избираются на четырехлетний срок и могут быть переизбраны. Заседания Комитета проходят ежегодно в Нью-Йорке. Доклады о деятельности Комитета один раз в два года представляются Генеральной Ассамблее ООН.

**КОМПЕНСАЦИЯ НА ПРОЕЗД** — денежная выплата обучающимся на основе государ-

орындау бойынша шаралар қолдану туралы баяндамаларды талқылайды (Конвенция күшіне енгеннен кейін бірінші баяндама 2 жыл аралығында, келесілері әр 5 жыл сайын) ұсынылады. Комитет қатысушы мемлекеттер азаматтары қатарынан 4 жылға сайланған 10 сарапшыдан тұрады.

**БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ** — бала құқықтары жөніндегі комитет Бала құқықтары туралы конвенцияның 43-бабына сәйкес 1991 жылы құрылған, жоғары адамгершілік қасиеттерімен және Конвенция қамтитын салада құзыреттілігі мойындалған он сегіз сарапшыдан тұрады. Комитет мүшелері жеке қасиеттері бойынша таңдалады, төрт жылдық мерзімге сайланады және қайта сайлануы мүмкін. Комитет мәжілісі Нью-Йоркте жыл сайын өтеді. Комитет қызметі туралы баяндамалар екі жылда бір рет БҰҰ Бас ассамблеясына ұсынылады.

**ЖОЛ ЖҮРУ ӨТЕМАҚЫСЫ** — жастар арасынан мемлекеттік білім беру тапсырысы

ственного образовательного заказа из числа молодежи для возмещения части стоимости проезда в период зимних летних каникул на междугородном железнодорожном и автомобильном транспорте (кроме такси).

**КОМПЕТЕНЦИИ** — представляют собой динамическую комбинацию знаний, умений, навыков и способностей. Формирование и развитие компетенций является целью образовательной программы. Компетенции формируются в различных разделах курса обучения и оцениваются на его различных стадиях. Они могут подразделяться на компетенции, относящиеся к предмету обучения (профессиональные) и общие компетенции (не зависящие от содержания программы обучения).

**КОМПЛЕКСНАЯ СИСТЕМА ОБУЧЕНИЯ** — способ построения содержания образования и организации процесса обучения на основе единого связующего стержня (например, области детских интересов и склонностей, знаком-

негізінде оқитындар үшін қалааралық темір жол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде жол жүру құнының бір бөлігін өтеуге арналған ақшалай төлем.

**ҚҰЗЫРЕТ** — құзырет білімнің,ептіліктің, машықтың және қабілеттіліктің динамикалық үйлесімін білдіреді. Құзырет қалыптастыру және дамыту білім беру бағдарламасының мақсаты болып табылады. Құзырет оқу курсының түрлі бөлімдерінде қалыптасады және оның түрлі сатыларында бағаланады. Олар оқу пәніне (кәсіптік) қатысты құзырет және жалпы құзырет (оқыту бағдарламасының мазмұнына байланысты емес) болып бөлінеді.

**ОҚЫТУДЫҢ КЕШЕНДІ ЖҮЙЕСІ** — біртұтас байланысты өзек негізінде (мысалы, балалар мүдделері мен бейімділіктері және тіршілік құбылыстарының белгілі бір ортасымен танысу және т.б.) білім беру мазмұнын құру және

ства с определённым кругом жизненных явлений и т.д.).

**КОМПЛЕКСНОЕ ТЕСТИРОВАНИЕ** — форма экзамена, проводимого одновременно по нескольким учебным дисциплинам с применением информационных технологий.

**КОМПЬЮТЕРНЫЕ НАУКИ** — группа учебных, научных и практических дисциплин, занимающихся теоретическими и практическими вопросами обработки информации и вычислений.

**КОМПЬЮТЕРНЫЕ ТЕЛЕКОММУНИКАЦИИ** — вид телекоммуникаций, где в качестве ключевого инструмента для телекоммуникационного процесса используются компьютеры (персональные, серверные).

**КОНВЕРГЕНЦИЯ** — конвергенция предполагает добровольное восприятие надлежащих действий для достижения общей цели. Болонский процесс, по сути, есть конвергенция выстраивания национальных систем высшего образования в Европе.

оқыту процесін ұйымдастыру тәсілі.

**КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУ** — ақпараттық технологияларды қолдану арқылы бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны.

**КОМПЬЮТЕРЛІК ҒЫЛЫМДАР** — ақпараттар мен есептерді өңдеудің теориялық және практикалық мәселелерімен айналысатын оқу, ғылыми және практикалық пәндердің тобы.

**КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛАР** — телекоммуникация процесі үшін негізгі құрал ретінде компьютерлер (дербес, серверлік) қолданылатын телекоммуникация түрі.

**КОНВЕРГЕНЦИЯ** — конвергенция жалпы мақсатқа қол жеткізу үшін тиісті әрекеттерді ерікті қабылдауды көздейді. Мәні бойынша Болон процесі Еуропадағы жоғары білім берудің ұлттық жүйесін құру конвергенциясы болып табылады.

**КОНЕЧНАЯ ДАТА** — дата определяющая последний срок подачи заявлений на зачисление в организацию образования, на получение денежных средств, на подписку и т.п.

**СОҢҒЫ КҮН** — білім беру ұйымына оқуға түсуге, ақшалай қаражатты алуға, жазылымға және т.б. арналған өтініштерді берудің соңғы мерзімін анықтайтын күн.

**КОНЕЧНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ** — Предполагаемые или достигнутые результаты программ или достижение институциональных целей и задач, на которые указывает широкий спектр индикаторов (знания учащихся, когнитивные умения и навыки).

**ТҮПКІЛІКТІ НӘТИЖЕЛЕР** — Бағдарламалардың болжамды немесе қол жеткізген нәтижелері немесе институционалдық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, ол индикаторлардың кең спектрінен көрінеді (білім алушылардың білімі, когнитивтік ептілік пен машықтар).

**КОНКУРЕНТНОСТЬ** — соревновательность среди кандидатов, подавших заявление на зачисление в организацию образования на ограниченное количество мест. Во многих зарубежных университетах отбор кандидатов производится лишь на основе рассмотрения представленного пакета документов.

**БӘСЕКЕЛЕСТІК** — білім беру ұйымының шектеулі орын санына оқуға түсуге өтініш білдірген үміткерлер арасында жарысқа түсу. Көптеген шетел университеттерінде үміткерлерді іріктеу ұсынылған құжаттар топтамасын қарау негізінде ғана жүргізіледі.

**КОНКУРС** — соревнование, имеющее целью выделить наилучших участников, наилучшие работы.

**КОНКУРС** — ең жақсы қатысушыны, ең жақсы жұмысты анықтау мақсатында өткізілетін жарыс.

**КОНСПЕКТИРОВАНИЕ** — краткое письменное изложение содержания статьи, книги, лек-

**КОНСПЕКТІЛЕУ** — мақала, кітап, дәріс мазмұнының қысқаша жазбаша мазмұны. Конс-

ции. Конспектирование развивает логическое мышление, совершенствует культуру речи, закрепляет в памяти прочитанное и услышанное.

**КОНСУЛЬСКАЯ ЛЕГАЛИЗАЦИЯ** — заключается в проверке соответствия документов действующему законодательству государства пребывания и представляет собой установление и засвидетельствование подлинности подписи должностного лица и печати на таких документах с целью использования их в другом государстве. Консульская легализация подтверждает правомочность документов и актов в международном общении.

**КОНСУЛЬТАНТ ИНОСТРАННЫХ ОБУЧАЮЩИХСЯ** — сотрудник организации образования, ответственный за те или иные виды работ с иностранными обучающимися.

**КОНСУЛЬТАЦИЯ** — совет, даваемый специалистами. Один из видов учебных занятий, дополнительная помощь преподавателя учащимся в усвоении предмета.

пектілеу логикалық ойлауды дамытады, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, оқылған және естігендерді жадына бекітеді.

**КОНСУЛДЫҚ ЖАРИЯЛЫЛЫҚ** — азаматтардың құжаттары өзге мемлекетте де жарамды болу үшін құжаттардағы лауазымды тұлғаның қолы мен мөрдің шынайылығын анықтау және куәландыру және азаматтың баратын мемлекетіндегі қолданыстағы заңнамаларға құжаттардың сай келуін тексеру болып табылады. Консулдық заңдастыру арқылы құжаттар мен актілердің халықаралық қатынастағы заңдық күші анықталады.

**ШЕТЕЛДІК БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КЕҢЕСШІСІ** — шетелдік білім алушылармен қандай да бір жұмыс түрлеріне жауапты білім беру мекемесінің қызметкері.

**КЕҢЕС БЕРУ** — мамандар беретін кеңес. Оқу сабақтарының бір түрі, пәнді меңгеруде оқытушының оқушыларға қосымша көмегі.

**КОНСУЛЬТАЦИЯ ПО ЛАБОРАТОРНЫМ РАБОТАМ** — объяснение преподавателем наиболее сложных вопросов, возникших перед лабораторной работой.

**КОНТАКТНЫЕ (АУДИТОРНЫЕ) ЧАСЫ** — период времени в 45-60 минут учебного процесса, заключающийся в непосредственном контакте между преподавателем и обучающимся или группой обучающихся.

**КОНТЕКСТНОЕ ОБУЧЕНИЕ** — обучение, в котором динамически моделируется предметное и социальное содержание профессионального труда, тем самым обеспечиваются условия трансформации учебной деятельности студента в профессиональную деятельность специалиста.

**КОНТИНУАЛЬНОСТЬ** — фундаментальный принцип системы образования, согласно которому каждый индивид должен иметь возможность продолжать образование на протяжении всей жизни.

**КОНТРАКТ** — соглашение между двумя и более сторонами, затрагивающее финансовые вопросы.

**ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС БЕРУ** — оқытушының зертханалық жұмыс алдында туындаған аса күрделі мәселелерді түсіндіруі.

**БАЙЛАНЫС (АУДИТОРИЯЛЫҚ) САҒАТТАРЫ** — оқытушы мен білім алушы немесе білім алушылар тобының арасында тікелей байланыста өтетін оқу процесінің 45-60 минуттық уақыт аралығы.

**МӘНМӘТІНДІК ОҚЫТУ** — кәсіби еңбектің пәндік және әлеуметтік мазмұны динамикалық түрде модельденетін оқыту, соған орай студенттің оқу қызметінің кәсіби маман қызметіне тасымалдану шарты қамтамасыз етіледі.

**КОНТИНУАЛЬДЫЛЫҚ** — білім беру жүйесінің бір жеке адам өмір бойы білімді жалғастыру мүмкіндігіне ие болуы тиіс іргелі қағидаты.

**КЕЛІСІМШАРТ** — қаржылық мәселелерді қамтитын екі және одан да көп тараптар арасындағы келісім.

**КОНТРОЛИРУЮЩЕЕ ЗАДАНИЕ** — задание, применяемое для диагностики уровня и структуры подготовленности.

**КОНТРОЛЬ** — наблюдение за процессом усвоения знаний, умений и навыков.

**КОНТРОЛЬ НАД КАЧЕСТВОМ** — термин относится к процессу оценки качества, который сконцентрирован на внутренней оценке качества вуза или программы. Он связан с определенным набором операционных методов и действий, разработанным и используемым для того, чтобы выполнить требования, предъявляемые к качеству. Контроль над качеством предполагает мониторинг процесса и исключение из него определенных причин, вызывающих неудовлетворительных последствии. Иногда даже минимальный контроль над качеством (обычно в форме сертификации) служит фильтром для подтверждения того, что вуз выполняет минимальные предписанные требования к качеству и осуществляет соответствующий мониторинг.

**БАҚЫЛАУШЫ ТАПСЫРМА** — дайындық деңгейі мен құрылымын диагностикалау үшін қолданылатын тапсырма.

**БАҚЫЛАУ** — білім, ептілік пен машықты меңгеру процесін қадағалау.

**САПАНЫ БАҚЫЛАУ** — бұл термин жоғары оқу орнының немесе бағдарламаның сапасын ішкі бақылауға шоғырланған сапаны бағалау процесіне жатады. Ол сапаға қойылатын талаптарды орындау үшін әзірленген және осы үшін қолданылатын операциялық әдістер мен әрекеттердің белгілі бір жиынтығымен байланысты. Сапаны бақылау процестер мониторингісін және қанағаттанарлықсыз салдар туғызатын белгілі бір себептерді жоюды көздейді. Кейде сапаның аз бақылануының өзі (әдетте сертификаттау нысанында) жоғары оқу орны сапаға қойылатын ең аз талаптарды орындайтынын және тиісті мониторингті жүзеге асыратынын растау сүзгісі қызметін атқарады.

**КОНТРОЛЬНАЯ РАБОТА** — одна из форм проверки и оценки усвоенных знаний, получения информации о характере познавательной деятельности, уровне самостоятельности и активности учащихся в учебном процессе, об эффективности методов, форм и способов учебной деятельности. Различают текущие и экзаменационные, письменные, графические, практические, фронтальные или индивидуальные контрольные работы.

**БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ** — меңгерілген білімді бағалау және тексеру, танымдық қызмет сипаты туралы, оқу процесіндегі оқушылардың белсенділік деңгейі, оқу қызметі әдістерінің, түрлерінің, тәсілдерінің тиімділігі туралы ақпарат алу нысанының бір түрі. Бақылау жұмысы ағымдағы және емтихандық, жазбаша, графикалық, практикалық, фронтальды немесе жеке болып бөлінеді.

**КОНФЕРЕНЦИЯ УЧЕБНАЯ** — организационная форма обучения, направленная на расширение, закрепление и совершенствование знаний.

**ОҚУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ** — білімді кеңейтуге, бекітуге және жетілдіруге бағытталған оқытудың ұйымдасқан нысаны.

**КОНФИДЕНЦИАЛЬНЫЕ СВЕДЕНИЯ** — информация, не составляющая государственные секреты, доступ к которой ограничен в соответствии с законодательством Республики Казахстан или по соглашению сторон.

**ҚҰПИЯ МӘЛІМЕТТЕР** — мемлекеттік құпияларды құрамайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе тараптардың келісіміне сәйкес қол жеткізу шектелген ақпарат.

**КОНФИДЕНЦИАЛЬНЫЕ ЭЛЕКТРОННЫЕ ИНФОРМАЦИОННЫЕ РЕСУРСЫ** — электронные информационные ресурсы, не содержащие го-

**ҚҰПИЯ ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР** — мемлекеттік құпияларды қамтымайтын электрондық ақпараттық ресурстар, оларға

сударственных секретов, доступ к которым ограничен в соответствии с законами Республики Казахстан или их собственником, или владельцем в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

**КОНФЛИКТОЛОГИЯ** — отрасль обществознания и человековедения, область научного знания о природе, причинах, видах и динамике конфликтов, методах их предупреждения и способах разрешения.

**КОНЦЕПЦИЯ ВОСПИТАНИЯ** — цельное представление об основных компонентах воспитания (обучения) целях, содержании, методах, средствах, формах.

**КОНЦЕПЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ** — понимание, основная точка зрения, руководящая идея в области образования, ведущий замысел, конструктивный принцип.

**КОНЦЕПЦИЯ РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ** — конкретный документ, являющийся основой проектирования содержания образования по основ-

қол жеткізуді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда меншік иесі немесе олардың иеленушісі шектейді.

**КОНФЛИКТОЛОГИЯ** — қоғамтану және адамтану саласы, табиғат туралы, қақтығыстардың себептері, түрлері және динамикасы, олардың алдын алу әдістері және шешу тәсілдері туралы ғылыми білім саласы.

**ТӘРБИЕ БЕРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ** — тәрбие берудің (оқытудың) негізгі құрамдастары, мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары, нысандары туралы толық көрініс.

**БІЛІМ БЕРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ** — түсіністік, негізгі пікір, білім беру саласындағы басты идея, жетекші ой, сындарлы қағидат.

**БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ** — білім беру жүйесі дамуының ұйымдастырушылық нысандарын анықтайтын, негізгі пәндік

ным предметным областям, определяющий организационные формы развития системы образования.

**КООРДИНАТОР ПРОГРАММЫ** — сотрудник организации образования, отвечающий за выполнение какой-либо учебной, научно-исследовательской, международной, межуниверситетской и т.п. программы или ее части.

**КООРДИНАТОР ПРОГРАММЫ ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ ПЕРЕЗАЧЕТА КРЕДИТОВ** — сотрудник организации образования, отвечающий за выполнение програм и развитие академической мобильности между своим и другими учебными заведениями Европы.

**КООРДИНАТОР ПРОГРАММЫ ОТ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ** — сотрудник, отвечающий за выполнение какой-либо учебной, научно-исследовательской, международной, межуниверситетской и т.п. программы, разработанной в организации образования, или части ее, закрепленной за

салалар бойынша білім мазмұнын жобалаудың негізі болып табылатын нақты құжат.

**БАҒДАРЛАМАНЫ ҮЙЛЕСТІРУШІ** — қандай да бір оқу, ғылыми-зерттеу, халықаралық, университетаралық және т.б. бағдарламаның немесе оның бір бөлігінің орындалуы үшін жауап беретін білім беру ұйымының қызметкері.

**КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУДІҢ ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҮЙЛЕСТІРУШІСІ** — бағдарламалардың орындалуына, өзінің және Европаның басқа оқу орындарының арасындағы академиялық мобильділіктің дамуына жауапты білім беру ұйымының қызметкері.

**БӨЛІМШЕНІҢ БАҒДАРЛАМА ҮЙЛЕСТІРУШІСІ** — білім беру ұйымында немесе кафедраға, факультетке, бөлімге немесе оқу орнының басқа бөлімшесіне бекітілген оның бір бөлігінде қандай да бір оқу, ғылыми-зерттеу, халықаралық, университетаралық және т.б. бағдарламалардың

кафедрой, факультетом, отделом или другим подразделением учебного заведения.

орындалуына жауап беретін қызметкер.

**КООРДИНАТОР ПРОГРАММЫ ПО ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ В ЦЕЛОМ** — сотрудник, отвечающий за выполнение какой-либо учебной, научно-исследовательской, международной, межуниверситетской и т.п. программы, разработанной в учебном заведении.

**ТҰТАС, БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ҮЙЛЕСТІРУШІСІ** — оқу орнында әзірленген қандай да бір оқу, ғылыми-зерттеу, халықаралық, университетаралық бағдарламалардың орындалуына жауапты қызметкер.

**КОРПОРАТИВНЫЙ ТРЕНИНГ** — интенсивное обучение, проводящееся для сотрудников организации и направленное на развитие их рабочих навыков и умений.

**КОРПОРАТИВТІК ТРЕНИНГ** — ұйым қызметкерлері үшін жүргізілетін және олардың жұмыс машықтары мен ептіліктерін дамытуға бағытталған қарқынды оқыту.

**КОРРЕКЦИОННАЯ (СПЕЦИАЛЬНАЯ) ПЕДАГОГИКА** — особая область педагогики, которая изучает проблемы воспитания и обучения детей с различными нарушениями в психофизическом развитии.

**ТҮЗЕТУШІ (АРНАЙЫ) ПЕДАГОГИКА** – психофизиологиялық дамуында түрлі ауытқулары бар балаларды тәрбиелеу және оқыту мәселелерін зерттейтін педагогиканың ерекше саласы.

**КОРРЕКЦИОННО-РАЗВИВАЮЩЕЕ ОБУЧЕНИЕ** — форма дифференциации образования в общеобразовательной школе для оказания помощи детям с трудностями в обу-

**ТҮЗЕТУШІ-ДАМЫТУШЫ ОҚЫТУ** — оқытуда және мектеп өміріне бейімделуінде қиындықтары бар балаларға көмек көрсетуге арналған жалпы білім беру мектеп-

чении и адаптации к школьной жизни.

**КОРРЕКЦИЯ** — система специальных и общепедагогических мер, направленных на ослабление или преодоление недостатков психофизического развития и отклонений в поведении детей и подростков.

**КРЕДИТ** (зачетная единица) — общепринятая единица измерения нагрузки студента. Числовой способ выражения объема и уровня знаний, основанный на достижении результатов обучения, а также соответствующей этому уровню трудоемкости, измеренной в единицах времени. Кредит может быть зачтен обучающемуся после проверки достижения им установленных итогов обучения, на определенном уровне, соответствующем трудозатратам проводимого обучения или ранее осуществленного обучения.

**КРЕДИТНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ОБУЧЕНИЯ** — обучение на основе выбора и самостоятельного планирования обучающимся последователь-

теріндегі білім беруді саралау нысаны.

**ТҮЗЕТУ** — психофизикалық дамуында және мінез-құлқында ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдердің кемшіліктерін азайтуға алдын алуға немесе жоюға бағытталған арнайы және жалпы педагогикалық шаралар жүйесі.

**КРЕДИТ** (сынақ бірлігі) — студент жүктемесін өлшеудің жалпыға ортақ бірлігі. Оқу нәтижелеріне қол жеткізуге негізделген, сондай-ақ осы деңгейге еңбек сыйымдылығы сәйкестендірілген, уақыт бірлігінде өлшенген білім деңгейі мен көлемін белгілеудің сандық тәсілі. Кредит білім алушыға оқытудың олар жинақтаған қорытындылары жетістіктерін тексергеннен кейін, өткізілген оқытудың немесе бұрын жүзеге асырылған оқытудың еңбек шығындарына сәйкес белгілі бір деңгейде есептелуі мүмкін.

**КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ** — білім алушы мен оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі ретінде кредитті

ности изучения дисциплин с использованием кредита как унифицированной единицы измерения объема учебной работы обучающегося и преподавателя.

**КРИТЕРИИ** — мерило, эталонная отметка, бенчмарк, с помощью которых можно определить, достигнуты ли определенные цели или стандарты. Критерии с определенной точностью описывают характеристики, требования и условия которые должны быть удовлетворены (чтобы соответствовать стандарту) и, тем самым, обеспечить количественную или качественную или качественную основу оценки.

**КРУГОЗОР** — объем интересов, знаний человека.

**КРУЖКОВАЯ РАБОТА** — одна из форм дополнительного образования детей, заключающаяся в организации кружков, секций и клубов различной направленности.

**КУЛЬТУРА** — совокупность материальных и духовных ценностей, созданных и создаваемых человечеством и направленных на гармоничное разви-

пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту.

**ӨЛШЕМДЕР** — белгілі бір мақсаттарға немесе стандарттарға қол жеткізілгенін анықтауға болатын өлшем, эталонды белгі, бенчмарк. Өлшемдер белгілі бір дәлдікпен сипаттамаларды, талаптарды және шарттарды сипаттайды, олар қанағаттандырылып, (стандартқа сәйкес келуі үшін), сонымен қатар сандық немесе сапалық бағалау негізін қамтамасыз етуі тиіс.

**ОЙ-ӨРІС** — адам қызығушылықтарының, білімінің мөлшері.

**ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ** — түрлі бағыттағы үйірмелер, секциялар және клубтар ұйымдастыруға негізделген балалардың қосымша білім алуының нысаны.

**МӘДЕНИЕТ** — адамзат жасаған және жасайтын және жеке адамның үйлесімді дамуына, Қазақстан Республикасы азаматтарын патриотизмге тәр-

тие личности, воспитание патриотизма и удовлетворение эстетических потребностей и интересов граждан Республики Казахстан.

**КУЛЬТУРА КАЧЕСТВА** — культура качества относится к целому набору общепринятых, разделяемых всеми и интегрированных моделей качества, которые можно найти в культуре каждой организации и системах управления. Ее осознание всеми и стремление к качеству в высшем образовании в сочетании с культурой и эффективным управлением качеством (через процедуры обеспечения качества) являются ингредиентами культуры качества. Поскольку элементы качества изменяются и развиваются со временем, то и все отношения в организации, поддерживающие интегрированную систему качества, изменяются, чтобы содействовать новой парадигме качества в высшем образовании.

**КУЛЬТУРА ИЗЛОЖЕНИЯ ДАННЫХ** — термин относится к самооценке вузом результатов своей деятельности, которая основывается на чет-

биелеуге және олардың эстетикалық қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы.

**САПА МӘДЕНИЕТІ** — сапа мәдениеті әр ұйымның мәдениетінде және басқару жүйелерінде табуға болатын, жалпыға ортақ, бәрі бірдей ұстанатын және интеграцияланған сапа модельдерінің біртұтас жиынтығына жатады. Баршаның оны түсінуі және жоғары білім берудегі сапаға ұмтылу, сапа мәдениеті мен тиімді басқарудың өзара үйлесім тапқан (сапаны қамтамасыз ету рәсімдері арқылы) сапа мәдениетінің құрамды бөліктері болып табылады. Сапа элементтері уақыт өте өзгеретіндіктен және дамитындықтан, интеграцияланған сапа жүйесін ұстанатын ұйымдағы сапаға деген көзқарас та жоғары білім берудегі сапаның жаңа парадигмасына ықпал ету үшін өзгереді.

**ДЕРЕКТЕРДІ БАЯНДАУ МӘДЕНИЕТІ** — бұл жоғары оқу орнының өз қызмет нәтижелерін өзін-өзі бағалауына қатысты термин, ол әкімшілік

ких этических ценностях, принципах и правилах, разделяемых администрацией и преподавателями. Культура свидетельства и изложения данных, требуемая от вуза, предусматривает, что он должен предоставить точные данные о том, насколько программы обучения соответствуют миссии данного учебного заведения.

**КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ НАРОДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН** — совокупность культурных ценностей, имеющих государственное значение, исключительно принадлежащих Республике Казахстан без права их передачи иным государствам.

**КУЛЬТУРНЫЕ ЦЕННОСТИ** — предметы культурного наследия светского и религиозного характера, а также иные ценности, имеющие историческое, художественное, научное или иное культурное значение.

**КУРАТОР** — в некоторых учебных заведениях – преподаватель, воспитатель, наблюдающий за обучением школьников (студентов).

пен оқытушылар ұстанатын нақты этикалық құндылықтарға, қағидаттар мен ережелерге негізделеді. Жоғары оқу орнынан талап етілетін куәліктер мен деректерді баяндау мәдениеті оқыту бағдарламаларының осы оқу орнының миссиясына қаншалықты сәйкес келетіні жайында нақты мәлімет беру қажеттігін көздейді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ** — мемлекеттік маңызы бар және өзге мемлекеттерге беру құқығынсыз Қазақстан Республикасына ерекше тиесілі мәдени құндылықтар жиынтығы.

**МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР** — зайырлы және діни сипаттағы мәдени мұра заттары, сондай-ақ тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдени мәні бар құндылықтар.

**КУРАТОР** — кейбір білім беру орындарында – оқытушы, тәрбиеші, мектеп оқушыларын (студенттерді) оқытуды қадағалаушы.

**КУРС ПЕДАГОГИКИ** — набор педагогических дисциплин для многоуровневого педагогического образования.

**КУРСОВАЯ РАБОТА** — самостоятельная письменная работа, написанная студентом по базовой дисциплине или специальному курсу с целью расширения и углубления знаний или продолжения деятельности в данной области, выполняемая в обязательном порядке. Работа проводится под руководством преподавателя и защищается перед комиссией, состоящей из преподавателей и ведущих специалистов в данной области.

**КУРСОВАЯ СИСТЕМА ОБУЧЕНИЯ** — организация учебного процесса в высших и средних учебных заведениях. Основана на строгом графике учебного процесса, распределении учебных дисциплин и производственной практики по курсам (годам обучения).

**КУРСЫ ПО ИНТЕРЕСАМ** — специфические программы, предлогаемые организацией образования местному населению направленные на обуче-

**ПЕДАГОГИКА КУРСЫ** — көп деңгейлі педагогикалық білімге арналған педагогикалық пәндер жиынтығы.

**КУРСТЫҚ ЖҰМЫС** — белгілі бір саладағы білімін кеңейту және тереңдету немесе қызметін жалғастыру мақсатында базалық пән немесе арнайы курс бойынша студенттің міндетті түрде өз бетінше орындауы тиіс жазбаша жұмысы. Жұмыс оқытушының басшылық етуімен жүргізіледі және оқытушылардан және осы саладағы жетекші мамандардан тұратын комиссия алдында қорғалады.

**ОҚЫТУДЫҢ КУРСТЫҚ ЖҮЙЕСІ** — жоғары және орта оқу орындарындағы оқыту процесін ұйымдастыру. Оқыту процесінің қатаң кестесіне, оқыту пәндерін бөлуге және курс (оқыту жылы) бойынша өндірістік практикаға негізделген.

**МҮДДЕЛЕР БОЙЫНША КУРСТАР** — білім беру ұйымының кез келген жастағы жергілікті тұрғындарды оқытуға және музыкадан, сұңғат-

ние граждан любого возраста и образования музыке, живописи, работе на компьютере и т.п., но не для выполнение профессиональных обязанностей.

тан, компьютерде жұмыс істеуден және т.б. білім беруге бағытталған алайда, кәсіби міндеттерді орындауға арналмаған ерекше бағдарламалары.

# Л

**ЛАБОРАТОРНЫЕ ЗАНЯТИЯ** — один из видов самостоятельной практической и исследовательской работы учащихся в средней общеобразовательной, специальной и высшей школе с целью углубления и закрепления теоретических знаний, развития навыков самостоятельного экспериментирования.

**ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАР** — теориялық білімді тереңдету және бекіту өзіндік сараптама дағдыларын дамыту мақсатында орта жалпы білім беру, арнайы және жоғары мектепте оқушылардың дербес практикалық және зерттеу жұмыстарының бір түрі.

**ЛЕГАЛИЗАЦИЯ ДИПЛОМА** — узаконение, придание юридической силы, разрешение деятельности организации, подтверждение (в форме удостоверительной надписи) подлинности и юридической силы образовательного документа, выданного в другом государстве.

**ДИПЛОМДЫ ЗАҢДАСТЫРУ** — заңдастыру, заңдық күш беру, ұйымның қызметіне рұқсат ету, өзге мемлекетте берілген білім туралы құжаттың шынайылығы мен заңдық күшін (куәландыру жазбасы нысанында) растау.

**ЛЕКТОР** — преподаватель, имеющий право чтения лекций обучающимся.

**ЛЕКТОР** — білім алушыларға дәріс оқуға құқығы бар оқытушы.

**ЛЕКЦИЯ** — систематическое, последовательное, монологи-

**ДӘРІС** — әдетте теориялық сипаттағы оқыту материалын

ческое изложение учителем (преподавателем, лектором) учебного материала, как правило, теоретического характера. Традиционна для высшей школы, где на её основе формируются учебные курсы. В средней общеобразовательной и средней профессиональной школе лекция обычно дополняет специфические для них формы и методы обучения. Широко применяется в современных гимназиях, лицеях, колледжах и др. Виды лекций: вводная, обзорная, проблемная, лекция-информация, лекция-конференция, лекция-консультация и др.

**ЛИНГВОДИДАКТИКА** — общая теория обучения языку. Термин «Лингводидактика» введён в 1969 г. Н.М. Шанским. Исследует общие закономерности обучения языкам, специфику содержания, методов и средств обучения определённому языку в зависимости от дидактических целей, задач и характера изучаемого материала, условий монолингвизма (одноязычия) или билингвизма (двуязычия), этапа обучения

мұғалімнің (оқытушының, лектордың) жүйелі, дәйекті, монолог түрінде баяндауы. Жоғары мектептерге тән дәріс негізінде оқыту курстары қалыптастырылады. Орта жалпы білім беретін және орта кәсіптік мектепте дәріс әдетте оқытудың оларға тән ерекше түрлері мен әдістерін толықтырады. Заманауи гимназияларда, лицейлерде, колледждерде және т.б. кеңінен қолданылады. Дәріс түрлері: кіріспе, шолу, проблемалық, ақпарат-дәріс, конференция-дәріс, кеңес беру-дәріс және т.б.

**ЛИНГВОДИДАКТИКА** — тілді үйретудің жалпы теориясы. «Лингводидактика» терминін 1969 жылы Н.М. Шанский енгізген. Тілдерді үйретудің жалпы заңдылықтарын, мазмұн ерекшелігін, дидактикалық мақсаттар, тапсырмалар және зерттелетін материал сипатына, монолингвизм (бір тілділік) немесе билингвизм (қос тілділік) шартына, оқыту кезеңі мен оқушылардың интеллектуалды-сөйлеу қабі-

и интеллектуально-речевого развития учащихся.

**ЛИССАБОНСКАЯ КОНВЕНЦИЯ** — принятая в 1997 г. в Лиссабоне Конвенция о признании квалификаций, относящихся к высшему образованию в Европейском регионе, является наиболее значимым правовым документом международного сотрудничества в сфере образования для 55 стран мира, включая Израиль, Канаду и США. Разработка и применение Лиссабонской конвенции побудили академические и политические круги Европы к дальнейшей интеграции образования в рамках Болонского процесса. Роль Конвенции исключительно велика еще и потому, что он является единственным международноправовым актом, лежащим в основе формирования Европейского пространства высшего образования. Лиссабонская конвенция рассматривает официальные квалификации, помимо этого в ответственность конвенции входит признание

летінің дамуына байланысты белгілі бір тілді оқытудың әдістері мен құралдарын зерттейді.

**ЛИССАБОН КОНВЕНЦИЯСЫ** — 1997 жылы Лиссабонда қабылданған Еуропа өңіріндегі жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы Конвенция. Израиль, Канада және АҚШ-ты қоса алғанда әлемнің 55 елінің білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызды құқықтық құжаты болып табылады. Лиссабон конвенциясын әзірлеу мен қолдану Еуропаның академиялық және саяси ортасын білім беруді Болон процесі шеңберінде әрі қарай интеграциялауға түрткі болды. Конвенцияның маңыздылығы сонда, ол Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің қалыптасуына негіз болған жалғыз халықаралық құқықтық акт болып табылады. Лиссабон конвенциясы ресми біліктілікті қарастырады, сондай-ақ конвенцияның жауапкершілігіне білім беру бағдарламасының табысты аяқталғанын тану да кіреді. Мұндай тану студентке бағдарламаның

успешного окончания образовательной программы. Такое признание дает студенту возможность изучить определенную часть программы в другой стране. Однако не по всем специальностям студенты могут свободно переводиться. С целью соответствия принципам конвенции, государство должно иметь механизм, различающий те вузы и квалификации, которые оно признает, и те, которые оно не признает. Каждое государство, подписавшее конвенцию, должно следовать и применять общие стандарты по признанию вузов и квалификаций, как это делают и другие участники конвенции.

**ЛИЦЕЙ** — учебное заведение, реализующее общеобразовательные учебные программы основного среднего образования и по естественно-научным, физико-математическим профилям общего среднего образования в соответствии со склонностями и способностями учащихся.

**ЛИЦЕНЗИЯ** — документ, подтверждающий право учебного

белгілі бір бөлігін өзге елде оқуға мүмкіндік береді. Алайда студенттер барлық мамандықтар бойынша еркін ауыса алмайды. Конвенцияның қағидаттарына сәйкес келу мақсатында мемлекеттің ЖОО-ы мен біліктіліктерді тану және танымау мүмкіндіктерін айырып бере алатын тетігі болуы тиіс. Конвенцияға қол қойған әрбір мемлекет конвенцияның басқа да қатысушылары сияқты ЖОО мен біліктіліктерді тану бойынша ортақ стандарттарды ұстануы және қолдануы тиіс.

**ЛИЦЕЙ** — негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің жаратылыстану-ғылыми, физика-математикалық мамандықтары бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес іске асыратын оқу орны.

**ЛИЦЕНЗИЯ** — жеке білім беру бағдарламалары бойынша білім

заведения на ведение образовательной деятельности по отдельным образовательным программам, выдается уполномоченными государственными или региональными органами управления образованием на основании экспертизы.

беру қызметін жүргізуге оқу орнының құқығын куәландыратын құжат, сараптама негізінде білім беруді басқарудың уәкілетті мемлекеттік немесе өңірлік органдары береді.

**ЛИЧНОЕ ДЕЛО ОБУЧАЮЩЕГОСЯ** — запись изученных обучающимся дисциплин и предметов, объема выполненной учебной работы, выраженной в условных (кредитных) часах полученных оценок, уровня его знаний в сравнении с другими обучающимися и других важных аспектов учебы в течение всего срока обучения.

**БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ІСІ** — білім алушының оқыған пәндері мен сабақтарының, орындаған оқу жұмысы көлемінің, шартты (кредиттік) сағаттармен көрсетілген алған бағаларының, оның басқа білім алушылармен салыстырғандағы білім деңгейінің және барлық оқу мерзімі ішіндегі басқа да маңызды оқу аспектілерінің жазбасы.

**ЛИЧНОСТНАЯ ПЕДАГОГИКА** — стратегия реформирования и развития образовательных систем в условиях информационной цивилизации.

**ЖЕКЕ ПЕДАГОГИКА** — ақпараттық өркениет жағдайында білім беру жүйелерін реформалау және дамыту стратегиясы.

**ЛИЧНОСТНАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА** — совместное с учеником определение его интересов, целей, возможностей и путей преодоления препятствий (проблем), мешающих ему сохранять человеческое достоинство и дости-

**ЖЕКЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ** — оқушының мүдделерін, мақсаттарын, мүмкіндіктерін және адамгершілік құндылықтарды сақтап қалуға және өзін-өзі қалыптастыруда жағымды нәтижелерге қол жеткізуге кедергі болатын кедергі-

гать позитивных результатов в самоорганизации.

**ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ВОСПИТАНИЕ** — педагогически управляемый процесс культурной идентификации, социальной адаптации и творческой самореализации личности.

**ЛИЧНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — целостный педагогический процесс, эпицентром которого является человек, познающий и творящий культуру путем диалогичного общения.

**ЛИЧНОСТНЫЕ СМЫСЛЫ** — смыслы, определяющие отношение индивида к миру, социальная позиция, ценностно-смысловое ядро мировоззрения и другие компоненты индивидуального сознания.

лерді (мәселелерді) болдырмау жолдарын онымен бірлесе отырып анықтау.

**ЖЕКЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТӘРБИЕ** — мәдени бірдейлендірудің, әлеуметтік бейімделудің және тұлғаның шығармашылығын өзін-өзі қалыптастыруының педагогикалық тұрғыдан басқарылатын процесі.

**ЖЕКЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ** — эпицентрі мәдениетті диалогтық қарым-қатынас жолымен танитын және тудыратын адам болып табылатын тұтас педагогикалық процесс.

**ЖЕКЕ МӘНДЕР** — индивидтің әлемге деген қарым-қатынасын анықтайтын мәндер, әлеуметтік айқындама, дүниетанымның құндылықты-мағыналық өзегі және сапалық басқа да құрамдастары.

# М

**МАГИСТР** — академическая степень, присуждаемая лицам, освоившим профессиональные учебные программы послевузовского образования.

**МАГИСТР** — жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже.

**МАГИСТРАТУРА** — ступень высшего профессионального образования, ведущая к получению второй академической степени (квалификационной степени, квалификации) магистра на базе бакалавриата.

**МАЛОКОМПЛЕКТНАЯ ШКОЛА** — общеобразовательная школа с малым контингентом учащихся, совмещенными класс-комплектами и со специфической формой организации учебных занятий.

**МАСТЕРСТВО** — умение соответствующим образом воплотить технологию как практический проект концепции.

**МАТРИЦА ЛОГИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ** — матрица, показывающая, как учебные элементы связаны друг с другом в пределах курса, раздела и т.д. Матрица является квадратной. Матрицу логических связей можно представить в двух видах: полном и сокращенном. Сокращенная матрица строится из полной исключением лишних связей.

**МЕДИАОБРАЗОВАНИЕ** — направление в педагогике. Ос-

**МАГИСТРАТУРА** — бакалавриат негізінде екінші академиялық магистр дәрежесін (біліктілік дәрежені, біліктілікті) алуға апаратын жоғары кәсіби білім сатысы.

**ШАҒЫН ЖАСАҚТАЛҒАН МЕКТЕП** — сынып-жасақтары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп.

**ШЕБЕРЛІК** — технологияны тиісті түрде тұжырымдаманың практикалық жобасы ретінде іске асыра білу қабілеті.

**ЛОГИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР МАТРИЦАСЫ** — курс, бөлім және т.б. көлемінде оқу элементтерінің бір-бірімен қаншалықты байланысты екендігін көрсететін матрица. Матрица шаршы болып келеді. Логикалық байланыстар матрицасын екі түрде толық және қысқартылған түрде көрсетуге болады. Қысқартылған матрица артық байланыстарды қоспағанда толық матрицадан тұрады.

**МЕДИАБІЛІМ** — педагогикадағы бағыт. Медиабілімнің

новные задачи медиаобразования подготовить новое поколение к жизни в современных информационных условиях, к восприятию различной информации, научить человека понимать её, осознавать последствия её воздействия на психику, овладевать способами общения на основе невербальных форм коммуникации с помощью технических средств.

**МЕДИКО-СОЦИАЛЬНАЯ РЕАБИЛИТАЦИЯ** — восстановление здоровья больных с комплексным использованием медицинских, социальных и трудовых мероприятий для приобщения больного к работе, включения в семейную и общественную жизнь.

**МЕДИЦИНСКАЯ И ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДИАГНОСТИКА** — комплексная междисциплинарная оценка психофизического развития детей для выявления различных недостатков и определения адекватных условий лечения, обучения и воспитания.

**МЕДИЦИНСКАЯ РЕАБИЛИТАЦИЯ** — комплекс медицинских мероприятий, направ-

негізгі міндеттері: жаңа ұрпақты қазіргі заманғы ақпараттық жағдайдағы өмірге, түрлі ақпараттарды қабылдауға дайындау, адамды оны түсіне білуге үйрету, оның психикаға әсерінің салдарын сезіну, техникалық құралдардың көмегімен коммуникацияның бейвербалды нысаны негізінде қарым-қатынас тәсілдерін меңгеру.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУ** — науқасты жұмысқа тартуға, отбасылық және қоғамдық өмірге қосуға арналған медициналық, әлеуметтік еңбек шараларын кешенді түрде пайдалана отырып, науқастардың денсаулығын қалпына келтіру.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА** — әртүрлі кемістіктерді анықтау мен емдеудің, оқыту мен тәрбиелеудің барабар жағдайларын анықтау үшін балалардың психикалық-дене дамуын кешенді салааралық бағалау.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУ** — организмнің бұзылған немесе жойылған функцияларын

ленных на лечение, восстановление нарушенных или утраченных функций организма.

**МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛЕДОВАНИЕ** — определение вида, тяжести нарушения (отсутствия) функции (функций) отдельного органа или организма в целом, обуславливающих ограничение жизнедеятельности детей.

**МЕДРЕСЕ** — средняя конфессиональная мусульманская школа. Медресе возникли у арабов в VII-VIII вв., распространились в странах Ближнего и Среднего Востока в IX и X вв. Полный курс наук в Медресе составляли предметы:

- арабизм (включая лексикографию, этимологию, синтаксис, риторику, историю),
- вероучение и законоведение,
- философия (логика, математика, география, астрономия, медицина, естественные науки).

**МЕЖВЕДОМСТВЕННАЯ КОМИССИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО КООРДИНАЦИИ РАБОТ В СФЕРЕ ИНФОРМАТИЗАЦИИ** —

емдеуге, қалпына келтіруге бағытталған медициналық іс-шаралар кешені.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРІС** — балалардың тіршілік-әрекетінің шектелуіне себеп болатын жекелеген ағза немесе организм функциясының (функцияларының) бұзылу (болмау) түрін, ауырлығын анықтау.

**МЕДРЕСЕ** — конфессиональды мұсылман орта мектебі. Медреселер VII-VIII ғасырларда арабтарда пайда болды, IX және X ғасырларда Таяу және Орта Шығыс елдерінде таралды. Медреседегі ғылымдардың толық курсы төмендегі пәндер құраған:

- арабизм (лексикография, этимология, синтаксис, риторика, тарихты қоса алғанда),
- дінтану және заңтану,
- философия (логика, математика, география, астрономия, медицина, жаратылыстану ғылымдары).

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТТАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӨНІНДЕГІ**

консультативно-совещательный орган при Правительстве Республики Казахстан, осуществляющий координацию работ в области формирования «электронного правительства» и информатизации государственных органов.

**МЕЖДУНАРОДНАЯ АККРЕДИТАЦИЯ** — аккредитация организации образования или отдельных образовательных профессиональных программ в признанном зарубежном аккредитационном агентстве.

**МЕЖДУНАРОДНАЯ СТИПЕНДИЯ «БОЛАШАК»** — стипендия, учреждаемая Президентом Республики Казахстан для обучения граждан Республики Казахстан в зарубежных высших учебных заведениях по очной форме обучения и прохождения научными работниками государственных научных организаций и высших учебных заведений научной стажировки в ведущих высших учебных заведениях, научных центрах и лабораториях мира.

**ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ КОМИССИЯСЫ** — Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы «электрондық үкіметті» қалыптастыру және мемлекеттік органдарды ақпараттандыру саласындағы жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын, консультативтік-кеңесу органы.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АККРЕДИТТЕУ** — білім беру ұйымдарының немесе жекелеген кәсіптік білім беру бағдарламаларының шетелдік танымал аккредиттеу агенттіктерінде аккредиттелуі.

**«БОЛАШАҚ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТИПЕНДИЯСЫ** — Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік оқу орындарында күндізгі оқыту нысанында оқуы және мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындары ғылыми қызметкерлерінің әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтары мен зертханаларында тағылымдамадан өтуі үшін тағайындайтын стипендиясы.

**МЕЖДУНАРОДНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — образование иностранных граждан, национальных обучающихся в другой стране, а также обучение национальных учащихся в своей стране, но с учетом интересов других стран.

**МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИЯ** — реализация (осуществление) прямых связей и совместной деятельности с иностранными и международными учреждениями и организациями в области образования в соответствии с действующим законодательством и национальными интересами страны.

**МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ ПО ОБРАЗОВАНИЮ** — подразделяются на межправительственные и неправительственные. В обеих группах существуют организации универсального, межрегионального и регионального характера.

**МЕЖПРЕДМЕТНЫЕ СВЯЗИ** — взаимная согласованность учебных программ, обусловленная системой наук и дидактическими целями.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ** — шетел азаматтарының, ұлттық білім алушылардың басқа елде білім алуы, сондай-ақ ұлттық оқушыларды басқа елдің мүдделерін ескере отырып, өз елінде оқыту.

**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ** — қолданыстағы заңнамаға және елдің ұлттық мүдделеріне сәйкес шетелдік және халықаралық мекемелермен және білім беру саласындағы ұйымдармен тікелей байланыстар мен бірлескен қызметті іске асыру (жүзеге асыру).

**БІЛІМ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР** — үкіметаралық және үкіметтік емес болып бөлінеді. Екі топта да әмбебаптық, өңіраралық және өңірлік сипаттағы ұйымдар болады.

**ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР** — ғылымдар және дидактикалық мақсаттар жүйесімен байланысқан оқыту бағдарламаларының өзара келісілгендігі.

**МЕНЕДЖЕР** — профессионал, задачей которого является организация конкретной работы в рамках определенного числа работников, подчиненных ему.

**МЕНЕДЖМЕНТ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ** – комплекс принципов, методов, организационных норм и технологических приемов управления образовательным процессом, направленный на повышение его эффективности.

**МЕНТАЛИТЕТ** — образ мыслей, совокупность умственных навыков, духовных установок и культурных традиций, присущих отдельному человеку или обществу. Термин «Менталитет» ввёл в научный оборот американский философ Р. Эммерсон (1856). Менталитет – это специфический тип мышления. Менталитет отражает уровень индивидуального и коллективного сознания.

**МЕСТНАЯ ОБЩИНА** — сообщество людей, объединенных местом проживания.

**МЕСТНЫЙ КОЛЛЕДЖ** — специфическое американское независимое высшее учебное

**МЕНЕДЖЕР** — өзіне бағынышты белгілі бір жұмыскерлер саны шегінде нақты жұмыстар ұйымдастыру міндеті болып табылатын кәсіби маман.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ** – білім беру процесін тиімділігін көтеруге бағытталған басқарудың қағидаттарының, әдістерінің, ұйымдастыру нормаларының және технологиялық жолдарының кешені.

**МЕНТАЛИТЕТ** – ойлау образы, жеке адамға немесе қоғамға тән ақыл дағдыларының, рухани бекінісінің және мәдени дәстүрлерінің жиынтығы. «Менталитет» терминін ғылыми айналымға американдық философ Р. Эммерсон (1856) енгізді. Менталитет – ойлаудың өзіндік түрі. Менталитет жеке және ұжымдық ақыл-ойдың деңгейін көрсетеді.

**ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМ** — тұрғылықты орны бойынша біріккен адамдар қоғамдастығы.

**ЖЕРГІЛІКТІ КОЛЛЕДЖ** — білім берудің үшінші деңгейіне жататын және толық орта білімі

заведение, относящееся к третьему уровню образования и предлагающее имеющим полное среднее образование двухлетние программы обучения, окончание которых приравнивается к окончанию первых двух курсов четырехгодичного колледжа или университета. Выпускникам выдается профессиональный сертификат или присваивается промежуточная степень ассоциативного (условного) бакалавра.

бар адамдарға екіжылдық оқу бағдарламаларын ұсынатын американдық өзіндік тәуелсіз жоғары оқу орны, оны аяқтау төрт жылдық колледж немесе университеттің алғашқы екі курсын аяқтаумен тең. Бітірушілерге кәсіби сертификат немесе ассоциациаланған (шартты) бакалаврдың аралық дәрежесі беріледі.

**МЕСТО** — положение кого-или чего-либо в классе (разряде), определяемое на основе оценки деятельности по заранее определенным критериям (в американском образовании – отметка в школе).

**ОРЫН** — алдын ала белгіленген өлшемдер (американдық білім беруде — мектептегі баға) бойынша қызметті бағалау негізінде анықталатын әлдекімнің немесе әлдененің сыныптағы (разрядтағы) орны.

**МЕТОД ОБУЧЕНИЯ** — способ организации учебно-познавательной деятельности ученика с заранее определенными задачами, уровнями познавательной активности, учебными действиями и ожидаемыми результатами для достижения дидактических целей.

**ОҚЫТУ ӘДІСІ** — алдын ала белгіленген тапсырмалармен, танымдық белсенділік деңгейлерімен, оқыту іс-әрекеттерімен және дидактикалық мақсаттарға жетуге арналған күтілетін нәтижелермен оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілі.

**МЕТОД ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ** —

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ӘДІСІ** — педагоги-

способ изучения педагогических явлений.

**МЕТОДИКА ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ** — прикладная отрасль теории воспитания, которая изучает направления и принципы, формы и методы организации воспитательной работы.

**МЕТОДОЛОГИЯ** – система принципов и способов организации и построения теоретической и практической деятельности, учение о научном методе познания, совокупность методов, применяемых в какой-либо науке.

**МЕТОДОЛОГИЯ ПЕДАГОГИКИ** – система знаний о методах педагогических исследований;
– учение о принципах, методах, формах и процессах познания;
– это учение о педагогическом знании.

**МЕТОДЫ ВОСПИТАНИЯ** — совокупность наиболее общих способов решения воспитательных задач и осуществления воспитательных взаимодействий. Методы воспитания в теории и практике воспитания

калық құбылыстарды зерттеу тәсілі.

**ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ** — тәрбие жұмыстарының бағыттарын және қағидаттарын, нысандарын және ұйымдастыру әдістерін зерттейтін тәрбие беру теориясының қолданбалы саласы.

**ӘДІСНАМА** – теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыру және қалыптастыру қағидаттары мен тәсілдерінің жүйесі, танымның ғылыми әдісі туралы ілім, қандай да бір ғылымда қолданылатын әдістер жиынтығы.

**ПЕДАГОГИКА ӘДІСНАМАСЫ** – педагогикалық зерттеулер әдісі туралы білім жүйесі;
– таным принциптері, әдістері, нысандары және процестері туралы оқыту;
– педагогикалық білім туралы ілім.

**ТӘРБИЕ БЕРУ ӘДІСТЕРІ** — тәрбие беру мәселелерін шешудің ең ортақ тәсілдерінің жиынтығы. Тәрбие беру әдісі тәрбие беру теориясында және практикасында үнемі пікірсайыс тудыратын мәселе болып кел-

всегда являлись дискуссионной проблемой. Для обозначения одних и тех же явлений часто как синонимы используются термины: методы, принципы, приёмы, средства и пр.

**МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ В ПЕДАГОГИКЕ** — приёмы, процедуры и операции эмпирического и теоретического познания и изучения явлений действительности. Система Методы исследования определяется исходной концепцией исследователя.

**МЕТОДЫ КОНТРОЛЯ** — способы, с помощью которых определяется результативность учебно-познавательной деятельности обучаемых и педагогической работы обучающих.

**МИМИКА** — выразительное движение мышц лица, одна из форм проявления чувств человека. Нередко мимика учителя действует на учащихся гораздо сильнее, чем слова. Дети «читают» лицо учителя, угадывая его настроение, отношение, поэтому педагог должен уметь показывать только то, что относится к делу.

ген. Бір ғана құбылысты білдіру үшін синоним ретінде төмендегі терминдер жиі қолданылады: әдістер, қағидаттар, әдіс-тәсілдер, құралдар және т.б.

**ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ** — эмпирикалық және теориялық танымның әдіс-тәсілдері рәсімдері және операциялары және шынайылық құбылысын зерттеу. Зерттеу әдістерінің жүйесі зерттеушінің соңғы тұжырымдамасымен анықталады.

**БАҚЫЛАУ ӘДІСТЕРІ** – оқушылардың және оқытушылардың педагогикалық жұмыстарының оқу-танымдық қызметі нәтижесі анықталатын тәсілдер.

**МИМИКА** — бет бұлшық еттерінің мәнерлі қозғалысы, адам сезімін білдіру нысандарының бірі. Мұғалімнің мимикасы оқушыларға сөзден қатты әсер етеді. Балалар мұғалімнің көңіл-күйін, қарым-қатынасын бақылай отырып, бет-әлпетін таниды, сондықтан педагог тек іске қатыстыны ғана көрсете білу керек.

**МИНИМАЛЬНЫЙ ВОЗРАСТ ДЛЯ ПРИЕМА НА РАБОТУ** — минимальный возраст для приема на работу в пределах территории страны и на транспортных средствах, зарегистрированных на ее территории. Ни один подросток моложе этого возраста не допускается на работу по найму или на другую работу по любой профессии. Минимальный возраст для приема на работу не должен быть ниже возраста окончания обязательного школьного образования и, во всяком случае, не должен быть ниже пятнадцати лет. Помимо общего минимального возраста для приема на работу, государство устанавливает: минимальный возраст для приема на легкие работы; минимальный возраст для приема на тяжелые работы и работы с опасными или вредными условиями (не ниже 18 лет).

**ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУДАҒЫ ЕҢ КІШІ ЖАС** — ел аумағы шегінде және оның аумағында тіркелген көлік түрлерінде жұмысқа қабылдаудағы ең кіші жас. Бұл еңбек жасына толмаған бірде-бір жасөспірім жалданатын жұмысқа немесе кез келген кәсіп бойынша басқа жұмысқа жіберілмейді. Жұмысқа қабылдаудағы ең кіші жас мектепте міндетті білім алу жасынан төмен болмауы керек және қандай жағдайда болса да он бес жастан төмен болмауы қажет. Жұмысқа қабылдау үшін, жалпы ең кіші жастан басқа мына жасты белгілейді: жеңіл жұмыстарға қабылдаудағы ең кіші жас; ауыр жұмыстарға және қауіпті немесе зиянды жұмыстарға қабылдаудағы ең кіші жас (18 жастан төмен емес).

**МИРОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — система учреждений и мероприятий, обеспечивающих организацию процесса познания.

**ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ** — таным процесін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін мекемелер мен іс шаралар жүйесі.

**МЛАДШИЙ КОЛЛЕДЖ** – образовательное учреждение,

**КІШІ КОЛЛЕДЖ** – кіші жас топтарына арналған, ұзақтығы

предлагающее академические или практические программы обучения длительностью до 2-х лет для младших возрастных групп, по окончании которого можно получить диплом гуманитарного или среднего специального образования, позволяющий работать на низших должностях в профессиональной сфере.

2 жылдық академиялық немесе практикалық оқу бағдарламасын ұсынатын, оқу бітіргендерге кәсіби саладағы ең төменгі қызметтерде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін гуманитарлық немесе арнаулы орта білім туралы диплом беретін білім беру мекемесі.

**МЛАДШИЙ НАУЧНЫЙ СОТРУДНИК** — помощник исследователя.

**КІШІ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕР** — зерттеушінің көмекшісі.

**МЛАДШИЙ ШКОЛЬНЫЙ ВОЗРАСТ** — этап развития ребёнка, соответствующий периоду обучения в начальной школе.

**КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫ** — бастауыш мектепте оқу кезеңіне сәйкес келетін баланың даму кезеңі.

**МОДЕЛЬ** — единство крупных систем, между которыми возникает взаимодействие, и создаются условия для стимулирования познавательной активности.

**МОДЕЛЬ** — араларында өзара әрекеттестік туындайтын және танымдық белсенділікті ынталандыруға арналған жағдайлар қалыптасатын ірі жүйелер бірлігі.

**МОДЕЛЬ ОБУЧЕНИЯ** — схема или план действий педагога при осуществлении учебного процесса, в основе которых лежит организация преобладающей деятельности учащихся.

**ОҚЫТУ МОДЕЛІ** — оқушылардың көптеген іс-әрекеттерін ұйымдастыруға негізделген оқу процесін жүзеге асыру кезіндегі педагог іс-әрекетінің сұлбасы немесе жоспары.

**МОДЕЛЬ ОСВОЕНИЯ УЧЕБНОГО МАТЕРИАЛА**

**ОҚУ МАТЕРИАЛЫН МЕҢГЕРУ МОДЕЛІ** — оқу матери-

— модель освоения учебного материала показывает, в какой последовательности должны изучаться темы и каковы логические связи между ними.

**МОДЕЛЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТЕСТИРОВАНИЯ** — модель тестирования, применяемая для оценки знаний, умений и навыков обучаемых.

**МОДЕЛЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТЕСТИРОВАНИЯ С ОГРАНИЧЕНИЕМ ВРЕМЕНИ НА ТЕСТ** — имеется n заданий по определенной области знаний, по нескольким областям знаний или части области знаний (разделу, теме и т.п.).

**МОДЕЛЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ТЕСТИРОВАНИЯ** — модель тестирования, применяемая для определения характеристик личности человека.

**МОДЕЛЬ ТЕСТИРОВАНИЯ** — порядок предъявления тестовых заданий обучаемому и метод определения его уровня знаний по результатам тестирования.

алын меңгеру моделі тақырыптардың қандай реттілікпен оқытылу керектігін және олардың арасындағы логикалық байланыстардың қандай екендігін көрсетеді.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ МОДЕЛІ** — оқушылардың білімін, ептілігін, машықтарын бағалау үшін қолданылатын тестілеу моделі.

**ТЕСТІГЕ БЕРІЛЕТІН УАҚЫТЫ ШЕКТЕУЛІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ МОДЕЛІ** — білімнің белгілі бір саласы бойынша, білімнің бірнеше салалары немесе білім саласының бөлімдері (тармақтары, тақырыптары және т.б.) бойынша n тапсырмалар беріледі.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ МОДЕЛІ** — жеке тұлға мінезін анықтау үшін қолданылатын тестілеу моделі.

**ТЕСТІЛЕУ МОДЕЛІ** — оқушыға тест тапсырмаларын ұсыну тәртібі және тестілеу нәтижесі бойынша оның білім деңгейін анықтау әдісі.

**МОДЕЛЬ, КОМПЬЮТЕРНАЯ** — модель, представляющая какое-либо явление или процесс, оформленная в виде компьютерной программы. Основная дидактическая особенность работы обучаемого с моделью в том, что при этом воспитываются навыки исследовательской работы.

**МОДУЛЬ** – термином «модуль» часто заменяют понятие «раздел курса» в системах модульного обучения, программы которых содержат разделы одинакового объема (часто по 5-6 кредитов) или кратного этой единице объема. Модуль может быть содержательной составляющей образовательной программы, но может быть и независимым от этой программы разделом курса.

**МОДУЛЬНАЯ СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ** – система обучения, в которой обучающийся последовательно изучает (в том числе по собственному, но ограниченному правилами выбору) отдельные модули программы, ведущей к получению квалификации.

**КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬ** — компьютерлік бағдарлама түрінде рәсімделген қандай да бір құбылыстарды немесе процестерді ұсынатын модель. Оқушының зерттеу жұмыстары дағдыларының қалыптастыруда модельмен жұмыс істеуінің негізгі дидактикалық ерекшелігі.

**МОДУЛЬ** – бағдарламалары бірдей көлемде (көбіне 5-6 кредиттен) немесе осы көлем бірлігіне еселенген тараулардан тұратын модульдік оқыту жүйелерінде «модуль» терминін «курс тарауы» деген ұғым жиі алмастырады. Модуль білім беру бағдарламасының мазмұнды құрамды бөлігі бола алады, бірақ осы курс тарауы бағдарламасынан тәуелсіз болуы да мүмкін.

**БІЛІМ БЕРУДІҢ МОДУЛЬДІК ЖҮЙЕСІ** – білім алушы біліктілік алуға мүмкіндік беретін бағдарламаның жеке модульдерін дәйекті түрде оқып үйренетін (оның ішінде өз таңдауы, бірақ шектелген таңдау ережелері бойынша) оқыту жүйесі.

**МОДУЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ** — организация образовательного процесса, при котором учебная информация разделяется на модули. Совокупность нескольких модулей позволяет раскрывать содержание определённой учебной темы или даже всей учебной дисциплины. Модули могут быть целевыми (содержат сведения о новых явлениях, фактах), информационными (материалы учебника, книги), операционными (практические упражнения и задания). Модульное обучение способствует активизации самостоятельной учебной и практической деятельности учащихся.

**МОДУЛЯРИЗАЦИЯ УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ** — процесс перевода программ обучения в предметно-курсовой системе на модульный принцип построения, когда обучающийся не комплектует дисциплины и предметы, которые он хотел бы изучать для получения искомой квалификации с учетом разных требований организации образования, а выбирает определенные модули предметов и дисциплин, уже укомплектованные учебным заведением.

**МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ** — білім беру процесін ұйымдастыру. Мұнда оқу ақпараты модульдерге бөлінеді. Бірнеше модульдердің жиынтығы белгілі бір оқу тақырыбының немесе тіпті пәнінің тұтас оқу мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Модульдер мақсаттық (жаңа құбылыстар, фактілер туралы мәліметтер болады), ақпараттық (оқулықтар, кітаптар материалдары), операциялық (практикалық жаттығулар мен тапсырмалар) болуы мүмкін. Модульдік оқыту оқушылардың өз бетімен оқу және практикалық қызметін белсендендіруге мүмкіндік береді.

**ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН МОДУЛЬДЕУ** — пәндік-курстық жүйедегі оқыту бағдарламаларын модульдік құрылым қағидаттарына ауыстыру процесі. Мұнда білім алушы өзіне керекті біліктілік алу үшін оқып үйренгісі келетін пәндер мен сабақтарды білім беру ұйымының түрлі талаптарын ескере отырып жасақтап алмайды, оқу орны жасақтап қойған пәндер мен сабақтардың белгілі бір модульдерін таңдайды.

**МОЛОДАЯ СЕМЬЯ** — семья, в которой оба супруга не достигли возраста двадцати девяти лет, либо неполная семья, в которой детей (ребенка) воспитывает один из родителей, не достигший возраста двадцати девяти лет, в том числе разведенный, вдовый.

**МОЛОДЕЖНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ** — некоммерческая, негосударственная организация, основной целью которой является решение социальных, культурных, образовательных и иных задач, направленных на защиту прав, законных интересов, удовлетворение духовных и иных потребностей молодежи, созданная в форме ассоциации (союза) юридических лиц, фонда, а также общественного объединения, членами (участниками) которого являются представители молодежи.

**МОЛОДЕЖЬ** — граждане Республики Казахстан в возрасте от четырнадцати до двадцати девяти лет.

**МОНИТОРИНГ** — определение небольшого числа показателей, отражающих состояние системы.

**ЖАС ОТБАСЫ** — ерлі-зайыптылардың екеуі де жиырма тоғыз жасқа толмаған отбасы не жиырма тоғыз жасқа толмаған ата-ананың біреуі, соның ішінде ажырасқан, тұл қалған еркек (жесір әйел) балаларды (баланы) тәрбиелейтін толық емес отбасы.

**ЖАСТАР ҰЙЫМЫ** — негізгі мақсаты әлеуметтік, мәдени, білім беру міндеттерін және жастардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де міндеттерді шешу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатын, мүшелері (қатысушылары) жастар өкілдері болып табылатын заңды тұлғалар қауымдастығы (одағы), қор, сондай-ақ қоғамдық бірлестік нысанында құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым.

**ЖАСТАР** — Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары.

**МОНИТОРИНГ** — жүйенің жай-күйін білдіретін аз көлемдегі көрсеткіштерді анықтау.

**МОНИТОРИНГ ДЕТСКОГО ТРУДА** — активное выявление работающих детей в процессе систематических проверок и наблюдения в местах, где могут работать дети. Целью мониторинга является выведение детей из сферы наихудших форм детского труда и обеспечение контроля за безопасностью условий работы детей, работающих легально.

**МОРАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — вся духовная практическая деятельность учителя, направленная на укрепление, развитие и преобразование нравственных отношений, на усвоение нравственного опыта, на повышение нравственного уровня поведения.

**МОРАЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ** — набор способностей старшеклассника; способности интенсивного усвоения нравственных знаний; способности саморегуляции и ситуативного самопроектирования на основе усваиваемых знаний.

**МОТИВАЦИЯ** — вся совокупность стойких мотивов, определяющих содержание, направленность и характер дея-

**БАЛАЛАР ЕҢБЕГІНІҢ МОНИТОРИНГІ** — жүйелі тексерістер және балалардың жұмыс істеуі мүмкін жерлерін анықтау және бақылау процесі. Мониторингтің мақсаты балалар еңбегінің ең нашар нысандарынан балаларды шығару және заңды түрде жұмыс істейтін балалардың жұмыс жағдайларының қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету.

**МОРАЛЬДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ** — адамгершілік қарым-қатынастарды нығайтуға, дамытуға және өзгертуге, адамгершілік тәжірибені меңгеруге, мінез-құлықтың адамгершілік деңгейін арттыруға бағытталған мұғалімнің барлық рухани практикалық қызметі.

**МОРАЛЬДЫҚ МҮМКІНДІКТЕР** — жоғары сынып оқушысының қабілеттіліктерінің жинағы, адамгершілік білімдерін қарқынды меңгеру қабілеттілігі; меңгерілген білім негізінде өзін-өзі реттеу және жағдаяттық өзін-өзі жобалау қабілеттілігі.

**УӘЖДЕМЕ** — тұлға қызметінің мазмұнын, бағыттылығы мен сипатын, оның мінез-құлқын анықтайтын

тельности личности, ее поведения.

**МУЗЕИ** — учреждения культуры, осуществляющие сбор, научное исследование и хранение памятников культуры и искусства. Музеи удовлетворяют познавательные и образовательные потребности личности.

**МУЗЕИ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ** — учреждения культуры, осуществляющие сбор, изучение и хранение памятников культуры и документов в сфере образования и педагогики.

**МУЗЕЙНАЯ ПЕДАГОГИКА** — область науки, изучающая историю, особенности культурно-образовательной деятельности музеев, методы воздействия музеев на различные категории посетителей, взаимодействие музеев с образовательными учреждениями и др.

**МУЗЫКА ДЛЯ ДЕТЕЙ** — произведения народного и профессионального композиторского творчества, специально предназначенные для детского восприятия или исполнения. Однако дети слушают, поют и

тұрақты уәждердің барлық жиынтығы.

**МҰРАЖАЙЛАР** — мәдениет және өнер ескерткіштерін жинауды, ғылыми зерттеуді және сақтауды жүзеге асыратын мәдениет мекемесі. Мұражай тұлғаның танымдық және білімдік қажеттіліктерін қанағаттандырады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЖАЙЛАР** — білім беру және педагогика саласындағы құжаттарды және мәдени ескерткіштерді жинауды, зерттеуді және сақтауды жүзеге асыратын мәдениет мекемесі.

**МҰРАЖАЙЛЫҚ ПЕДАГОГИКА** — мұражайлардың мәдени-танымдық қызметінің ерекшеліктерін, тарихын, мұражайлардың түрлі санаттағы көрушілерге әсер ету әдісін, мұражайлардың білім беру мекемелерімен және т.б. байланысын зерттейтін ғылым саласы.

**БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МУЗЫКА** — балалардың қабылдауына немесе орындауына арнайы арналған халықтық және кәсіби композиторлық шығармашылық шығармасы. Алайда балалар тек соларға ар-

играют не только музыку, специально созданную для них. Круг музыкальной литературы, доступной детям, значительно шире. Общение детей с музыкой, сочинённой не специально для них, - нормальная форма постепенного, естественного овладения детьми богатством музыкальной культуры.

налған әнді тыңдап, айтып және ойнап қана қоймайды. Балаларға қолжетімді музыкалық әдебиеттің аясы айтарлықтай кең. Балалардың оларға арнайы шығарылмаған музыкамен әрекеттенуі балалардың музыкалық мәдениет байлығын ақырындап, табиғи меңгерудің қалыпты нысаны.

**МУЛЬТИМЕДИА** — группа дисциплин, занимающихся вопросами представления и взаимодействия различных типов данных в вычислительной системе, таких как аудиоинформация, видеоинформация и др.

**МУЛЬТИМЕДИА** — аудиоақпарат, бейнеақпарат және басқа да есептеу жүйесі сияқты есептеу жүйесіндегі ұсыныс сұрақтарымен және мәліметтердің сан алуан түрлерінің өзара әрекеттесуімен айналысатын пәндер тобы.

**МУЛЬТИМЕДИА ИЛИ МУЛЬТИМЕДИЙНЫЕ СРЕДСТВА** — система современных технических средств, позволяющая работать с текстовой информацией, графическими изображениями, звуком, анимационной графикой.

**МУЛЬТИМЕДИА НЕМЕСЕ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР** — мәтіндік ақпаратпен, графикалық бейнелермен, дыбыспен, анимациялық графикамен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы техникалық құралдар жүйесі.

**МУТИЗМ** — отказ от речевого общения при сохранении речевого аппарата. Наблюдается при психических заболеваниях, у застенчивых детей.

**МУТИЗМ** — сөйлеу аппараты бола тұра, сөйлеу қарым-қатынасынан бас тарту. Психикалық ауруларда, ұялшақ балаларда байқалады.

# Н

**НАБЛЮДАТЕЛЬНАЯ ГРУППА ПО БОЛОНСКОМУ ПРОЦЕССУ** — на Конференции в Берлине (2003 г.) осуществление всех вопросов Берлинского коммюнике, общее руководство Болонским процессом (БП) и подготовка очередной встречи министров образования стран Европы было поручено Наблюдательной группе по Болонскому процессу, которая была сформирована в октябре 2003 г. Группа является ключевым элементом и исполнительным органом БП. В настоящее время в составе группы работают представители всех стран-участниц БП, а также представители ряда международных организаций как консультативные члены. Группа проводит свои заседания, как минимум, два раза в год. Возглавляет группу президент из Европейской Комиссии. Между заседаниями Наблюдательной группы ее работой руководит Комитет BҒПС, возглавляемый председателем — представителем страны, президентствую-

**БОЛОН ПРОЦЕСІ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ ТОБЫ** — Берлинде өткен конференцияда (2003 ж.) Берлин коммюникесінің барлық мәселелерін жүзеге асыру, Болон процесіне (БП) жалпы басшылық ету және Еуропа елдерінің білім министрлерінің кезекті кездесуін дайындау 2003 жылы қазан айында құрылған Болон процесі бойынша бақылау тобына тапсырылды. Топ БП-ның негізгі элементі және атқарушы органы болып табылады. Қазіргі уақытта топ құрамында БП-ға қатысушы барлық елдердің өкілдері, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың бірқатар өкілдері консультациялық мүше ретінде жұмыс істейді. Топ өз мәжілісін кем дегенде жылына екі рет өткізеді. Топты Еуропалық комиссиядан келген Президент басқарады. Мәжілістер арасында — Бақылау тобының жұмысын Еуропалық комиссияға президенттік етуші елдің өкілі — төраға, білім министрлерінің кезекті кездесуін қамтамасыз ететін елдің өкілі —

щей в Европейской Комиссии, и вице-председателем — представителем страны, обеспечивающей очередную встречу министров образования. В целом, наблюдательную работу группы обеспечивает Секретариат, в состав которого входят представители страны, в которой будет проводиться следующая конференция министров. В странах-участницах БП существуют свои национальные рабочие группы по развитию БП.

вице-төраға басшылық ететін ВҒПС комитеті басқарады. Жалпы алғанда, топтың бақылау жұмысын Хатшылық қамтамасыз етеді, оның құрамына министрлердің келесі конференциясы өткізілетін елдің өкілдері кіреді. БП-ға қатысушы елдерде БП-ны дамыту жөніндегі өздерінің ұлттық жұмыс топтары жұмыс істейді.

**НАВЫК** — действие, сформированное путём повторения, характеризующееся высокой степенью освоения.

**МАШЫҚ** — қабылдаудың жоғары деңгейімен сипатталатын, қайталау жолымен қалыптасатын іс-әрекет.

**НАГЛЯДНОЕ ПОСОБИЕ** — пособие, содержание в котором передается в основном при помощи изображения.

**КӨРНЕКІ ҚҰРАЛ** — мазмұны негізінен бейнелер арқылы берілетін құрал.

**НАГЛЯДНОСТЬ** — важнейшее средство обучения. Обеспечивается применением разнообразных иллюстраций, демонстраций, лабораторно-практических работ, использованием ярких примеров и жизненных фактов, применением наглядных пособий, диапозитивов, карт, схем и т. п.

**КӨРНЕКІЛІК** — оқытудың маңызды құралы. Түрлі иллюстрациялардың, демонстрацияларды, зертханалық-практикалық жұмыстарды, айқын мысалдар мен өмірлік фактілерді пайдаланумен, көрнекілік құралдарды, диапозитивтерді, карталарды, сызбаларды және т.б. қолданылумен қамтамасыз етіледі.

**НАДЕЖНОСТЬ ТЕСТОВЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ** — характеристика, показывающая точность измерения знаний заданиями теста.

**ТЕСТІЛЕУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ СЕНІМДІЛІГІ** — білімді тест тапсырмаларымен өлшеудің нақтылығын көрсететін сипаттама.

**НАИЛУЧШАЯ ПРАКТИКА** — усовершенствованные методы или инновационные процессы, надежная практика, которые в результате приводят к улучшению деятельности вуза в целом или отдельных его программ, обычно признаются коллегами из аналогичных вузов как «наилучшая практика». Наилучшая практика не обязательно означает образец или эталон, применение которого гарантирует улучшение деятельности вуза или действия отдельной программы. Скорее, она подразумевает идентификацию наилучшего подхода в определенной ситуации, поскольку и вузы и программы имеют существенные количественные и качественные различия.

**ЕҢ ҮЗДІК ПРАКТИКА** — әдетте ұқсас жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін әріптестері ең үздік практика деп мойындаған жоғары оқу орнының жалпы қызметін немесе оның жекелеген бағдарламаларын жақсартатын жетілдірілген әдістер немесе инновациялық процестер, сенімді деп танылады. Ең үздік практика жоғары оқу орнының қызметін немесе оның жекелеген бағдарламасын қолдануды жақсартуға кепілдік беретін үлгі немесе эталон дегенді білдірмейді. Жоғары оқу орындары мен бағдарламаларының маңызды сандық және сапалық айырмашылықтары болатындықтан ол белгілі бір жағдайда ең үздік көзқарасты бірдейлендіруді білдіреді.

**НАКОПЛЕНИЕ КРЕДИТОВ** — в накопительной системе кредитов для успешного завершения обучения в семестре, в учебном году или в целом по

**КРЕДИТТЕР ЖИНАҚТАУ** — семестрде, оқу жылында немесе толығымен оқу бағдарламасы бойынша оқуды табысты аяқтау үшін кредиттер жинақтау

учебной программе необходимо получить (зачесть) определенное число кредитов, устанавливаемое требованиями данной программы. Кредиты зачитываются (и накапливаются) только после того, как успешное достижение учащимся итогов обучения подтверждается контролем знаний. Обучающиеся могут использовать накопительную систему кредитов для перевода или накопления кредитов, зачтенных по программам с предписанием трудоемкости, или по другим программам в одной или разных организациях образования.

жүйесінде осы бағдарламаның талаптарында белгіленетін кредиттердің белгілі бір санын алу (есепке алу) қажет. Кредиттер білім алушының білімін бақылаумен расталған оқыту қорытындыларына табысты жеткеннен кейін ғана есептелінеді (және жинақталады). Білім алушылар бір немесе әртүрлі білім беру ұйымдарындағы еңбек сыйымдылығы көрсетілген бағдарламалар немесе басқа бағдарламалар бойынша есептелген кредиттерді аудару немесе жинақтау үшін жинақ жүйесін пайдалануы мүмкін.

**НАПРАВЛЯЮЩЕЕ УЧЕБНОЕ ЗАВЕДЕНИЕ** — учебное заведение, направляющее учащегося или преподавателя в другую организацию образования для кратковременного обучения, преподавания или выполнения научно- исследовательской работы.

**БАҒЫТТАУШЫ ОҚУ ОРНЫ** — оқушыны немесе оқытушыны басқа білім беру ұйымына қысқа мерзімге білім алу, оқыту немесе ғылыми-зерттеу жұмысын орындау үшін жіберетін оқу орны.

**НАРОДНАЯ ПЕДАГОГИКА** — 1) духовный феномен народа (эмпирические знания, сведения, идеи, представления, взгляды, установки воспитательных действий и т.д.); 2) пе-

**ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА** — 1) халықтың рухани феномені (эмпирикалық білімдер, мәліметтер, идеялар, көріністер, көзқарастар, тәрбие іс-әрекеттерін бекіту және т.б.; 2) түрлі халық-

дагогическая практика разных народов; 3) единство педагогической мысли и педагогической деятельности народа; 4) наука о народном воспитании.

**НАРОДНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — система воспитательных, учебных и культурно-образовательных учреждений и мероприятий. По структуре и целям имеет исторически конкретный характер, зависит от уровня экономического, социально-политического, культурного развития общества и соответствующих законодательных, финансовых, научных и организационно-педагогических мер.

**НАСИЛИЕ ФИЗИЧЕСКОЕ** — реальное или потенциальное причинение физического вреда, под которым понимается нарушение анатомо-физиологической целостности человека.

**НАСТАВНИЧЕСТВО** — процесс передачи опыта и знаний от старших к младшим членам общества. Форма взаимоотношений между учителем и учеником.

**НАУКА** — сфера человеческой деятельности, функцией которой является изучение законов

тардың педагогикалық практикасы; 3) халықтың педагогикалық ойлары мен педагогикалық қызметінің бірлігі; 4) халықтық тәрбие беру туралы ғылым.

**ХАЛЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ** — тәрбиелік, оқу және мәдени-танымдық мекемелер мен іс-шаралардың жүйесі. Құрылысы мен мақсаттары бойынша нақты тарихи сипатқа ие, қоғамның экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени дамуына және тиісті заңнамалық, қаржылық, ғылыми және ұйымдық-педагогикалық шараларға байланысты.

**ТӘН ЗОРЛЫҒЫ** — адамның анатомиялық-физиологиялық тұтастығының бұзылуы ретінде түсінілетін нақты немесе ықтимал тән зақымын келтіру.

**ТӘЛІМГЕРЛІК** — қоғамның үлкен мүшелерінің тәжірибе мен білімді кішілеріне беру процесі. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас нысаны.

**ҒЫЛЫМ** — табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеу, табиғи байлықтарды ұтымды

природы, общества и мышления, выработка и теоретическая систематизация объективных знаний о действительности в целях рационального использования природных богатств и эффективного управления обществом.

**НАУЧНАЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ СОБСТВЕННОСТЬ** — исключительное право физического и (или) юридического лица на результаты интеллектуальной творческой научной и (или) научно-технической деятельности.

**НАУЧНАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ШКОЛА** — научное сообщество, выполняющее исследовательскую функцию (создание нового знания), педагогическую функцию (передача знаний новым поколениям ученых) и создающее коммуникативное пространство для общения.

**НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — вид деятельности, связанной с изучением окружающей действительности с целью выявления особенностей,

пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу функциясы болып табылатын адам қызметінің саласы.

**ҒЫЛЫМИ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК** — жеке және (немесе) заңды тұлғаның зияткерлік шығармашылық ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне айрықша құқығы.

**ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕКТЕП** — зерттеу функциясын (жаңа білімді қалыптастыру), педагогикалық функцияны (білімді ғалымдардың жаңа буынына беру) орындайтын және қарым-қатынас үшін коммуникативтік кеңістік тудыратын ғылыми қоғамдастық.

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ** — зерделеніп отырған объектілерге, құбылыстарға (процестерге) тән ерекшеліктерді, заңдылықтар мен заңдарды анықтау мақса-

закономерностей и законов, присущих изучаемым объектам, явлениям (процессам), и использованием полученных знаний на практике.

**НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ПЕРСОНАЛ** — научно-исследовательский персонал высшего учебного учреждения университетского сектора образования.

**НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ РЕГИОН** — высокий уровень организации научного сообщества.

**НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ИНФОРМАЦИЯ (НПИ)** — система сведений об объектах и явлениях, используемых для организации и управления учебно-воспитательным процессом, образованием и педагогической наукой и распространяемых с помощью специальных изданий и технических средств. В функции НПИ входит: изучение запросов и формирование заказов на новые исследования, координация научно-исследовательских работ между различными организациями, сбор и обработка документов.

тымен қоршаған болмысты зерделеуге және алынған білімді практикада пайдалануға байланысты қызметтің түрі.

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ** — білім берудің университеттік секторындағы ЖОО-ның ғылыми-зерттеу қызметкерлер құрамы.

**ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ ӨҢІРІ** — ғылыми қоғамдастықты ұйымдастырудың жоғары деңгейі.

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АҚПАРАТ (ҒПА)** — оқу-тәрбие беру процестерін, білім беруді және педагогикалық білімді ұйымдастыру және басқару үшін қолданылатын және арнайы басылымдар мен техникалық құралдар көмегімен таралатын объектілер мен құбылыстар туралы мәліметтер жүйесі. ҒПА қызметіне төмендегілер енеді: мәселелерді зерттеу және жаңа зерттеулерге тапсырыстар қалыптастыру, түрлі ұйымдар арасындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру, құжаттарды жинау және өңдеу.

**НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — деятельность, направленная на получение и применение новых знаний для решения технологических, инженерных, экономических, социальных, гуманитарных и иных проблем, обеспечение функционирования науки, техники и производства как единой системы.

**НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ** — некоммерческая организация, осуществляющая деятельность в определенной области знания.

**НАЦИОНАЛЬНАЯ АККРЕДИТАЦИЯ** — аккредитация организации образования или образовательных программ национальными аккредитационными агентствами.

**НАЦИОНАЛЬНАЯ СИСТЕМА КВАЛИФИКАЦИЙ** — описание национальной системы образования, однозначно определяющее сущность и взаимосвязь всех уровней квалификации и иных возможных результатов обучения в единственной для данной страны схеме.

**НАЦИОНАЛЬНАЯ СИСТЕМА ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА**

**ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** — технологиялық, инженерлік, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және өзге проблемаларды шешу үшін жаңа білім алуға және оны қолдануға, ғылымның, техниканың және өндірістің біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған қызмет.

**ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ** — білімнің белгілі бір саласында ғылыми қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым.

**ҰЛТТЫҚ АККРЕДИТТЕУ** — ұлттық аккредиттеу агенттіктерінің білім беру ұйымдарын немесе білім беру бағдарламаларын аккредиттеуі.

**ҰЛТТЫҢ БІЛІКТІЛІК ЖҮЙЕСІ** — біліктіліктің барлық деңгейі мен оқытудың басқа да ықтимал нәтижелерінің арасындағы мән мен байланысты елдегі жалғыз сұлба бойынша анықтайтын ұлттық білім беру жүйесінің сипаттамасы.

**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ**

**ОБРАЗОВАНИЯ** — совокупность институциональных структур, процедур, форм и способов установления соответствия качества образования государственным общеобязательным стандартам образования, потребностям личности, общества и государства.

**НАЦИОНАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ ДОСТОЯНИЕ** — культурные ценности, имеющие особое значение для истории и культуры страны, включенные в Государственный реестр объектов национального культурного достояния.

**НАЦИОНАЛЬНЫЕ СОЮЗЫ СТУДЕНТОВ В ЕВРОПЕ** — ESIB является организацией, объединяющей 50 национальных союзов студентов из 37 стран. Первоначально организация возникла в 1982 г. на базе 7 национальных союзов студентов. Национальные союзы студентов открыты для всех студентов страны, независимо от их политических убеждений, религиозной, этнической или культурной принадлежности, сексуальной ориентации, социального по-

**ЖҮЙЕСІ** — білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институционалдық құрылымдары, рәсімдері, нысандары мен тәсілдерінің жиынтығы.

**ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ҚИЫНДЫЛЫҚ** — ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген, ел тарихы мен мәдениеті үшін айрықша мәні бар мәдени құндылықтар.

**ЕУРОПАДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ОДАҒЫ (ESIB)** — ESIB 37 ел студенттерінің 50 ұлттық одағын біріктіруші ұйым болып табылады. Алғашында ұйым 1982 жылы студенттердің 7 ұлттық ұйымының негізінде құрылды. Студенттердің ұлттық одақтары барлық елдің студенттері үшін саяси көзқарасына, діни, этникалық немесе мәдени тиістілігіне, жыныстық бағытына, әлеуметтік жағдайына қарамастан ашық. Одақтар жеке, тәуелсіз шешім қабылдай алады және

ложения. Союзы автономны и независимы в принятии решений и являются репрезентативными органами.

**НАЦИОНАЛЬНЫЕ ШКОЛЫ** — общеобразовательные учебные заведения, осуществляющие обучение на родном языке учащихся, имеющие специфические цели, учебный план и содержание образования.

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДОКЛАД О СОСТОЯНИИ ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН** — аналитический отчет (документ), характеризующий на основании отобранных индикаторов и показателей состояние и развитие системы образования республики по итогам каждого учебного года.

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ ОПЕРАТОР В СФЕРЕ ИНФОРМАТИЗАЦИИ** — юридическое лицо, созданное по решению Правительства Республики Казахстан, на которое собственником в лице государства возложены задачи по интеграции и обеспечению безопасности государственных информационных систем и государственных

репрезентативті орган болып табылады.

**ҰЛТТЫҚ МЕКТЕПТЕР** — өзіндік мақсаттары, оқу жоспарлары және білім мазмұны берілген оқушыларға ана тілінде оқытуды жүзеге асыратын жалпы білім беретін оқу орындары.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА** — іріктелген индикаторлар мен көрсеткіштердің негізінде әрбір оқу жылының қорытындылары бойынша республиканың білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуын сипаттайтын талдамалық есеп (құжат).

**АҚПАРАТТАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР** — Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, өзіне мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды интеграциялау, ақпараттандыру саласындағы бірыңғай техникалық саясатты іске асыруға қатысу

электронных информационных ресурсов, по участию в реализации единой технической политики в сфере информатизации, функции проектного интегратора инфраструктуры «электронного правительства».

жөніндегі міндеттер, «электрондық үкімет» инфрақұрылымының жобалық интеграторы функциялары жүктелген заңды тұлға.

**НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ** — высшее учебное заведение, деятельность которого признана важной для государства в целом, вследствие чего оно финансируется за счет государственного бюджета и контролируется правительством.

**ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТ** — қызметі жалпы мемлекет үшін маңызды деп танылған, осының нәтижесінде мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын және үкімет бақылайтын жоғары оқу орны.

**НАЧАЛЬНАЯ ШКОЛА** — школа, дающая : начальное общее образование в течение 5-6 лет, обычно в пределах 1-го-5-го, иногда 1-го – 6-го классов.

**БАСТАУЫШ МЕКТЕП** — әдетте, 1-5 сыныптар, кейде 1-ден – 6-сыныптар шегінде, 5-6 жыл бойы жалпы бастауыш білім беретін мектеп.

**НАЧАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — первая ступень общего образования, цель которой — освоение учащимися элементарных общеобразовательных знаний, обеспечивающих развитие у них познавательных способностей и социального общения.

**БАСТАУЫШ БІЛІМ** — мақсаты оқушыларға қарапайым жалпы танымдық білімді меңгерту болып табылатын, олардың танымдық қабілеттерінің дамуын және әлеуметтік қарым-қатынасты қамтамасыз ететін жалпы білімнің алғашқы сатысы.

**НАЧАЛЬНОЕ ОБЩЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — обязательная первая ступень общего образования и необходимое условие для продолжения обучения на

**ЖАЛПЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ** — жалпы білімнің міндетті алғашқы сатысы және жалпы білім беру орындарында келесі сатыларында оқыту-

последующих ступенях в общеобразовательном учреждении.

**НАЧИСЛЕННЫЕ КРЕДИТЫ** — трудоемкость уже изученной обучающимся части полной программы обучения, выраженная в кредитах.

**НЕАРТИКУЛИРУЕМЫЕ ЗНАНИЯ** — знания, которые не могут быть переданы непосредственно от учителя к ученику. Они могут быть «добыты» учеником лишь в ходе самостоятельной учебной деятельности по решению практических задач.

**НЕГОСУДАРСТВЕННЫЕ ВУЗЫ** — негосударственные высшие учебные заведения, имеющие лицензию и аккредитацию, осуществляющие подготовку студентов по психолого-педагогическим специальностям.

**НЕГОСУДАРСТВЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ УЧРЕЖДЕНИЯ** — принадлежащие отдельным лицам (частные) или общественным и религиозным организациям и объединениям учебные заведения и воспитательные учреждения.

ды жалғастыру үшін қажетті шарт.

**ЕСЕПТЕЛГЕН КРЕДИТТЕР** — толық, бағдарламаның білім алушылар игерген ауқымының кредиттермен көрсетілуі.

**АРТИКУЛЯЦИЯЛАНБАЙТЫН БІЛІМ** — мұғалімнен тікелей оқушыға берілмейтін білім. Оны практикалық міндеттерді шешу бойынша оқушылар оқу барысында өз бетімен ғана «жинай» алады.

**МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ** — лицензиясы бар және аккредиттелген психологиялық-педагогикалық мамандықтар бойынша студенттердің дайындығын жүзеге асыратын мемлекеттік емес жоғары оқу орындары.

**МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ** — жеке тұлғаларға (жеке меншік) немесе қоғамдық және діни ұйымдарға және бірлестіктерге тиісті оқу орындары мен тәрбие беру мекемелері.

**НЕДЕЕСПОСОБНОСТЬ** — признание судом невозможности лица, вследствие психического заболевания или слабоумия, понимать значения своих действий или руководить ими.

**НЕДОСТАТОЧНАЯ УСПЕВАЕМОСТЬ** — оценка успехов обучающегося за тот или иной период обучения по программе подготовки бакалавров, если получил средний балл ниже 2,0.

**НЕДОСТАЮЩИЕ СРЕДСТВА** — средства, дополняющие уже имеющиеся, которые организация образования получает или планирует получить в другом фонде или у другого грантодателя, и которые могут покрыть стоимость отдельных частей проекта.

**НЕЗАВЕРШЕННОЕ ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — незаконченное обучение по какой-либо программе образования, признаваемое полномочными органами страны в качестве высшего.

**НЕЗАВИСИМЫЙ УНИВЕРСИТЕТ** — высшее учебное заведение, деятельность которого финансируется и контроли-

**ҚАБІЛЕТСІЗДІК** — психикалық аурудың немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан азаматтардың өз іс-әрекеттерінің мәнін түсіне алмауы немесе оны басқара алмауы.

**ЖЕТКІЛІКСІЗ ҮЛГЕРІМ** — бакалаврды даярлау бағдарламасы бойынша қандай да бір кезеңде 2,0-ден төмен орта балл алған білім алушы үлгерімінің бағасы.

**ЖЕТІСПЕЙТІН ҚАРАЖАТ** — білім беру ұйымы басқа қордан немесе басқа грант берушіден алатын немесе алуды жоспарлап отырған және жобаның жекелеген бір бөліктерінің құнын жабатын қолдағы бар қаражатты толықтыратын қаражат.

**АЯҚТАЛМАҒАН ЖОҒАРЫ БІЛІМ** — елдің өкілетті органдары жоғары білім ретінде таныған қандай да бір білім беру бағдарламасы бойынша аяқталмаған оқу.

**ТӘУЕЛСІЗ УНИВЕРСИТЕТ** — қызметін жеке тұлғалар, компаниялар немесе компаниялар тобы қаржыландыратын және

руется частными лицами, компанией или группой компаний. Название, как правило, подчеркивает независимость от каких-либо идеологических организаций.

бақылайтын жоғары оқу орны. Атауы, әдетте, қандай да бір идеологиялық ұйымдарға тәуелді еместігін білдіреді.

**НЕЙРОПСИХОЛОГИЯ** — отрасль психологии, изучающая мозговую основу психических процессов и их связь с отдельными системами головного мозга.

**НЕЙРОПСИХОЛОГИЯ** — психикалық процестердің ми негізін және олардың бас миының жеке жүйелерімен байланысын зерттейтін психология саласы.

**НЕОБХОДИМАЯ ПРЕДПОСЫЛКА** — любые предварительные условия или специфические курсы, которые должны быть изучены перед допуском к изучению другой дисциплины, предмета, а также к другой программе или ее части.

**ҚАЖЕТТІ АЛҒЫШАРТ** — басқа пәнді үйренуге, сондай-ақ басқа бағдарламаға немесе оның бір бөлігіне кірісу алдында оқылуы тиіс алдын ала қойылатын шарттар немесе өзіндік курстар.

**НЕПОЛНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА** — школа, дающая образование по уровню между начальным и средним полным в течение 3 лет, обычно в пределах VII-го- IX-го классов.

**ТОЛЫҚ ЕМЕС ОРТА МЕКТЕП** — бастауыш және толық орта білім арасындағы деңгей бойынша 3 жыл ішінде, әдетте, VII-IX сыныптар шегінде білім беретін мектеп.

**НОМЕР ЛИЧНОГО ДЕЛА ОБУЧАЮЩЕГОСЯ** — буквенный, цифровой или смешанный индекс, под которым обучающийся занесен в официальные списки образовательного учреждения (в американ-

**БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ІС НӨМІРІ** — білім алушыны білім беру мекемесінің ресми тізіміне енгізу үшін қолданылатын әріп, сандық немесе аралас индекс (американдық білім беру мекемелерінде

ских образовательных учреждениях в качестве такого индекса часто используется номер социального страхования).

**НОСИТЕЛЬ ЗНАНИЯ** — человек, человечество, живая и неживая природа. Книга, компьютер и т.д. являются посредниками (медиаторами) между носителем и получателем знаний и могут, в определенных случаях, выполнять функции носителей знаний.

**НОСТРИФИКАЦИЯ ДОКУМЕНТОВ ОБ ОБРАЗОВАНИИ** — в Казахстане — процедура, проводимая с целью определения эквивалентности документов, выданных гражданам, получившим образование в других государствах, в международных или иностранных учебных заведениях (их филиалах), созданных в Республике Казахстан. Нострификация означает полное правовое признание и приравнивание казахстанских дипломов к аналогичным документам об образовании других стран мира и наоборот. Это не только признание эквивалентности документов образования с точки зрения их

мұндай индекс ретінде әлеуметтік сақтандыру нөмірі жиі қолданылады).

**БІЛІМ ИЕСІ** — адам, адамзат, тірі және өлі табиғат. Кітап, компьютер және т.б. білім беруші мен білім алушы арасындағы дәнекер (медиатор) болып табылады және белгілі бір жағдайларда білім иесі функциясын атқара алады.

**БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫ НОСТРИФИКАТТАУ** — Қазақстанда – басқа мемлекеттерде және Қазақстан Республикасында құрылған халықаралық немесе шетел оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған азаматтарға берілген құжаттардың баламалығын анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім. Нострификаттау қазақстандық дипломдарды толығымен құқықтық тану және әлемнің өзге елдеріндегі білім туралы ұқсас құжаттарға және керісінше, әлемнің өзге елдеріндегі білім туралы ұқсас құжаттарды қазақстандық дипломдарға теңестіру дегенді білдіреді. Бұл

идентичности, а еще и подтверждение на юридическом международном уровне разноценности сравниваемых образовательных стандартов.

білім туралы құжаттарды бірдейлігіне қарай балама деп тану ғана емес, сондай-ақ салыстырылып отырған білім стандарттарының тән екенін халықаралық заңдық деңгейде растау.

# О

**ОБЕСПЕЧЕНИЕ КАЧЕСТВА** — всеобъемлющий термин, который относится к непрерывному постоянному процессу оценки (экономической оценки, мониторинга, поддержания на должном уровне и совершенствования) качества системы высшего образования, отдельных вузов, программ. Многие системы различают внутреннее обеспечение качества (т.е. внутривузовский процесс с целью мониторинга и улучшения качества высшего образования) и внешнее обеспечение качества (т.е. межинституциональные схемы обеспечения качества вузов и программ). Обеспечение качества отличается от аккредитации в том смысле, что первое является предпосылкой для послед-

**САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** — жоғары білім беру жүйесінің, жекелеген жоғары оқу орындарының, бағдарламалардың сапасын үздіксіз ұдайы бағалау процесіне (экономикалық бағалау, мониторинг, тиісті деңгейде ұстау және жетілдіру) қатысты барлығын қамтитын термин. Көптеген жүйелер сапаны ішкі қамтамасыз ету (яғни жоғары білім сапасын мониторингілеу және жақсарту мақсатындағы жоғары оқу орны ішіндегі процесс) және сапаны сыртқы қамтамасыз ету (яғни жоғары оқу орындары мен бағдарламалардың сапасын қамтамасыз етудің институционаларалық сұлбалары) болып бөлінеді. Сапаны қамтамасыз етудің аккредиттеуден айырмашылығы біріншісі соңғысының

ней. На практике связь между ними в разных странах трактуется по-разному. Оба этих понятия предусматривают различные последствия, такие, как способность вести работу и предоставлять образовательные услуги, способность присуждать официально признанные степени и право на получение финансовой помощи от государства. Обеспечение качества часто расматривается как составная часть управления качеством в высшем образовании, иногда эти термины используются как синонимы.

**ОБЗОР** — систематизированные сведения и научные обобщения о состоянии, тенденциях и прогнозах развития педагогической науки и образования.

**ОБЛАСТЬ ОБУЧЕНИЯ** — основные предметы или область основных дисциплин, которые необходимо изучить для получения документа об образовании.

**ОБРАБОТКА ИНФОРМАЦИИ** — сбор, хранение, обработка и воспроизведение данных средствами компьютерной техники.

алғышарты болып табылады. Іс жүзінде олардың арасындағы байланыс әр елде әртүрлі түсіндіріледі. Осы ұғымдардың екеуі де жұмыс жүргізу қабілеті мен білім беру қызметтерін ұсыну, ресми танылған дәрежелер беру қабілеті және мемлекеттен қаржылай көмек алу құқығы сияқты түрлі салдарларды көздейді. Сапаны қамтамасыз ету көбінесе жоғары білім берудегі сапаны басқарудың құрамды бөлігі ретінде қарастырылады, кейде бұл терминдер синоним ретінде қолданылады.

**ШОЛУ** — педагогикалық ғылым және білімнің даму тенденциясы мен болжамының күйі туралы жүйелендірілген мәліметтер мен ғылыми қорыту.

**ОҚЫТУ САЛАСЫ** — білім туралы құжатты алу үшін үйренуі қажет болатын негізгі пәндер немесе негізгі пәндер саласы.

**АҚПАРАТТЫ ӨҢДЕУ** — мәліметтерді компьютерлік техника құралдарымен жинау, сақтау, өңдеу және жаңғырту.

**ОБРАЗОВАНИЕ** — непрерывный процесс воспитания и обучения, целью которого является достижение высокого уровня нравственного, интеллектуального, культурного и физического развития и профессиональной компетентности членов общества.

**БІЛІМ БЕРУ** — қоғам мүшелерінің адамгершілік, зияткерлік, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбие беру және оқыту процесі.

**ОБРАЗОВАНИЕ ВЗРОСЛЫХ** — направление в образовании, обеспечивающее удовлетворение образовательных потребностей лиц, занятых самостоятельной профессиональной деятельностью.

**ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ** – дербес кәсіби қызметі бар адамдардың танымдық сұранысын қанағаттандыруды қамтамасыз ететін білім берудегі бағыт.

**ОБРАЗОВАНИЕ ДЛЯ ПОЛУЧЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ УЧЕНОЙ СТЕПЕНИ** — образование в высших учебных заведениях по программам подготовки в областях, требующих в дальнейшем высокой квалификации, например, в ветеринарии, медицине, стоматологии, фармации, юриспруденции и т.п.

**КӘСІПТІК ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕ АЛУ ҮШІН БІЛІМ АЛУ** — кейіннен жоғары деңгейден біліктілік талап етілетін салаларда, мысалы, ветеринария, медицина, стоматология, фармация, заң және т.б. салаларында дайындық бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарында білім алу.

**ОБРАЗОВАНИЕ КЛАССИЧЕСКОЕ** — тип общего среднего образования, предусматривающий систематическое изучение древних языков и математики в качестве главных предметов.

**КЛАССИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ** – негізгі пән ретінде ежелгі тілдер мен математиканы жүйелі оқытуды көздейтін жалпы орта білім түрі.

**ОБРАЗОВАНИЕ, МНОГОУРОВНЕВОЕ** — процесс, предполагающий завершенность профессиональной подготовки на каждом уровне, подтверждаемой соответствующим удостоверением: диплом о неполном высшем образовании, диплом бакалавра, диплом специалиста с высшим профессиональным образованием, диплом магистра.

**КӨПДЕҢГЕЙЛІ БІЛІМ БЕРУ** — әр деңгейде кәсіби дайындықтың аяқталғандығын білдіретін, аяқталмаған жоғары білім туралы диплом, бакалавр дипломы, жоғары кәсіби білімі бар маманның дипломы, магистр дипломы сияқты тиісті куәлікпен расталатын процесс.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ВЫСТАВКА** — выставка, на которой представлено для обозрения все, что разработано и произведено в системе образования (инновационные идеи и опыт, педагогические технологии, учебные программы, методические материалы и т.п.), а также продукция для обеспечения нормального функционирования этой системы (учебная и офисная мебель, средства коммуникации и связи, оборудование и материалы для учебного процесса и т.д.).

**БІЛІМ БЕРУ КӨРМЕСІ** — көрініске білім беру жүйесінде әзірленген және шығарылған өнімдер (инновациялық идеялар мен тәжірибелер, педагогикалық технологиялар, оқыту бағдарламалары, әдістемелік материалдар және т.б.) қойылатын көрме, сондай-ақ бұл жүйені дұрыс іске қосуды қамтамасыз етуге арналған өнімдер (оқу және кеңсе жиһаздары, коммуникация және байланыс құралдары, оқу процесіне арналған жабдықтар мен материалдар және т.б.).

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — процесс целенаправленного, педагогически обоснованного, последовательного взаимодействия

**БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ** — білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогикалық тұрғыда негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адам-

субъектов образования, в ходе которого решаются задачи обучения, развития и воспитания личности.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ МОДЕЛЬ** — образовательная система, включающая в себя общие цели и содержание образования, проектирование учебных планов и программ, модели группирования учеников, методы контроля и отчетность, способы оценки процесса обучения.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ** — системный метод планирования, применения, оценивания всего процесса обучения и усвоения знаний путем учета человеческих и технических ресурсов и взаимодействия между ними для достижения эффективной формы образования.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ СРЕДА** — информационное содержание и коммуникационные возможности локальных, корпоративных и глобальных компьютерных сетей, создаваемые и используемые для образовательных целей. Характеристиками среды

ды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс.

**БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІ** – құрамына білім берудің жалпы мақсаттары мен мазмұны, оқу жоспарлары мен бағдарламаларды жобалау, оқушыларды топтау моделдері, бақылау әдісі мен есеп беру, оқыту процесін бағалау тәсілі кіретін білім беру жүйесі.

**БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ** — білім берудің барлық процесін жоспарлау, қолдану, бағалау және білімді адами және технологиялық ресурстарды есепке алу жолымен меңгеру және білім берудің тиімді түріне қол жеткізу үшін олардың арасындағы өзара қатынас жасаудың жүйе әдісі.

**БІЛІМ БЕРУДІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОРТАСЫ** — білім беру мақсатына арналып жасалатын және қолданылатын жергілікті, бірлескен және ауқымды компьютерлік желілердің ақпараттық мазмұны, коммуникациялық мүмкіндіктері. Интеграциялылық (ме-

являются интегративность (метасреда), многоаспектность и мультикультурность (мультисреда), а также обширность (макросреда).

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРОСТРАНСТВО** — понятие, являющееся важной характеристикой образовательного процесса и отражающее основные этапы и закономерности развития образования как фундаментальной характеристики общества, пространство, объединяющее идеи образования и воспитания.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ** — общее название любого учебного учреждения, от начальной школы до университета, а также научно-исследовательского института, в котором имеется докторантура.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ** — документы, определяющие содержание образования всех уровней и направленности.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ СТАНДАРТЫ** — уровень требований и условий, охватывающий различные стадии образовательного процесса и обес-

таорта), көп аспектілік және мультимәдениеттілік (мультиорта), сондай-ақ көлемділік (макроорта) ортаның сипаттары болып табылады.

**БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІ** — білім беру процесінің маңызды сипаты болып табылатын және білім беруді дамытудың негізгі сатылары мен заңдылықтарын қоғамның негізгі сипаты ретінде көрсететін ұғым, білім беру идеялары мен тәрбиені біріктіретін кеңістік.

**БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ** — кез келген бастауыш мектептен бастап университетке дейінгі оқу мекемелерінің жалпы атауы, сондай-ақ докторантура бар ғылыми-зерттеу институты.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ** — барлық деңгейлер мен бағыттағы білім беру мазмұнын анықтайтын құжаттар.

**БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТТАРЫ** — білім беру процесінің түрлі сатыларын қамтитын және осы сатылар арасындағы байланысты қамтамасыз ететін

печивающий связь между этими стадиями. Существуют различные типы образовательных стандартов по отношению к ресурсам обучения, программам и результатам и, в целом, к выполнению студентом учебного плана (стандарты содержания, стандарты успеваемости, стандарты возможности обучения).

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ГРАНТ** — целевая сумма денег, предоставляемая обучающемуся на условиях, установленных законодательством Республики Казахстан, для оплаты профессионального образования.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ КРЕДИТ** — целевой кредит, предоставляемый обучающимся для оплаты профессионального образования.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ МОНИТОРИНГ** — систематическое наблюдение, анализ, оценка и прогноз состояния и динамики изменений результатов и условий осуществления образовательных процессов, контингента обучающихся, сети организаций образования.

талаптар мен шарттар деңгейі. Оқу ресурстарына, бағдарламаларға және нәтижелерге, жалпы алғанда студенттің оқу жоспарын орындауға қатысты білім беру стандарттарының әртүрлі типтері болады (мазмұн стандарттары, үлгерім стандарттары, оқу мүмкіндіктерінің стандарттары).

**БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫ** — кәсіптік білім алуға төлеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шарттармен білім алушыға берілетін ақшаның нысаналы сомасы.

**БІЛІМ БЕРУ КРЕДИТІ** — білім алушыларға кәсіптік білім алуға төлеу үшін берілетін нысаналы кредит.

**БІЛІМ БЕРУ МОНИТОРИНГІ** — білім беру процестерін жүзеге асырудың нәтижелері мен шарттарының, білім алушылар контингентінің, білім беру ұйымдары желісінің жай-күйін және өзгерістер серпінін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС** — совокупность учебно-воспитательного и самообразовательного процессов, направленная на решение задач образования, воспитания и развития личности в соответствии с государственным образовательным стандартом.

**БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ** — мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім беру, тәрбие беру және тұлғаның даму мәселелерін шешуге бағытталған оқу-тәрбие беру және өзіндік білім беру процестерінің жиынтығы.

**ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНЗ** — определенный уровень образования, достижение которого удостоверяется соответствующим документом.

**БІЛІМ БЕРУ ЦЕНЗІ** — жетістігі тиісті құжатпен куәландырылатын білім берудің белгілі бір деңгейі.

**ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ** — получение обучающей системой сведений о ходе процесса обучения, об усвоении обучаемым учебного материала, о результатах тестирования и выполнения практических заданий.

**КЕРІ БАЙЛАНЫС** — оқыту жүйесімен білім беру процесінің жүру барысы туралы, оқушының оқу материалын меңгеруі туралы, тестілеу нәтижесі және практикалық тапсырмаларды орындау туралы мәліметтер алу.

**ОБУСЛОВЛЕННОСТЬ** — 1) ограничение каким-либо условием; 2) причина чего-либо.

**ШАРТТЫЛЫҚ** — 1) қандай да бір шартпен шектеу; 2) бір нәрсенің себебі.

**ОБУЧАЕМЫЙ** — человек, который проходит обучение.

**БІЛІМ АЛУШЫ** — білім алуға келген адам.

**ОБУЧАЮЩАЯ СИСТЕМА** — человеко-машинный комплекс, работающий в диалоговом режиме и предназначенный для управления познавательной деятельностью.

**ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ** — диалогтік режимде жұмыс істейтін және танымдық қызметті басқаруға арналған адам-машина кешені.

**ОБУЧАЮЩАЯ СРЕДА** — процесс передачи знаний, фор-

**ОҚЫТУ ОРТАСЫ** — білім беру процесі, контентті берудің

ма, способ передачи контента и контроля за его результативностью, последовательностью и хронологией процесса.

**ОБУЧАЮЩЕЕ ЗАДАНИЕ** — задание, применяемое для активизации собственного учения, усвоения учебного материала, саморазвития.

**ОБУЧАЮЩИЙСЯ** — лицо, зачисленное в установленном порядке в учебное заведение для получения общего или профессионального образования по определенной образовательной программе. К обучающимся относятся: учащиеся, студенты, курсанты, аспиранты, докторанты, слушатели и др. категории обучающихся.

**ОБУЧАЮЩИЙСЯ ПО СОКРАЩЕННОЙ ПРОГРАММЕ (ЗАОЧНИК)** — обучающийся, выполняющий учебную нагрузку в меньшем объеме, чем обучающийся по очной форме обучения. В абсолютном большинстве стран иностранные обучающиеся не могут иметь данный статус.

**ОБУЧАЮЩИЙСЯ-СЛУШАТЕЛЬ** — обучающийся, не

және оның нәтижелілігін, дәйектілігін және процесс хронологиясын бақылау нысаны, тәсілі.

**ОҚЫТУ ТАПСЫРМАСЫ** — дербес оқуды, оқу материалын меңгеруді, өз бетімен дамуды белсендету үшін қолданылатын тапсырма.

**БІЛІМ АЛУШЫ** — бекітілген тәртіппен белгілі бір білім беру бағдарламасы бойынша жалпы немесе кәсіптік білім алу үшін оқу орнына қабылданған адам. Білім алушыларға оқушылар, студенттер, курсанттар, аспиранттар, докторанттар, тыңдаушылар және білім алушылардың басқа да санаттары жатады.

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША ОҚИТЫН БІЛІМ АЛУШЫ (СЫРТТАЙ ОҚИТЫН БІЛІМ АЛУШЫ)** — күндізгі оқу бөлімінде оқитын білім алушыға қарағанда оқу жүктемесін аз көлемде орындаушы білім алушы. Көптеген елдерде шетелдік білім алушылар мұндай мәртебеге ие бола алмайды.

**БІЛІМ АЛУШЫ-ТЫҢДАУШЫ** — білім беру мекемесінің

внесенный в официальные списки образовательного учреждения.

ресми тізіміне енгізілмеген білім алушы.

**ОБУЧЕНИЕ** — процесс передачи знаний от носителя (источника) к получателю или процесс формирования знаний на основе данных, поступающей на органы чувств. Обязательные элементы обучения — носитель знаний (контента), он же «учитель», получатель знаний, он же «ученик», знания (контент), способ движения знаний (метод, методика и каналы движения).

**ОҚЫТУ** — білім берушіден (білім көзінен) алушыға білім беру процесі немесе сезім органдарына келіп түскен мәліметтер негізінде білімнің қалыптасу процесі. Оқытудың міндетті элементтері – білім беруші (контент), ол — «мұғалім», білім алушы, ол — «оқушы», білім (контент), білімнің таралу тәсілі (әдіс, әдістеме және таралу арнасы).

**ОБУЧЕНИЕ ГРАМОТЕ** — обучение чтению и письму.

**САУАТТЫЛЫҚҚА ҮЙРЕТУ** – оқуға және жазуға үйрету.

**ОБУЧЕНИЕ ПО МЕСТУ РЕГИСТРАЦИИ** — понятие,связанное с тем, что многие зарубежные учебные заведения требуют, чтобы учащийся, поступивший на обучение переводом из другого образовательного учреждения, выполнил определенный объем учебной работы (сдал экзамены, получил оценки и кредиты) в том учебном заведении, чью степень или квалификацию желает получить переведенный учащийся.

**ТІРКЕЛУ ОРНЫ БОЙЫНША ОҚУ** — көптеген шетелдік оқу орындарының басқа білім беру мекемесінен ауысу арқылы оқуға түскен білім алушыдан ауысып келген білім алушы сол оқу орнында қандай дәреже немесе біліктілікті алуға ниеттенетін белгілі бір ауқымдағы оқу жұмысын орындауды талап етуін (емтихан тапсырғанын, баға мен кредит алғанын) білдіретін ұғым.

**ОБУЧЕНИЕ ПО СОКРАЩЕННОЙ ПРОГРАММЕ** —

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША**

форма обучения, не являющаяся основным видом деятельности обучающегося и не требующая выполнения полного объема нагрузки, предусмотренной основной программой обучения (основным учебным планом).

**ОБУЧЕНИЕ, ПРОГРАММИРОВАННОЕ** — один из видов обучения, осуществляемый по заранее составленной обучающей программе, которая реализуется обычно с помощью программированных учебников и обучающих машин.

**ОБЩЕЖИТИЕ** — здание или помещение с ванными комнатами (душевыми) и кухнями для проживания большого количества студентов в многоместных комнатах.

**ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА** — это образовательная программа, направленная на решение задач формирования общей культуры личности, ее адаптации к жизни в обществе, на освоения профессиональных образовательных программ.

**ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА** — учебное заведение,

**ОҚЫТУ** — білім алушының негізгі қызмет түрі болып табылмайтын және негізгі оқыту бағдарламасында (негізгі оқу жоспарында) көзделген толық жүктеме көлемін орындау талап етілмейтін оқу нысаны.

**БАҒДАРЛАМАЛАНҒАН ОҚЫТУ** – Алдын ала құрастырылған оқыту бағдарламалары бойынша жүзеге асырылатын, әдетте, бағдарламаланған оқулықтар мен оқыту машиналары көмегімен іске қосылатын оқытудың бір түрі.

**ЖАТАҚХАНА** — көп орынды бөлмелерде студенттердің көпшілігінің тұруына арналған жуыну бөлмелері (душ) және асүйлері бар ғимарат немесе үй-жай.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ** — тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, оның қоғамдағы өмірге бейімделу мәселелерін шешуге, кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеруге бағытталған білім беру бағдарламасы.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП** — бастауыш, негізгі

реализующее общеобразовательные учебные программы начального, основного среднего и общего среднего образования, а также учебные программы дополнительного образования обучающихся и воспитанников.

**ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ** — дисциплины, не являющиеся профилирующими и изучаемые, как правило, на первых курсах: математика, физика, химия, история, политология, социология, философия и т.п.

**ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРЕДМЕТЫ** — например, изучение иностранных языков, культуры, естественных наук и тому подобных предметов, которые не являются профильными для данной специальности.

**ОБЯЗАТЕЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ** — принцип организации системы образования: законодательное введение обязанности для детей определённого возраста посещать школу и получать образование установленного объёма и содержания.

**ОВЕРЛЕЙНАЯ МОДЕЛЬ ОБУЧАЕМОГО** — наиболее

орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ** — мамандыққа сай емес, әдетте, бірінші курстарда оқытылатын пәндер: математика, физика, химия, тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия және т.б.

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР** — осы мамандық үшін мамандыққа сай емес пәндер, мысалы, шет тілдерін, мәдениет, жаратылыстану ғылымдарын және т.б. оқу.

**МІНДЕТТІ ОҚЫТУ** — білім беру жүйесін ұйымдастыру қағидаты: белгілі бір жастағы балалар үшін мектепке бару және бекітілген өлшем мен мазмұнда білім алу міндетін заңналық түрде енгізу.

**БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ОВЕРЛЕЙЛІ МОДЕЛІ** —

простая для реализации модель обучаемого.

**ОДАРЕННОСТЬ** — качественно своеобразное сочетание способностей, которое обеспечивает успешность выполнения деятельности.

**ОЛИГОФРЕНОПЕДАГОГИКА** — наука о воспитании и обучении детей с нарушениями интеллекта, один из разделов коррекционной (специальной) педагогики.

**ОЛИМПИАДЫ, ПРЕДМЕТНЫЕ** — соревнования учащихся по общеобразовательным предметам, способствующие выявлению талантливых учащихся. О. позволяют учащимся проверить и критически оценить свои знания и способности.

**ОПЕКА** — правовая форма защиты прав и интересов детей, не достигших четырнадцати лет.

**ОПЕРАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ** — дисциплина, которая занимается теоретическими и практическими аспектами операционных систем и системного программирования.

білім алушы іске асыратын ең қарапайым модель.

**ДАРЫНДЫЛЫҚ** — іс-әрекеттің сәтті орындалуын қамтамасыз ететін мүмкіндіктердің сапалы өзіндік үйлесімі.

**ОЛИГОФРЕНОПЕДАГОГИКА** — интеллектісінде кемшіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту туралы ғылым, коррекциялық (арнайы) педагогиканың бір бөлімі.

**ПӘНДІК ОЛИМПИАДАЛАР** – жалпы білім беру пәндері бойынша талантты оқушыларды шығаруға мүмкіндік беретін оқушылар сайысы. Олимпиадалар оқушыларға өздерінің білімдері мен қабілеттерін тексеруге және бағалауға мүмкіндік береді.

**ҚОРҒАНШЫЛЫҚ** — он төрт жасқа толмаған балалардың құқығы мен мүддесін қорғаудың құқықтық нысаны.

**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР** — операциялық жүйелердің және жүйелік бағдарламалаудың теориялық және практикалық аспектілерімен айналысатын пән.

**ОПЫТ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ** — совокупность практических знаний, умений, навыков, приобретаемых педагогом в ходе повседневной учебно-воспитательной работы, основа профессионального мастерства учителя, один из источников развития педагогической науки.

**ОРГАНИЗАЦИИ КУЛЬТУРЫ** — юридические лица, созданные в соответствии с законодательством Республики Казахстан, основным предметом деятельности которых является осуществление деятельности в области культуры.

**ОРГАНИЗАЦИИ, ОСУЩЕСТВЛЯЮЩИЕ ФУНКЦИИ ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ РЕБЕНКА** — организации, независимо от организационно-правовой формы осуществляющие социальную поддержку, оказание социально-бытовых, медико-социальных, социально-педагогических, психолого-педагогических, правовых услуг и материальной помощи, социальной реабилитации детей, находящихся в трудной жиз-

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ** — күнделікті оқу-тәрбие беру жұмыстары барысында педагогтың жинаған практикалық білімдерінің, ептілігінің, машықтарының жиынтығы, мұғалімнің кәсіби шеберлігінің негізі, педагогика ғылымының дамуының қайнар көздерінің бірі.

**МӘДЕНИЕТ ҰЙЫМДАРЫ** — қызметінің негізгі нысанасы мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар.

**БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР** — ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, балаларды әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызмет көрсетулер мен материалдық көмек көрсетуді, өмірдегі қиын ахуалға тап болған балаларды әлеумет-

ненной ситуации, обеспечение занятости таких детей по достижении ими трудоспособного возраста.

**ОСНОВНАЯ ШКОЛА** — общеобразовательное учебное заведение, реализующее общеобразовательные программы начального и основного общего образования.

**ОСНОВНОЕ ОБЩЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — образование, полученное по общеобразовательной программе, не предусматривающей профессиональной специализации.

**ОСОБЫЕ ПОТРЕБНОСТИ** — включают более легкие состояния, по сравнению с инвалидностью, которые могут быть не столь очевидными или не распознанными до достижения детьми школьного возраста и включают неспособность к учебе, и до некоторой степени, связанные с этим поведенческие нарушения.

**ОСОБЫЙ РЕЖИМ ОБЪЕКТОВ НАЦИОНАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО ДОСТОЯНИЯ** — меры, принимаемые государством по сохранению,

тік оңалтуды, мұндай балалар еңбекке қабілетті жасқа жеткенде олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдар.

**НЕГІЗГІ МЕКТЕП** — бастауыш және негізгі жалпы білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын жалпы білім беретін оқу орны.

**ЖАЛПЫ НЕГІЗГІ БІЛІМ** — кәсіптік мамандандыруды көздемейтін жалпы білім беретін бағдарлама бойынша алынатын білім.

**ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕР** — мүгедектікке қарағанда мектеп жасына жеткенге дейін көзге түспейтін және біліне бермейтін елеусіз кемістіктер, бұған оқуға қабілетсіздік пен осыған байланысты мінез-құлықтың өзгеруі жатады.

**ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ АЙРЫҚША РЕЖИМІ** — тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау, ұстау, қал-

содержанию, восстановлению, охране и использованию объектов историко-культурного наследия.

пына келтіру, қорғау және пайдалану жөнінде мемлекет қабылдайтын шаралар.

**ОСТАТОЧНЫЕ ЗНАНИЯ** – знания, умения и навыки, которые сохранились у обучающегося после успешного завершения изучения всей программы обучения.

**ДАРЫҒАН БІЛІМДЕР** – оқытудың барлық бағдарламаларын сәтті аяқтағаннан кейін білім алушы игерген білімдер, ептіліктер мен машықтар.

**ОТВЕТ НА ЗАДАНИЕ** — суждение, связанное с содержанием задания.

**ТАПСЫРМА ЖАУАБЫ** — тапсырма мазмұнымен байланысты пайымдау.

**ОТКРЫТОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — современная модификация заочного обучения. Применяется преимущественно в высшем профессиональном образовании и в системе повышения квалификации. Поддерживается телевизионными учебными программами, радио и Интернетом.

**АШЫҚ БІЛІМ** — сырттай оқудың қазіргі заманғы түрлендірілген түрі. Жоғары кәсіптік білім беруде тиесілі және біліктілікті арттыру жүйесінде қолданылады. Телевизиялық оқу бағдарламаларымен, радио және Интернетпен сүйемелденеді.

**ОТКРЫТЫЙ УНИВЕРСИТЕТ** — особый вид организации образования, предлагающей программы самых различных уровней для получения открытого образования. Для поступления в открытый университет не требуется предъявлять какие-либо документы о предыдущем образовании.

**АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТ** — ашық білім алу үшін түрлі деңгейдегі бағдарламалар ұсынатын білім беру ұйымының ерекше түрі. Ашық университетке түсу үшін алдыңғы білімі туралы қандай да бір құжаттарды көрсету талап етілмейді.

**ОТЛОЖЕННЫЙ ЭКЗАМЕН ИЛИ ЗАЧЕТ** — специфическая оценка, применяемая в американской системе образования, которая выставляется обучающемуся, удовлетворительно выполнявшему все необходимые требования при изучении данного предмета, но который не сдал экзамена и соответственно, не получил кредиты из-за пропусков по уважительной причине (например, по болезни).

**КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ЕМТИХАН НЕМЕСЕ СЫНАҚ** — американың білім беру жүйесінде қолданылып жүрген, белгілі бір пәнді оқып-үйрену барысында барлық қажетті талаптарды қанағаттанарлықтай орындаған, бірақ емтихан тапсырмаған және тиісінше дәлелді себептерге байланысты (мысалы, ауруы бойынша) қатыспағандықтан кредит алмаған білім алушыға қойылатын өзіндік баға.

**ОТРАСЛЕВАЯ СИСТЕМА ПООЩРЕНИЯ** — форма морального стимулирования работников культуры и искусства за вклад в развитие отрасли.

**САЛАЛЫҚ КӨТЕРМЕЛЕУ ЖҮЙЕСІ** — саланы дамытуға қосқан үлесі үшін мәдениет және өнер қызметкерлерін моральдық ынталандыру нысаны.

**ОТЧИСЛЕНИЕ** — исключение из списков обучающихся организации образования.

**ОҚУДАН ШЫҒАРУ** — білім беру ұйымының білім алушылары тізімінен шығару.

**ОХРАНА ЗДОРОВЬЯ** — комплекс политических, экономических, медицинских, социальных и других мероприятий, направленных на обеспечение здоровья населения.

**ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ** — халықтың денсаулығын қамтамасыз етуге бағытталған саяси, экономикалық, медициналық, әлеуметтік және басқа да іс-шаралар кешені.

**ОХРАНА ЗДОРОВЬЯ МАТЕРЕЙ И ДЕТЕЙ** — система законодательных мер и практи-

**АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ** – әйел мен бала денсаулығын сақ-

ческих мероприятий, направленных на сохранение и укрепление здоровья женщин и детей.

**ОХРАНА ПРАВ ДЕТЕЙ** — комплексная система мер, направленная на охрану прав всех детей с особым акцентом на группы детей, находящихся в тяжелых жизненных ситуациях. К таким уязвимым группам относятся дети, живущие в бедности; дети, лишенные родительской опеки; дети с особыми потребностями и дети-инвалиды; дети-беженцы; дети, принадлежащие к меньшинствам и коренному населению; дети – жертвы вооруженных конфликтов; дети – жертвы насилия и дети в конфликте с законом. Эффективность охраны прав детей зависит от наличия законодательно-нормативной базы, соответствующей международным принципам и наилучшим интересам ребенка; государственных программ по охране прав детей, обеспеченных достаточным финансированием; единого органа, несущего ответственность и координирующего деятельность го-

тауға және нығайтуға бағытталған заңнамалық шаралар мен практикалық іс-шаралар жүйесі.

**БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ** — өмірдегі қиын ахуалға тап болған балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған іс-шаралардың кешенді жүйесі. Мұндай әлжуаз топтарға кедейшілікте өмір сүретін балалар; ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар, ерекше мұқтаждықтары бар балалар және мүгедек балалар; босқын балалар; азшылыққа және байырғы тұрғындарға жататын балалар; қарулы қақтығыс, зорлық құрбаны болған балалар, заңмен қақтығысушы балалар жатады. Бала құқықтарын қорғау тиімділігі халықаралық қағидаттар мен баланың ең ізгі мүдделеріне сәйкес келетін заңнамалық-нормативтік базаның; жеткілікті қаржыландыруды қамтамасыз етуші бала құқықтарын қорғаудың мемлекеттік бағдарламалардың, бала құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметіне жауап беретін және оны үйлестіруші

сударственных и негосударственных организаций по охране прав детей; уполномоченных служб, оказывающих профессиональные профилактические и реабилитационные услуги детям и их семьям; а также системы государственного и независимого мониторинга положения детей и охране их прав.

біртұтас органның; балалар мен олардың отбасыларына кәсіптік профилактикалық және қалпына келтіру қызметін көрсететін уәкілетті қызметтердің, сондай-ақ балалардың жай-күйі мен олардың құқығын қорғаудың мемлекеттік жүйесі мен тәуелсіз мониторингтің болуына байланысты.

**ОХРАНА ТРУДА НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ** — система обеспечения безопасности жизни, здоровья подростков и юношей в процессе их трудовой деятельности.

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІН ҚОРҒАУ** – жасөспірімдер мен бозбалаларды олардың еңбек қызметі барысында өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі.

**ОЦЕНИВАНИЕ** — установление значений количественного показателя в случаях, когда его нельзя измерить. Например, красота, сообразительность, вежливость, уровень подготовки и т.д.

**БАҒА БЕРУ** — өлшеу мүмкін болмаған жағдайда сандық көрсеткіштердің мәнін анықтау. Мысалы, сұлулық, зеректілік, сыпайылық, дайындық деңгейі және т.б.

**ОЦЕНКА** — 1) процесс систематического сбора, накопления и использования информации для выработки суждения об эффективности и соответствии цели обучения высшего учебного заведения в целом (институционалная оценка) или

**БАҒАЛАУ** — 1) тұтастай жоғары оқу орнының (институционалды бағалау) немесе жекелеген бағдарламалардың (бағдарламаны бағалау) оқыту тиімділігі мен мақсатқа сәйкестігі туралы пікір қалыптастыруға арналған ақпараттарды

отдельных программ(оценка программы); 2) процесс проверки конечных знаний студента по заранее разработанной схеме с целью улучшения обучения и развития студентов, а также повышения эффективности преподавания.

жүйелі түрде жинау, жинақтау және пайдалану процесі; 2) студенттердің оқуы мен дамуын жақсарту, сондай-ақ оқыту тиімділігін арттыру мақсатында алдын ала әзірленген сұлба бойынша студенттің алған білімінің нәтижесін тексеру процесі.

**ОЦЕНКА КАЧЕСТВА** — полный процесс внешней оценки (изучение, измерение, суждение) качества высшего учебного заведения или программы. Он состоит из тех методов, механизмов и действий, которые осуществляются внешним органом для того, чтобы дать оценку качеству учебного процесса, организации практики, программ и услуг в высшем учебном заведении. При определении концепции оценки качества на первый план выходят следующие аспекты: контекст (национальный, институциональный) методы (самооценка, оценка внешних экспертов, работа комиссии в самом вузе), механизмы (поощрения, политика, структуры, культура), система ценностей, связанных с оценкой качества (ака-

**САПАНЫ БАҒАЛАУ** — жоғары оқу орнының немесе бағдарламаның сапасын сырттай бағалаудың (зерттеудің, өлшеудің, пайымдаудың) толық процесі. Ол жоғары оқу орнындағы оқу процесінің сапасын, практиканы, бағдарламалар мен қызметтерді ұйымдастыруды бағалау үшін сыртқы органдар жүзеге асыратын әдістерден, тетіктер мен әрекеттерден тұрады. Сапаны бағалау тұжырымдамасын анықтау кезінде алдыңғы қатарға мынадай аспектілер шығады: контекст (ұлттық, институционалдық), әдістер (өзін-өзі бағалау, сыртқы сарапшылардың бағалауы, жоғары оқу орнының өзіндегі комиссияның жұмысы), тетіктер (көтермелеу, саясат, құрылымдар, мәдениет), сапаны бағалаумен байланысты құнды-

демические ценности, традиционные ценности, сфокусированные в профессиональной сфере, управленческие, педагогические, ценности, связанные с выпускниками вуза).

**ОЦЕНКА КОНЕЧНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ** — процесс анализа, оценки и совершенствования специфических результатов, достигнутых вузом, чтобы продемонстрировать институциональную эффективность. Оценка может затрагивать деятельность преподавателей, зффективность институциональной практики и (или) функционирование отдельных кафедр, подразделений вуза или программ (например, проверка бюджета вуза, учебного плана по специальности и т.п.).

**ОЦЕНКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ** — определение степени соответствия уровня профессиональной подготовленности обучающихся организаций образования, реализующих профессиональные учебные про-

лықтар жүйесі (академиялық құндылықтар, кәсіби салаға бағытталған дәстүрлі құндылықтар, жоғары оқу орны түлектерімен байланысты басқарушылық, педагогикалық, құндылықтар).

**ТҮПКІЛІКТІ НӘТИЖЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ** — институционалдық тиімділігін көрсету үшін жоғары оқу орнының қол жеткізген өзіндік нәтижелерін талдау, бағалау және жетілдіру процесі. Бағалау оқытушылардың қызметіне, институционалдық практиканың тиімділігіне және (немесе) жекелеген кафедралардың, жоғары оқу орны бөлімшелерінің немесе бағдарламалардың жұмыс істеуіне (мысалы, жоғары оқу орнының бюджетін, мамандық бойынша оқу жоспарын және т.б. тексеру) қатысты болуы да мүмкін.

**КӘСІБИ ДАЯРЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ** — техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары білім алушыларының кәсіби даярлығы деңгейінің мемлекеттік

граммы технического и профессионального, послесреднего образования, требованиям, установленным государственными общеобязательными стандартами образования.

жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен белгіленген талаптарға сәйкес келу дәрежесін айқындау.

**ОЦЕНЩИК ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ДОКУМЕНТОВ** — специалист, готовящий и (или) принимающий решение о признании иностранных квалификаций.

**БІЛІМ БЕРУ ҚҰЖАТТАРЫН БАҒАЛАУШЫ** — шетелдік біліктілікті тану туралы шешім дайындайтын және (немесе) қабылдайтын маман.

**ОШИБКА ИЗМЕРЕНИЯ** — характеристика, показывающая разброс результатов тестирования.

**ӨЛШЕУДЕГІ ҚАТЕ** — тестілеу нәтижесін шашыраңқы етіп көрсететін сипаттама.

# П

**ПАКЕТ ИНФОРМАЦИИ ОБ ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ** — набор упорядоченной информации, включающий описание страны, климата, истории учебного заведения, структуры и содержания программ обучения, объяснение шкалы оценок и т.д., предназначенный обучающимся зарубежных учебных заведений, желающим обучаться в течение короткого (до года) периода в организации образования, ко-

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАР ПАКЕТІ** — ақпарат беріп отырған білім беру ұйымында қысқа мерзім ішінде (бір жылға дейін) оқуға ниет білдірген шетелдік оқу орындарының білім алушыларына арналған оқу орны орналасқан елдің сипаттамасын, ауа-райын, тарихын, оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнының сипаттамаларын, бағалау шкаласын түсіндіруді және т.б. қамти-

торая эту информацию предоставляет.

**ПАМЯТНИКИ АРХЕОЛОГИИ** — стоянки, городища, курганы, остатки древних поселений, укреплений, производств, каналов, дорог, древние места захоронений, каменные изваяния, наскальные изображения и надписи, участки исторического культурного слоя древних населенных пунктов и иные места, имеющие следы жизни и деятельности древнего человека.

**ПАМЯТНИКИ ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВА И АРХИТЕКТУРЫ** — архитектурные ансамбли и комплексы, исторические центры, кварталы, площади, улицы, остатки древней планировки и застройки городов и других населенных пунктов, сооружения гражданской, жилой, промышленной, военной, культовой архитектуры, народного зодчества, а также связанные с ними произведения монументального, декоративно-прикладного и садово-паркового искусства, природные ландшафты.

тын реттелген ақпарат жиынтығы.

**АРХЕОЛОГИЯ ЕСКЕРТКІШТЕРІ** — қала орындары, қорғандар, ежелгі қоныстардың, бекіністердің, өндірістердің орындары, арналардың, жолдардың сілемдері, ежелгі көму орындары, тас мүсіндер, жартастағы бейнелер, көне заттар, ежелгі елді мекендердің тарихи мәдени қабатының телімдері.

**ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН АРХИТЕКТУРА ЕСКЕРТКІШТЕРІ** — сәулет ансамбльдері мен кешендері, тарихи орталықтар, кварталдар, алаңдар, көшелер, ежелгі жобалар мен қалалар құрылыстарының және басқа да елді мекендердің орындары, азаматтық, тұрғын үй, өнеркәсіп, әскери, ғибадат ету сәулетінің, халық сәулетшілігінің құрылыстары, сондай-ақ олармен байланысты монументтік, сәндік қолданбалы және саяжай-бақ өнерінің туындылары, табиғи ландшафттар.

**ПАРАЛЛЕЛЬНЫЕ ЗАДАНИЯ** — задания с разным содержанием, но одинаковыми статистическими характеристиками.

**ПАРАЛЛЕЛЬ ТАПСЫРМАЛАР** — әртүрлі мазмұнды, бірақ статистикалық сипаттамасы бірдей тапсырмалар.

**ПАРАЛЛЕЛЬНЫЕ ТЕСТЫ** — тесты, составленные из параллельных заданий.

**ПАРАЛЛЕЛЬ ТЕСТІЛЕР** — параллель тапсырмалардан құралған тестілер.

**ПАССИВ** — все, что выплачивает учебное заведение при выполнении образовательного проекта: оплата аренды, транспорта, стоимости материалов, выплаты по кредитам и ссудам, плата за отопление, телефон, электричество и т.д.

**ПАССИВ** — білім беру жобасын орындау кезінде оқу орны төлейтін барлық төлемдер: жалға алу, көлік, материалдар құнының төлемдері, кредиттер мен несиелер бойынша төлемдер, жылу, телефон, электр энергиясы үшін төлемдер және т.б.

**ПАТРИОТИЗМ** — любовь к отечеству, к родной земле, к своей культурной среде.

**ПАТРИОТТЫЛЫҚ** — отанға, туған жерге, өзіңнің мәдени ортаңа деген махаббат.

**ПАТРОНАТ** — форма воспитания, при которой ребенок, оставшийся без попечения родителей, передается на воспитание в семью граждан по договору, заключаемому уполномоченным государственным органом и лицом (патронатным воспитателем), выразившим желание взять ребенка на воспитание.

**ПАТРОНАТ** — ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам (патронат тәрбиелеушісі) жасасатын шарт бойынша азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берген кездегі тәрбиелеу нысаны.

**ПЕДАГОГ** – лицо, ведущее практическую работу по воспитанию, образованию и обучению детей и молодёжи и имеющее специальную подготовку в этой области (учитель общеобразовательной школы, преподаватель профессионально-технического училища, среднего специального учебного заведения, воспитатель детского сада и т.д.).

**ПЕДАГОГИКА** — область научных исследований, связанных с воспитанием, обучением, образованием; специальность, квалификация, практическая деятельность по воспитанию, обучению, образованию; учебный предмет в составе среднего и высшего профессионального и послевузовского педагогического образования.

**ПЕДАГОГИКА ВЗРОСЛЫХ** — отрасль педагогической науки, изучающая закономерности воспитания, обучения, образования и самообразования взрослых людей в различных организационных формах.

**ПЕДАГОГИКА ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ** — отрасль педагоги-

**ПЕДАГОГ** – балалар мен жастарды тәрбиелеу, білім беру және оқыту бойынша практикалық жұмыстар жүргізетін және бұл салада арнайы дайындығы бар адам (жалпы білім беретін мектептің мұғалімі, кәсіптік-техникалық училище, арнайы орта оқу орнының оқытушысы, балабақша тәрбиешісі және т.б.).

**ПЕДАГОГИКА** — тәрбие берумен, оқытумен, білім берумен байланысты ғылыми зерттеулер саласы; тәрбие беру, оқыту, білім беру бойынша мамандық, біліктілік, практикалық қызмет; орта және жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім беру құрамындағы оқу пәні.

**ЕРЕСЕКТЕР ПЕДАГОГИКАСЫ** — түрлі ұйымдастыру нысандарындағы ересек адамдардың өзіндік қалыптасу, білім беру, оқыту, тәрбие беру заңдылықтарын зерттейтін педагогикалық ғылым саласы.

**ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ** — жоғары

ческой науки, изучающая теоретические и практические проблемы высшего профессионального образования.

**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — разновидность профессиональной деятельности, направленная на передачу социокультурного опыта посредством обучения и воспитания.

**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ** — отрасль психологии, изучающая психологические проблемы обучения и воспитания.

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ ОРГАНИЗАЦИИ** — научные учреждения (институты — НИИ, центры, кафедры высших педагогических учебных заведений), осуществляющие фундаментальные и прикладные исследования по проблемам педагогики.

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ КОЛЛЕКТИВ** — общность педагогов образовательного учреждения, объединённая на основе общих мировоззренческих взглядов, воспитательных целей и задач.

кәсіптік білім берудің теориялық және практикалық мәселелерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** — оқыту және тәрбие беру жолымен әлеуметтік мәдени тәжірибе беруге бағытталған кәсіптік қызмет түрі.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ** – оқыту мен тәрбие берудің психологиялық мәселелерін зерттейтін психология саласы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҰЙЫМДАРЫ** — педагогика мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми мекемелер (институттар – ҒЗИ, орталықтар, жоғары педагогикалық оқу орындарының кафедралары).

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМ** — білім беру мекемелеріндегі ортақ дүниетанымдық көзқарастар, тәрбие беру мақсаттары мен міндеттері негізінде біріккен педагогтар қауымы.

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС** — последовательная смена состояний педагогической системы.

**ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ** — процесс, происходящий между воспитателем и воспитанником в ходе учебно-воспитательной работы и направленный на развитие личности ребёнка. Педагогическое взаимодействие — одно из ключевых понятий педагогики и научный принцип, лежащий в основе воспитания.

**ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — система подготовки специалистов общего (дошкольного, начального, базового и среднего) образования. К работникам этой категории относятся также преподаватели профессиональных учебных заведений, педагогический персонал учреждений дополнительного образования детей, социальные работники и др. Иногда термином «Педагогическое образование» обозначается профессиональная подготовка всех лиц, причастных к образованию и воспитанию подрастающих поколений.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСС** — педагогикалық жүйе жай-күйінің дәйекті ауысып отыруы.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТ** — оқу-тәрбие беру жұмыстары барысында тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында болатын және бала тұлғасын дамытуға бағытталған процесс. Педагогикалық өзара іс-әрекет педагогиканың негізгі ұғымдарының және тәрбие беру негізінде жатқан ғылыми ұстанымның бірі болып табылады.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ** — жалпы (мектепке дейінгі, бастауыш, базалық және орта) білім беру мамандарын дайындау жүйесі. Бұл санат жұмыскерлерін сондай-ақ кәсіби оқу орындарының оқытушылары, балаларға қосымша білім беру орындарының педагогикалық қызметкерлер құрамы, әлеуметтік жұмыскерлер және т.б. жатады. Кейде «педагогикалық білім» термині өсіп келе жатқан ұрпақтың біліміне және тәрбиесіне қатысты барлық адамдардың кәсіби дайындығын білдіреді.

**ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБСЛЕДОВАНИЕ** — определение особенностей интеллектуального развития детей и их потенциальных возможностей к игровой деятельности, получению образования и общению с учетом возрастных нормативов для детей соответствующего возраста.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУ** — тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, балалардың зияткерлік жағынан даму ерекшеліктерін және олардың ойын ойнауға, білім алу мен қарым-қатынас жасауға әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау.

**ПЕДОЛОГИЯ** — направление в психологии и педагогике, ставившее целью объединить биологические, социологические, психологические и другие подходы к развитию ребёнка.

**ПЕДОЛОГИЯ** — бала дамуына қатысты биологиялық, әлеуметтік, психологиялық және басқа да жолдарды біріктіруді мақсат еткен психологиядағы және педагогикадағы бағыт.

**ПЕДОТРИБ** — учитель гимнастики в палестре.

**ПЕДОТРИБ** – палестрдегі гимнастика мұғалімі.

**ПЕРЕДАЧА РЕБЕНКА НА ВОСПИТАНИЕ** — подразумевает воспитание ребенка в другой семье, которое является временным по своему характеру, может продолжаться, в случае необходимости, до достижения ребенком совершеннолетия, но при этом оно не должно исключать возможности возвращения ребенка к его собственным родителям или его усыновления до наступления совершеннолетия.

**БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУГЕ БЕРУ** — ұғымы баланы басқа отбасына тәрбиелеуге беруді білдіреді, оның уақытша сипаты немесе керек жағдайда бала кәмелеттік жасқа толғанша ұзартылуы мүмкін, бірақ өз ата-анасына оралу немесе ол кәмелеттік жасқа толғанға дейін асырап алу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

**ПЕРЕПОДГОТОВКА** — практическое обучение с целью получения новой квалификации или специальности с выдачей диплома, удостоверяющего прохождение специалистом переподготовки.

**ПЕРИОД ВОЗМОЖНОГО ИЗМЕНЕНИЯ УЧЕБНОГО ПЛАНА ЗАНЯТИЙ** — время, в течение которого учащийся может заявить администрации организации образования о своем желании исключить или добавить в собственное расписание предметы, которые он собирается изучать в данном учебном периоде.

**ПЕРСОНАЛЬНЫЕ ДАННЫЕ (ЭЛЕКТРОННЫЕ ИНФОРМАЦИОННЫЕ РЕСУРСЫ ПЕРСОНАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА)** — сведения о фактах, событиях, обстоятельствах жизни физического лица и (или) данные, позволяющие идентифицировать его личность.

**ПИСЬМО-ЗАПРОС** — письмо, описывающее род деятельности организации образования и содержащее просьбу о выделении гранта, которое направля-

**ҚАЙТА ДАЯРЛАУ** — жаңа біліктілік немесе мамандық алу мақсатында маманның қайта даярлаудан өткенін растайтын диплом алу үшін практикалық оқыту.

**САБАҚТАРДЫҢ ОҚУ ЖОСПАРЫН ӨЗГЕРТУГЕ БОЛАТЫН КЕЗЕҢ** — оқушы білім беру ұйымының әкімшілігіне өзінің жеке кестесіне осы оқу кезеңінде оқитын пәндерді қосу немесе алып тастау туралы ниетін білдіре алатын уақыт.

**ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР (ДЕРБЕС СИПАТТАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР)** — жеке тұлға өміріндегі фактілер, оқиғалар, жағдайлар туралы мәліметтер және (немесе) оның жеке басын бірдейлендіруге мүмкіндік беретін деректер.

**СҰРАТУ ХАТ** — грантқа толық өтінім беру мүмкіндігі бар-жоғын анықтау үшін қаржыландыруды жүзеге асыратын ұйымға (мысалы, қандай да бір қорға)

ется в организацию, осуществляющую финансирование (иапример, в какой-либо фонд) с тем, чтобы выяснить, есть ли возможность подать полную заявку на грант.

жолданатын білім беру мекемесінің қызмет түрін сипаттайтын және грант бөлу туралы өтініш білдірілетін хат.

**ПЛАНИРОВАНИЕ КАЧЕСТВА** — планирование качества состоит из совокупности действий, которые устанавливаются цели и условия по отношению к качеству в высшем образовании и применению механизма системы качества. Планирование качества включает планирование продукта (идентификацию, классификацию и определение степени важности всех аспектов качества, а также постановку целей, установление условий для создания качества), управленческое и операционное планирование (включая его организацию и программирование), разработку планов качества и предусмотрение мер совершенствованию качества.

**САПАНЫ ЖОСПАРЛАУ** — сапаны жоспарлау жоғары білім берудегі сапаға және сапа жүйесі тетігін қолдануға қатысты мақсаттар мен шарттарды белгілейтін әрекеттер жиынтығынан тұрады. Сапаны жоспарлау өнімді жоспарлауды (сапаның барлық аспектілерін бірдейлендіру, жіктеу және маңыздылық дәрежесін анықтау, сондай-ақ мақсат қою, сапаның құрылуы үшін шарттар белгілеу), басқарушылық және операциялық жоспарлауды (оның ұйымдастырылуы мен бағдарламалануын қоса алғанда), сапа жоспарын әзірлеу мен сапаны жетілдіру шараларын көздеуді қамтиды.

**ПЛАНИРОВАНИЕ СЕМЬИ** — комплекс социальных, медицинских и воспитательных мер, помогающих семье родить здоровое потомство.

**ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУ** — отбасына дені сау ұрпақ әкелуге көмектесетін әлеуметтік, медициналық және тәрбиелік шаралар кешені.

**ПЛАТЕЖНЫЙ ШЛЮЗ** — информационная система, предназначенная для осуществления платежей при оказании транзакционных услуг.

**ТӨЛЕМ ШЛЮЗІ** — транзакциялық қызметтер көрсету кезінде төлемдерді жүзеге асыруға арналған ақпараттық жүйе.

**ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ** — вид дополнительного профессионального образования, обновление и углубление полученных ранее профессиональных знаний, совершенствование деловых качеств работников, удовлетворение их образовательных потребностей, связанных с профессиональной деятельностью.

**БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ** — қосымша кәсіптік білім түрі, бұрынғы кәсіптік білімді жаңарту және тереңдету, жұмыскерлердің іскерлік сапасын жетілдіру, кәсіби қызметпен байланысты олардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру.

**ПОДГОТОВИТЕЛЬНАЯ ШКОЛА** — школа, готовящая к поступлению в частную среднюю школу (в Великобритании) или в университет (в США).

**ДАЙЫНДЫҚ МЕКТЕБІ** — жеке меншік орта мектепке (Ұлыбританияда) немесе университетке (АҚШ-та) түсуге даярлайтын мектеп.

**ПОДГОТОВИТЕЛЬНЫЙ ФАКУЛЬТЕТ (КУРСЫ, ОТДЕЛЕНИЕ)** — учебное подразделение, реализующее программы предвузовской подготовки.

**ДАЙЫНДЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ (КУРСТАРЫ, БӨЛІМІ)** — жоғары оқу орны алдындағы дайындықты іске асыратын оқу бөлімшесі.

**ПОДРОСТОК** — согласно определению ООН, это лица в возрасте от 10 до 19 лет. Термин включает ранний, средний и старший подростковый возраст.

**ЖАСӨСПІРІМ** — БҰҰ анықтамасына сәйкес, бұлар 10-19 жас аралығындағы адамдар. Бұл терминге ерте, орта және үлкен жасөспірім жасы кіреді.

**ПОДЪЕМНЫЕ** — финансирование предназначенный для помощи учебному заведению для того, чтобы начать свою деятельность или новый образовательный проект.

**КӨТЕРМЕЛЕУЛЕР** — өз қызметін немесе жаңа білім беру жобасын бастауға көмек ретінде оқу орындарына қаржыландыру.

**ПОЗНАВАТЕЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — деятельность обучаемого по усвоению учебного материала.

**ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТ** — білім алушының оқу материалын меңгеру бойынша қызметі.

**ПОЛНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА –** в Америке — школа, предоставляющая высший уровень среднего образования в течение 3-4 лет, обычно в IX-ом — XII-ом или X-ом — XIII-ом классах. В Великобритании — термин, который используется в названиях государственных или частных школ для того, чтобы подчеркнуть их престижность.

**ТОЛЫҚ ОРТА МЕКТЕП** – Америкада — 3-4 жыл ішінде, әдетте IX - XII-ші немесе X-XIII сыныптарда орта білім берудің жоғары деңгейін ұсынатын мектеп. Ұлыбританияда — мемлекеттік немесе жеке меншік мектептерінің атауларында олардың беделділігін көрсету үшін қолданылатын термин.

**ПОЛНОЕ СРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — образование по программам XII-ти или XIII-ти классов средней школы, гимназии, лицея, дающее право на поступление в высшее учебное заведение (во многих странах без каких-либо вступительных испытаний или, в крайнем случае, после тестирования).

**ТОЛЫҚ ОРТА БІЛІМ** — жоғары оқу орнына түсу (көптеген елдерде қандай да бір қабылдау сынақтарынсыз немесе тіпті болмағанда тестілеуден кейін) құқығын беретін орта мектеп, гимназия, лицейдің XII немесе XIII сыныптарының бағдарламалары бойынша білім алу.

**ПОЛНОМОЧНЫЙ ОРГАН ПО ПРИЗНАНИЮ ДО-**

**БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ТАНУ ЖӨНІНДЕГІ**

**КУМЕНТОВ ОБ ОБРАЗОВАНИИ** — организация, совет или специалист, официально уполномоченные принимать решение о признании иностранных квалификаций.

**ӨКІЛЕТТІ ОРГАН** — шетелдік біліктілікті тану туралы шешім қабылдайтын ресми уәкілетті ұйым, кеңес немесе маман.

**ПОЛНЫЙ ПАНСИОН** — система проживания в комнате на двух учащихся в общежитии колледжа или университета и питание — все по дешевым расценкам.

**ТОЛЫҚ ПАНСИОН** — ең арзан бағамен колледж немесе университеттің жатақханасында тамақтану және екі оқушыға арналған бөлмеде тұру жүйесі.

**ПОЛЬЗОВАТЕЛЬ** — субъект, обращающийся к информационной системе за получением необходимых ему электронных информационных ресурсов и пользующийся ими.

**ПАЙДАЛАНУШЫ** — өзіне қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге өтініш жасайтын және оларды пайдаланатын субъект.

**ПОЛЬЗОВАТЕЛЬ ИНФОРМАЦИОННЫХ РЕСУРСОВ, ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ И ИНФОРМАЦИОННЫХ УСЛУГ** — физическое или юридическое лицо, государственный орган или организация, пользующиеся информационными ресурсами и информационными системами в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, или по соглашению сторон.

**АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫ, АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУШЫ** — ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен немесе тараптардың келісімі бойынша пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган немесе ұйым.

**ПОПЕЧИТЕЛЬСТВО** — правовая форма защиты прав и

**ҚАМҚОРШЫЛЫҚ** — он төрт жастан он сегіз жасқа

интересов детей в возрасте от четырнадцати до восемнадцати лет.

**ПОРОГОВАЯ СИСТЕМА КОНТРОЛЯ** — в этой форме контроля знаний конкретные характеристики, способности, навыки, поведенческие единицы, оценки избираются в качестве критериальных, определяющих порог успешного «прохождения» данного контроля. При этом «недобор» по одному критериальному значению может компенсироваться успехом по другому. Такая система контроля обычно ассоциируется с «пороговым минимумом» достижения итогов обучения.

**ПОРТФОЛИО АККРЕДИТАЦИИ** — собрание данных, свидетельствующих о достижениях в определенных вопросах, особенно по отношению к образовательным стандартам. Эта деятельность осуществляется или уполномоченной организацией, или внешними экспертами.

**ПОСЕЩЕНИЕ ВУЗА КОМИССИЕЙ ВНЕШНИХ ЭКСПЕРТОВ** — компонент внешней оценки, который яв-

дейінгі балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны.

**БАҚЫЛАУДЫҢ ШЕКТІ ЖҮЙЕСІ** — білімді бақылаудың осы нысанында бақылаудан табысты «өту» шегін белгілейтін өлшемдер ретінде нақты сипаттамалар, қабілеттер, дағдылар, тәртіп бірліктері, бағалар алынады. Бұл ретте, бір өлшемдік мән бойынша «кем балл алу» басқа өлшемдердегі жетістіктермен толтырылуы мүмкін. Бақылаудың мұндай жүйесі, әдетте, оқу қорытындыларына қол жеткізудің «шекті минимумымен» байланыстырылады.

**АККРЕДИТТЕУ ПОРТФОЛИОСЫ** — жекелеген мәселелерге, әсіресе білім беру стандарттарына қатысты жетістіктерді куәландыратын деректер жинағы. Бұл қызметті не уәкілетті ұйым, не сыртқы сарапшылар жүзеге асырады.

**СЫРТҚЫ САРАПШЫЛАРДЫҢ ЖОО-ға КЕЛУІ** — аккредиттеудің жалпы қабылданған процесінің бір бөлігі болып

ляется общепринятой частью процесса аккредитации. Однако он может быть инициирован самим учебным заведением. Внешние эксперты посещают вуз, чтобы проверить материалы самооценки вуза, провести собеседование с профессорско-преподавательским составом, студентами, персоналом и оценить качество и эффективность предоставляемых услуг, а также предложить рекомендации по их усовершенствованию.

**ПОСЛЕШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — любое образование, следующее за завершением неполного среднего образования, включающее профессиональное обучение, а также высшее профессиональное обучение неуниверситетского и университетского уровня.

**ПОСОБИЕ** — издание, предназначенное в помощь практической деятельности или овладению учебной дисциплиной.

**ПОТОК** — группа студентов, начавших изучение данной квалификационной программы или курса в одном и том же году.

табылатын, сыртқы баға берудің құрамдас бөлігі. Алайда, ол оқу орнының өзінің бастамасы бойынша келуі мүмкін. Сыртқы сарапшылар ЖОО-ның өз-өзіне баға беру материалдарын тексеруге, профессорлық-оқытушылық құраммен, студенттермен, қызметкерлер құрамымен сөйлесуге және де ұсынылатын қызметтердің сапасы мен тиімділігін бағалауға, сондай-ақ оларды жетілдіру бойынша ұсыныс ұсынуға келеді.

**МЕКТЕПТЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ** — кәсіптік оқуды, сондай-ақ университеттік емес және университеттік деңгейдегі жоғары кәсіптік оқуды қамтитын толық емес орта білім алғаннан кейінгі кез келген білім.

**ҚҰРАЛ** — практикалық қызметке немесе оқу пәнін меңгеруге көмек ретінде арналған басылым.

**ТОП** — белгілі біліктілік бағдарламаны немесе курсты оқуды бір жылы бастаған студенттер тобы.

**ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА, МЕМОРАНДУМ** — в международных отношениях (в том числе в сфере международного образования) — одна из форм дипломатической переписки, имеющая обычно менее важный характер, чем подписная или вербальная нота, записка с изложением запросов, являющихся предметом дипломатических переговоров, вручаемая в качестве самостоятельного документа без печати и подписи и не являющаяся обязательной для исполнения.

**ПРАВО ВЫБОРА** — возможность выбора учебных предметов в рамках одной дисциплины, предоставляемая обучающемуся организацией образования.

**ПРАВО НА ЗДОРОВЬЕ** — подразумевает систему мер, при которых все дети могут достичь по возможности наивысшего уровня здоровья и пользоваться наиболее совершенными услугами системы здравоохранения. Большинство стран обязуются сокращать детскую смертность, развивать первичную медико-санитарную помощь,

**ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА, МЕМОРАНДУМ** — халықаралық қатынастарда (оның ішінде халықаралық білім беру саласында) — әдетте, жазба немесе вербальдық нотаға қарағанда онша маңызды емес дипломатиялық хат алмасудың бір түрі, дипломатиялық келіссөздер нысаны болып табылатын мәселелер баяндалған жазба, ол мөр басылмай әрі қол қойылмай дербес құжат ретінде беріледі және онда жазылғандарды орындау міндетті емес.

**ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫ** — білім алушыға білім беру ұйымы тарапынан берілетін бір пән аясындағы оқу пәндерін таңдау мүмкіндігі.

**ДЕНСАУЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ** – барлық балалардың мүмкіндігінше денсаулығының ең жоғары деңгейіне жету және денсаулық сақтау жүйесінің жақсы жетілген қызметін қолдана алу дегенді білдіреді. Көптеген елдер бала өлімін азайтуға, туғанға дейін және одан кейін қамқорлыққа алуды қамтамасыз етуге, алғашқы медициналық-са-

обеспечивать дородовой и послеродовой уход, распространять санитарную информацию и развивать профилактические службы.

**ПРАВО НА ОБРАЗОВАНИЕ** — цель образования в соответствии с пунктом 1(а) статьи 29 Конвенции о правах ребенка – это «развитие личности, талантов и умственных и физических способностей ребенка в их самом полном объеме». Право на образование включает обеспечение безопасной учебной обстановки, свободной от эксплуатации и дискриминации, и означает выработку у ребенка самоуважения, приобретение им базовых знаний и бытовых навыков, с тем, чтобы учение было позитивным и полезным. Поскольку Конвенция увязывает все права воедино, здесь учитываются такие факторы, как пол, состояние здоровья и питания, физические и умственные особенности, а также участие детей в содействии качественному образованию. Вопросам образования посвящены две статьи Конвенции. Статья 28 признает право ре-

нитарлық көмекті дамытуға, санитарлық ақпаратты таратуға және алдын алу қызметтерін дамытуға міндетті.

**БІЛІМ АЛУ ҚҰҚЫҒЫ** — Бала құқықтары туралы конвенциясының 29-бабының 1(а) тармағына сәйкес, білім алу мақсаты – «тұлғаның дамуы, баланың дарынды қабілеттерін, ақыл-ой және физикалық қабілеттіліктерін толық көлемде дамыту». «Білім алу құқығы» ұғымына қанау мен кемсітушіліктің азат қауіпсіздігі бойынша оқу жағдайын қамтамасыз ету кіреді. Бұл баланың өзіне деген құрмет, базалық білімі мен тұрмыстық дағдылар алу, оқудың оңтайлы әрі пайдалы болуын қамтамасыз етеді. Өйткені Конвенция барлық құқықтарды жинақтайды, мұнда жыныс, денсаулық жағдайы мен тамақтану, физиологиялық және ақыл-ой ерекшеліктері, сондай-ақ баланың сапалы білім алуына көмек сияқты факторлар ескерілген. Білім беру мәселелеріне Конвенцияның екі бабы арналған. 28-бап баланың білім алу құқығын

бенка на образование и требует обеспечивать бесплатное и обязательное начальное образование и защиту достоинства ребенка во всех дисциплинарных вопросах. Статья 29 призывает государство обеспечить образование с максимально возможным развитием способностей каждого ребенка и содействовать уважению родителей и культурной самобытности. В соответствии с Конвенцией правительства берут обязательства принимать меры по содействию регулярному посещению школ и снижению числа учащихся, покинувших школу.

мойындайды және тегін әрі міндетті бастауыш білім алу мен барлық тәртіптік мәселелерде бала абыройын қорғауды талап етеді. 29-бап мемлекеттерді әр баланың даму қабілеттері мүмкіндіктерімен бірге білім алуға және ата-аналарын құрметтеу мен мәдени дамуына көмек көрсетуге шақырады. Конвенцияға сәйкес үкімет мектептерге тұрақты бару мен мектепті тастағандар санын азайтуға көмек көрсетудің барлық шараларын қабылдауға міндетті.

**ПРАВОВОЕ ВОСПИТАНИЕ** — формирование правового сознания и поведения юного гражданина. Система правовое воспитание определяется характером и политикой государства. Правовое воспитание тесно связано с гражданским воспитанием.

**ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ** — жас азаматтың құқықтық санасы мен мінез-құлқын қалыптастыру. Құқықтық тәрбие беру жүйесі мемлекеттің сипатымен және саясатымен анықталады. Құқықтық тәрбие беру азаматтық тәрбие берумен тығыз байланысты.

**ПРАКТИКА УЧАЩЕГОСЯ** — часть процесса обучения, проводимая в реальных условиях организации или предприятия для того, чтобы помочь студенту сформировать

**ОҚУШЫ ПРАКТИКАСЫ** — студентке кәсіби сала туралы түсінікті қалыптастыруға көмек беру үшін, практикалық білім, дағдылары мен машықтары талап етілетін, сондай-ақ таңдап

представление о профессиональной сфере, требуемых практических знаниях, навыках и умениях, а также накопить опыт самостоятельной деятельности в выбранной области.

алынған саладағы қызметінде өз бетінше тәжірибе жинау үшін ұйым немесе кәсіпорынның нақты жағдайларында өткізілетін оқыту процесінің бөлігі.

**ПРАКТИКУМ** — учебное издание, содержащее практические задания и упражнения, способствующие усвоению пройденного.

**ПРАКТИКУМ** — өткенді меңгеруге себепші болатын практикалық тапсырмалар мен жаттығулар берілетін оқу басылымы.

**ПРАКТИЧЕСКИ ОРИЕНТИРОВАННЫЙ (ДИСЦИПЛИНА, ПРЕДМЕТ)** — термин, подразумевающий, что информация о сущности практической работы и о технике безопасности является неотъемлемой частью образования, дисциплины, предмета и т.д.

**ПРАКТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ (ПӘН)** — практикалық жұмыстың мәні мен қауіпсіздік техникасы туралы ақпаратты білім берудің, пәннің және т.б. ажырамас бөлігі ретінде түсіндіретін термин.

**ПРАКТИЧЕСКИЕ ЗАНЯТИЯ** – обучение, направленное на приобретение навыков и умений, проводимое непосредственно в организации образования.

**ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР** — тікелей білім беру ұйымдарында жүргізілетін дағдылар мен іскерліктерді алуға бағытталған оқыту.

**ПРЕДВУЗОВСКАЯ ПОДГОТОВКА** — подготовка обучающегося к поступлению в высшее учебное заведение.

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ АЛДЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ** — білім алушыны ЖОО-ға түсуге даярлау.

**ПРЕДВУЗОВСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — дополнительное после полного среднего обра-

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ АЛДЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ** — жоғары білімге қол жеткізу тап-

зование, направленное на подготовку обучающегося к поступлению в университет, в странах, где доступ к высшему образованию осуществляется только на основании представленных документов.

**ПРЕДДИПЛОМНАЯ ПРАКТИКА** — подготовка, направленная на приобретение практических навыков на рабочем месте, с одновременным сбором материалов для последующего написания тезисов, необходимых для получения соответствующей квалификации.

**ПРЕДДИПЛОМНОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ** — научно-исследовательская работа, результаты которой используются при написании дипломной работы (для бакалавров и магистров) или диссертации (для аспирантов и докторантов).

**ПРЕДМЕТ** — система знаний, умений и навыков, отобранных из определенной области науки, техники, искусства, производственной деятельности, предназначенную для изучения.

**ПРЕДМЕТЫ ПРЕДВУЗОВСКОЙ ПОДГОТОВКИ** — предметы, объединенные в

сырылған құжаттар негізінде ғана жүзеге асырылатын елдердегі білім алушыны университетке түсуге даярлауға бағытталған толық орта білімнен кейінгі қосымша білім.

**ДИПЛОМ АЛДЫНДАҒЫ ПРАКТИКА** — тиісті біліктілік алуға қажетті тезистер жазу үшін материалдар жинай отырып, жұмыс орнында практикалық дағдылар алуға бағытталған дайындық.

**ДИПЛОМ АЛДЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУ** — нәтижелері дипломдық жұмыс (бакалаврлар мен магистрлер үшін) немесе диссертация (аспиранттар мен докторанттар үшін) жазу кезінде қолданылатын ғылыми-зерттеу жұмысы.

**ПӘН** — оқып-үйренуге арналған ғылымның, техниканың өндірістік қызметтің белгілі бір саласынан таңдалып алынған білім, қабілет пен дағды жүйесі.

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ АЛДЫНДАҒЫ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНДЕРІ** — жоғары оқу

программу подготовки к поступлению в высшие учебные заведения, систематические занятия по которым помогают молодым людям получить углубленные знания, достаточные для успешной сдачи вступительных испытаний или для дальнейшего обучения в организации образования.

**ПРЕДПОЛАГАЕМЫЕ ИТОГИ ОБУЧЕНИЯ** — декларированный перечень того, что обучающийся должен изучить, освоить и продемонстрировать по завершению обучения. Перечень итогов обучения должен сопровождаться надлежащими критериями контроля знаний, которые можно использовать для определения, достигнуты ли выпускником итоги обучения. Перечень итогов обучения и критерии контроля определяют требования зачета кредита, тогда как система оценок базируется на более высоком или низком уровне результатов контроля знаний по отношению к требованиям зачета кредита. Накопление и перевод кредитов упрощаются, если в перечне итогов обуче-

орындарына түсуге дайындық бағдарламасына біріктірілген пәндер, жастарға қабылдау сынақтарын табысты тапсыруға немесе білім беру ұйымдарында одан әрі оқу үшін жеткілікті терең білім алуға көмектесетін жүйелік сабақтар.

**ОҚЫТУДЫҢ БОЛЖАМДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ** — білім алушының оқып-үйренуге, меңгеруге қажетті және оқудың соңында көрсетуге тиіс білімдердің мағлұмдалған тізбесі. Оқу қорытындыларының тізбесінде бітірушінің оқу қорытындыларына қол жеткізген-жеткізбегенін анықтау үшін қолдануға болатын білімді бақылаудың тиісті өлшемдері болуы қажет. Оқу қорытындыларының тізбесі мен бақылау өлшемдері кредитті есепке алу талаптарын анықтайды, ал бағалау жүйесі кредитті есепке алу талаптарына қарағанда білімді бақылау нәтижелерінің аса жоғары немесе төмен деңгейіне негізделеді. Егер оқыту қорытындылары тізбесінде қандай жетістіктер үшін қандай кредит

ния с достаточной точностью указано, за какие достижения какой кредит зачитывается.

есепке алынатыны айтарлықтай дәл көрсетілсе, кредиттерді жинақтау мен аудару жеңілдетіледі.

**ПРЕДПРОФИЛЬНАЯ ПОДГОТОВКА** — целенаправленная педагогическая поддержка выбора обучающимся основного среднего образования индивидуальной образовательной траектории.

**МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ АЛДЫНДАҒЫ ДАЯРЛЫҚ** — білім алушының жеке білім беру траекториясының негізгі орта білім беруді таңдауын мақсатты педагогикалық қолдау.

**ПРЕЗЕНТАЦИЯ** — официальное ознакомление, публичное открытие, представление чего-либо нового, недавно созданного, появившегося, опубликованного и т.п.

**ТҰСАУКЕСЕР** – ресми таныстыру, жарияланымдық ашылу, жақында жасалған, пайда болған, басылып шыққан және т.б. жаңа бір нәрсенің көрсетілімі.

**ПРЕПОДАВАНИЕ** — управление учебно-познавательной деятельностью обучаемых; один из компонентов процесса обучения.

**ОҚЫТУ** – оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқару, оқу процесі құрамдастарының бірі.

**ПРЕПОДАВАТЕЛЬ** — работник высших, средних специальных и профессионально-технических учебных заведений, ведущий к.-л. предмет и воспитательную работу (в общеобразовательной школе – учитель).

**ОҚЫТУШЫ** — қандай да бір пәнді және тәрбие жұмыстарын жүргізетін жоғары, арнайы орта және кәсіптік-техникалық оқу орнының қызметкері (жалпы білім беретін мектепте – мұғалім).

**ПРЕСС-РЕЛИЗ** — выпускаемый специально для работников средств массовой информации бюллетень правительственных учреждений, между-

**БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗІ** – дереу түрде жариялауға арналған материалдардан тұратын, арнайы бұқаралық ақпарат құралдары жұмыскерлеріне арналып шы-

народных организаций, пресс-центров, содержащий материал для срочной публикации.

ғарылатын үкіметтік мекемелердің, халықаралық ұйымдардың, баспасөз орталықтарының бюллетені.

**ПРИЕМ В ОРГАНИЗАЦИЮ ОБРАЗОВАНИЯ** — процедура отбора кандидатов для обучения, установленная правилами приема в организацию образования.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА ҚАБЫЛДАУ** — үміткерлерді білім беру ұйымына оқуға қабылдау ережесіне сәйкес іріктеу рәсімі.

**ПРИЕМНЫЕ ДЕТИ** — дети, которые находятся под опекой государства или частного агентства, занимающегося усыновлением(удочерением) и устройством детей в приемные семьи, но находящиеся на воспитании в семьях приемных родителей на краткосрочной, среднесрочной или долгосрочной договорной основе. Эти дети находятся в приемных семьях до воссоединения с биологическими родителями или до их усыновления (удочерения). Усыновление (удочерение) ребенка может иметь место или по добровольному согласию биологических родителей, или после решения суда о лишении родительских прав.

**АСЫРАП АЛҒАН БАЛАЛАР** — мемлекеттің, не асырап алумен айналысатын жеке агенттіктің қамқорлығында болса да қысқа мерзімді, орташа мерзімді, ұзақ мерзімді шарт негізінде асырап алған отбасында тәрбиеленетін балалар. Мұндай балалар асырап алған отбасыларында биологиялық ата-аналарына қосылғанға не асырап алынғанға дейін болады. Бала асырап алу биологиялық ата-анасының келісімі немесе ата-ана құқығынан айыру туралы сот шешімі шыққаннан кейін жүзеге асуы мүмкін.

**ПРИЗНАНИЕ** — формальное признание индивидуальной

**ТАНУ** — (I) жеке академиялық, немесе кәсіби біліктілікті;

академической или профессиональной квалификации; программ высшего учебного заведения или (III) агентств по обеспечению качества со стороны компетентного уполномоченного органа, который тем самым свидетельствует о наличии определенных стандартов.

(II) жоғары оқу орнының бағдарламаларын немесе (III) белгілі бір стандарттардың болуын растайтын құзырлы уәкілетті орган тарапынан сапаны қамтамасыз ету жөніндегі агенттіктерді формальді түрде тану.

**ПРИЗНАНИЕ ДЛЯ ВКЛЮЧЕНИЯ** — академическое признание документов об образовании, позволяющее включить часть или все признанные дисциплины в основную программу обучения.

**ҚОСУ ҮШІН ТАНУ** — оқытудың негізгі бағдарламасына танылған пәндердің барлығын немесе олардың бір бөлігін қосуға мүмкіндік беретін білім туралы құжаттарды академиялық тану.

**ПРИКЛАДНЫЕ НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ** — деятельность, направленная на получение и применение новых знаний для достижения практических целей и решения конкретных задач.

**ҚОЛДАНБАЛЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР** — практикалық мақсаттарға қол жеткізу және нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білім алуға және оны қолдануға бағытталған қызмет.

**ПРИНИМАЮЩЕЕ УЧЕБНОЕ ЗАВЕДЕНИЕ** — учебное заведение, принимающее учащегося или преподавателя из другой организации образования для кратковременного обучения, преподавания или выполнения научно-исследовательской работы.

**ҚАБЫЛДАУШЫ ОҚУ ОРНЫ** — басқа білім беру ұйымының оқушысын немесе оқытушысын қысқа мерзімдік оқыту, сабақ беру немесе ғылыми-зерттеу жұмысын орындау үшін қабылдайтын оқу орны.

**ПРИНЦИП УЧАСТИЯ** — предоставляет возможность детям участвовать в формировании общества, в котором они живут. Это включает выслушивание детей и уважения их взглядов. Дети должны иметь свое мнение в каждом аспекте жизни, который их касается, в семье, дома, в школе, в медико-санитарной помощи, в местном сообществе и в обществе.

**ПРИРОСТНЫЙ БЮДЖЕТ** — тип бюджета, который основывается на бюджете или финансировании образовательного проекта предыдущего года, к которому добавляется определенная поправка на инфляцию и другие факторы.

**ПРОГРАММА ОБУЧЕНИЯ НА ПРОФЕССИОНАЛЬНУЮ СТЕПЕНЬ** — программа обучения, окончившие которую получают профессиональную степень, например, доктора ветеринарии, медицины, права, стоматологии, фармации.

**ПРОГРАММИРОВАНИЕ** — дисциплина, которая занимается всеми аспектами программирования, такими, как вопросы разработки эффективных и

**ҚАТЫСУ ҚАҒИДАТЫ** — балаларға өздері өмір сүріп жатқан қоғамның қалыптасуына қатысуға мүмкіндік береді. Бұған балаларды тыңдау және олардың көзқарастарын сыйлау кіреді. Отбасында, үйде, мектепте медициналық-санитарлық көмек көрсетуде, жергілікті қоғамдастық пен қоғамда балалардың өзіндік ойлары болуы керек.

**ӨСІМ БЮДЖЕТІ** — инфляцияға және басқа да факторларға белгілі бір түзету енгізілетін өткен жылғы білім беру жобасының бюджетіне немесе қаржыландырылуына негізделетін бюджет түрі.

**КӘСІБИ ДӘРЕЖЕГЕ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ** — бітіргендерге кәсіби дәреже, мысалы, ветеринария, медицина, құқық, стоматология, фармация докторы дәрежесі берілетін оқу бағдарламасы.

**БАҒДАРЛАМАЛАУ** — тиімді және тұрақты бағдарламалық кешендерді әзірлеу мәселелерімен, алгоритмдер теорияларының практикалық жақтары, бағ-

устойчивых программных комплексов, практическими сторонами теории алгоритмов, проектирования программ (например, практикой спецификации и абстракции, декомпозиции и детерминации задач), теорией ошибок и методами оптимизации и т.д.

**ПРОГРАММНЫЙ ПРОДУКТ** — совокупность компьютерных программ, процедур, методик, правил и сопутствующей документации системы обработки информации.

**ПРОДЛЕННАЯ СЕССИЯ** – специфическая процедура, принятая, в частности, в американских образовательных учреждениях, когда недостаточно успевающему обучающемуся предоставляется определенный период времени для улучшения своей успеваемости.

**ПРОДОЛЖИТЕЛЬНОСТЬ АККРЕДИТАЦИИ** — решения по аккредитации принимаются на ограниченный период времени. Срок действия лицензии по аккредитации устанавливается аккредитационным агентством, которое име-

дарламаларды жобалау (мысалы, спецификация және абстракция практикасы, міндеттерді декомпозициялау және детерминациялау), қателер теориясы және оңтайландыру әдістері және т.б. сияқты бағдарламалаудың барлық аспектілерімен айналысатын пән.

**БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ӨНІМ** — ақпаратты өңдеу жүйесінің компьютерлік бағдарламаларының, рәсімдерінің, әдістемелерінің, ережелері мен жолдама құжаттамасының жиынтығы.

**ҰЗАРТЫЛҒАН СЕССИЯ** – үлгерімі нашарлау білім алушыға өз үлгерімін жақсарту үшін белгілі бір уақыт кезеңі берілетін, негізінен, американдық білім беру мекемелеріне тән арнайы рәсім.

**АККРЕДИТТЕУ ҰЗАҚТЫҒЫ** — аккредиттеу жөніндегі шешім шектеулі уақыт кезеңіне қабылданады. Аккредиттеу жөніндегі лицензияның қолданылу мерзімін осы мерзім аяқталғаннан кейін оны жаңғырту туралы шешім шығаруға

ет право по прошествии данного срока принять решение об ее возобновлении.

**ПРОДУКТИВНАЯ ПЕДАГОГИКА** — цель — не количество знаний, а умение добывать их, понять себя, оценить свои способности, безошибочно выбрать профессию (ознакомившись со многими).

**ПРОДУКТИВНОСТЬ В ОБУЧЕНИИ** — способность хорошо исполнять работу или достичь результата, не затрачивая лишних ресурсов, усилий, времени или средств (используя минимум ресурсов). Продуктивность в образовании может иметь физическое выражение (техническая) или денежное (экономическая). Продуктивность обучения достигается при условии, когда то же самое количество и стандарты образовательных услуг производятся с меньшими расходами.

**ПРОЕКТ** — предлагаемый план какой-либо деятельности, рассчитанный, обычно, на срок менее шести месяцев.

**ПРОЕКТНЫЙ ИНТЕГРАТОР ИНФРАСТРУКТУРЫ «ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИ-**

құқығы бар аккредиттеу агенттігі белгілейді.

**ӨНІМДІ ПЕДАГОГИКА** — мақсаты білім көлемі емес, керісінше оны меңгеру, өзін түсіне білу, өз қабілеттілігін бағалау, (бірнешеуімен таныса отырып) мамандықты қателеспей таңдау.

**ОҚЫТУДАҒЫ ӨНІМДІЛІК** — артық ресурстар, күш, уақыт немесе құралдар (мейлінше аз ресурстар қолдана отырып) жұмсамай, жұмысты жақсы орындау немесе нәтижеге қол жеткізу қабілеттігі. Білім берудегі өнімділік физикалық (техникалық) немесе ақшалай (экономикалық) мәні болуы мүмкін. Білім беру қызметтерінің саны мен стандарттары аз шығындармен жүргізілген жағдайда оқытудың өнімділігіне қол жеткізіледі.

**ЖОБА** — қандай да бір қызметтің, әдетте, алты айдан аспайтын мерзімге есептелген болжамды жоспары.

**«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ» ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ ИНТЕГРАТО-**

**ТЕЛЬСТВА»** — организация, осуществляющая проектно-организационные и технические мероприятия по обеспечению взаимодействия межведомственных информационных систем «электронного правительства».

**РЫ** — «электрондық үкіметтің» ведомствоаралық ақпараттық жүйелерінің өзара әрекеттестігі қамтамасыз ету жөніндегі жобалық-ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды жүзеге асыратын ұйым.

**ПРОЖИВАНИЕ В ОБЩЕЖИТИИ** — проживание обучающегося на территории колледжа или университета в студенческом общежитии.

**ЖАТАҚХАНАДА ТҰРУ** — білім алушының колледж немесе университет аумағындағы студенттік жатақханада тұруы.

**ПРОЖИВАНИЕ НА КВАРТИРЕ** — проживание иногороднего или иностранного обучающегося вне территории колледжа или университета.

**ПӘТЕРДЕ ТҰРУ** — басқа қаладан немесе шетелден келген білім алушының колледж немесе университет аумағынан тыс жерлерде тұруы.

**ПРОИЗВОДСТВЕННАЯ ПРАКТИКА** — практическая подготовка проводимая на производственных предприятиях с целью освоения практических навыков.

**ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА** — практикалық дағдыларды меңгеру мақсатында өндірістік кәсіпорындарда жүргізілетін практикалық дайындық.

**ПРОМЕЖУТОЧНАЯ АТТЕСТАЦИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ** — процедура, проводимая с целью оценки качества усвоения содержания части или всего объема одной учебной дисциплины после завершения ее изучения.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ** — бір оқу пәнінің оны бітіргеннен кейінгі бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

**ПРОМЕЖУТОЧНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ КОНТРОЛЬ** — один из видов независимого от организаций образования контроля за качеством обучения.

**МЕМЛЕКЕТТІК АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ** — оқыту сапасын білім беру ұйымдарына тәуелсіз бақылаудың бір түрі.

**ПРОМЕЖУТОЧНЫЙ ЭКЗАМЕН** — экзамен в середине семестра, триместра или четверти.

**АРАЛЫҚ ЕМТИХАН** — семестрдің, триместрдің немесе тоқсанның ортасындағы емтихан.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДИАГНОСТИКА** — определение потенциальных возможностей детей к усвоению и выполнению навыков трудовой деятельности или профессии с учетом имеющегося психического и (или) физического недостатка.

**КӘСІБИ ДИАГНОСТИКА** — бойындағы психикалық және (немесе) дене кемістігін ескере отырып балалардың еңбек қызметінің немесе кәсіптің дағдыларын меңгеру мен орындауға әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ОРИЕНТАЦИЯ** — предоставление информации и консультационной помощи обучающемуся в реализации его прав в области образовательных и профессиональных возможностей, свободном и осознанном выборе профессии и места учебы в соответствии с профессиональными интересами, индивидуальными способностями и психофизиологическими особенностями.

**КӘСІПТІК БАҒДАР** — білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА** – педагогика профессионального образования, профессионального воспитания, обучения, развития и решения педагогических задач в профессиональной деятельности.

**КӘСІБИ ПЕДАГОГИКА** – кәсіптік білім беру, кәсіби қызметтегі педагогикалық мәселелерді шешу және кәсіби тәрбие беру, оқыту, дамыту педагогикасы.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ШКОЛА** — среднее учебное заведение, реализующее образовательные программы общего среднего, начального профессионального образования и обеспечивающее подготовку работников квалифицированного труда по различным направлениям трудовой деятельности.

**КӘСІПТІК МЕКТЕП** — жалпы орта, кәсіптік бастауыш білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті еңбек жұмыскерлерін даярлауды қамтамасыз ететін орта оқу орны.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ** — часть системы профессионального образования, включающая в себя профессиональную подготовку, переподготовку и повышение квалификации специалистов технического, обслуживающего и управленческого труда.

**КӘСІПТІК ОҚЫТУ** — техникалық, қызмет көрсетуші және басқарушылық еңбек мамандарын кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтитын кәсіптік білім беру жүйесінің бір бөлігі.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ПРИЗНАНИЕ** — признание документа об успешном полном завершении обучения по образовательной программе, присуждении профессиональ-

**КӘСІБИ ТАНУ** — білім беру бағдарламасы бойынша оқуды табысты түрде толық аяқтағаны туралы, кәсіби біліктілік, академиялық атақ немесе дәреже берілгені туралы құжатты ше-

ной квалификации, академического титула или степени зарубежным образовательным учреждением, которое позволяет обладателю документа претендовать на профессиональный статус и получение рабочего места. Профессиональное признание означает право на практическую деятельность и подтверждение профессионального статуса носителя квалификации.

телдік білім беру мекемелерінің тануы, бұл құжат иесіне кәсіби мәртебе алуға және жұмысқа қабылдануға мүмкіндік береді. Кәсіби тану біліктілік иесіне практикалық қызметпен айналысу құқығы берілгендігін және кәсіби мәртебесінің расталуын білдіреді.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ЛИЦЕЙ** — учебное заведение, реализующее общеобразовательные учебные программы общего среднего образования и профессиональные учебные программы технического и профессионального образования по подготовке квалифицированных кадров технического и обслуживающего труда.

**КӘСІПТІК ЛИЦЕЙ** — жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті кадрларын даярлау жөнінде техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

**ПРОФЕССИЯ** — основной вид трудовой деятельности человека, право на занятие которым подтверждено соответствующим документом.

**МАМАНДЫҚ** — адамның еңбек жолының негізгі түрі, онымен айналысуға берілетін құқық тиісті құжатпен расталады.

**ПРОФЕССОРСКО-ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКИЙ СОСТАВ** — 1) совокупность персонала организации образования или

**ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМ** — 1) білім алушылармен оқу сабақтарын өткізетін білім беру

ее структурного подразделения, проводящего учебные занятия с обучающимися; 2) факультет, крупное структурное образовательное, исследовательское и административное подразделение организации образования, объединяющее несколько кафедр предлагающее различные формы обучения по нескольким связанным между собой направлениям.

ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшесі қызметкерінің жиынтығы; 2) факультет, бірнеше кафедраларды біріктіретін, өзара байланысты бірнеше бағыттар бойынша оқытудың әртүрлі нысандарын ұсынатын білім беру ұйымының ірі құрылымдық білім беру, зерттеу және әкімшілік бөлімшесі.

**ПРОФИЛАКТИКА ПРАВОНАРУШЕНИЙ СРЕДИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ И ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ ДЕТСКОЙ БЕЗНАДЗОРНОСТИ И БЕСПРИЗОРНОСТИ** — система правовых, педагогических и иных мер, направленных на предупреждение правонарушений, безнадзорности, беспризорности и антиобщественных действий среди несовершеннолетних, выявление и устранение причин и условий, им способствующих, осуществляемых в совокупности с индивидуальной профилактической работой с несовершеннолетними, родителями или другими законными представителями

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАДАҒАЛАУСЫЗ ЖӘНЕ ПАНАСЫЗ ҚАЛУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ** — кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алуға, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған, кәмелетке толмағандармен, кәмелетке толмағандардың оларды тәрбиелеу, оқыту немесе бағып-күту жөніндегі міндеттерін орында-

несовершеннолетних, не исполняющими обязанности по их воспитанию, обучению или содержанию либо отрицательно влияющими на их поведение, а также иными лицами, вовлекающими несовершеннолетних в совершение правонарушений или антиобщественных действий.

майтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарымен немесе басқа да заңды өкілдерімен, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды құқықбұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген өзге де адамдармен жеке профилактикалық жұмысты қоса жүзеге асыратын құқықтық, педагогикалық және өзге де шаралар жүйесі.

**ПРОФИЛЬ** — понятие «профиль» может быть отнесено как к специфике области изучения или квалификации (предметной области), так и к более широкому ряду областей, связанных общей направленностью или значимостью. Например, область прикладных технологических программ отличается от области теоретического академического обучения.

**БЕЙІН** — «бейін» ұғымы зерттеу саласының ерекшеліктеріне немесе біліктілікке (пәндік салада), сондай-ақ, жалпы бағыты немесе маңызы бір ауқымды салалар қатарына қатысты қолданылуы мүмкін. Мысалы, қолданбалы технологиялык бағдарламалар саласы теориялық академиялық оқыту саласынан ерекшеленеді.

**ПРОФИЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ** — процесс дифференциации и индивидуализации обучения, организации образовательного процесса с учетом интересов, склонностей и способностей обучающихся.

**БЕЙІНДІ ОҚЫТУ** — білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және даралау процесі, білім беру процесін ұйымдастыру.

**ПРОФКОМ** (сокращенное название профсоюзного комитета) – это руководящий орган низовой профсоюзной организации в вузах (объединяющей студентов) и некоторых других учреждениях. Его деятельность направлена на защиту рабочих прав трудящихся этого учреждения.

**ПРОЦЕДУРНАЯ ОБУЧАЮЩАЯ СИСТЕМА** — обучающая система, для поддержки процесса освоения неартикулируемой части знания.

**ПСИХИАТРИЧЕСКАЯ ПОМОЩЬ** — профилактика психических расстройств, обследование психического здоровья граждан, диагностика психических нарушений, лечение, уход, медицинская и социальная реабилитация лиц, страдающих психическими расстройствами.

**ПСИХИЧЕСКИЕ РАССТРОЙСТВА** — расстройства психической деятельности человека, обусловленные нарушением работы головного мозга.

**ПСИХИЧЕСКИЙ НЕДОСТАТОК** — временный или постоянный недостаток в раз-

**КӘСІПОДАҚ** (кәсіптік одақ комитетінің қысқартылған атауы) – жоғары оқу орындарындағы (студенттерді біріктіретін) және басқа да мекемелердегі төменгі кәсіптік одақтардың басқарушы органы. Оның қызметі осы мекеме еңбекшілерінің еңбек құқықтарын қорғауға бағытталады.

**ПРОЦЕДУРАЛЫҚ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ** — білімнің артикуляцияланбайтын бөлігін меңгеру процесін қолдауға арналған оқыту жүйесі.

**ПСИХИАТРИЯЛЫҚ КӨМЕК** — психика бұзылуының алдын алу, азаматтардың психикалық денсаулығын тексеру, психика бұзылуының диагностикасы, психикасының бұзылуынан зардап шегуші адамдарды емдеу, күту, медициналық және әлеуметтік жағынан оңалту.

**ПСИХИКАНЫҢ БҰЗЫЛУЫ** — адамның бас миы жұмысының бұзылуына байланысты психикалық қызметінің бұзылуы.

**ПСИХИКАЛЫҚ КЕМІСТІК** — адам психикасы дамуының және (немесе) жұмыс істеуінің

витии и (или) функционировании психики человека, включая: последствия сенсорных нарушений, нарушения речи, нарушения эмоционально-волевой сферы, последствия повреждения мозга, нарушения умственного развития, в том числе умственную отсталость, задержку психического развития и связанные с этим специфические трудности в обучении.

**ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — отрасль высшего образования, система подготовки специалистов-психологов для научной и практической деятельности в различных отраслях (образование, медицина, промышленность, спорт и др.).

**ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ОБСЛЕДОВАНИЕ** — определение особенностей психического состояния и потенциальных возможностей психического развития детей с ограниченными возможностями.

уақытша немесе тұрақты кемістігі, соның ішінде: сенсорлық бұзылыстардың салдары, сөйлеудің бұзылуы. эмоциялық-ерік жағының бұзылуы ми зақымдануының салдары, ақыл-ой дамуының бұзылуы, соның ішінде ақыл-ой жағынан кенжелеп қалу, психикалық дамуының тежелуі және осыған байланысты оқытудағы өзіндік қиындықтар.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ** — жоғары білім беру саласы, әртүрлі салалардағы (білім беру, медицина, өндіріс, спорт және т.б.) ғылыми және практикалық қызметтерге арналған психолог маман дайындау жүйесі.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУ** — мүмкіндігі шектеулі балалардың психикалық жай-күйінің ерекшеліктері мен психикалық дамуындағы әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау.

# Р

**РАБОТНИК** – физическое лицо, состоящее в трудовых отношениях с работодателем и непосредственно выполняющее работу по трудовому договору.

**ЖҰМЫСКЕР** – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға.

**РАБОТНИК КУЛЬТУРЫ** — физическое лицо, профессиональная деятельность которого связана с сохранением, развитием, распространением, использованием культурных ценностей и приобщением к ним граждан.

**МӘДЕНИЕТ ЖҰМЫСКЕРІ** — кәсіби қызметі мәдени құндылықтарды сақтаумен, дамытумен, таратумен, пайдаланумен және оларға азаматтарды тартумен байланысты болатын жеке тұлға.

**РАБОТНИК, ВНЕШТАТНЫЙ** — самостоятельно занятый работник, предлагающий свои услуги разным предпринимателям за определенный гонорар.

**ШТАТТАН ТЫС ЖҰМЫСКЕР** — өз қызметін түрлі кәсіпкерлерге нақты гонорарға ұсынатын өздігінен жұмыспен қамтылған жұмыскер.

**РАБОТНИКИ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ** — в высших учебных заведениях работает научно-педагогический (профессорско-преподавательский состав, научные работники), инженерно-технический, административно-хозяйственный, производственный и иной персонал. К профессорско-преподавательскому составу относятся должности декана

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ** — жоғары оқу орындарында ғылыми-педагогикалық (профессорлар - оқытушылар құрамы, ғылыми жұмыскерлер), инженерлік-техникалық, әкімшілік-шаруашылық, өндірістік және басқа да қызметкерлер құрамы жұмыс істейді. Профессорлар - оқытушылар құрамына факультет деканы, кафедра меңгерушісі ла-

факультета, заведующего кафедрой, профессора, доцента, старшего преподавателя, преподавателя и ассистента.

**РАБОТОСПОСОБНОСТЬ** — состояние здоровья, сила и способность, требующиеся для выполнения определенной работы.

**РАБОТОСПОСОБНЫЙ** — лицо, обладающее здоровьем, силой и способностью выполнять определенную работу.

**РАБОЧАЯ НЕДЕЛЯ** — установленная законом норма продолжительности рабочего времени в календарную неделю.

**РАБОЧЕЕ ВРЕМЯ** — время, в течение которого работник в соответствии с актами работодателя и условиями трудового договора выполняет трудовые обязанности, а также иные периоды времени, которые в соответствии с Трудовым Кодексом отнесены к рабочему времени.

**РАБОЧЕЕ ВРЕМЯ, НЕПОЛНОЕ** — время, продолжительность которого по соглашению между рабочим (служащим) и администрацией уменьшена против установленной законом

уазымдары профессорлар, доценттер, аға оқытушы, оқытушы және ассистенттер кіреді.

**ЖҰМЫСҚА ҚАБІЛЕТТІЛІК** — белгілі бір жұмысты орындау үшін қажетті денсаулық жағдайы, күш және қабілет.

**ЖҰМЫСҚА ҚАБІЛЕТТІ АДАМ** — белгілі бір жұмысты орындау үшін қажетті денсаулық жағдайы, күші және қабілеті бар адам.

**ЖҰМЫС АПТАСЫ** — күнтізбелік аптадағы заңмен белгіленген жұмыс уақытының нормасы.

**ЖҰМЫС УАҚЫТЫ** — жұмыскер жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт, сондай-ақ Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдері.

**ТОЛЫҚ ЕМЕС ЖҰМЫС УАҚЫТЫ** — жұмысшы (қызметші) мен әкімшілік арасындағы келісім бойынша заңда белгіленген нормаларға қарсы осы санаттағы жұмыскерлер

нормы для данной категории работников и для определенных условий труда. Отличается от сокращенной продолжительности рабочего времени тем, что является часть полной нормы (нормальной или сокращенной) продолжительности рабочего времени и поэтому оплачивается пропорционально проработанному времени.

үшін және еңбектің нақты жағдайлары үшін ұзақтығы қысқартылған уақыт. Қысқартылған жұмыс уақытынан айырмашылығы толық уақыт ұзақтығы нормасының (қалыпты немесе қысқартылған) бөлігі болып саналады және сондықтан жұмыс істеген уақытына пропорционалды ақы төленеді.

**РАБОЧЕЕ МЕСТО** — место постоянного или временного нахождения работника при выполнении им трудовых обязанностей в процессе трудовой деятельности.

**ЖҰМЫС ОРНЫ** — жұмыскердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде тұрақты немесе уақытша болатын орны.

**РАБОЧИЙ ГОД** — год в качестве рабочего или служащего на одном предприятии, в учреждении, исчисляемый со дня поступления на данное предприятие, учреждение (учитывается при определении права на ежегодный отпуск и его предоставлении); норма продолжительности рабочего времени данного календарного года.

**ЖҰМЫС ЖЫЛЫ** — бір кәсіпорында, мекемеде осы кәсіпорынға жұмысшы немесе қызметші ретінде тұрған күнінен бастап есептелетін жыл (жыл сайынғы демалысқа шығу құқығын анықтау және оны беру кезінде есепке алынады); осы күнтізбелік жылдағы жұмыс уақытының нормасы.

**РАБОЧИЙ ГРАФИК** — способ использования рабочего времени, при котором фиксируется начало и конец рабочего времени, в гибком рабочем графи-

**ЖҰМЫС КЕСТЕСІ** — жұмыс уақытының басы мен аяғы белгіленіп көрсетілетін жұмыс уақытын пайдалану әдісі, икемді жұмыс кестесінде

ке учитывается только продолжительность работы, тогда как часы работы могут видоизменяться в зависимости от складывающейся на работе ситуации, желания и возможностей самого работника.

**РАБОЧИЙ ДЕНЬ** — день работы согласно графику сменности или распорядку работы (в отличие от выходных и других нерабочих дней), установленная законом норма продолжительности ежедневной работы часов и минут рабочего времени в сутки.

**РАБОЧИЙ ТАБЕЛЬ** — применяются для учета использования рабочего времени работников организации, для контроля за соблюдением работниками установленного режима рабочего времени, для получения данных об отработанном времени, расчета заработной платы, а также для составления статистической отчетности по труду.

**РАЗВИВАЮЩЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — образование, получаемое путем обучения по специфическим программам, направленным на помощь обу-

жұмыстың ұзақтығы ғана ескеріледі, ал жұмыс сағаттары жұмыста қалыптасатын жағдайларға, жұмыскердің өзінің мүмкіндіктері мен қалауына байланысты өзгеріп тұрады.

**ЖҰМЫС КҮНІ** — ауысым кестесіне немесе жұмыс тәртібіне сәйкес жұмыс күні (демалыс және басқа да жұмыс істемейтін күндерден өзге); тәуліктегі жұмыс уақытының күнделікті жұмыс сағаттары мен минуттарының заңмен белгіленген нормасы.

**ЖҰМЫС ТАБЕЛІ** — ұйым жұмыскерлерінің жұмыс уақытын пайдалануын есептеу үшін, жұмыскерлердің белгіленген жұмыс уақыты тәртібін сақтауын бақылау үшін, жұмыс істелген уақыт жөнінде мәлімет алу үшін, жалақы есептеуге, сондай-ақ еңбек бойынша статистикалық есептілік жасау үшін пайдаланылады.

**ДАМЫТУШЫ БІЛІМ** — ерекше бағдарламалар бойынша оқыту арқылы кез келген жастағы білім алушыға көмек беруге бағытталған және олар-

чающимся любого возраста и образования в улушении их способностей в чтении, письме, математике, компьютерной грамотности и т.п., в том числе способностей, необходимых для выполнения профессиональной деятельности.

дың оқу, жазу, математика, компьютерлік сауаттылық және т.б., оның ішінде кәсіби қызметін орындауға қажет қабілеттерін жақсарту үшін алынатын білім.

**РАЗГОВОРНИК** — популярный двух или многоязычный языковой словарь, содержащий общебытовую лексику и фразеологию и служащий пособием для общения.

**ТІЛДЕСКІШ** — жалпы тұрмыстық лексика мен фразеологиядан тұратын және қарым-қатынас үшін құрал болып табылатын танымал екі немесе көптілді сөздік.

**РАЗДЕЛ КУРСА** — содержательно законченная, формально структурированная часть учебного курса. В разделе обязательно должны быть: соответствующий содержанию и четко определенный перечень итогов обучения, а также надлежащие критерии оценки знаний. Разные разделы курса могут иметь различное число кредитов.

**КУРСТЫҢ БӨЛІМІ** — оқу курсының мазмұны бойынша аяқталған, формальды түрде құрылымдалған бөлігі. Бөлімде мыналар болуы міндетті: мазмұнға сәйкес және оқыту қорытындысының нақты белгіленген тізбесі, сондай-ақ білімді бағалаудың тиісті өлшемдері. Курстың түрлі бөлімдерінің түрлі кредиттер саны түрліше болуы мүмкін.

**РАНГ ОБУЧАЮЩЕГОСЯ** — уровень успехов обучающегося по сравнению с другими, который выражается одной буквой или цифрой из установленного набора, используемого в каждой стране, а иногда и в

**БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ДӘРЕЖЕСІ** — әр елде, кейде бір ел ішіндегі әрбір оқу орындарында қолданылатын белгіленген жиынтықтағы бір әріппен немесе санмен көрсетілетін білім алушының басқалармен

каждом учебном заведении внутри страны.

**РАНГИ УСПЕХОВ УЧАЩИХСЯ, ПРИНЯТЫЕ В ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЕ ПЕРЕЗАЧЕТА КРЕДИТОВ** — вспомогательные уровни успехов обучающихся, принятые в рамках программы ЕСГ5 для пересчета уровня успеха учащегося, признанного в одной организации образования, в шкалу уровней, принятую в другом институте.

**РАНЖИРОВАНИЕ (ТАБЛИЦЫ РЕЙТИНГА)** — составление таблиц рейтинга – сложившаяся практика обозначения сравнительного уровня достижений организаций. Таким образом, все заинтересованные лица, потребители, политики получают информацию о различиях в качестве услуг нескольких аналогичных провайдеров. Таблицы рейтинга обычно публикуются в популярных газетах и журналах, специализированных изданиях, размещаются в Интернете.

**РАННЕЕ ВМЕШАТЕЛЬСТВО (РАННЯЯ ПОДДЕРЖКА)** —

салыстырғандағы жетістіктер деңгейі.

**КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУДІҢ ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН БІЛІМ АЛУШЫЛАР ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ ДӘРЕЖЕЛЕРІ** — бір білім беру ұйымында танылған оқушы жетістіктерінің деңгейін басқа институтта қабылданған шкала бойынша қайта есептеу үшін АСЕЖ бағдарламасы аясында қабылданған білім алушы жетістіктерінің қосалқы деңгейлері.

**ТЕҢЕСТІРУ (РЕЙТИНГ КЕСТЕСІ)** — рейтинг кестесін жасау — ұйым жетістіктерінің салыстырмалы деңгейін белгілеудің қалыптасқан практикасы. Осылайша, барлық мүдделі адамдар, тұтынушылар, саясаткерлер бірнеше ұқсас провайдерлердің қызметтер сапасындағы айырмашылықтар туралы ақпарат алады. Рейтинг кестелері, әдетте, танымал газеттер мен журналдарда, мамандандырылған басылымдарда жарияланады, Интернетте орналастырылады.

**ЕРТЕ ҚОЛҒА АЛУ (ЕРТЕ ҚОЛДАУ)** — психикалық-

социальная и медико-педагогическая коррекционная поддержка детей раннего возраста (до трех лет), включающая в себя скрининг психофизических нарушений, медицинскую психолого-педагогическую диагностику, лечение, развивающее обучение.

**РАСПИСАНИЕ УРОКОВ** – план школьных занятий учащихся в течение недели.

**РАСПРЕДЕЛЕНИЕ КРЕДИТОВ** — форма описания требований, предъявляемых к составлению учебного плана обучения, выражающаяся в том, что из общего количества кредитов, которые необходимо набрать для получения искомой квалификации, одна определенная часть должна быть получена за изучение дисциплин общеобразовательной группы, другая — за практику и т.д.

**РЕБЕНОК** — лицо, не достигшее восемнадцатилетнего возраста (совершеннолетия).

**РЕБЕНОК (ДЕТИ) С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ** — ребенок (дети) до восемнадцати лет с физическими и (или) психическими недостатками, имеющий огра-

дене бұзылыстары скринингін, медициналық психологиялық-педагогикалық диагностиканы, емдеуді, дамыта оқытуды қамтитын, сәби жастағы (үш жасқа дейінгі) балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау.

**САБАҚ КЕСТЕСІ** – оқушылардың апта бойындағы мектеп сабақтарының жоспары.

**КРЕДИТТЕРДІ БӨЛУ** — іздейтін біліктілікті алу үшін жинақталатын кредиттердің жалпы санынан көрінетін, оқу жоспарын құруға қойылатын талаптарды сипаттау нысаны. Кредиттің белгілі бір бөлігі жалпы білім беретін пәндер тобын оқығаны үшін, ал екіншісі практикалық жұмыстарға және т.б. беріледі.

**БАЛА** — он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам.

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛА (БАЛАЛАР)** — белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салда-

ничение жизнедеятельности, обусловленное врожденными, наследственными, приобретенными заболеваниями или последствиями травм, подтвержденными в установленном порядке.

**РЕБЕНОК ГРУППЫ «РИСКА»** — ребенок (дети) до трех лет, имеющий высокую вероятность отставания в физическом и (или) психическом развитии при отсутствии раннего вмешательства и оказания социальной и медико-педагогической коррекционной поддержки.

**РЕБЕНОК НА ВРЕМЕННОМ ПОПЕЧЕНИИ** — ребенок, переданный на попечение местного органа власти, чьи родители отказались от родительских обязанностей.

**РЕБЕНОК НА ИЖДИВЕНИИ** — ребенок, который находится на полном содержании другого лица, чья помощь является для него основным источником средств к существованию.

**РЕБЕНОК НА ПОПЕЧЕНИИ** – ребенок, брошенный своими родителями и переданный на

рынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

**«ҚАТЕР» ТОБЫНДАҒЫ БАЛА** — ерте қолға алынбағандықтан, әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау көрсетілмегендіктен, дене және (немесе) психикалық дамуында кенжелеп қалу ықтималдығы жоғары болатын үш жасқа дейінгі бала (балалар).

**УАҚЫТША ҚАМҚОРШЫЛЫҚТАҒЫ БАЛА** — ата-аналары өз міндеттерінен бас тартқан, жергілікті билік органдарының қамқоршылығына тапсырылған бала.

**БІРЕУДІҢ АСЫРАУЫНДАҒЫ БАЛА** — басқа бір адамның толық асырауындағы бала, оның көмегі бала үшін тіршілік қаражатының негізгі көзі болып табылады.

**ҚАМҚОРШЫЛЫҚТАҒЫ БАЛА** — ата-аналары тастап кеткен және жергілікті билік

попечение местного органа власти, зачастую по специальному постановлению.

**РЕБЕНОК, ОСТАВШИЙСЯ БЕЗ ПОПЕЧЕНИЯ РОДИТЕЛЕЙ**, — ребенок, который остался без попечения единственного или обоих родителей в связи с ограничением или лишением их родительских прав, признанием родителей безвестно отсутствующими, объявлением их умершими, признанием недееспособными (ограниченно дееспособными), отбыванием родителями наказания в местах лишения свободы, уклонением родителей от воспитания ребенка или от защиты его прав и интересов, в том числе при отказе родителей взять своего ребенка из воспитательного или лечебного учреждения, а также в иных случаях отсутствия родительского попечения.

**РЕБЕНОК-ИНВАЛИД** — лицо в возрасте до восемнадцати лет, имеющее нарушение здоровья со стойким расстройством функций организма, обусловленное заболеваниями,

органдарының қамқоршылығына көбіне арнайы қаулы бойынша тапсырылған бала.

**АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛА** — ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала.

**МҮГЕДЕК БАЛА** — тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, ақаулар-

травмами, их последствиями, дефектами, приводящее к ограничению жизнедеятельности и необходимости его социальной защиты.

**РЕБЕНОК-СИРОТА** — ребенок, у которого умерли оба или единственный родитель.

**РЕЖИМ ТРУДА И ОТДЫХА** — установленный в организации, распорядок, регламентирующий определенное чередование времени работы и отдыха на протяжении рабочей смены, недели, месяца и года.

**РЕЗЕРВ КАДРОВ** — часть персонала, проходящая планомерную подготовку для того, чтобы занять рабочие места более высокой квалификации.

**РЕЗИДЕНТУРА** — форма получения послевузовского углубленного медицинского образования по клиническим специальностям.

**РЕЗУЛЬТАТ НАУЧНОЙ И (ИЛИ) НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ** — объективированный результат научной и (или) научно-технической деятельности, со-

дан организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам.

**ЖЕТІМ БАЛА** — ата-анасының екеуі де немесе жалғызбасты ата-анасы қайтыс болған бала.

**ЕҢБЕК ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ТӘРТІБІ** — жұмыс ауысымы, аптасы, айы және жылы бойындағы ұйымда белгіленген жұмыс және демалыс уақыттарының белгілі бір кезегін реттейтін тәртіптеме.

**КАДРЛАР РЕЗЕРВІ** — қызметкерлер құрамының біліктілігі жоғарырақ жұмыс орындарын иелену үшін жоспарлы дайындықтан өтіп жатқан бір тобы.

**РЕЗИДЕНТУРА** — клиникалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу нысаны.

**ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕСІ** — ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің жаңа білімді немесе

держащий новые знания или новые решения, зафиксированный на любых носителях информации и предназначенный для применения.

**РЕЗУЛЬТАТ ОБУЧЕНИЯ** — знания, умения и навыки, которые реально получил обучаемый в ходе обучения.

**РЕЗЮМЕ** — самореклама специалиста, описание его сильных сторон, отвечающих требованиям организации, представляемая в организацию (на одной странице) при поиске работы. Задача работника при составлении резюме – представить в сжатом, конкретном, честном виде информацию о себе в ответ на запрос организации, используя избирательную информацию, относящуюся к сфере деятельности организации и активные глаголы при описании своей деятельности.

**РЕЙТИНГ ОБУЧАЮЩЕГОСЯ В КЛАССЕ ИЛИ ГРУППЕ** — место, которое занимает обучающийся по уровню учебных успехов в сравнении с другими обучающимися класса или группы.

жаңа шешімдерді қамтитын, кез келген ақпарат тасымалдаушыда тіркелген және қолдануға арналған объективтендірілген нәтижесі.

**ОҚЫТУ НӘТИЖЕСІ** — оқушының оқу барысында жүзеге асатындай алған білімдері,ептіліктері, машықтары.

**ТҮЙІНДЕМЕ** — маманның өзін-өзі жарнамалауы, жұмыс іздеу кезінде ұйымға беретін, ұйымның талаптарына сай келетін өзінің мықты жақтарын сипаттау (бір бет көлемінде). Түйіндеме жасау кезіндегі жұмыскердің міндеттері – ұйымның сұратуларына жауап ретінде ұйымның қызмет саласына қатысты мәліметтерді іріктей отырып және өз қызметін сипаттағанда белсенді етістіктерді пайдаланып, өзі туралы мәліметтерді қысқа, нақты, ашық түрде беру.

**БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ СЫНЫПТАҒЫ НЕМЕСЕ ТОПТАҒЫ РЕЙТИНГІ** — білім алушының сыныптағы немесе топтағы басқа білім алушылармен салыстырғандағы оқу жетістіктері деңгейі бойынша алатын орны.

**РЕКТОР** — лицо, осуществляющее непосредственное управление высшим учебным заведением, отвечающее за функционирование вуза в целом, за образовательную, финансово-экономическую и другую деятельность вуза.

**РЕКТОР** — жоғары оқу орнын тікелей басқаруды жүзеге асыратын, ЖОО-ның қызмет етуіне, жалпы алғанда білім беру, қаржы-экономикалық және басқа қызметіне жауап беретін тұлға.

**РЕФЕРАТ** – краткое изложение в письменном виде или в форме публичного выступления содержания прочитанной книги, научной работы; сообщение об итогах изучения научной проблемы; доклад на определённую тему.

**РЕФЕРАТ** – оқылған ғылыми жұмыс, кітап мазмұнын жазбаша түрдегі немесе көпшілік алдында қысқаша баяндау; ғылыми мәселені зерттеу қорытындысы туралы хабарлама; белгілі бір тақырыптағы баяндама.

**РЕШАТЕЛЬ ПРОБЛЕМ** — составная часть интеллектуальной обучающей системы, предназначенная для решения сгенерированного задания. Наличие данной системы позволяет отказаться от предварительного формирования заданий и эталонных ответов к ним.

**МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУШІ** — тапсырманы шешуге арналған интеллектуальды оқыту жүйесінің құрамды бөлігі. Аталмыш жүйенің болуы тапсырманы алдын ала құрастырудан және оларға эталондық жауаптар жасаудан бас тартуға мүмкіндік береді.

**РОДИТЕЛЬСКОЕ ПОСОБИЕ НА ВОСПИТАНИЕ** — пособие, выплачиваемое родителю, прерывающему трудовую деятельность для ухода за ребенком до трехлетнего возраста.

**БАЛА ТӘРБИЕЛЕУГЕ АРНАЛҒАН АТА-АНАЛЫҚ ЖӘРДЕМАҚЫ** — үш жасқа дейінгі баланы бағу үшін еңбек қызметін үзетін ата-анаға төленетін жәрдемақы.

# С

**САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА ОБУЧАЮЩЕГОСЯ** — часть образовательной деятельности обучающегося, предполагающая самостоятельное изучение оригинальных источников, научно-исследовательских отчетов и учебников, включающая домашние занятия, написание дипломных и курсовых работ, выполнение проектов, а также научно-исследовательскую работу.

**САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА УЧАЩИХСЯ** — индивидуальная или коллективная учебная деятельность, осуществляемая без непосредственного руководства учителя.

**СВИДЕТЕЛЬСТВО** — официальный документ, подтверждающий, что обучающийся успешно завершил обучение по какой-либо программе, и удостоверяющий, что он имеет определенный уровень знаний или навыков и (или) законченное число часов обучения, кроме того, может подтверждать участие в семинарах, конференциях и т.д.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ** — үй тапсырмаларын, дипломдық және курстық жұмыстарды жазуды, жобаларды, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауды қамтитын түпнұсқа деректерді, ғылыми-зерттеу есептері мен оқулықтарды дербес оқып-үйренуді білдіретін білім алушының білім алу қызметінің бөлігі.

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ** — мұғалімнің тікелей басшылығынсыз жүзеге асатын жеке немесе ұжымдық оқу қызметі.

**КУӘЛІК** — білім алушының қандай да бір бағдарлама бойынша оқуды табысты аяқтағанын растайтын және оның белгілі бір деңгейдегі білімін немесе дағдыларын және (немесе) оқуды аяқтаған сағаттар санын куәландыратын ресми құжат. Сондай-ақ, семинарларға, конференцияларға қатысқанын растайды.

**СВИДЕТЕЛЬСТВО О ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ** — любой выдаваемый высшим учебным заведением или каким-либо компетентным органом документ (диплом, удостоверение о присуждении степени, квалификационное свидетельство), подтверждающий, что обладатель документа успешно завершил обучение по программам высшего образования, и который дает право на продолжение образования на следующем этапе или на профессиональную деятельность, которая не требует дальнейшей специальной подготовки.

**ЖОҒАРЫ БІЛІМ ТУРАЛЫ КУӘЛІК** — жоғары оқу орны немесе қандай да бір құзыретті орган беретін, құжат иесінің жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқуды табысты аяқтағанын растайтын кез келген құжат (диплом, дәреже беру туралы куәлік, біліктілік куәлігі) және ол білімін жалғастыру немесе әрі қарайғы арнайы дайындықтан өтуді талап етпейтін қызметпен айналысу құқығын береді.

**СЕЛЕКТИВНАЯ ОБУЧАЮЩАЯ СИСТЕМА** — обучающая система, в которой управление обучением (определение формы, содержания, последовательности информационных кадров, тестов, задач, помощи и т.д.) осуществляется автором системы. Состоит из трех основных частей: система формирования задания; система диагностики; система модели обучения.

**ТАҢДАУЛЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ** — оқытудың басқарылуын (нысанын анықтау, мазмұны, ақпараттық кадрлардың, тестілердің, тапсырмалардың, көмектердің және т.б. дәйектілігі) жүйе авторы жүзеге асыратын оқыту жүйесі. Негізгі үш бөліктен тұрады: тапсырмаларды құрастыру жүйесі; диагностика жүйесі; білім беру моделінің жүйесі.

**СЕМЕЙНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — домашнее образование, форма общеобразовательной подготовки в семье.

**ОТБАСЫЛЫҚ БІЛІМ** — үйде білім беру, отбасындағы жалпы білім берудің дайындық түрі.

**СЕМЕЙНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ** – состояние в браке или разводе, наличие или отсутствие детей или других членов семьи.

**ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ** – некеде тұрғандағы немесе айырылысқандағы жағдай, балалардың немесе отбасының басқа да мүшелерінің болуы немесе болмауы.

**СЕМИНАР** — 1) собрание, как правило, для обучения или подготовки на период от недели до десяти дней; 2) Аудиторное занятие, проводимое под руководством преподавателя, имеющее целью углубленное изучение определенной темы и предполагающее надлежащую подготовку и активное участие обучающихся. Обычно проводится одним преподавателем в небольшой группе студентов.

**СЕМИНАР** — 1) бір аптадан он күнге дейін созылатын оқу немесе дайындық жиналысы; 2) белгілі тақырыпты тереңірек зерделеу мақсатында және білім алушылардың тиісті дайындығын, сабаққа белсенді қатыстыруды кездейтін оқытушының басшылығымен өткізілетін аудиторлық сабақ. Әдетте студенттердің аздаған тобына бір мұғалім жүргізеді.

**СЕМЬЯ** — основная ячейка общества и естественная среда для роста и благополучия всех ее членов и особенно детей.

**ОТБАСЫ** — қоғамның негізі және оның барлық мүшелерінің, әсіресе балалардың өсуі мен аман-есендігіне арналған табиғи орта.

**СЕРТИФИКАЦИЯ** — процесс, посредством которого агентство или ассоциация признает достижение установленного стандарта качества и, как правило, гарантирует определенные привилегия тому, кто получает данное признание (преподавателю или студенту).

**СЕРТИФИКАТТАУ** — сапаның белгіленген стандартына қол жеткізуді танытатын агенттік немесе қауымдастық арқылы өтетін процесс, әдетте, бұл танылған құжатты кім (оқытушы немесе студент) алса, сол белгілі бір артықшылыққа ие болады.

**СЕТИ** — дисциплина, которая занимается сетевыми технологиями, разработкой и стандартизацией протоколов, а также технологиями открытых, распределенных и мобильных вычислений и вопросами сетевой безопасности.

**СИСТЕМА** — множество элементов, находящихся в отношениях и связях друг с другом, которое образует определенную целостность.

**СИСТЕМА ДИАГНОСТИКИ** — составная часть обучающей системы, предназначенная для контроля знаний обучаемого. Она осуществляет ввод ответа, сравнивает его с правильным ответом и принимает решение о правильности выполнения задания.

**СИСТЕМА ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ** — образовательная система, обеспечивающая получение образования с помощью дистанционных технологий обучения.

**СИСТЕМА КВАЛИФИКАЦИЙ ЕВРОПЕЙСКОГО АКАДЕМИЧЕСКОГО ПРОСТРАНСТВА** — объемлющая система, обеспечивающая проз-

**ЖЕЛІЛЕР** — желілік технологиялармен, хаттамаларды жасаумен және стандарттаумен, сондай-ақ ашық, кең таралған және мобильді есептеулер технологиясымен және желі қауіпсіздігі мәселелерімен айналысатын пән.

**ЖҮЙЕ** — белгілі бір тұтастық құрайтын бір-бірімен қарым-қатынаста және байланыста болатын көптеген бөлшектер.

**ДИАГНОСТИКА ЖҮЙЕСІ** — білім алушының білімін бақылауға арналған оқыту жүйесінің құрамды бөлігі. Ол жауаптың енгізілуін жүзеге асырады, оны дұрыс жауаппен салыстырады және тапсырманың дұрыс орындалғаны туралы шешім қабылдайды.

**ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ** — білім беруді қашықтан оқыту технологиясы көмегімен жүзеге асыратын білім беру жүйесі.

**ЕУРОПАЛЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ БІЛІКТІЛІК ЖҮЙЕСІ** — академиялық біліктілікпен еуропалық жүйесінің жоғары білім

рачность взаимоотношений и соответствие европейской системы академических квалификаций и квалификаций в национальных системах высшего образования. Является механизмом взаимодействия между национальными академическими системами.

берудің ұлттық жүйелеріндегі біліктіліктердің сәйкестігін және өзара қарым-қатынастардың ашықтығын қамтамасыз ететін жүйе. Ұлттық академиялық жүйелер арасындағы өзара әрекеттестік жасау тетігі болып табылады.

**СИСТЕМА КРЕДИТОВ** — система, способствующая измерению и сравнению итогов обучения в контексте различных квалификаций, образовательных программ и условий обучения, на основе трудоемкости учебной работы студента, измеренной в единицах времени.

**КРЕДИТТЕР ЖҮЙЕСІ** — уақыт бірлігінде өлшенген студенттің оқу жұмысының еңбек сыйымдылығы негізінде түрлі біліктіліктер, білім беру бағдарламалары және оқу талаптары контекстінде оқу қорытындыларын өлшеу мен салыстыруға мүмкіндік беретін жүйе.

**СИСТЕМА МОДЕЛИ ОБУЧЕНИЯ** — составная часть обучающей системы, предназначенная для формирования последовательности обучения. Принимает информацию о результатах обучения и принимает решение о продолжении обучения.

**ОҚЫТУ МОДЕЛІНІҢ ЖҮЙЕСІ** — оқыту дәйектілігін қалыптастыруға арналған оқыту жүйесінің құрамды бөлігі. Оқыту нәтижесі туралы ақпарат қабылдайды және оқытуды жалғастыру туралы шешім қабылдайды.

**СИСТЕМА ОЦЕНОК** – система сравнения уровня знаний обучающихся с определенным стандартом, принятым в стране или в конкретной организации образования страны.

**БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ** – білім алушылардың білім деңгейін елде немесе елдің нақты білім беру ұйымында қабылданған белгілі бір стандарттармен салыстыру жүйесі.

**СИСТЕМА ФОРМИРОВАНИЯ ЗАДАНИЯ** — составная часть обучающей системы, предназначенная для генерации задач в соответствии со степенью обученности обучаемого. Представляет из себя совокупность базы данных с заданиями и подпрограммы, формирующей или выбирающей задание из базы.

**ТАПСЫРМАНЫҢ ҚҰРАСТЫРЫЛУ ЖҮЙЕСІ** — білім алушының оқыған деңгейіне сәйкес тапсырмаларды генерациялауға арналған оқыту жүйесінің құрамды бөлігі. Тапсырмалар берілген дерекқордың жиынтығы және базадан тапсырма таңдайтын немесе құрайтын кіші бағдарламалар болып табылады.

**СИСТЕМА, ОСНОВАННАЯ НА ЗНАНИЯХ** — системы программного обеспечения, основными структурными элементами которых являются база знаний и механизм логических выводов.

**БІЛІМГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЖҮЙЕ** — негізгі құрылымдық элементтері білім базасы мен логикалық тұжырымдар тетігі болып табылатын бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі.

**СИСТЕМАТИЗАЦИЯ** — мыслительная деятельность, в процессе которой изучаемые объекты организуются в определённую систему на основе выбранного принципа.

**ЖҮЙЕЛЕУ** — процесінде зерттеу объектісі таңдалған қағидат негізінде белгілі бір жүйеге шоғырланатын ойлау қызметі.

**СИТУАЦИОННЫЙ АНАЛИЗ** — метод обучения. Наиболее часто применяется в бизнес-образовании. Значительно повышает степень освоения материала. Используется также как элемент деловой игры и мозгового штурма.

**ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАЛДАУ** — оқыту әдісі. Көбіне бизнес-білім беруде жиі қолданылады. Материалды меңгеру деңгейін айтарлықтай арттырады. Сондай-ақ іскерлік ойын және ми қозғалысының бөлшегі ретінде де қолданылады.

**СЛОЖНОСТЬ** — характеристика учебного материала и за-

**ҚИЫНДЫҚ** — оқыту материалдары мен тапсырмалардың

дания. Зависит от уровня представления учебного материала (b), количества операций, необходимого для достижения результата при решении задач.

сипаттамасы. Оқу (b) материалын таныту деңгейіне, тапсырмаларды орындау кезінде нәтижеге қол жеткізу үшін қажет операциялар санына байланысты болады.

**СЛОЖНЫЙ НЕДОСТАТОК** — любое сочетание психического и физического недостатков.

**КҮРДЕЛІ КЕМІСТІК** — психикалық және дене кемістігінің кез келген ұштасуы.

**СЛУЖЕБНАЯ СУБОРДИНАЦИЯ** — система служебного подчинения одних руководителей, вместе с их подразделениями, другим руководителям, занимающим более высокую ступень на иерархической лестнице.

**ҚЫЗМЕТТІК СУБОРДИНАЦИЯ** — бір басшылардың өздерінің бөлімшелерімен бірге иерархиялық сатыдағы жоғарырақ деңгейде орналасатын басқа басшыларға қызметтік бағыну жүйесі.

**СЛУЖЕБНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ** — место, роль человека, связанные с выполняемыми им служебными обязанностями и определяемые его организационным статусом.

**ҚЫЗМЕТТІК ЖАҒДАЙ** — атқаратын қызметтік міндеттерімен байланысты және оның ұйымдастырушылық статусымен анықталатын адамның орны, рөлі.

**СОБСТВЕННИК ЭЛЕКТРОННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ РЕСУРСОВ, ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ** — субъект, в полном объеме реализующий права владения, пользования и распоряжения электронными информационными ресурсами и информационными системами.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ, АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ МЕНШІК ИЕСІ** — электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иелену, пайдалану және оларды иемдену құқықтарын толық көлемде іске асыратын субъект.

**СОВЕТ ПОПЕЧИТЕЛЕЙ** — высший руководящий орган американских колледжей и университетов, финансируемый за счет средств штата, который определяет стратегию образовательного учреждения.

**СОГЛАШЕНИЕ ОБ ОБУЧЕНИИ В ДРУГОМ, ПРЕЖДЕ ВСЕГО, ЗАРУБЕЖНОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ УЧРЕЖДЕНИИ** — соглашение, которое заключается между обучающимся, выезжающим для изучения части дисциплин в зарубежное образовательное учреждение, и учебным заведением, в котором он числится студентом очной формы обучения. В соглашении заранее оговариваются дисциплины и предметы, которые обучающийся будет изучать, а также количество кредитов, которые он должен получить.

**СОДЕРЖАНИЕ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНЕГО** — создание родителями или другими законными представителями несовершеннолетнего в пределах своих финансовых возможностей и способностей усло-

**ҚАМҚОРШЫЛАР КЕҢЕСІ** — білім беру мекемесінің стратегиясын анықтайтын және штат қаражаты есебінен қаржыландырылатын американдық колледждер мен университеттердің жоғары басқарушы органы.

**ӨЗГЕ, ЕҢ АЛДЫМЕН, ШЕТЕЛДІК БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ОҚУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ** — шетелдік білім беру мекемесіне пәндердің бір бөлігін оқып?үйренуге баратын білім алушы мен ол күндізгі оқыту нысанының студенті болып саналатын білім беру мекемесі арасында жасалатын келісім. Келісімде білім алушы оқып үйренетін пәндер, сондай-ақ оның жинауы тиіс кредиттер саны алдын ала келісіледі.

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН АДАМДЫ БАҒЫП-КҮТУ** — кәмелетке толмаған адамның ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдерінің өздерінің қаржылық мүмкіндіктерінің және қабілеттерінің шегінде оның

вий для его полноценного развития, защиты его имущественных и неимущественных прав и интересов и государственных минимальных социальных стандартов.

**СОКРАЩЕНИЕ ШТАТОВ** — уменьшение перечня должностных наименований и числа постоянных должностей в аппарате управления. Сокращение штатов оформляется приказом первого руководителя.

**СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ** — активное приспособление детей с ограниченными возможностями к условиям социальной среды путем усвоения и восприятия ценностей, правил и норм поведения, принятых в обществе, и трудовой подготовки в процессе целенаправленной социальной и медико-педагогической коррекционной поддержки.

**СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ РЕБЕНКА** — процесс активного приспособления ребенка, находящегося в трудной жизненной ситуации, к условиям социальной среды путем усвоения и восприятия ценностей, правил и норм

толыққанды дамуы, оның мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін және мемлекеттік ең төмен әлеуметтік стандарттарды қорғау үшін жағдай жасауы.

**ШТАТТЫ ҚЫСҚАРТУ** — басқару аппаратындағы тұрақты лауазымдар қатарындағы қызмет атаулары тізімін азайту. Штатты қысқарту бірінші басшының бұйрығымен рәсімделеді.

**ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ** — нысаналы әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау процесінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда қабылданған құндылықтарды, мінез-құлық ережелері мен нормаларын игеруі мен қабылдауы және еңбекке даярлануы жолымен әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде икемделуі.

**БАЛАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ** — өмірлік қиын ахуалға тап болған баланың қоғамдағы құндылықтарды, мінез-құлық ережелерімен нормаларын игеру және қабылдау арқылы әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде

поведения, принятых в обществе, а также процесс преодоления последствий психологической и (или) моральной травмы.

**СОЦИАЛЬНАЯ И МЕДИКО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ КОРРЕКЦИОННАЯ ПОДДЕРЖКА ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ** — деятельность организаций образования, социальной защиты населения, здравоохранения, предоставляющих специальные социальные, медицинские и образовательные услуги, обеспечивающие детям с ограниченными возможностями условия для преодоления и компенсации ограничения жизнедеятельности и направленные на создание им равных с другими гражданами возможностей участия в жизни общества.

**СОЦИАЛЬНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА ДЛЯ ДЕТЕЙ** — система объектов (зданий, строений, сооружений), необходимых для жизнеобеспечения детей.

**СОЦИАЛЬНАЯ ИНФРАСТРУКТУРА ДЛЯ МОЛОДЕ-**

бейімделу процесі, сондай-ақ басынан кешірген психологиялық және (немесе) моральдық зардаптарды еңсеру процесі.

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ АРҚЫЛЫ ҚОЛДАУ** — мүмкіндігі шектеулі балаларға тұрмыс-тіршілігіндегі шектелуді жою және оның орнын толтыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін және оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасауға бағытталған арнаулы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызметтерін көрсететін білім беру, халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі.

**БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ** — баланың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етуге арналған объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар).

**ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРА-**

**ЖИ** — система необходимых для жизнеобеспечения молодежи объектов (здания, строения, сооружения), а также организаций, которые осуществляют деятельность по охране здоровья, образованию, воспитанию, социальной адаптации, физическому, духовному и нравственному развитию, обеспечению занятости молодежи.

**СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА** — деятельность по оказанию помощи отдельным лицам, семьям в реализации их социальных прав и гарантий компенсацией нарушенных или утраченных функций, препятствующих их полноценному социальному функционированию.

**СОЦИАЛЬНАЯ РЕАБИЛИТАЦИЯ РЕБЕНКА** — означает процесс, направленный на достижение оптимального физического, интеллектуального, психического и (или) социального уровня деятельности и поддержание его с предоставлением тем самым средства для изменения жизни.

**ҚҰРЫЛЫМ** — жастардың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар), сондай-ақ жастардың денсаулығын сақтау, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу, әлеуметтік бейімдеу, дене тәрбиесі, рухани және имандылық жағынан дамыту, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүйесі.

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС** — жекелеген адамдарға, отбасыларына олардың толық мәнді әлеуметтік жұмыс істеуіне кедергі келтіретін бұзылған немесе жойылған функцияларының орнын толтыра отырып, әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін іске асыруда көмек көрсету жөніндегі қызмет.

**БАЛАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛУЫ** — өмір сүруіне қажетті қызметтің физикалық, зияткерлік, психикалық және (немесе) әлеуметтік дәрежесіне бағытталған процесті білдіреді.

**СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫЕ МЕРОПРИЯТИЯ В ОБЛАСТИ КУЛЬТУРЫ** — мероприятия по проведению памятных и юбилейных дат, дней культуры, фестивалей, смотров, конкурсов, выставок и увековечение памяти видных деятелей государства на республиканском уровне и за рубежом.

**МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНДІ ІС-ШАРАЛАР** — республикалық деңгейде және шет елдерде есте тұту және мерейтой күндерін, мәдениет күндерін, фестивальдер, байқаулар, конкурстар, көрмелер өткізу және көрнекті мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі іс-шаралар.

**СОЦИАЛЬНОЕ ОБСЛЕДОВАНИЕ** — определение степени социальной недостаточности, которая может быть обусловлена ограничением физической независимости, мобильности, способности заниматься обычной деятельностью, экономической самостоятельности и способности к интеграции в общество с учетом возрастных нормативов для детей соответствующего возраста.

**ӘЛЕУМЕТТІК ТЕКСЕРУ** — тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, дене тәуелсіздігінің, мобильділігінің, әдеттегі қызметпен айналысу қабілеті, экономикалық дербестігі мен қоғамға интеграциялану қабілетінің шектелуіне байланысты болуы мүмкін әлеуметтік кемістіктер дәрежесін анықтау.

**СОЦИАЛЬНЫЕ ИНСТИТУТЫ** — исторически сложившиеся в рамках определенной общественной формации организационные формы человеческой деятельности (госорганы, предприятия, профсоюзы, инспекции).

**ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАР** — белгілі бір қоғамдық формация шеңберінде тарихи түрде қалыптасқан адамның іс-әрекеттерінің ұйымдастырылу нысаны (мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, кәсіподақтар, инспекциялар).

**СОЦИАЛЬНЫЕ МЕРЫ** — меры, принимаемые для оказания помощи нуждающимся.

**СОЦИАЛЬНЫЕ СЛУЖБЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ** — организации независимо от организационно-правовых форм и форм собственности, осуществляющие мероприятия по социальному обслуживанию детей (социальной поддержке, оказанию социально-бытовых, медико-социальных, социально-педагогических, психолого-педагогических, правовых услуг и материальной помощи, социальной реабилитации детей, находящихся в трудной жизненной ситуации, обеспечению занятости таких детей по достижении ими трудоспособного возраста), а также граждане, осуществляющие без образования юридического лица предпринимательскую деятельность по социальному обслуживанию населения, в том числе детей.

**СОЦИАЛЬНЫЕ СЛУЖБЫ ДЛЯ МОЛОДЕЖИ** — некоммерческие организации, осуществляющие мероприятия по оказанию медицинских, психо-

**ӘЛЕУМЕТТІК ШАРАЛАР** — мұқтаждарға көмек көрсету үшін қолданылатын шаралар.

**БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ** — ұйымдық-құқықтық нысаны және меншік нысанына қарамастан балаларға әлеуметтік қызмет көрсететін (әлеуметтік қолдау, әлеуметтік тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық құқықтық және материалдық көмек көрсету, өмірдегі қиын жағдайға тап болған балаларды әлеуметтік оңалту, балалар мұндай еңбек жасына келгенде жұмыспен қамтамасыз ету) ұйымдар, сондай-ақ халыққа, соның ішінде балаларға әлеуметтік қызмет көрсететін заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын азаматтар.

**ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР** — жастарға медициналық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер мен мате-

лого-педагогических, правовых услуг и материальной помощи, содействию социальной адаптации и реабилитации молодежи.

**СОЦИАЛЬНЫЕ УСЛУГИ** — услуги, предоставляемые государством населению, в особенности услуги, связанные с образованием, здравоохранением и обеспечением жильем.

**СОЧИНЕНИЕ, ШКОЛЬНОЕ** — вид творческого задания, создание учащимися текста определённого типа, стиля, композиционной формы.

**СПЕЦИАЛИЗАЦИЯ** — углубленное изучение предметов по строго определенному учебному плану с целью приобретения лучших знаний и практических навыков в выбранной области или совершенно новых знаний и практических навыков в пределах ранее полученной специальности.

**СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ АККРЕДИТАЦИЯ** — аккредитация отдельных структурных единиц или программ (например, профессионального

риалдық көмек көрсету, олардың әлеуметтік бейімделуіне және оңалуына жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР** — мемлекеттің халыққа көрсететін қызметтері, әсіресе білім берумен, денсаулық сақтаумен және тұрғын үймен қамтамасыз етумен байланысты қызметтері.

**МЕКТЕП ШЫҒАРМАСЫ** — шығармашылық тапсырма түрі, оқушылардың белгілі бір түр, стиль, композициялық формадағы мәтін құрастыруы.

**МАМАНДАНДЫРУ** — таңдалған саласы бойынша жақсы білім мен практикалық машықтар алу немесе бұдан бұрын алған мамандығы шегінде жаңа білім мен практикалық машықтар алу мақсатында қатаң белгіленген оқу жоспары бойынша тереңдетілген білім беру.

**МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ** — курстар мен оқу бағдарламаларының мазмұнына ерекше стандарттарды қолданатын аккредиттеу-

обучения) «специализированными» аккредитационными органами или агентствами по аккредитации программ, которые применяют особые стандарты к содержанию курсов и учебных программ.

дің «мамандандырылған» органдарының немесе агенттіктерінің жекелеген құрылымдық бірліктер мен бағдарламаларды (мысалы, кәсіптік оқытуды) аккредиттеуі.

**СПЕЦИАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — образование, предоставляемое детям с ограниченными возможностями с созданием специальных условий.

**АРНАУЛЫ БІЛІМ БЕРУ** — мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жағдайлар жасай отырып білім беру.

**СПЕЦИАЛЬНОСТЬ** — комплекс приобретенных путем целенаправленной подготовки и опыта работы знаний, умений и навыков, необходимых для определенного вида деятельности, подтверждаемый соответствующими документами об образовании.

**МАМАНДЫҚ** — білімі туралы тиісті құжаттармен расталған белгілі бір қызмет түрі үшін қажетті, мақсатқа сай даярлау және жұмыс тәжірибесі арқылы алынған білім, ептілік және машықтар кешені.

**СПЕЦИАЛЬНЫЕ КОРРЕКЦИОННЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ** — организации для детей с ограниченными возможностями в развитии: с нарушениями слуха (неслышащие, слабослышащие, позднооглохшие); с нарушениями зрения (незрячие, слабовидящие, поздноослепшие); с нарушениями функции опорно-двигательного аппарата; с нарушениями речи; с ум-

**АРНАУЛЫ ТҮЗЕУ ҰЙЫМДАРЫ** — мүмкіндігі шектеулі: есту қабілеті бұзылған (естімейтін, нашар еститін, кейіннен саңырау болып қалған); көру қабілеті бұзылған (көзі көрмейтін, нашар көретін, кейіннен соқыр болып қалған); жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған; сөйлеу қабілеті бұзылған; ақыл-ойы кенжелеп қалған; психикалық

ственной отсталостью; с задержкой психического развития; с расстройством эмоционально-волевой сферы и поведения; со сложными нарушениями, в том числе со слепоглухотой.

**СПЕЦИАЛЬНЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ** — программы, предназначенные для обучения детей с ограниченными возможностями.

**СПЕЦИАЛЬНЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ УСЛОВИЯ** — условия для получения специального образования, включая технические и иные вспомогательные средства, а также медицинские, социальные и иные услуги, без которых невозможно освоение образовательных программ детьми с ограниченными возможностями.

**СПЕЦИАЛЬНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ** — организации, созданные для диагностики и консультирования, обучения и воспитания детей с ограниченными возможностями: психолого-медико-педагогические консультации, реабилитационные центры, кабинеты психолого-педа-

дамуы тежелген; эмоциялық-еркі жағынан және мінез-құлқы бұзылған; күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде соқыр-саңырау болып қалған балаларға арналған ұйымдар.

**АРНАУЛЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ** — мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға арналған бағдарламалар.

**АРНАУЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ** — техникалық және өзге де қосалқы құралдарды, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және мүмкіндігі шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын игеруі онсыз мүмкін болмайтын өзге де қызметтерді қоса алғанда, арнаулы білім алу үшін жасалатын жағдайлар.

**АРНАУЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ** — мүмкіндігі шектеулі балалардың диагностикасы және кеңестер алуы, оларды оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинет-

гогической коррекции, детские сады, логопедические пункты при школах и другие организации.

**СПИСОК ПРЕДВАРИТЕЛЬНОГО УЧЕТА** — список объектов историко-культурного наследия, выявленных в целях придания им статуса памятников истории и культуры.

**СПИСОК РУКОВОДИТЕЛЯ (ДЕКАНА)** — один из способов морального поощрения академических успехов обучающихся, когда лучший из них отмечаются в перечне, публикуемо, от имени руководителя (декана).

**СПРАВОЧНО-КОНСУЛЬТИРУЮЩАЯ СИСТЕМА** — система, предназначенная для выдачи справок и консультаций по конкретно сформулированным вопросам.

**СРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — гарантированное Конституцией Республики Казахстан образование, получаемое гражданами в результате освоения общеобразовательных учебных программ начального, основного среднего и общего среднего образования в соответ-

тері, балалар бақшалары, мектептер жанындағы логопедтік пункттер және басқа да ұйымдар.

**АЛДЫН АЛА ЕСЕПКЕ АЛУ ТІЗІМІ** — тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесін беру мақсатында айқындалған тарихи-мәдени мұра.

**БАСШЫНЫҢ (ДЕКАННЫҢ) ТІЗІМІ** — басшының (деканның) атынан жариялана-тын тізімге енгізілген ең үздік білім алушылардың академиялық жетістіктерін саналы түрде көтермелеу тәсілдерінің бірі.

**АНЫҚТАМАЛЫҚ-КЕҢЕС БЕРУ ЖҮЙЕСІ** — нақты тұжырымдалған сұрақтар бойынша анықтамалар мен кеңес беруге арналған жүйе.

**ОРТА БІЛІМ** — азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын

ствии с государственными общеобязательными стандартами образования.

**СРЕДНЕЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — образование, совмещающее обучение по программам среднего полного и профессионального образования. Во многих странах граждане, имеющие образование на этом уровне, могут поступать для дальнейшего обучения в высшие профессиональные учебные заведения, но не могут быть приняты в университет.

**СРЕДНИЙ БАЛЛ** — комплексная оценка знаний в образовательных учреждениях, использующих американскую систему организации обучения, за каждый период обучения (учебный год, семестр и т.п., а также за весь период обучения по какой-либо программе), которая подсчитывается по определенной методике в целях сравнения успехов учащихся.

**СРЕДНЯЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПОЛИТЕХНИЧЕСКАЯ ШКОЛА** — школа, где наряду с общим средним образованием можно получить

меңгеруі нәтижесінде алатын білімі.

**ОРТА КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ** — толық орта және кәсіптік білім берудің бағдарламаларын біріктіретін білім беру. Көптеген елдерде осы деңгейдегі білімі бар азаматтар одан әрі оқу үшін жоғары кәсіптік оқу орындарына түсе алады, бірақ университетке қабылдана алмайды.

**ОРТАША БАЛЛ** — оқытуды ұйымдастырудың американдық жүйесін қолданатын білім беру мекемелерінде білім алушылардың жетістіктерін салыстыру мақсатында белгілі бір әдістеме бойынша әр оқу кезеңіне (оқу жылы, семестр және т.б., сондай-ақ қандай да бір бағдарлама бойынша оқудың барлық кезеңінде) есептелетін білімді кешенді бағалау.

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ МЕКТЕП** — жалпы орта біліммен қатар мамандықтардың кең спектрі бойынша

основы профессиональной подготовки по широкому спектру специальностей, но окончание которой (например, в Великобритании) не всегда дает право на поступление в учреждение высшего профессионального образования.

кәсіби даярлық негізін беретін мектеп, бірақ оны аяқтау (мысалы, Ұлыбританияда) жоғары кәсіптік білім беру мекемесіне түсуге құқық бере бермейді.

**СРЕДНЯЯ ШКОЛА** — общее название школ, в которых можно получить среднее общее образование.

**ОРТА МЕКТЕП** — жалпы орта білім беретін мектептердің жалпы атауы.

**СРОК (ВРЕМЯ) ОБУЧЕНИЯ** – число часов, которое потребуется среднему студенту для достижения итогов обучения и получения кредитов по результатам контроля знаний.

**ОҚУ МЕРЗІМІ (УАҚЫТЫ)** — оқытудың қорытындыларына және білімді бақылау нәтижелері бойынша кредиттер алуға қол жеткізу үшін студентке қажет орташа сағат саны.

**СРОК ДЕЙСТВИЯ КАТАЛОГА** — академический год, в течение которого информация, представленная в каталоге, является действительной.

**ТІЗІМДЕМЕНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ** — тізімдемеде берілген ақпарат жарамды деп саналатын академиялық жыл.

**СТАЖ ИНДИВИДУАЛЬНО-ТРУДОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ** — сроки индивидуально-трудовой деятельности и приравненные к ним периоды.

**ЖЕКЕ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨТІЛІ** — жеке еңбек қызметінің мерзімі және оған теңестірілген кезең.

**СТАЖ, ТРУДОВОЙ** — продолжительность трудовой деятельности, исчисляемая в установленном порядке. Различают трудовой стаж общий, специ-

**ЕҢБЕК ӨТІЛІ** — белгіленген тәртіп бойынша есептелетін еңбек қызметінің ұзақтығы. Жалпы, арнайы және үздіксіз еңбек өтілі болады. Жалпы

альный и непрерывный. Общий трудовой стаж – суммарная продолжительность трудовой и иной общественно полезной деятельности, независимо от имеющихся перерывов. Специальный трудовой стаж – суммарная продолжительность трудовой или иной общественно полезной деятельности, но выделенная из общего стажа по ее содержанию, либо по условиям труда, в т.ч. климатическим, в которых она протекала. Непрерывный трудовой стаж – продолжительность работы на одном предприятии (в учреждении, организации) без перерыва или на различных предприятиях, если при переходе с одного предприятия на другое непрерывность стажа сохранялась в установленном порядке.

**СТАНДАРТЫ СОДЕРЖАНИЯ** — уровень основных компетенций, знаний, умений и навыков в определенной области, т.е. все то, что должен знать и уметь делать студент. Стандарты содержания включаются в учебный план и относятся к обязательным ресурсам.

еңбек өтілі – болған үзілістер есепке алынбайтын еңбектік немесе басқа да қоғамдық пайдалы қызметтің жиынтық ұзақтығы. Арнайы еңбек өтілі – еңбектік немесе басқа да қоғамдық пайдалы қызметтің жиынтық ұзақтығы, тек мазмұны бойынша немесе еңбек жағдайлары бойынша, оның ішінде еңбек өтілі өткен климаттық жағдайлар бойынша жалпы еңбек өтілінен бөлініп алынған еңбек өтілі. Үздіксіз еңбек өтілі – бір кәсіпорындағы (мекемеде, ұйымда) үздіксіз немесе бірнеше кәсіпорындарда, тек егер бір кәсіпорыннан екіншісіне ауысу кезінде белгіленген тәртіп бойынша еңбек өтілінің үздіксіздігі сақталған жұмыс ұзақтығы.

**МАЗМҰН СТАНДАРТТАРЫ** — белгілі бір саладағы негізгі құзыреттіліктер, білім, ептілік және машықтар деңгейі, яғни студенттің білуі және жасай алуы тиіс барлық нәрсе. Мазмұн стандарттары оқу жоспарына кіреді және міндетті ресурсқа жатады.

**СТАНДАРТЫ УСПЕВАЕМОСТИ** – уровень достижений или овладения программой обучения, показывающий, насколько хорошо должен работать студент, чтобы соответствовать стандартам содержания.

**ҮЛГЕРІМ СТАНДАРТТАРЫ** – мазмұн стандарттарына сай болуы үшін студенттің қаншалықты жақсы жұмыс жасауын көрсететін оқу бағдарламасы жетістіктерінің немесе меңгерілуінің деңгейі.

**СТАНДАРТЫ, ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ** — цели обучения и воспитания, обязательные требования к образованию, закреплённые в особых нормативных документах.

**БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТТАРЫ** – білім беру және тәрбие беру мақсаттары, маңызды нормативтік құжаттарда бекітілген білім беруге қойылатын міндетті талаптар.

**СТАРШИЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ** — специалист, включенный в профессорско-преподавательский состав и помогающий профессору в преподавании практических, а иногда, теоретических дисциплин или их разделов, т.е. имеющий право чтения лекций, как правило, в соответствии с методическими разработками профессора.

**АҒА ОҚЫТУШЫ** — профессорлық-оқытушылық құрамға енгізілген, профессорға практикалық, кейде теориялық пәндерді немесе оның тарауларын оқытуға көмектесетін, яғни, әдетте, профессордың әдістемелік әзірлемелеріне сәйкес дәріс оқуға құқығы бар маман.

**СТЕПЕНЬ** — квалификация, присваиваемая организацией образования выпускнику после успешного освоения установленной образовательной программы. В накопительной системе кредитов программа считается завершенной, если

**ДӘРЕЖЕ** — белгіленген білім беру бағдарламасын табысты меңгергеннен кейін бітірушіге білім беру ұйымы тағайындайтын біліктілік. Кредиттер жинақтау жүйесінде егер бітіруші оқу қорытындыларының келісілген тізбесіне қол жеткізу ке-

выпускник получил необходимое число кредитов, зачтенных при достижении обусловленного перечня итогов обучения.

**СТЕПЕНЬ БАКАЛАВРА ИЛИ БАКАЛАВРИАТ** — название квалификации, присваиемой после успешного окончания обучения в средней школе во французкой системе образования. В англо- американской системе образования чащепервая ступень получения высшего образования.

**СТЕПЕНЬ МАГИСТРА** — ученая степень, присуждаемая университетом обучающемуся после окончания им одно-трехгодичного обучения по программе подготовки магистров наук и успешной публичной защиты магистерской диссертации.

**СТЕПЕНЬ ПЕРВОГО ЦИКЛА** — квалификация высшего образования, присваиваемая по успешному завершению обучения на первом цикле.

**СТИПЕНДИЯ** — сумма денег, предоставляемая обучающемуся для частичного покрытия расходов на питание, прожива-

зінде есептелген кредиттердің қажетті санын алса, онда бағдарлама аяқталған болып саналады.

**БАКАЛАВР ДӘРЕЖЕСІ НЕМЕСЕ БАКАЛАВРИАТ** — француздық білім беру жүйесінде орта мектепте оқуды табысты аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік атауы. Ағылшын- америкалық білім беру жүйесінде көбінесе – жоғары білім алудың бірінші дәрежесі.

**МАГИСТР ДӘРЕЖЕСІ** — ғылым магистрін даярлау бағдарламасы бойынша бір-үш жылдық оқуды аяқтап, көпшілік алдында магистрлік диссертацияны сәтті қорғағаннан кейін білім алушыға университеттің беретін ғылыми дәрежесі.

**БІРІНШІ ЦИКЛ ДӘРЕЖЕСІ** — бірінші циклде оқытуды табысты аяқтағаны бойынша берілетін жоғары білім беру біліктілігі.

**СТИПЕНДИЯ** — білім алушыларға олардың тамағына, тұруына және оқу әдебиетін сатып алуына жұмсалатын шығын-

ние и приобретение учебной литературы.

**СТРУКТУРЫ ДАННЫХ И БАЗЫ ДАННЫХ** — дисциплины, занимающиеся структурами данных, системами управления базами данных, построения и использования хранилищ данных, разработкой и стандартизацией специальных языков запросов, теоретическими и практическими вопросами реляционных вычислений и т.д.

**СТУДЕНТ ВТОРОГО КУРСА, ВТОРОКУРСНИК** — обучающийся полной средней школы, колледжа или университета, обучающийся по программам не выше программ подготовки бакалавров, выполнивший учебный план одного года обучения, например, получивший такое количество кредитов, которое предусмотрено получить за первый год обучения.

**СТУДЕНТЫ** — лица, которые в установленном порядке зачислены в высшее или среднее профессиональное (специальное) учебное заведение для обучения по основной образовательной программе.

дарды ішінара өтеу үшін берілетін ақша сомасы.

**МӘЛІМЕТТЕР ЖӘНЕ ДЕРЕКҚОРЛАР ҚҰРЫЛЫМЫ** — мәліметтер құрылымымен, дерекқорларды басқару жүйесімен және деректер қоймаларын құрумен және қолданумен, сұратулардың арнайы тілдерін әзірлеумен және стандарттаумен, реляциялық есептеудің теориялық және практикалық мәселелерімен және т.б. айналысатын пәндер.

**ЕКІНШІ КУРС СТУДЕНТІ** — бакалаврларды даярлау бағдарламасынан аспайтын бағдарламалар бойынша оқып жүрген, бір жылдық оқу жоспарын орындаған, мысалы, бірінші жылда жинауы тиіс белгілі бір кредиттер санын алған, толық орта мектептің, колледждің немесе университеттің білім алушысы.

**СТУДЕНТТЕР** — белгіленген тәртіпте негізгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары немесе орта кәсіби (арнайы) оқу орнына қабылданған адамдар.

**СТУДЕНЧЕСКИЙ КРЕДИТ** — целевой кредит, предоставляемый обучающемуся на частичное покрытие расходов на питание, проживание и приобретение учебной литературы.

**СУБЪЕКТ** — конкретный носитель предметно-практической деятельности и познания.

**СУБЪЕКТНОСТЬ** — наиболее личностная характеристика сознания.

**СУБЪЕКТНЫЕ СВОЙСТВА** — свойства, принадлежащие личностному опыту конкретного человека.

**СУБЪЕКТНЫЙ ОПЫТ** — опыт жизнедеятельности и самореализации, приобретаемый ребенком в ходе общения, познания, наблюдения, принятия решений, касающихся своей жизни, поступков, переживаний своих успехов и неудач.

**СУБЪЕКТЫ НАУЧНОЙ И НАУЧНО-ТЕХНИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ** — физические и юридические лица, осуществляющие научную и научно-техническую деятельность.

**СТУДЕНТТІК КРЕДИТ** — білім алушылардың тамақтануына, тұруына және оқу әдебиетін сатып алуына жұмсалатын шығындарды ішінара өтеуге берілетін нысаналы кредит.

**СУБЪЕКТ** — пәндік-практикалық қызметтер мен танымның нақты тасымалдаушысы.

**СУБЪЕКТІЛІК** — сананың өте жеке сипаты.

**СУБЪЕКТІЛІК ҚАСИЕТТЕР** — нақты адамның жеке тәжірибесіне тиесілі қасиеттер.

**ЖЕКЕ ТӘЖІРИБЕ** — баланың қарым-қатынас жасауы, тануы, бақылауы, өз өміріне қатысты шешім қабылдауы, өзінің жетістіктері мен сәтсіздіктерін ойлау барысында меңгерген тіршілік әрекеті мен өзін-өзі қалыптастыру тәжірибесі.

**ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ СУБЪЕКТІЛЕРІ** — ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

**СУРДОПЕДАГОГИКА** — наука о воспитании и обучении детей с нарушениями слуха (глухих, слабослышащих, позднооглохших). один из разделов коррекционной (специальной) педагогики.

**СУРДОПЕДАГОГИКА** — есту қабілеті бұзылған (саңырауларды, нашар еститіндерді, есту қабілетінен кейін айырылғандарды) балаларды тәрбиелеу және оқыту туралы ғылым.

# Т

**ТАКТ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ** — принцип меры, который педагог должен соблюдать в процессе общения с детьми. Такт педогогический — неотъемлемая часть воспитательного взаимодействия взрослых и детей, основанная на чувстве взаимного уважения и взаимной ответственности. Такт педогогический определяется педагогическим мастерством, опытом, уровнем культуры и личностными качествами педагога.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАКТ** — педагогтың балалармен қарымқатыныс кезінде ұстануы керек шаралар қағидаты. Педагогикалық такт ересектер мен балалардың тәрбие беру қарымқатынасының ажырамас бөлігі, өзара сыйластық және өзара жауапкершілік сезіміне негізделген. Педагогикалық такт педагогикалық шеберлікпен, тәжірибемен, мәдениет деңгейімен және педагогтың жеке қасиеттерімен анықталады.

**ТВОРЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — деятельность, направленная на создание художественных ценностей или интерпретацию (перевод) произведений литературы и искусства в любой форме и любым способом.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ** — кез келген нысанда және кез келген тәсілмен көркем құндылықтар жасауға немесе әдебиет пен өнер шығармаларын түсіндіруге (аударуға) бағытталған қызмет.

**ТВОРЧЕСКИЙ РАБОТНИК** — физическое лицо, чья про-

**ШЫҒАРМАШЫЛ ЖҰМЫСКЕР** — кәсіби неме-

фессиональная или любительская творческая деятельность направлена на создание художественных ценностей, воспроизведение или интерпретацию (перевод) произведения литературы и искусства.

**ТВОРЧЕСКИЙ СОЮЗ** — общественное объединение профессиональных творческих работников одного или нескольких жанров культуры, создаваемое на основе их индивидуального членства.

**ТВ-ТЕХНОЛОГИЯ** — вид дистанционной технологии обучения, базирующийся на использовании систем телевидения для доставки обучаемому учебно-методических материалов и организации регулярных консультаций у преподавателей-тьюторов.

**ТЕАТР ДЛЯ ДЕТЕЙ И ЮНОШЕСТВА** — вид сценического искусства, одно из средств эстетического, нравственного воспитания и художественного образования школьников. Для детей создаются те же виды театральных представлений, что и для взрослых: драма, опера, балет, эстрада, ку-

се әуесқой шығармашылық қызметі көркем құндылықтар жасауға, әдебиет пен өнер туындыларын жаңғырту немесе түсіндіруге (аударуға) бағытталған жеке адам.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОДАҚ** — мәдениеттің бір немесе бірнеше жанры кәсіби шығармашыл жұмыскерлердің өздерінің жеке мүшелігі негізінде құрылатын қоғамдық бірлестігі.

**ТВ-ТЕХНОЛОГИЯ** — оқушыға оқу-әдістемелік материалдарды жеткізуге арналған телевидение жүйесін қолдануға және оқытушы-тьюторлармен жүйелі түрде кеңес алып тұруды ұйымдастыруға негізделген қашықтан оқыту технологиясының түрі.

**ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТЕАТР** — сахналық өнер түрі, эстетикалық, мінез-құлықтық тәрбие мен мектеп оқушыларының көркемдік білім құралдарының бірі. Балаларға да ересектерге арналған театрлық көріністер қойылады: драма, опера, балет, эстрада, қуыршақ

кольный театр. Наряду с профессиональными детскими и юношескими театрами мн. театры имеют в своём репертуаре детские спектакли.

театры. Кәсіби балалар және жасөспірімдер театрларымен қатар көптеген театрлардың репертуарында балалар спектаклі болады.

**ТЕМАТИЧЕСКОЕ ЗАДАНИЕ** — совокупность связанных друг с другом заданий для проверки знаний по одной изученной теме. Могут представляться в виде цепных заданий.

**ТАҚЫРЫПТЫҚ ТАПСЫРМА** — зерттелген бір тақырып бойынша білімді тексеру үшін бір-бірімен байланысты тапсырмалар жиынтығы. Тізбекті тапсырмалар түрінде ұсынылуы мүмкін.

**ТЕОРИЯ** — группа дисциплин затрагивающая такие области как вычислительная математика, дискретная математика (математическая логика, теория алгоритмов, теория графов), и автоматизированное моделирование различных процессов.

**ТЕОРИЯ** — есептеуіш математика, дискреттік математика (математикалық логика, алгоритмдер теориясы, бағандар теориясы) және түрлі процестердің автоматтандырылған модельдеу сияқты салаларға қатысты пәндер тобы.

**ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ** — словарь, содержащий термины какой-либо области знания или темы и их определения и разъяснения.

**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІК** — қандай да бір білім саласының терминдері немесе тақырыптар және олардың анықтамалары мен түсініктемелері берілген сөздік.

**ТЕРРИТОРИЯ УНИВЕРСИТЕТА, КОЛЛЕДЖА, ШКОЛЫ И т.п.** — земли, принадлежащие организации образования со всеми зданиями и сооружениями.

**УНИВЕРСИТЕТТІҢ, КОЛЛЕДЖДІҢ, МЕКТЕПТІҢ ЖӘНЕ т.б. АУМАҒЫ** — барлық ғимараттары мен құрылыстары бар білім беру ұйымына тиесілі жер.

**ТЕСТ** — система тестовых заданий. Тестовые задания могут быть расположены произвольно, либо в каком-то определенном порядке, определенном моделью тестирования. Часто задания располагаются по возрастанию сложности.

**ТЕСТОЛОГИЯ** — наука, изучающая составление тестов и обработку результатов тестирования.

**ТЕХНИКА БЕЗОПАСНОСТИ** — комплекс средств и мероприятий, внедряемых в производство с целью создания здоровых и безопасных условий труда.

**ТЕХНИКА БЕЗОПАСНОСТИ ТРУДА** — правила, соблюдение которых призвано защитить здоровье и жизнь работника в процессе его деятельности.

**ТЕХНОЛОГИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ГОТОВНОСТИ СТУДЕНТА** — целостная совокупность действий, операций, обеспечивающих результат.

**ТЕХНОПАРК** — структура, располагающая небольшим количеством предприятий с пере-

**ТЕСТ** — тест тапсырмаларының жүйесі. Тест тапсырмалары еркін немесе тестілеудің белгілі бір үлгісінің белгіленген тәртібімен орналастырылуы мүмкін. Көбіне тапсырмалар қиындықтың артуына қарай орналастырылады.

**ТЕСТОЛОГИЯ** — тестінің құрастырылуын және тестілеу нәтижесін өңдеуді зерттейтін ғылым.

**ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ** — салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау мақсатында өндіріске енгізілетін құралдар мен іс-шаралар кешені.

**ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ТЕХНИКАСЫ** — қызметкердің еңбек процесі барысында оның денсаулығы мен өмірін қорғауға арналған ережелер.

**СТУДЕНТТІҢ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ** — нәтижені қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің, операциялардың тұтас жиынтығы.

**ТЕХНОПАРК** — жаңа әзірлемелер жасау мен игеру, қазіргі заманғы жабдықтар мен аспап-

довой технологией, выполняющая заказы по созданию и освоению новых разработок, производству современного оборудования и приборов.

**ТЕХНОПОЛИС** — семейство наукоемких предприятий, объединенных с научно-исследовательскими и учебными центрами в целях интеграции науки с производством и образованием для разработки высоких и сверхвысоких технологий, создания благоприятных условий для генерации идей и их реализации.

**ТИФЛОПЕДАГОГИКА** — наука о воспитании и обучении детей с нарушениями зрения, одна из отраслей коррекционной (специальной) педагогики.

**ТОЛКОВЫЙ СЛОВАРЬ** — языковой словарь, разъясняющий значение слов какого-либо языка, дающий их грамматическую и стилистическую характеристики, примеры употребления и другие сведения.

**ТРАНЗАКЦИОННЫЕ УСЛУГИ** — деятельность по предоставлению электронных информационных ресурсов

тарды шығару жөніндегі тапсырыстарды орындаушы, саны аз озық технологиялы кәсіпорындары бар құрылым.

**ТЕХНОПОЛИС** — жоғары және аса жоғары технологияларды әзірлеу үшін ғылымды өндіріспен және білім берумен интеграциялау, идеяларды тудыру мен оларды іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында ғылыми-зерттеу және оқу орталықтарымен біріккен ғылымды көп қажетсінетін кәсіпорындар тобы.

**ТИФЛОПЕДАГОГИКА** – көру қабілеті бұзылған балаларды тәрбилеу және оқыту туралы ғылым, коррекциялық (арнайы) педагогика саласының бір түрі.

**ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК** — қандай да бір тілдегі сөздердің мағынасын түсіндіретін, олардың грамматикалық және стилистикалық сипаттамаларын, қолдану үлгілерін және басқа да мәліметтер беретін тілдік сөздік.

**ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ** — электрондық ақпараттық ресурстарды пайдаланушыларға олар-

пользователям по их запросам или по соглашению сторон, требующая взаимный обмен информацией, проведение платежей и иные действия с применением электронной цифровой подписи.

**ТРЕБОВАНИЕ ВЗАИМОСВЯЗАННОСТИ** — требование изучить две дисциплины, связанные между собой, при выборе учащимся одной из них.

**ТРЕБОВАНИЯ К СТРУКТУРЕ ОСНОВНЫХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ** — система норм, регламентирующих содержание и организацию образовательного процесса, обеспечивающего достижение планируемых результатов общего образования.

**ТРЕБОВАНИЯ ПО ИЗУЧЕНИЮ БАЗОВЫХ ДИСЦИПЛИН** — свод правил, определяющих перечень базовых дисциплин, которые обучающийся должен изучить в обязательном порядке в рамках любой программы подготовки, а также количество учебной работы,

дың сұратуы бойынша немесе тараптардың келісімі бойынша беру жөніндегі, өзара ақпарат алмасуды талап ететін, электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, төлемдер мен өзге де іс-әрекетті жүргізу жөніндегі қызмет.

**ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫЛЫҚ ТАЛАБЫ** — білім алушы өзара байланысты екі пәннің бірін таңдаған кезде екіншісін міндетті түрде оқыпүйрену жөнінде талап қою.

**НЕГІЗГІ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР** – білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдасуын регламенттейтін, жалпы білім беруді жоспарлау нәтижесіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін нормалар жүйесі.

**НЕГІЗГІ ПӘНДЕРДІ ОҚУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР** — кез келген дайындық бағдарламасы шеңберінде білім алушының міндетті түрде оқуы тиіс, сондай-ақ оны орындауы қажет шартты (кредиттік) сағаттарда көрсетілген оқу жұмысының санын, негізгі пәндер тізбесін

выраженной в условных (кредитных) часах, которую он должен при этом выполнить.

**ТРЕНИНГ** (англ. training – специальная тренировка) – систематическая тренировка или совершенствование каких-либо навыков и поведения работников организации в направлении улучшения возможностей реализации целей организации. Тренинг – форма интенсивного обучения, применение которой наиболее оправданно, когда желаемый результат – это способность участников успешно осуществлять определенные действия на практике, а не только получение новой теоретической информации.

**ТРУД** — деятельность человека, направленная на создание материальных, духовных и других ценностей, необходимых для жизни и удовлетворения потребностей человека и общества.

**ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — осознанная, энергозатратная, общепризнанная целесообразной деятельность человека, требующая приложения усилий и осуществления

анықтайтын ережелер жиынтығы.

**ТРЕНИНГ** (ағылшын – training – арнайы жаттығу) – ұйымның мақсаттарын жүзеге асыру мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған жүйелі жаттығулар немесе ұйым жұмыскерлерінің қандай да бір машықтары мен мінез-құлықтарын жетілдіру. Тренинг – қарқынды оқыту нысаны, қатысушылардың жаңа теориялық мәлімет алып қана қоймай, белгілі бір әрекеттерді тәжірибеде жемісті пайдалануына қол жеткізілгенде тренинг қолданудың мақсатқа сай ақталғаны болып табылады.

**ЕҢБЕК** — адам мен қоғамның өміріне және қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтарды жасауға бағытталған адам қызметі.

**ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІ** — күш-қуат жұмсауды және жұмысты жүзеге асыруды талап ететін адамның саналы, күш-қуат шығындайтын, жалпы мақсатқа сай деп танылатын әрекеті. Еңбек

работы. Посредством трудовой деятельности человек видоизменяет предметы природы и приспосабливает их для удовлетворения своих потребностей.

әрекеті арқылы адам табиғат заттарын түрлендіреді және өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бейімдейді.

**ТРУДОВАЯ КНИЖКА** – основной документ, характеризующий трудовую деятельность рабочего или служащего. Трудовые книжки ведутся на всех рабочих и служащих предприятий, учреждений и организаций, проработавших свыше пяти дней, в т.ч. на сезонных и временных работников, а также на нештатных работников, если они подлежат социальному страхованию. На лиц, работающих по совместительству, трудовые книжки ведутся только по месту основной работы.

**ЕҢБЕК КІТАПШАСЫ** – жұмысшының немесе қызметшінің еңбек әрекетін сипаттайтын негізгі құжат. Кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың бес күннен артық жұмыс істеген барлық жұмысшылары мен қызметшілеріне, оның ішінде маусымдық және уақытша жұмыскерлерге, сондай-ақ, егер олар әлеуметтік сақтандыруға жататын болса, штаттан тыс қызметкерлерге де еңбек кітапшалары жүргізіледі. Қоса атқаратын жұмыстағы адамдарға еңбек кітапшалары негізгі жұмыс орнында ғана жүргізіледі.

**ТРУДОВАЯ ПРАКТИКА** — совокупность устойчивых и массовых социальных взаимодействий (легальных и нелегальных) между работниками и работодателями – как юридическими, так и физическими лицами.

**ЕҢБЕК ТӘЖІРИБЕСІ** — жұмыскерлер мен жұмыс берушілер – заңды және жеке тұлғалар арасындағы тұрақты және жалпы әлеуметтік өзара әрекеттесулер (заңды және заңсыз) жиынтығы.

**ТРУДОВАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА** — систематизированное устное или письменное изло-

**ЕҢБЕК МІНЕЗДЕМЕСІ** — жұмыскердің немесе еңбек ұжымының ең маңызды, ерек-

жение наиболее важных, отличительных свойств и качеств работника или трудового коллектива. Обычно характеристика включает изложение отношения к труду и формам общения. Трудовая характеристика как служебный документ состоит из краткого описания трудового пути работника, его деловых и нравственных качеств, его трудовой и общественной активности.

**ТРУДОВОЕ ВОСПИТАНИЕ** – формирование необходимых для трудовой деятельности нравственных качеств человека с помощью труда. Трудовое воспитание должно проводиться в семье – ребенок должен знать свои трудовые обязанности и соблюдать их, в детских дошкольных учреждениях – прививание детям навыков по гигиене и труду, самообслуживанию. В школьных учреждениях – обучение для непосредственного овладения ими трудовыми умениями и навыками, а также специальные трудовые лагеря, обеспечение работой на период летних каникул и т.д.

ше қасиеттері мен сапаларын жүйелі түрде ауызша не жазбаша баяндау. Әдетте мінездеме еңбекке және қарым-қатынас нысанына көзқарасын баяндауды қамтиды. Еңбек мінездемесі қызметтік құжат ретінде қызметкердің еңбек жолын, оның іскерлік және адамгершілік қасиеттерін, оның еңбектегі және қоғамдық өмірдегі белсенділігін қысқаша сипаттаудан тұрады.

**ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУ** – еңбектің көмегімен адамның бойында еңбек әрекетіне қажетті адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Еңбекке тәрбиелеу отбасында жүргізілуі қажет – бала өзінің еңбек міндеттерін біліп, оларды орындауы керек, мектепке дейінгі балаларға арналған мекемелерде – балаларға гигиена, еңбек және өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша машықтарға дағдыландыру. Мектеп мекемелерінде балаларды еңбек ептіліктері мен машықтарына тікелей үйрету, сондай-ақ арнайы еңбек лагерлерін ұйымдастыру, жазғы демалыс кезінде жұмыспен қамтамасыз ету және т.б. қолға алынады.

**ТРУДОВЫЕ ОБЯЗАННОСТИ** – обязательства работника и работодателя, обусловленные нормативными правовыми актами Республики Казахстан, актом работодателя, трудовым, коллективным договорами.

**ЕҢБЕК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ** – жұмыскер мен жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, жұмыс берушінің актілерінде, еңбек шартында, ұжымдық шарттарда келісілген міндеттері.

**ТУРИЗМ, ДЕТСКИЙ И ЮНОШЕСКИЙ** — вид активного отдыха, одна из форм дополнительного образования детей. Туризм способствует физическому воспитанию, восстановлению сил учащихся. Тесно связан с краеведением.

**БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІ** — белсенді демалыс түрі, балаларға қосымша білім беру нысанының бір түрі. Туризм оқушылардың дене тәрбиесін, күшін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Өлкетанумен тығыз байланысты.

**ТЬЮТОР** — методист, преподаватель или консультант-наставник, входящий в профессорско-преподавательский состав системы дистанционного обучения, осуществляющий методическую и организационную помощь обучаемым в рамках конкретной программы дистанционного обучения.

**ТЬЮТОР** — қашықтан оқытудың нақты бағдарламасы шеңберінде білім алушыларға әдістемелік және ұйымдастырушылық көмекті жүзеге асыратын, қашықтан оқыту жүйесінің профессорлық-оқытушылық құрамына кіретін әдіскер, оқытушы немесе кеңес беруші-тәлімгер.

**ТЯЖЕЛЫЙ НЕДОСТАТОК** — психический и (или) физический недостаток, выраженный в такой степени, что образование в соответствии с государственными (в том числе

**АУЫР КЕМІСТІК** — мемлекеттік (оның ішінде арнаулы) білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қолжетімді болмайтын және оқыту мүмкіндіктері өзіне-өзі қызмет

специальными) образовательными стандартами является недоступным и возможности обучения ограничиваются овладением навыками самообслуживания, элементарными знаниями об окружающем мире и простыми трудовыми навыками или узкой профессиональной подготовкой.

көрсету дағдыларын, қоршаған дүние туралы қарапайым білімдерді және қарапайым еңбек дағдыларын немесе аясы тар кәсіби даярлықты меңгерумен шектелетін дәрежедегі психикалық және (немесе) дене кемістігі.

# У

**УВАЖЕНИЕ ВЗГЛЯДОВ ДЕТЕЙ** — государство обязано обеспечивать ребенку, способному сформулировать свои собственные взгляды, право свободно выражать эти взгляды по всем вопросам, затрагивающим ребенка, причем взглядам ребенка уделяется должное внимание в соответствии с возрастом и зрелостью ребенка.

**БАЛАЛАРДЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫН ҚҰРМЕТТЕУ** — мемлекет балаға өзіндік көзқарасының қалыптасуын, балаларға қатысты мәселелерге өз көзқарастарын еркін білдіруін қамтамасыз етуге міндетті, сонымен бірге баланың жасына, жас кемелденуіне көңіл бөлінеді.

**УЗКОСПЕЦИАЛЬНЫЙ ПРЕДМЕТ** — предмет, изучение которого направлено на получение знаний, умений и навыков в узких рамках будущей профессиональной деятельности.

**ТАР СИПАТТАҒЫ ПӘН** — оқу барысында болашақтағы кәсіби қызметтің тар шеңберінде білім, іскерлік және дағдылар қалыптастыруға бағытталатын пән.

**УМСТВЕННАЯ ИЛИ ФИЗИЧЕСКАЯ НЕСПОСОБ-**

**АҚЫЛ-ОЙ НЕМЕСЕ ДЕНЕ ҚАБІЛЕТСІЗДІГІ** – ақыл-ой

**НОСТЬ** – умственная или физическая непригодность заниматься определенным видом деятельности на должном уровне или вести нормальную социальную жизнь.

немесе дене кемістігінен нақты бір қызмет түрімен тиісті деңгейде шұғылдануға немесе қалыпты әлеуметтік өмір сүруге жарамсыздық.

**УМСТВЕННАЯ НЕПОЛНОЦЕННОСТЬ** – психическое состояние, препятствующее нормальной жизнедеятельности человека.

**АҚЫЛ-ОЙ КЕМІСТІГІ** – адамның қалыпты тұрмыс-тіршілігіне кедергі келтіретін психикалық жағдай.

**УНИВЕРСИТЕТ** — многопрофильное высшее учебное заведение, реализующее образовательные программы высшего профессионального и послевузовского профессионального образования по широкому спектру специальностей; осуществляющее переподготовку и (или) повышение квалификации специалистов с высшим профессиональным образованием, научных и научно-педагогических работников; проводящее фундаментальные и прикладные научные исследования; являющееся ведущим научным и методическим центром в областях своей деятельности.

**УНИВЕРСИТЕТ** — мамандықтардың кең ауқымы бойынша жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын; жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды, ғылыми және ғылыми-педагогикалық жұмыскерлерді қайта даярлауды және (немесе) олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын; іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізетін; өзінің қызмет саласында жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын көпсалалы жоғары оқу орны.

**УПОЛНОМОЧЕННЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ОРГАН**

**УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН** — ғылым және

— центральный исполнительный орган, осуществляющий руководство в области науки и научно-технической деятельности.

**УПОЛНОМОЧЕННЫЙ ОРГАН** — государственный орган, осуществляющий реализацию государственной политики и государственное регулирование деятельности.

**УПОЛНОМОЧЕННЫЙ ОРГАН В ОБЛАСТИ КУЛЬТУРЫ** — центральный исполнительный орган, осуществляющий реализацию государственной политики в области культуры.

**УПОЛНОМОЧЕННЫЙ ОРГАН В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИЯ** — центральный исполнительный орган Республики Казахстан, осуществляющий руководство и межотраслевую координацию в области образования.

**УПОЛНОМОЧЕННЫЙ ОРГАН В СФЕРЕ ИНФОРМАТИЗАЦИИ** — центральный исполнительный орган, осуществляющий реализацию государственной политики и государственное регулирова-

ғылыми-техникалық қызмет саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

**УӘКІЛЕТТІ ОРГАН** — мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

**МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН** — мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыратын орталық атқарушы орган.

**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН** — білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы.

**АҚПАРАТТАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН** — ақпараттандыру және «электрондық үкімет» саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге

ние деятельности в сфере информатизации и «электронного правительства».

**УПОЛНОМОЧЕННЫЙ ОРГАН ПО ВОПРОСАМ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ** — центральный исполнительный орган, осуществляющий в пределах предоставленных полномочий координацию и реализацию государственной молодежной политики.

**УПРАВЛЕНИЕ КАЧЕСТВОМ** — совокупность мер, регулярно предпринимаемых в системе или на институциональном уровне, чтобы обеспечить качество высшего образования и улучшить его в целом. Термин охватывает все мероприятия по осуществлению политики, направленной на повышение качества через планирование качества, контроль над качеством, обеспечение качества и механизмы его повышения.

**УПРАВЛЕНИЕ ШКОЛОЙ** — система планирования, организации и руководства деятельностью школы. Различают внутреннее и внешнее. Внутреннее управление школой или

асыратын орталық атқарушы орган.

**ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН** — берілген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік жастар саясатын үйлестіруді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

**САПАНЫ БАСҚАРУ** — жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету және оны тұтастай жақсарту үшін жүйеде немесе институционалдық деңгейде ұдайы қолданылатын шаралар жиынтығы. Бұл термин сапаны жоспарлау, сапаны бақылау, сапаны қамтамасыз ету және оны арттыру тетіктері арқылы сапаны жоғарылатуға бағытталған саясатты жүзеге асыру жөніндегі барлық іс-шараларды қамтиды.

**МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ** — мектеп қызметін жоспарлау, ұйымдастыру және басқару жүйесі. Ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі мектеп басқару немесе мектепішілік басқару

внутришкольное управление — это управление, осуществляемое субъектами, являющимися частью школьного сообщества, находящимися внутри школы.

бұл — мектеп ішіндегі мектеп қоғамдастығының бір бөлігі болып табылатын субъектілер жүзеге асыратын басқару.

**УРОВЕНЬ (СЛОЖНОСТЬ) КРЕДИТА** — индикатор относительных требований к обучению или к степени свободы, предоставляемой обучающемуся, в определенном разделе или модуле.

**КРЕДИТ ДЕҢГЕЙІ (КҮРДЕЛІЛІГІ)** — белгілі бөлімде немесе модульде білім алушыға берілетін оқытуда немесе еркіндік дәрежесіне қойылатын салыстырмалы талаптар индикаторы.

**УРОВЕНЬ УСВОЕНИЯ УЧЕБНОГО МАТЕРИАЛА** — показывает качество владения обучаемым учебным материалом.

**ОҚУ МАТЕРИАЛЫН МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІ** — білім алушының оқу материалын меңгеру сапасын көрсетеді.

**УРОК** — форма организации учебно-воспитательного процесса в учебных заведениях при классно-урочной системе обучения. Урок проводится с коллективом учащихся постоянного состава (классом) в течение определённого промежутка времени (как правило, 45 мин. в начальной школе может быть 30-35 мин.).

**САБАҚ** — оқытудың сыныптық сабақ жүйесіндегі оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру нысаны. Сабақ белгілі бір уақыт аралығында тұрақты құрамдағы оқушылар ұжымына (сыныпқа) жүргізіледі (әдетте, 45 минут; бастауыш мектепте 30-35 минут болуы мүмкін).

**УСЛОВИЯ ПОЛУЧЕНИЯ СТЕПЕНИ БАКАЛАВРА** — свод правил, определяющих перечень требований, который

**БАКАЛАВР ДӘРЕЖЕСІН АЛУ ШАРТТАРЫ** — бакалавр дәрежесін алуға ниет білдірген білім алушы орындауы тиіс та-

должен выполнить обучающийся, желающий получить степень бакалавра. К ним относятся: количество учебной работы, выраженной в условных (кредитных) часах, которую он должен выполнить, в том числе отдельно по базовым, по специальным предметам, а также при выполнении выпускной работы; минимальное количество кредитов, которые должен получить в данном учебном заведении обучающийся, поступивший в него переводом из другого образовательного учреждения.

лаптар тізбесін айқындайтын ережелер жиынтығы. Оған студент орындауы тиіс жекелеген базалық пәндер бойынша, арнайы пәндер бойынша, сондай-ақ бітіру жұмысын орындағанда шартты (кредиттік) сағаттарынан есептелген оқу жылының саны; басқа білім беру ұйымынан ауысып келген білім алушының осы оқу орнында алуға тиіс кредиттер санының ең төменгі саны кіреді.

**УСЛОВНОЕ ЗАЧИСЛЕНИЕ** — зачисление в образовательное заведение с определенным условием (например, успешно окончить языковые курсы), после чего кандидату гарантировано зачисление на основные образовательные программы.

**ШАРТПЕН ҚАБЫЛДАУ** — білім беру ұйымына белгілі бір шартпен оқуға қабылдау (мысалы, тіл курстарын сәтті аяқтау), осыдан соң үміткердің негізгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдануына кепілдік беріледі.

**УСЛОВНЫЙ (КРЕДИТНЫЙ) ЧАС** — условная единица времени, определяющая, по мнению организации образования, трудоемкость конкретной учебной работы по каждому предмету. Один кредитный час может соответствовать 15-

**ШАРТТЫ (КРЕДИТТІК) САҒАТ** — білім беру ұйымының пікірі бойынша, әр пәннің нақты оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын айқындайтын уақыттың шартты бірлігі. Кредиттік бір сағат аудиториялық 15-20 академиялық сағатқа немесе

20 академическим часам аудиторных или 30-40 часам самостоятельных занятий. Соотношение между академическими часами и кредитным часом устанавливается либо государственными нормативными документами, либо каждой организацией образования самостоятельно. Сумма кредитных часов по данной дисциплине определяет общую ее трудоемкость.

30-40 сағаттық өзіндік сабақтарға сәйкес келуі мүмкін. Академиялық сағаттар мен кредиттік сағат арақатынасын мемлекеттік нормативтік құжаттарда белгіленеді. Әр білім беру ұйымы дербес белгілейді. Осы пән бойынша кредиттік сағаттар қосындысы оның жалпы еңбек сыйымдылығын анықтайды.

**УСЛОВНЫЙ (КРЕДИТНЫЙ) ЧАС ЕВРОПЕЙСКОЙ СИСТЕМЫ ПЕРЕЗАЧЕТА КРЕДИТОВ** — разработанная в рамках программы ЕСТ5 усредненная система, при которой трудоемкость учебной работы в течение одного учебного года оценивается в 60 условных (кредитных) часов, что позволяет, по мнению разработчиков, перезачитывать дисциплины, изученные учащимся в другой, прежде всего, в зарубежной, организации образования.

**КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУДІҢ ЕУРОПАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ШАРТТЫ (КРЕДИТТІК) САҒАТЫ** — АСЕЖ бағдарламасы аясында дайындалған орташаланған жүйе, мұнда бір оқу жылы ішіндегі оқу жұмысының еңбек сыйымдылығы 60 шартты (кредиттік) сағатпен бағаланады, бұл, әзірлеушілердің пікірінше, оқушылардың басқа, ең алдымен шетелдік білім беру ұйымдарында оқыған пәндерді қайта есептеуге мүмкіндік береді.

**УЧАЩИЙСЯ ТРЕТЬЕГО КУРСА, ТРЕТЬЕКУРСНИК** — учащийся (в некоторых странах — полной средней школы),

**ҮШІНШІ КУРС СТУДЕНТІ** — бакалаврларды даярлау бағдарламасынан жоғары емес бағдарламалар бойынша (кейбір

колледжа или университета, обучающийся по программам не выше программ подготовки бакалавров и выполнивший учебный план двух лет обучения или получивший такое количество кредитов, которое предусмотрено получить за два года обучения.

**УЧАЩИЙСЯ, ОБУЧАЮЩИЙСЯ НА ПРОФЕССИОНАЛЬНУЮ УЧЕНУЮ СТЕПЕНЬ** — обучающийся по программам профессионального образования.

**УЧАЩИЙСЯ-НЕРЕЗИДЕНТ** — обучающийся американской школы, колледжа или университета, проживающий в другом штате, а не в том, где расположено образовательное учреждение, не имеющий льгот при приеме и по оплате обучения в сравнении с тем обучающимся, который является жителем штата.

**УЧАЩИЙСЯ-РЕЗИДЕНТ** — обучающийся американской школы, колледжа или университета, проживающий в том же штате, где расположено образовательное учреждение и где платят налоги он сам и его се-

елдерде — толық орта мектепте) колледжде немесе университетте оқитын және екі жылдың оқу жоспарын орындаған немесе екі жыл ішінде алуға көзделген кредиттер санын алған оқушы.

**КӘСІБИ ҒЫЛЫМИ ДӘРЕЖЕГЕ ОҚИТЫН ОҚУШЫ, БІЛІМ АЛУШЫ** — кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушы.

**РЕЗИДЕНТ ЕМЕС ОҚУШЫ** — білім беру мекемесі орналасқан штатта емес, басқа штатта тұратын, осы штат тұрғыны болып табылатын білім алушыға қарағанда оқуға қабылдау және оқуға төлеу кезінде жеңілдіктері болмайтын американдық мектеп, колледж немесе университет білім алушысы.

**РЕЗИДЕНТ ОҚУШЫ** — білім беру мекемесі орналасқан штатта тұратын, әрі оның өзі және отбасы салық төлейтіндіктен, оқу төлемақысы бойынша елеулі жеңілдіктер беретін американдық мектептің, колледждің

мья, то дает ему существенные льготы по оплате обучения.

**УЧЕБНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** — один из основных видов деятельности человека, направленный на усвоение теоретических знаний и способов деятельности в процессе решения учебных задач.

**УЧЕБНАЯ НАГРУЗКА ОБУЧАЮЩЕГОСЯ** — суммарная трудоемкость предмета, выраженная в условных (кредитных) часах, которую должен выполнить обучающийся в течение одного периода обучения. Организация образования определяет минимум, соответствующий каждому виду обучения, а обучающийся должен зарегистрироваться для изучения соответствующего количества предметов.

**УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА** — документ, определяющий по каждой учебной дисциплине содержание и объем знаний, умений и навыков, подлежащих усвоению.

**УЧЕБНАЯ РАБОТА** — понятие учебной работы связывается с требуемой — обычно контролируемой и оцениваемой -

немесе университеттің білім алушысы.

**ОҚУ ҚЫЗМЕТІ** — оқу мәселесін шешу процесінде теориялық білім мен қызмет тәсілдерін меңгеруге бағытталған адам қызметінің негізгі түрлерінің бірі.

**БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ** — білім алушы оқытудың бір кезеңі ішінде орындайтын шартты (кредиттік) сағаттарда көрсетілген пәннің жиынтық еңбек сыйымдылығы. Білім беру ұйымы оқытудың әр түріне сәйкес минимум белгілейді, ал білім алушы өзі оқитын тиісті пәндер санын оқып-үйрену үшін тіркелуі тиіс.

**ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ** — әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, ептілік пен машықтардың мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат.

**ОҚУ ЖҰМЫСЫ** — оқу жұмысы ұғымы, әдетте, курс бөлімі немесе модулі аясында бақыланатын және бағалана-

учебной деятельностью в рамках раздела курса или модуля.

**УЧЕБНИК** — учебное издание, содержащее систематическое изложение учебной дисциплины (ее раздела, части), соответствующее учебной программе и официально утвержденное в качестве данного вида издания.

**УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ** — учебное издание, дополняющее или частично (полностью) заменяющее учебник, официально утвержденное в качестве данного вида издания.

**УЧЕБНО-КЛИНИЧЕСКИЙ ЦЕНТР** — структурное подразделение медицинского высшего учебного заведения, оснащенное современной аппаратурой, фантомами и муляжами и предназначенное для освоения и контроля практических (клинических) навыков обучающихся и (или) медицинских работников.

**УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ** — учебное издание, содержащее материалы по методике преподавания учебной дисциплины (ее раз-

тын талап етілетін оқу қызметімен байланыстырылады.

**ОҚУЛЫҚ** — оқу пәнінің (оның тарауының, бөлімінің) жүйелік мазмұны берілген, оқу бағдарламасына сәйкес келетін және басылымның аталмыш түрі ретінде ресми бекітілген оқу басылымы.

**ОҚУ ҚҰРАЛЫ** — басылымның аталмыш түрі ретінде ресми бекітілген, оқулықты толықтыратын немесе жартылай (толық) ауыстыратын оқыту басылымы.

**ОҚУ-КЛИНИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ** — медициналық жоғары оқу орнының қазіргі заманғы аппаратурамен, фантомдармен және муляждармен жабдықталған және білім алушылардың және (немесе) медицина жұмыскерлерінің практикалық (клиникалық) машықтарды меңгеруіне және оларды бақылауға арналған құрылымдық бөлімшесі.

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ** — оқу пәнін (оның тарауының, бөлімінің) оқыту әдістемесі бойынша немесе тәрбие беру әдістемесі бойын-

дела, части) или по методике воспитания.

**УЧЕБНО-НАГЛЯДНОЕ ПОСОБИЕ** — учебное иллюстрированное издание, содержащее материалы в помощь изучению, преподаванию или воспитанию.

**УЧЕБНЫЙ КАЛЕНДАРЬ** — ежегодная официальная публикация дата начала и окончания периодов обучения, сроков подачи заявлений на зачисление, сроков регистрации на изучение тех или иных предметов, оплаты обучения и т.п.

**УЧЕБНЫЙ КУРС** (в аспекте электронных учебников) — объединение нескольких обучающих систем по связанным предметам.

**УЧЕБНЫЙ ПЛАН** — основной документ, регламентирующий перечень и объем учебных дисциплин (предметов) соответствующего уровня образования, порядок их изучения и формы контроля.

**УЧЕБНЫЙ ПЛАН, БАЗИСНЫЙ** — основной государственный нормативный документ, являющийся составной

ша материалдар берілген оқу басылымы.

**ОҚЫТУ-КӨРНЕКІЛІК ҚҰРАЛЫ** — оқып-үйренуге оқытуға немесе тәрбие беруге көмек ретінде материалдар берілген иллюстрациялық оқу басылымы.

**ОҚУ КҮНТІЗБЕСІ** — оқу басталғаннан аяқталғанға дейінгі кезеңнің, оқуға түсуге өтініштерді беру мерзімдерінің, қандай да бір пәндерді үйренуге арналған тіркеу, оқыту төлемдері мерзімдерінің және т.б. жыл сайынғы ресми жарияланымы.

**ОҚУ КУРСЫ** (электрондық оқулықтар аспектісінде) — бірбірімен байланысты пәндер бойынша бірнеше білім беру жүйесінің бірлестігі.

**ОҚУ ЖОСПАРЫ** — тиісті білім беру деңгейіндегі оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқып-үйрену тәртібі мен бақылау нысандарын регламенттейтін негізгі құжат.

**БАЗИСТІК ОҚУ ЖОСПАРЫ** — мемлекеттік білім беру стандартының құрамды бөлігі болып табылатын негізгі

частью Государственного образовательного стандарта.

**УЧЕБНЫЙ ПРЕДМЕТ** — законченная программа обучения, Компонент программы - дисциплина или отдельная часть дисциплины, изучаемая в рамках какой-либо программы обучения в течение одного периода (семестра, четверти).

**УЧЕБНЫЙ ЭЛЕМЕНТ** — цельный, неделимый, законченный кусок учебного материала.

**УЧИЛИЩЕ** — учебное заведение, реализующее общеобразовательные учебные программы основного среднего, общего среднего образования и профессиональные учебные программы технического и профессионального, послесреднего образования в области культуры и искусства.

**УЧИТЕЛЬ** — педагогическая профессия и должность в системе общего и профессионально-технического образования.

**УЧРЕЖДЕНИЕ СИСТЕМЫ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ** — образовательное

мемлекеттік нормативтік құжат.

**ОҚУ ПӘНІ** — оқудың аяқталған бағдарламасы; бағдарламаның құрамдасы — бір кезең (семестр, тоқсан) ішінде қандай да бір оқу бағдарламасы аясында оқылатын пән немесе пәннің жеке бөлімі.

**ОҚУ ЭЛЕМЕНТІ** — оқыту материалының тұтас, бөлінбейтін, аяқталған бөлігі.

**УЧИЛИЩЕ** — негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және мәдениет пен өнер саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

**МҰҒАЛІМ** — педагогикалық мамандық және жалпы және кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіндегі лауазым.

**ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МЕКЕМЕСІ** — қашықтан оқыту жүйесінің қыз-

учреждение или объединение образовательных учреждений, обеспечивающее функционирование системы дистанционного обучения.

мет етуін қамтамасыз ететін білім беру мекемесі немесе білім беру мекемелерінің бірлестігі.

# Ф

**ФАКТИЧЕСКОЕ ПРИЗНАНИЕ** — профессиональное признание иностранной квалификации в случаях, когда такое признание не отрегулировано национальным законодательством или не требуется.

**НАҚТЫ ТАНУ** — ұлттық заңнамамен реттелмеген немесе тану талап етілмеген жағдайда шетелдік біліктілікті кәсіби түрде тану.

**ФАКУЛЬТАТИВНЫЕ ЗАНЯТИЯ** — один из видов дифференциации обучения по интересам. На факультативные занятия в учебном плане общеобразовательной школы выделяются специальные часы в классах средней и старшей ступеней школы. Программы факультативных курсов носят ориентировочный характер. Учащиеся зачисляются в группы для изучения факультативных курсов по желанию.

**ФАКУЛЬТАТИВТІК САБАҚТАР** – оқытудың мүдде бойынша саралануының бір түрі. Жалпы білім беретін мектептің оқу жоспарында факультативтік сабақтарға орта және жоғары сатылы мектептердің сыныптарына арнайы сағаттар бөлінеді. Факультативтік курстар бағдарламалары бағдарлық сипатта болады. Факультативтік курстарды оқу үшін оқушылар топтарға қалауы бойынша қабылданады.

**ФАКУЛЬТЕТ** — учебно-научное и административное подразделение вуза, осуществляющее

**ФАКУЛЬТЕТ** — белгілі бір мамандық бойынша студенттер мен аспиранттардың дайынды-

подготовку студентов и аспирантов по определённой специальности, а также руководство научно-исследовательской и учебно-воспитательной деятельностью объединяемых им кафедр. Факультет возглавляется деканом.

**ФАСЕТ** — Форма записи нескольких вариантов одного и того же задания, т.е. в одном задании как бы совмещается несколько заданий с одними и теми же вариантами ответов. Каждому тестируемому выдается свой вариант и соответственно свой правильный ответ.

**ФИЗИЧЕСКИЙ НЕДОСТАТОК** — нарушение развития и (или) функционирования органа (органов), требующее длительной социальной, медицинской и коррекционно-педагогической поддержки.

**ФИЛИАЛ ОРГАНИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ** — структурное подразделение организации образования, расположенное вне места ее нахождения и осуществляющее реализацию образовательных программ.

**ФИЛОСОФИЯ ОБРАЗОВАНИЯ** — область исследований общей теоретической пробле-

ғын, сондай-ақ кафедраға біріккен ғылыми-зерттеу және оқу-тәрбие қызметін басқаруды жүзеге асыратын жоғары оқу орнының оқу-ғылыми және әкімшілік бөлімшесі. Факультетті декан басқарады.

**ФАСЕТ** — бір ғана тапсырманың бірнеше нұсқаларының жазылу нысаны. Яғни бір тапсырмаға бір ғана жауап нұсқалары бар бірнеше тапсырма енеді. Әр тест тапсырушыға өзінің нұсқасы және соған сәйкес өзінің дұрыс жауабы беріледі.

**ДЕНЕ КЕМІСТІГІ** — ағзасы (ағзалары) дамуының және (немесе) жұмыс істеуінің ұзақ уақыт бойы әлеуметтік, медициналық және педагогикалық түзеу арқылы қолдауды қажет ететіндей бұзылуы.

**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ** — білім беру ұйымының одан тыс жерде орналасқан және білім беру бағдарламаларын іске асыратын құрылымдық бөлімшесі.

**БІЛІМ БЕРУ ФИЛОСОФИЯСЫ** — білім берудің жалпы теориялық проблематикасын,

матики, целей и ценностных оснований образования, принципов формирования его содержания и направленности.

**ФИНАНСИРОВАНИЕ НА КАПИТАЛЬНЫЕ НУЖДЫ** — в заявках на получение финансирования образовательных проектов — тип финансирования, которое идет на постройку или ремонт зданий, на покупку крупного оборудования, земли или строений.

**ФОРМА ЗАЯВЛЕНИЯ О ПРИЕМЕ НА ОБУЧЕНИЕ** — специальный документ, который должен заполнить кандидат на зачисление, содержащий данные о предыдущем образовании, сведения об источниках и гарантах оплаты обучения и т.п.

**ФОРМАТ** — внешняя структура и стиль заявки на финансирование какого-либо проекта (в том числе образовательного), а также внешний вид заявки — отступы, интервал, выделений курсивом или жирным шрифтом и т.д.

**ФОРМИРОВАНИЕ ЕВРОПЕЙСКОГО ПРОСТРАНСТВА ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ** – создание ЕПВО оз-

мақсаттарын және құнды негіздемелерін, оның мазмұны мен бағытының қалыптасу қағидаттарын зерттеу саласы.

**КҮРДЕЛІ МҰҚТАЖДЫҚТАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ** — білім беру жобаларын қаржыландыруға арналған өтінімдерде көрсетілетін ғимарат салуға немесе жөндеуге, ірі жабдықтарды, жерді немесе құрылыстарды сатып алуға арналған қаржыландыру түрі.

**ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ НЫСАНЫ** — оқуға қабылдануға үміткер толтыратын, алдыңғы білімі туралы деректерді, оқу төлемінің көздері мен кепілгерлері туралы мәліметтерді және т.б. қамтитын арнайы құжат.

**ПІШІН** — қандай да бір жобаны (оның ішінде білім беру жобасын) қаржыландыруға арналған өтінімнің сыртқы құрылымы мен стилі, сондай-ақ өтінімнің сыртқы түрі — шегіністер, аралық, көлбеу немесе қара қаріппен ерекшелеу және т.б.

**ЕУРОПАЛЫҚ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ** – ЕЖБК-ні құру Болон стандарт-

начает переход на Болонские стандарты, которые предусматривают: организацию рынка образовательных услуг; признание квалификаций выпускников; сопоставимость требований европейской системы обеспечения качества образовательных учреждений, а также образовательных программ вузов; развитие внутривузовских систем контроля качества образования; привлечение к внешней оценке деятельности вузов студентов и работодателей.

**ФОРМЫ ОБРАЗОВАНИЯ** — формы освоения гражданином образовательной программы: очная, очно-заочная (вечерняя), заочная; форма семейного образования, самообразования, экстерната.

**ФРАНЧАЙЗИНГ** — система передачи одной организацией образования другой права на ведение деятельности (например, образовательной) от своего имени с получением за это определенной компенсации.

**ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЕ НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ** — теоретическая и (или) экс-

тарына өту дегенді білдіреді. Ол мыналарды қарастырады: білім беру қызметтерінің рыногын ұйымдастыру; бітірушілердің біліктілігін тану; білім беру мекемелерінің, сондай-ақ, ЖОО-ның білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етудің еуропалық жүйесі талаптарының салыстырмалылығы; білім беру сапасының ЖОО ішілік жүйесін дамыту; ЖОО қызметін сыртқы бағалауға студенттер мен жұмыс берушілерді тарту.

**БІЛІМ БЕРУ НЫСАНДАРЫ** — азаматтың күндізгі, күндізгі-сырттай (кешкі), сырттай білім беру бағдарламаларын меңгеру нысаны; отбасылық білім, өздігінен білімін жетілдіру, экстернат нысаны.

**ФРАНЧАЙЗИНГ** — өз атынан осы үшін белгілі бір өтемақы ала отырып, бір білім беру ұйымының екіншісіне қызметті жүргізу (мысалы, білім беру) құқығын беру жүйесі.

**ІРГЕЛІ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР** — табиғат, қоғам, адам дамуының және олардың өзара

периментальная интеллектуальная деятельность, направленная на получение новых знаний об основных закономерностях развития природы, общества, человека и их взаимосвязи.

байланысының негізгі заңдылықтары туралы жаңа білім алуға бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік зияткерлік қызмет.

# Х

**ХАРАКТЕРИСТИКА РАБОТНИКА** – по направленности пользования характеристики делятся на: 1) внутренние; 2) внешние. Характеристики могут составляться по инициативе: 1) руководства организации; 2) работника; 3) судебных и иных государственных органов власти; 4) сторонних организаций.

**ХАРАКТЕРИСТИКА** — систематизированное устное или письменное изложение наиболее важных, отличительных свойств и качеств личности или коллектива. Характеристика обычно включает изложение отношения к труду и формам общения. Характеристика как служебный документ состоит из краткого описания трудового пути личности, ее деловых, идейно-политических и

**ЖҰМЫСКЕР МІНЕЗДЕМЕСІ** – пайдалану бағыты бойынша мінездемелердің мынадай түрлері болады: 1) ішкі; 2) сыртқы. Мінездемелер мына бастамалар бойынша жазылуы мүмкін: 1) ұйым басшылығының; 2) жұмыскердің; 3) соттық және басқа да мемлекеттік билік органдарының; 4) басқа ұйымдардың.

**МІНЕЗДЕМЕ** — тұлғаның немесе еңбек ұжымының ең маңызды, ерекше қасиеттері мен сапаларын жүйелі түрде ауызша не жазбаша баяндау. Мінездеме әдетте еңбекке және қарым-қатынас түрлеріне көзқарасын баяндауды қамтиды. Еңбек мінездемесі қызметтік құжат ретінде қызметкердің еңбек жолын, оның іскерлік, идеялық-саяси және адамгершілік қасиеттерін, оның

нравственных качеств, ее трудовой и общественной активности.

**ХРЕСТОМАТИЯ** — учебное пособие, содержащее литературно-художественные, исторические и иные произведения или отрывки из них, составляющие объект изучения учебной дисциплины.

**ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ТВОРЧЕСТВО ДЕТЕЙ** — составная часть системы эстетического воспитания и художественного воспитания, средство развития личности.

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ЦЕННОСТИ** — произведения культуры и искусства, созданные в результате творческой деятельности.

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ШКОЛЫ, ДЕТСКИЕ** — государственные, муниципальные образовательные учреждения дополнительного образования детей, реализующие дополнительные образовательные программы в сфере изобразительного искусства, дизайна, архитектуры, декоративно-прикладного искусства и дающие учащимся начальное художественное образование.

еңбектегі және қоғамдық өмірдегі белсенділігін қысқаша сипаттаудан тұрады.

**ХРЕСТОМАТИЯ** — әдеби-көркем, тарихи және басқа да шығармалар немесе оқу пәнінің зерттеу объектісін құрайтын солардан үзінді берілген оқу құралы.

**БАЛАЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ** — эстетикалық тәрбие мен көркем тәрбие беру жүйесінің құрамды бөлігі, тұлғаны дамыту құралы.

**КӨРКЕМ ҚҰНДЫЛЫҚТАР** — шығармашылық қызмет нәтижесінде жасалған мәдениет және өнер туындылары.

**БАЛАЛАР КӨРКЕМ МЕКТЕПТЕРІ** — сурет өнері, дизайн, сәулет өнері, декоративті-қолданбалы өнер саласындағы қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын және оқушыларға бастапқы көркем білім беретін балалардың қосымша білімінің мемлекеттік, муниципалды білім беру мекемелері.

# Ц

**ЦЕЛЕВЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА** — система показателей, позволяющих количественно отразить дидактические показатели обучения. Различают количественные и качественные показатели. Количественные: уровень представления учебного материала; уровень усвоения учебного материала; степень автоматизации усвоения; качественные: сложность, трудность, цель обучения (педагогическая цель).

**ЦЕНТР ДНЕВНОГО ПРЕБЫВАНИЯ** — предоставляет возможности для обучения и общения детей с особыми потребностями, детей с ВИЧ/СПИДом, предлагает программы социальной реабилитации для подростков, находящихся в конфликте с законом. В таких центрах дети приобретают навыки самостоятельной жизни и получают возможность развиваться. Центры могут работать по программам дошкольного и школьного обучения, предоставлять услуги психологов и

**ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ МАҚСАТТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ** — оқытудың дидактикалық көрсеткіштерін санмен бейнелеуге мүмкіндік беретін көрсеткіштер жүйесі. Сандық және сапалық көрсеткіштер болып бөлінеді. Сандық: оқу материалын ұсыну деңгейі; оқыту материалын меңгеру деңгейі; меңгерудің автоматтандыру деңгейі; сапалық: күрделілік; қиындық; білім беру мақсаты (педагогикалық мақсат).

**КҮНДІЗГІ ОРНАЛАСТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ** — ерекше қажеттіліктері бар, АИТВ/ЖҚТБ-пен ауыратын балаларды оқыту мүмкіндіктерін беретін және заңға қарсы келген жасөспірімдерге әлеуметтік сауықтыру бағдарламаларын ұсынатын орын. Мұндай орталықтарда балалар өз бетімен өмір сүру дағдыларын қалыптастырады және дамуға мүмкіндік алады. Орталықтар мектепке дейінгі және мектеп бағдарламаларымен жұмыс істеп, психологтар мен медицина жұмыскерлерінің қызмет-

медицинских работников. В центре дневного пребывания, родители детей могут получить консультацию психолога, юриста и врача-педиатра. Нередко в таких центрах работают группы взаимопомощи и проводятся тренинги для взрослых.

терін көрсете алады. Күндізгі орналастыру орталығында балалардың ата-аналары психологтың, заңгердің және педиатр-дәрігердің кеңесін ала алады. Мұндай орталықтарда көбінесе өзара көмек көрсету топтары жұмыс істейді және ересектерге арналған тренингтер өткізіліп тұрады.

**ЦЕПНЫЕ ЗАДАНИЯ** — задания, в которых правильный ответ на следующее задание зависит от ответа на предыдущее задание. Если испытуемый неправильно отвечает на предыдущее задание, он не справится с последующими заданиями.

**ТІЗБЕКТІ ТАПСЫРМАЛАР** — келесі тапсырманың дұрыс жауабы алдыңғы тапсырманың жауабына байланысты болатын тапсырмалар. Егер жауап беруші алдыңғы тапсырмаға дұрыс жауап бермесе, ол келесі тапсырмаларды орындай алмайды.

**ЦИКЛЫ** — в рамках Болонского процесса в настоящее время различают три цикла (ступени/уровни) обучения в системе высшего образования. Наряду с первоначальным но обозначенными циклами обучения по программам «бакалавр» и «магистр» на конференции в Берлине (2003 г.) министры образования стран Европы включили также докторский уровень как третью ступень Болонского I процесса в дополнение к двум основным ступеням

**ЦИКЛДЕР** — Болон процесі шеңберінде қазіргі уақытта жоғары білім беру жүйесінде оқытудың үш циклін (сатыларын деңгейлерін) ажыратады. Алғашқы белгіленген «бакалавр» мен «магистр» бағдарламалары бойынша оқу циклдерімен қатар Берлиндегі (2003 ж.) конференцияда Еуропа елдерінің білім министрлері жоғары білім берудің негізгі екі деңгейіне қосымша үшінші саты ретінде докторлық деңгейді енгізді. Үшінші циклдің негізгі

высшего образования. Ключевым компонентом третьего цикла является продвижение знаний через самостоятельную научно-исследовательскую работу. Подчеркивается важность исследовательской деятельности в процессе обучения и значение мобильности на докторском и постдокторском уровне.

компоненті білімді өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмысы арқылы алға бастыру болып табылады. Оқыту процесіндегі зерттеу қызметінің және докторлық және докторлықтан кейінгі деңгейде мобильділіктің маңызы атап көрсетіледі.

# Ч

**ЧАСТИЧНОЕ ОБУЧЕНИЕ** — обучение по любой однородной по содержанию части учебного курса в течение краткого периода за рубежом, после оценки которого обучающийся продолжает обучение в родном учебном заведении.

**ЧАСТНЫЕ ШКОЛЫ** — создаваемые частными организациями и частными лицами негосударственные образовательные учреждения. Деятельность частных школ как и других негосударственных образовательных учреждении, регулируется.

**ІШІНАРА ОҚЫТУ** — оқу курсының мазмұны бойынша біртекті болып келетін кез келген бөлімін қысқа мерзім ішінде шетелде оқу, ол бағаланғаннан кейін білім алушы оқуын өз білім беру орынында жалғастырады.

**ЖЕКЕ МЕНШІК МЕКТЕПТЕР** — жеке меншік ұйымдар мен жеке адамдар құрған мемлекеттік емес білім беру мекемелері. Жеке меншік мектептер басқа да мемлекеттік емес білім беру мекемелері сияқты реттеледі.

# Ш

**ШКАЛА ОЦЕНОК** – шкала уровней знаний учащихся, принятая в организации образования.

**ШКОЛА** — сложились различные точки зрения на определение понятия «Школа». Одни теоретики-педагогики акцентируют внимание на развитии в школе личности, а саму школу рассматривают как «подготовку к взрослой жизни», другие специалисты подчёркивают образовательные функции школы ряд педагогов считает основными в школе воспитательные аспекты.

**ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ (ШКОЛА-ЛИЦЕЙ)** — среднее общеобразовательное учебное заведение, реализующее общеобразовательные программы гимназии – в гимназических классах, лицея – в лицейских классах.

**ШКОЛА-ИНТЕРНАТ** — школа (государственная или частная) с полным пансионом.

**ШКОЛЬНОЕ ОБОРУДОВАНИЕ** — специально разработанные для школы и необходи-

**БАҒАЛАР ШКАЛАСЫ** – білім беру ұйымына қабылданған оқушылар білімі деңгейінің шкаласы.

**МЕКТЕП** — «мектеп» ұғымы анықтамасына қатысты түрлі көзқарастар қалыптасты. Теоретик педагогтардың кейбірі өз назарларын мектептегі тұлғаның дамуына бөледі, ал «мектептің» өзін «үлкен өмірге дайындық» ретінде қарастырады, ал екінші бір мамандар мектептің білім беру қызметін ерекше атап көрсетеді, педагогтар мектептегі тәрбие аспектілерін негізгі деп санайды.

**МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ (МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ)** — гимназияның жалпы білім беру бағдарламаларын гимназия сыныптарында, лицейдің жалпы білім беру бағдарламаларын лицей сыныптарында іске асыратын жалпы білім беретін орта оқу орны.

**МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ** — толық пансионды (мемлекеттік немесе жекеменшік) мектеп.

**МЕКТЕП ЖАБДЫҒЫ** — мазмұнында, құрылымында және құрылысында олардың пайда-

мые предметы для её нормальной работы (пособия, мебель и др.), в содержании, построении и конструкции которых учтены специфика их использования и возрастные особенности учащихся.

лану ерекшелігі мен оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген арнайы мектеп үшін әзірленген және оның дұрыс жұмысына арналған заттар (құралдар, жиһаз және т.б.).

**ШКОЛЬНЫЙ РАЙОН** — объединение школ, предоставляющих неполное, основное общее, а также среднее полное общее образование.

**МЕКТЕП АУДАНЫ** — толық емес, негізгі жалпы, сондай-ақ, жалпы білім беретін толық орта мектептердің орналасқан жері бойынша бірлестігі.

**ШКОЛЬНЫЙ СОВЕТ** — комитет, избираемый местными жителями для руководства конкретной школой или школами, входящими в местный школьный район.

**МЕКТЕП КЕҢЕСІ** — белгілі бір мектепке немесе жергілікті мектеп ауданындағы мектептерге басшылық ету үшін жергілікті тұрғындар сайлаған комитет.

**ШЛЮЗ «ЭЛЕКТРОННОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА»** — информационная система, предназначенная для интеграции информационных систем «электронного правительства» в рамках реализации электронных услуг.

**«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ» ШЛЮЗІ** — электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру шеңберінде «электрондық үкімет» ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе.

**ШТАТНЫЙ ПРЕПОДАВАТЕЛЬ** — преподаватель, занимающий должность, предусмотренную штатным расписанием организации образования, и выполняющий на основании индивидуального трудового договора должностные обязанности.

**ШТАТТАҒЫ ОҚЫТУШЫ** — білім беру ұйымының штаттың кестесінде көзделген қызметті атқаратын және жеке еңбек шартының негізінде лауазымдық міндеттерін орындайтын оқытушы.

# Э

**ЭДУКОЛОГИЯ** — новая, самостоятельная социальная наука об образовании.

**ЭКВИВАЛЕНТНОСТЬ** — признание равноценности полученных за рубежом документов об образовании образоа| тельным документам, имеющим хождение в данной стране, которое, как правило, достигается на правительственном уровне путем двух или многостороннего подписания и ратификации соответствующих правительственных документов и международных конвенций.

**ЭКЗАМЕН С ОТКРЫТОЙ КНИГОЙ** — письменный экзамен, на котором можно пользоваться конспектами, учебниками и т.п.

**ЭКЗАМЕНЫ** — одна из традиционных форм проверки знаний учащихся.

**ЭКОНОМИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ ДЕТЕЙ** — широкая концепция, которая охватывает наиболее производительную деятельность, осуществляемую детьми, независимо от

**ЭДУКОЛОГИЯ** — білім беру туралы жаңа, өзіндік әлеуметтік ғылым.

**БАЛАМАЛЫЛЫҒЫ** — осы елде қолданылатын білім беру құжаттарының білім туралы шетелде алынған құжаттардың тең бағалануын тану, оған негізінен, тиісті үкіметтік құжаттар мен халықаралық конвенцияларға екіжақты немесе көпжақты қол қою және бекіту арқылы өкіметтік деңгейде кол жеткізіледі.

**АШЫҚ КІТАП ЕМТИХАНЫ** — конспектілерді, оқулықтарды және т.б. пайдалануға болатын жазбаша емтихан.

**ЕМТИХАНДАР** — оқушылардың білімін тексерудің әдеттегі нысандарының бірі.

**БАЛАЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ** — балалар жүзеге асыратын өндірістік қызметті кеңінен қамтитын және бұл қызмет рынок мүддесі үшін жүзеге асырыла

того, осуществляется ли такая деятельность в интересах рынка или нет, оплачивается ли она или выполняется бесплатно, осуществляется в течение нескольких часов или на условиях полного рабочего времени, имеет ли она регулярный или случайный характер, является ли она законной или нелегальной; она не включает поденный труд, выполняемыйдетьми в домашнем хозяйстве, и учебу в школе. Для того чтобы ребенок считался экономически активным, он должен проработать не менее одного часа в любой из дней в течение справочного периода в семь дней. «Экономически активные дети» – это скорее статистическое, чем юридическое понятие.

ма немесе жоқ па, оған ақы төлене ме әлде ақысыз ба, бірнеше сағат ішінде ғана жүзеге асырыла ма әлде толық жұмыс күні жағдайында ма, ол жүйелі ме әлде кездейсоқ па, заңды ма әлде заңсыз түрде жүзеге асырыла ма деген сияқты мәселелерге тәуелсіз ауқымды тұжырымдама. Оған балалардың үй шаруашылығында атқаратын жұмыс пен мектептегі оқу кірмейді. Бала экономикалық қабілетті болып саналу үшін ол жеті күндегі анықтамалық кезең ішіндегі кез келген күннің бірінде кем дегенде бір сағат жұмыс істеуі қажет. «Балалардың экономикалық белсенділігі» заңдық емес, негізінен статистикалық түсінік.

**ЭКСКУРСИЯ, УЧЕБНАЯ** — форма организации учебно-воспитательного процесса, позволяющая проводить наблюдения и изучение различных предметов и явлений в естественных условиях или в музеях, на выставках и пр.

**ОҚУ ЭКСКУРСИЯСЫ** – табиғи жағдайларда немесе мұражайларда, көрмелерде және т.б. түрлі заттар мен құбылыстарға бақылау және зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін оқу-тәрбие беру процесін ұйымдастыру нысаны.

**ЭКСПЕРИМЕНТ** — в педагогике и психологии, один из

**ЭКСПЕРИМЕНТ** — оның көмегімен бақыланатын және

основных методов научного познания, при помощи которого в контролируемых и управляемых условиях исследуются явления действительности.

басқарылатын жағдайларда болмыс құбылыстары зерттелетін педагогика мен психологиядағы ғылыми танымның негізгі әдістерінің бірі.

**ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА** — направление в психологии и педагогике, ставившее целью всестороннее исследование ребёнка.

**ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ПЕДАГОГИКА** – баланы жан-жақты зерттеуді мақсат етіп қойған психологиядағы және педагогикадағы бағыт.

**ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНАЯ ПЛОЩАДКА** — организация образования, реализующая образовательные учебные программы в режиме эксперимента для апробации новых педагогических технологий и образовательных учебных программ.

**ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ АЛАҢ** — жаңа педагогикалық технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын мақұлдаудан өткізуге арналған эксперимент режимінде білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

**ЭКСТЕРН** — учащийся, осваивающий программу обучения самостоятельно.

**ЭКСТЕРН** — оқу бағдарламасын өз бетінше меңгеретін оқушы.

**ЭКСТЕРНАТ** — одна из форм обучения, при которой обучающийся без регулярного посещения занятий самостоятельно изучает учебные дисциплины согласно образовательной программе.

**ЭКСТЕРНАТ** — білім алушы сабаққа үнемі қатыспай-ақ, білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндерін өз бетінше оқитын оқыту нысандарының бірі.

**ЭЛЕКТРОННАЯ УСЛУГА** — предоставление физическим и

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ** — ақпараттық тех-

юридическим лицам информационных, интерактивных и транзакционных услуг с применением информационных технологий.

**ЭЛЕКТРОННОЕ ИЗДАНИЕ** — совокупность текстовой, графической, цифровой, речевой, музыкальной, видео, фото и другой информации, исполненной на любом электронном носителе — магнитном, оптическом, опубликованной в электронной компьютерной сети, а также печатная документация пользователя. Электронные издания включают в себя: электронные справочники, электронные словари, электронные энциклопедии, электронные путеводители, электронные учебники и т.д.

**ЭЛЕКТРОННОЕ ОБУЧЕНИЕ** — передача знаний (электронного материала, электронного курса) от носителя знаний к получателю.

**ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО** — механизм функционирования государственных органов по предоставлению электронных услуг.

нологияларды пайдалана отырып жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық, интерактивтік және транзакциялық қызмет көрсетуді ұсыну.

**ЭЛЕКТРОНДЫ БАСЫЛЫМ** — электронды компьютерлік желіде берілген магниттік, оптикалық сияқты кез келген электронды тасымалдаушыларда орындалатын мәтіндік, кескіндемелік, сандық, сөйленістік, әуендік, бейне, фото және басқа да ақпараттардың жиынтығы. Электронды басылымдарға электронды анықтағыштар, электронды сөздіктер, электронды энциклопедиялар, электронды ақпар-кітапшалар, электронды оқулықтар және т.б. жатады.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ** — білім берушіден алушыға білім (электрондық материалдың, электрондық курстың) беру.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ** — мемлекеттік органдардың электрондық қызмет көрсетулерді ұсыну жөніндегі жұмыс істеу тетігі.

**ЭЛЕКТРОННЫЕ ИНФОРМАЦИОННЫЕ РЕСУРСЫ** — информация, хранимая в электронном виде (информационные базы данных), содержащаяся в информационных системах.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР** — электронды түрде сақталатын (ақпараттық дерекқорлар), ақпараттық жүйелерде қамтылатын ақпарат.

**ЭЛЕКТРОННЫЙ АКИМАТ** — механизм функционирования местных исполнительных органов по предоставлению электронных услуг.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ӘКІМДІК** — жергілікті атқарушы органдардың электрондық қызметтер көрсетуді ұсыну жөніндегі жұмыс істеу тетігі.

**ЭЛЕКТРОННЫЙ КУРС** — систематизированный набор электронных материалов.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ КУРС** — электрондық материалдардың жүйелі жиынтығы.

**ЭЛЕКТРОННЫЙ УЧЕБНИК** — программно-информационная система, состоящая из программ для ЭВМ, реализующих сценарии учебной деятельности.

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ** — оқыту қызметінің сценарийін жүзеге асыратын ЭЕМ-ге арналған бағдарламалардан тұратын бағдарламалық-ақпараттық жүйе.

**ЭЛИТАРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ** — образование, получаемое по образовательным программам, реализуемым в специализированных организациях образования для особо одаренных граждан.

**ЭЛИТАРЛЫҚ БІЛІМ** — ерекше дарынды азаматтар үшін мамандандырылған білім беру ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша алынатын білім.

**ЭНЦИКЛОПЕДИЯ** — справочное издание, содержащее в обобщенном виде основные сведения по одной или всем отраслям знаний и практи-

**ЭНЦИКЛОПЕДИЯ** — білімнің бір немесе барлық салалары бойынша қорытылған түрде негізгі мәліметтер берілген және әліпбилік немесе

ческой деятельности, изложенные в виде кратких статей, расположенных в алфавитном или систематическом порядке.

жүйелік тәртіпте орналастырылған, қысқаша мақалалар түрінде берілген анықтамалық басылым.

**ЭПИСТЕМОЛОГИЯ** — философская наука о знании.

**ЭПИСТЕМОЛОГИЯ** — білім туралы философиялық ғылым.

**ЭРУДИЦИЯ, ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ** — запас современных знаний, которые учитель применяет при решении педагогических задач.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭРУДИЦИЯ** — мұғалімнің педагогикалық мәселелерді шешу кезінде қолданатын қазіргі заманғы адамгершілік білім қоры.

**ЭТИКА** — практическая философская наука о морали (нравственности).

**ӘДЕП** — мораль туралы практикалық философиялық ғылым.

**ЭТИКА ДЕЛОВЫХ ОТНОШЕНИЙ** — система универсальных и специфических нравственных требований и норм поведения, реализуемых в одной из сфер общественной жизни – профессиональной жизни, профессиональной деятельности; базируется на общечеловеческих нормах и правила поведения, но имеет некоторые отличительные особенности.

**ІСКЕРЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ӘДЕБІ** — қоғамдық өмірдің салаларының бірі — кәсіби салада, кәсіптік қызметте – іске асырылатын әмбебап және өзіндік адамгершілік талаптар мен мінез-құлық нормаларының жүйесі; жалпы адамзаттық мінез-құлық нормалары мен ережелеріне негізделеді, бірақ бірқатар ерекшеліктері болады.

**ЭТИКЕТ** — система требований, предъявляемых к поведению человека в различных ситуациях: на работе, в учебном заведении, на отдыхе и т.п.

**ЭТИКЕТ** — жұмыста, оқу орнында, демалыста және т.б. сияқты түрлі жағдаяттарда адамның іс-әрекеттеріне қойылатын талаптар жүйесі.

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ В ОБУЧЕНИИ** — результат специального анализа или обследования (например, обследование эффективности обучения, или отчет об институциональной эффективности), который служит для измерения качества в достижении определенной цели обучения или степени, до которой вуз предполагает достичь определенных требований. Эффективность, в отличие от продуктивности, не измеряется объемом затраченных ресурсов или объемом полученного на выходе продукта. В качестве основной меры успеха программы или вуза в целом четкие индикаторы, информация, наиболее полно отражающая институциональную эффективность по отношению к академическим достижениям студентов, должны собираться с помощью различных процедур (инспекция, обследование, посещение вуза комиссией и т.п.).

**ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІЛІК** — арнайы саралаудың немесе зерттеудің нәтижелері (мысалы, оқыту тиімділігін зерттеу немесе институционалдық тиімділік жөніндегі есеп), ол жоғары оқу орны белгілі бір талаптарға жетуді көздейтін, оқытудың белгілі бір мақсаттарына немесе дәрежелеріне қол жеткізу сапасын өлшеуге арналған. Өнімділікке қарағанда тиімділік жұмсалған ресурстар көлемімен немесе алынған өнім көлемімен өлшенбейді. Бағдарламаның немесе жалпы жоғары оқу орны жетістіктерінің негізгі өлшемі ретінде студенттердің академиялық жетістіктеріне қатысты институционалдық тиімділікті мейлінше толық көрсететін нақты индикаторлар, ақпарат түрлі рәсімдер (инспекция, зерттеу, жоғары оқу орнына комиссияның баруы және т.б.) көмегімен жиналуы тиіс.

# Ю

**ЮВЕНАЛЬНАЯ ЮСТИЦИЯ** – система законодательства,

**ЮВЕНАЛДЫҚ ӘДІЛЕТ** — кәмелетке толмаған құқықбұзу-

регулирующая правоотношения в области отправления правосудия в отношении несовершеннолетних правонарушителей, механизм защиты и соблюдения прав несовершеннолетних правонарушителей в ходе предварительного следствия и судебного разбирательства. Основой ювенальной юстиции являются ювенальные, или подростковые суды, которые должны заниматься не только карательными мерами, а, прежде всего, профилактической работой и реабилитацией подростков. Наилучшие интересы ребенка должны быть в центре любого судебного процесса, и детям должны гарантироваться надлежащие процедуры в судах.

**ЮНЕСКО (UNESCO, United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization)** – межправительственная организация, специализированное учреждение ООН. Существует с 1946 с целью содействия миру и международной безопасности путем развития сотрудничества между государствами в области просвещения,

шыларға қатысты сот төрелігіне жіберуге қатысты құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамалық жүйесі, алдын ала тергеу және сот істерін қарау барысында кәмелетке толмаған құқықбұзушылардың құқықтарын қорғайтын механизм. Ювеналдық әділеттің негізі тек жазалау шараларымен ғана емес, ең алдымен алдын алу жұмыстарымен және кәмелетке толмағандарды оңалтумен айналысатын жасөспірімдер соты болып табылады. Баланың аса игі мүдделері кез келген сот процесінің ең басты мәселесі болатынына және соттарда балаға тиісті рәсімдер қолданылатынына кепілдік беру қажет.

**ЮНЕСКО (UNESCO, United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization)** – БҰҰ-ның үкіметаралық ұйымы, мамандандырылған мекемесі. Мемлекеттер арасындағы білім беру, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты дамыту жолымен бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікке үлес қосу мақ-

науки и культуры. Местопребывание – Париж.

**ЮНИСЕФ** – детский фонд Организации Объединенных Наций (United Nations Children’s Fund). Специализированное учреждение ООН по координации деятельности программам для детей. Главное внимание уделяет улучшению положения детей в развивающихся странах. Основные источники финансирования – ежегодные добровольные взносы правительств, пожертвования общественных организаций и частных лиц.

**ЮРИДИЧЕСКАЯ ПЕДАГОГИКА** — особая область научного педагогического, юридико-педагогического знания, особая отрасль педагогики, разновидность профессиональной педагогики. По преобладающим признакам юридическая педагогика — отрасль педагогики, а не юриспруденции.

**ЮРИДИЧЕСКОЕ ПРИЗНАНИЕ** — профессиональное признание иностранной квалификации в случае, когда право работать в какой-либо специфической области отрегулировано

сатында 1946 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Орналасқан жері – Париж қаласы.

**ЮНИСЕФ** – БҰҰ-ның балалар қоры (United Nations Children’s Fund). БҰҰ-ның балаларға арналған бағдарламалардың қызметін үйлестіруші мамандандырылған мекемесі. Негізгі мақсаты – дамушы елдердегі балалардың жағдайын жақсарту. Негізгі қаржыландыру көздері – үкіметтердің, қоғамдық ұйымдар мен жеке тұлғалардың жыл сайынғы ерікті жарналары.

**ЗАҢИ ПЕДАГОГИКА** — ғылыми педагогикалық, заңдық-педагогикалық білімнің ерекше саласы, педагогиканың ерекше саласы, кәсіби педагогиканың түрі. Заңи педагогика өзінің басым сипаттары бойынша юриспруденцияның емес, педагогиканың саласы.

**ЗАҢДЫ ТҮРДЕ ТАНУ** — қандай да бір өзіндік салада (мысалы, медицина саласында) жұмыс істеу құқығы заңнамамен реттелген жағдайда шетелдік біліктілікті кәсіби түрде

законодательством (например, в области медицины). В этой ситуации право на работу определяется законодательством как страны, где квалификация была присвоена, так и страны, которая признает квалификацию, а также является предметом рассмотрения специфических директив Европейского Союза.

тану. Мұндай жағдайда жұмыс істеу құқығы біліктілігін берген және біліктілігін таныған елдің заңнамаларымен анықталады, сондай-ақ Еуропалық одақтың өзіндік директиваларын қарау пәні болып табылады.

# Я

**ЯДРО ЗНАНИЙ** — обязательная образовательная программа, включающая в себя заданную сумму знаний, охватывающую широкий круг вопросов, знание которых позволяет, при прочих равных условиях, называться человеку образованным.

**ЯЗЫКИ ПРОГРАММИРОВАНИЯ** — дисциплина, тесно связанная с программированием, занимающиеся языками и методологией программирования, теоретическими и практическими вопросами компиляции и сборки программ, разработкой интегрированных сред программирования.

**БІЛІМ ӨЗЕГІ** — бірдей жағдайларда білімді адам деп атауға мүмкіндік туғызатын, белгіленген білім қорынан тұратын, білуге қажетті көптеген мәселелерді қамтитын міндетті білім беру бағдарламасы.

**БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛДЕРІ** — бағдарламалау тілімен және әдіснамасымен, бағдарламалардың құрастырылуы және компиляцияның теориялық және практикалық мәселелерімен, бағдарламалаудың интеграцияланған ортасын жасаумен айналысатын бағдарламалаумен тығыз байланысты пән.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ
# ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА


1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 III Заңы.
2. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании».
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы № 389 Заңы.
4. Закон Республики Казахстан от 7 июня 1999 года № 389 «Об образовании».
5. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі № 225-II Заңы.
6. Закон Республики Казахстан от 09.07.2001 года № 225-2 «О науке».
7. «Білім беру мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы № 213 Қаулысы.
8. Постановление Правительства Республики Казахстан от 05.03.05 г. № 213 «Об утверждении Правил осуществления образовательного мониторинга».
9. «Жастар арасынан орта және жоғары кәсіптік оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін өтемақы төлеу арқылы жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі № 736 қаулысы.
10. Постановление Правительства Республики Казахстан от 18 июля 2005 года № 736 «О льготном проезде для обучающихся на основе государственного образовательного заказа в средних и высших профессиональных учебных заведениях из числа молодежи путем выплаты компенсаций».
11. «Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 шілдедегі № 597-2 Заңы.
12. Закон Республики Казахстан от 09.07.2004 года № 597-2 «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «Об образовании».
13. Ключевые ***термины образовательных*** стандартов второго поколения. pedsovet.org/content/view
14. ***Образование*** — Википедия. ru.wikipedia.org/wiki/
15. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. (Педагогика және психология).
16. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласы) – Алматы, 2009
17. Бекітілген терминдер сөздігі (қазақша-орысша, орысша-қазақша). – Алматы «Дайк-Пресс», 2009 жыл.

# МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ


Алғы сөз ........................................................................ 3
А........................................................................ 5
Б ........................................................................ 19
В........................................................................ 28
Г ........................................................................ 41
Д........................................................................ 50
Е ........................................................................ 72
Ж ........................................................................ 76
З ........................................................................ 78
И........................................................................ 84
К........................................................................ 101
Л........................................................................ 129
М ........................................................................ 134
Н........................................................................ 153
О ........................................................................ 168
П........................................................................ 189
Р ........................................................................ 223
С........................................................................ 235
Т ........................................................................ 259
У........................................................................ 269
Ф ........................................................................ 281
Х........................................................................ 285
Ц........................................................................ 287
Ч........................................................................ 289
Ш........................................................................ 290
Э........................................................................ 292
Ю ........................................................................ 298
Я........................................................................ 301

Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының тапсырысымен дайындалған

# ОРЫСША-ҚАЗАҚША ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ СӨЗДІК

(БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ)

**12**

# РУССКО-КАЗАХСКИЙ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЙ СЛОВАРЬ-СПРАВОЧНИК

(ОБРАЗОВАНИЕ)

Корректор Жақсыбеков Ж.
Тех. редакторы Қосдаулетов Б.

Теруге 31.05.2010 берілді.
Басуға 14.06.2010 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman»
Шартты баспа табағы 20,00.
Есептік баспа табағы 19,00
Таралымы 1000